II -q (-к) нұсқалары: -k (к); -ïq (-ық), -ïk (-ик); -uq (-уқ), ïk (үк); -aq (-ақ) жекелеген жағдайда кішірейту, еркелету мәнін білдіреді: ögük (өгүк) сүйікті; анашым (ög 'ана'). Бұл форманы осы мағынадағы -aq (-ақ), -äk (-әк) қосымшасымен салыстыруға болады: jolaq (йолақ) соқпақ (jol 'жол'); julaq (йулақ) бұлақ (jul «бастау»). Кішірейту және көптікті немесе үлкендікті білдіретін қосымшалар қолданыла келе тілде еркелету, құрметтеу мәнді есімдердің жасалуына негіз болған. Осы тұрғыдан алғанда Абық өз заманында Аб тұлғасынан тарайтын есімдердің кез келген біреуі арқылы жасалғаны байқалады.

АБЫЧ

Аба және -ыч қосымшасының бірігуінен жасалған есім. Көне түркі тіліндегі Аба сөзінің бір мағынасы «әке, ата» болса, осы қызметінен келіп туындайтын қатынас кезіндегі сыйлау, құрметтеуге байланысты жаңаша мағынаға ие болған. Кісі аттарының жасалу заңдылықтары бойынша көне түркілік Абыч (Абыш) есімнің түбірі – Аба, қос дауысты (Аба+ыч) қатар келгендіктен, біріншісінің түсіп қалуынан Абыч тұлғасы қалыптасқан. Есім Аба сөзімен мағыналас, еркелету, құрметту мәнінде жасалған.

Көне түркілік -ч (қазіргіше -ш, -ыш, -іш) жұрнағының грамматикалық мағынасы: 1 -ç (-ч) зат есім тудырушы жұрнақ: qïlinç (қылынч) іс, қадам т.б. (qïlin «қылыну», «істелу»).

2 -ç (-ч) нұсқалары: -uç (-уч), +üç (-үч) еркелету, кішірейту мәнді қосымша, әдетте мұнан кейін бірінші жақтағы тәуелдік жалғауы жалғанады: атаçim (атачым) әкешім (ata «әке»), ögüçim (өгүчүм) анашым (ög «ана»). Абыш есімі қазірге дейін сақталған, қазақ тілінде осы есіммен мағыналас сөздерден жасалған Бабаш, Абаш, Абыш, Абай, Абатай т.б. секілді есімдер бар. -ыш қосымшасының жалғануы арқылы Ақаш (түбірі ақа, яғни аға), Қалыш, Қаныш, Құлыш т.б. есімдер көп кездеседі.

АЗАҚ

AZAQ III жалқы е. Түбір мен қосымшаның бірігуінен жасалған: Аз+ақ. -q (-к) нұсқалары: -k (к); -ïq (-ық), -ïk (-ик); -uq (-уқ), ïk (үк); -aq (-ақ) кішірейту, еркелету, құрметтеу мәнін білдіреді (қараңыз: Абық).

Оғыз билеушісінің есімі [KTC]. «Азақ» сөзі көне түркі тілінде бірнеше мағынада қолданылған. **AZAQ** I 1. адасушы, жолынан жаңылып қалған адам: azaq jat baz ersä ajitïyu keräk *Eger [бұл] бір адасқан жатжерлік болса, оны сұрастыру керек (QBN189)* [KTC]. Қазіргі тілімізде жолынан жаңылу мағынасында қолданылатын «азу, азғындаудың» түбірімен байланысты сөз екені байқалады, алайда мағыналық ерекшелігі жағынан кісі есіміне айналу мүмкіндігі аз. Бірнеше түбірлес сөздердің ішінде AZAQ, яғни аяқ мағынасы кісі атына айналуына себепші болған деген болжам жасауға болады. Көне түркі тайпаларында адамның дене мүшесін (аяқты) білдіретін сөз аяқ, азақ, адақ тұлғаларында қолданылған. Бұл сөздердің түбірлерінен адым, аттау, аяқтау немесе адаққы «соңғы», адақтау «бітіру», адақтау «алға ұмтылу, озу», адақтау «аралау»; адақ арба «жас баланы жүруге үйрету үшін жасалған арба» т.б. секілді сөздер жасалған.

Азақпен дыбыстық жағынан өзгешелігі болмаса, мағынасы ортақ есім – Адақ. Қазіргі қазақ тілінде кісі есімдерінің құрамында қолданыста бар. Ал көне түркі жазбаларында «**ADAQ** II: **adaq tutuq geogr.** Елдімекен атауы ретінде кездеседі (?) (*USp* 62₉)». Тұтұқ көне түркі тілінде лауазым атауы ретінде беріледі: **TUTUQ** II [қыт. дуду, to-tog] тұтұқ, яғни атақ (*аймақтың әскери басшысы*) және лауазым (*жалқы е. компоненті*): çik bodunqa tutuq bertim *чик халқына тұтық (басшы) бердім* (MЧ Ю₂) [KT]. Елдімекен атауының құрамындағы тұтық лауазымы оның антропооиконим екенін, яғни ол жерге кісі есімі берілгенін көрсетеді, демек көне түркі тілінде де Адақ кісі есім ретінде қолданылған. Кісі есіміне айналу уәждері көне тілдегі мынандай мағыналарынан көрінеді: **ADAQ** I 1 аяқ (*адам мен жануардың*): adaq berti iki jorïu üçün *екі аяқ берді [Құдай] жүру үшін*; 2 аяқ, тұғыр, тірек (*заттың*): bu kürsi üzälä öz olturtuqı adaqı üç ol kög *Көр, мен отырған орындықта үш аяқ бар (QBH 43₁₄)*; 3 Аяқ жақ, төменгі бөлік, негіз: [a]daqıda bir qara qojunnı baıladı [*ағаштың діңінің*] *төменгі жағына қара қойды байлады* (ЛОК 41₉); 4 Етегі, төменгі жағы: muzdaj tegän taınuı adaqıqa keldi [*ол*] *Мұздай деген таудың етегіне келді* (ЛОК 15₉); 5 саға (*өзеннің*): ol suvuı adaqı sol özenнің сағасы (*Man* III 37₂). Э. Севортянда түрлі мағына беретін аяқ (адақ), адым, аттау секілді сөздерді бір түбірден деп қарайды. Якут тілінде – атах, эзербайжан тілінде – адақ түрінде дыбысталады. Мұнда «адымдау сәбидің алғашқы қадамы» деген мағына бар [2, 88]. Қашқари еңбегіне сүйене отырып Ғ. Мұсабаев монғол тілінде «адақ» тұлғасында кездесетінін айтады [5, 15].

Адақ – адым – аттау – аяқ сөздерінің шығу тегі бір деп санасақ д-т-й дыбыстарының сәйкестігін байқаймыз. *Аяқтан* етістігі жөнінде «Аяқтан ет. 1 жаңа туған төлдің, аң баласының ең алғашқы тұрып жүруі» – деп беріледі [6, 15]. Бұған «алға» сөзінің бірінші ал-түбірін қосуға болады. Севортянның көрсетуіндегі «А:дым, а:т» пен осы (ал-) екеуінің арасында байланыс бар секілді. Түрлі сөз тұлғалардың жасалуына негіз болған «ал» түбірінен тарайтын кісі есімдерінің шығу уәждерін зерделегенде «алға» және «алу», бағындыру» секілді екі мағынаны аңғарамыз. Сөз таптары тұрғысынан алғанда *алға* – бағыт мәнді (барыс тұлғалы зат есім) сөз де, алу – етістік, алайда бұл қазіргі сипаты. Ал қисынға салып қарағанда біріншісінде де қимыл мәнді ақпарат бар, демек екеуінің арасында мағыналық байланыс бар. Кісі есімдеріне негіз болған сонымен қатар «алдыңғы, алғашқы» мағынасындағы үстеу тұлғалы сөздер бар. Үшеуі де антропоним жасамдық уәж шарттарына сәйкес келеді. С. Сейфуллин Көкшетау поэмасында «Қалың қолды адақтағаны үшін осылай атанды» деген пікір айтады. Батыр есімі туралы *адақтау* сөзін бұл жерде «қолды бастау» деп түсінсек түпкі мағынасы бір жерден шығады, демек Азақ пен Адақ есімдерінің арасында тарихи байланыс бар.

Аталған сөздердің мағыналық дамуынан кісі аттарына байланысты мынандай мақсат-тілектер байқалады: 1 *Өмірге жаңа қадам басқан сәби, перзент*. Бұл орайда, Азақ есімі Балақай, Балдырған, Балауса т.б. мағыналас болып келеді; 2 *Болашақта ілгерішіл, жасампаз, жалынды болсын деген арман*. Бұл мағынасында, Дауыл, Асқанбек, т.б. есімдермен мағыналас. 3 *Осы сәби үйдің кенжесі болсын, осыдан кейін тоқталсын деген тілек*. Кенже, Токталы, Соңғыбай т.б. есімдермен мағыналас болып келеді.

Азақ, Адақ есімдерімен қатар зерттеу барысында анықталған түбірлес есімдердің келесі бірі – Адақ, Адыман, Адыбек (Азақ *көне*), Алғадай, Алғай, Алғыр, Алданбер, Алдыоңғар.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Древнетюркский словарь. – Ленинград : «Наука», 1969. – 677 с.
- 2 **Севортян, Э. В.** Этимологический словарь тюркских языков. – М. : Наука, 1974. – 778 с.
- 3 **Жанұзақ, Т.** Есімдер сыры. – Алматы : «Парасат» журналы, 2004. – 208 б.
- 4 Значение татарского арабского имени Абай [Электронды ресурс]. – <http://tatarimena.ru/abayj.html>
- 5 **Мұсабаев, Ғ.** Қазақ тілі тарихынан. – Алматы : Мектеп, 1988. – 136 б.
- 6 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 2 том. – Алматы : 1974. – 623 б.

Б. Абдуалиулы

Историко-этимологические основы и мотивы личных антропонимов древности

Филологический факультет,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Астана, 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

B. Abdualiuly

Historical-etymological foundations and motives of personal anthroponyms of antiquity

Faculty of Philology, L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, 1 010000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

Основная часть антропонимов с лексического фонда древнетюркского письменного памятника до сих пор сохраняются в современном казахском языке. Не удивительно что, среди них встречаются собственные имена, сохранившие свою историческую основу, а также подверженные определенным звуковым и семантическим изменениям. В данной статье осуществляется этимологический разбор имен, более того определяется связь между древними и современными вариантами антропонимов казахского языка. В ходе ознакомления с морфонологической и семантической характеристикой антропонимов в казахском языке выдвигается научная гипотеза о том что, внешний характер некоторых имен подвержен значительным изменениям в ходе исторического развития, а также о происхождении от одной основы.

Основной целью написания данной статьи является определение роли казахских антропонимов в истории тюркского языка, путем анализа изменения в морфологической структуре и звуковом составе имен людей в языке древнетюркских письменных памятников.

The article presents the linguistic analysis of etymology of the names of people preserved in the language of the ancient Turkic written inscriptions. Personal names (the names of people) are formed from common lexical fund names according to the functional feature of languages by moving into another stage of language usage. Therefore, the definition of anthroponyms

and common nouns is unique. On the base of the linguistic analysis, there is a specific approach to these language specifications, especially in the origin of personal names. The grammatical and lexical-semantic relationships between ancient names and modern Kazakh versions are also deferent and require to be analyzed and researched.

FTAMP 16.21.47

А. Ә. Әлімхан

ф.ғ.к., доцент, «Қазақ, орыс филологиясы және журналистика» кафедрасы, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Өскемен қ., 070002, Қазақстан Республикасы
e-mail: aigul_aset@mail.ru

ӘДЕБИ ОНОМАСТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Мақалада әдеби ономастика соңғы уақытта жан-жақты қарастырыла бастаған маңызды сала ретінде көрініс тапқан. Бұл сала көркем мәтінге лингвистикалық талдау жасауда ерекше рөл атқарады. Мақалада әдеби ономастиканың теориялық және практикалық мәселелері қарастырылып, жалқы есімдердің қолданылу ерекшеліктері Б. Майлин, Б. Қыдырбекұлы шығармалары материалдары негізінде талданған. Б. Майлиннің поэзиясындағы «Мырқымбай» жиынтық бейнесі, «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» өлеңдері мен «Шұғаның белгісі» шығармаларындағы антропонимдер және Б. Қыдырбекұлының «Оқыған адам» сықақ әңгімесіндегі Үрей жалқы есімінің лексика-грамматикалық мәні, қолданыстық сипаты мен қызметі түсіндірілген. Көркем шығармалардағы әдеби ономастикон туындының мазмұны мен идеясын ашуға әсер етеді. Әдеби туындылардағы жалқы есімдер өзіндік сипаты бар лексикалық категория ретінде авторлардың стилін, көзқарасын, шығармашылық ұстанымдарын айғақтауға ықпал ететіндігі дәйектелген.

Кілтті сөздер: ономастика, әдеби ономастика, жалқы есім, поэтоним, антропоним, көркем мәтін, көркем шығарма.

КІРІСПЕ

Көркем туындылардағы жалқы есімдерді қарастыратын, соңғы онжылдықта қарқынды дамып келе жатқан поэтикалық ономастика саласы өзге салалардан өзіндік қызықты да, күрделі сипатымен ерекшеленеді. Шығармалардағы жалқы есімдерді зерттеушілердің еңбектерінде әдеби мәтіндерде қолданыс тапқан онимдік лексиканың түрлері ғана емес, әдеби онимдердің қалыптасуы мен олардың автор туындыларының стиліне әсері, сондай-ақ жалқы есімдердің функционалдық сипаты сынды мәселелер бой көрсетеді. Бұл тұрғыдан келгенде поэтикалық ономастика әдебиеттанумен тығыз байланысты. Көркем шығармалардағы жалқы есімдерді жүйелі түрде зерттеу автордың ойы мен шығарма жанрының ерекшелігін танып,

сипатын ашуға мүмкіндік береді. Көркем туындылардағы поэтонимдердің жоғары мәнін тілшілер де, әдебиетшілер де жоққа шығармайды. Әдеби онимдерді талдау жұмысы әдебиет пен тіл ғылымының табиғатын тереңдей тану мақсатында ғана емес, тарихи, мәдени, этнографиялық мазмұндағы мәліметтердің толығымен де ұштасады. Поэтонимдер ерекше лексикалық категория ретінде белгілі бір автордың стильдік ерекшелігін тануға жол ашатындықтан лингвостилистика мәселелерімен тығыз байланысқан.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Ономастика мәселелері алғаш қарастырыла бастаған кезеңнен бері көркем туындылардағы жалқы есім мәселелері В. Н. Михайлов, Э. Б. Магазаник, Л. Н. Андреева, Н. В. Ботвина, В. М. Цыбикова т.б. еңбектерінде көрініс тапқан. Әдеби шығармалардағы онимдік лексика, оның ішінде, әсіресе жиі қолданыс табатын антропонимдер, топонимдер, зоонимдер мен эргонимдерді зерделеген ізденістер жарық көрді. Әдеби ономастика мәселелерімен шұғылданушылар көбіне әдеби есімдерді қалыптастырудың қағидалары, онимдік лексиканың көркем шығарманың стильдік ерекшеліктеріне әсері, онимдік құрылымдардың функционалдық сипаты сияқты мәселелерді қарастырған. Әдеби ономастика зерттеушілері жалқы есімдерді тілдің құрамдас бөлігі, әрі аса маңызды қарым-қатынас құралы ретінде дәйектеп отыр.

Көркем шығармаларға лингвистикалық талдау жасауда ерекше рөл атқаратын әдеби ономастикон – өзіндік сипаты бар лексикалық категория ретінде автордың стилін, көзқарасын, шығармашылық ұстанымдарын айғақтайды, әрі туындының идеялық-көркемдік ойы туралы қосымша деректерді тануға ықпал етеді. Мысалы Б. Майлин поэзиясындағы Мырқымбай есімі – өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарындағы қазақ кедейінің типтік бейнесін жасауда ұтымды қоланылған. Қоғамдағы қазан төңкерісінен кейінгі тұтас бір өтпелі кезеңдегі ауыл жұртының өмірінде болған өзгерістерді, оның ой-санасы, іс-әрекеті, тұрмыс-тіршілігі мен болмыс-бітімі арқылы суреттелген жиынтық бейне «Мырқымбай» деген қазақы үлгімен жасалған, қарапайым халық санасына жақын есім арқылы көрініс тапқан. «Мырқымбай» антропонимінің иесі ақынның көптеген өлең-поэмаларында бірде басты, бірде қосымша кейіпкер ретінде көрінеді. Мырқымбай туралы кейіннен автордың өзі былай жазады: «Мырқымбай отағасына келейік. ...30-жылдан бергі жазғандарымның ішінде «Мырқымбай» деген ат кездеспесе, одан маған да, оқушыларға да келетін кемшілік жоқ-ау деймін. 30-жылға шейін партия ұранын қолына ұстап, бай-қулаққа шабуыл салып келген Мырқымбайды колхоздасу дәуірінде бой бұғып қалды ма деп құмандануға онша орын жоқ. Мен Мырқымбайды ауыл іскерлерінің

ішіндегі үлгілі, жігерлісі ғып көрсетуге тырысып жүруші ем.... Кеңес үкіметі орнасымен бірден жүз процент сана-сезімі толып, іскер болып кету Мырқымбайға ауыр еді. Бірақ соңғы жылдары мен жазған Мырқымбай іскер пішінін алған секілді. Оған ауылдың сөзі куә, ауыл өмірінде бірсыпыра жерлерде колхозшылар бірін-бірі еркелетіп, сүйкімді атпен атайын дегенде «Әй, Мырқымбайым-ау», – дейді екен. Бұл «сүйгенін сипадым дейдінің» кебі ғой. Мұны не үшін айтып отырмын. Мұны айтып отырғаным – Мырқымбай бұрынғы жігерін, іскерлігін үдетпесе, кеміткен жоқ. Мырқымбай колхозшы көпшілігінің ішінен шыққан үлгілі іскердің пішіні» [1, 15].

Бейімбеттің поэзиялық шығармаларындағы сол кездегі қазақ кедейлерінің болмыс-бітімі, қоғамдағы тіршілік-тынысы Мырқымбайдың жиынтық бейнесі арқылы көпшілік оқырманның көңілінен шықты десек, бұл бейненің қалыптасуына, әр алуан туындылардағы кейіпкерлердің бір образға жинақталуына бір есімнің қайталанып келіп отыруы негіз болған.

Бейімбет – қазақ поэзиясына ой мен сезімді баяндау, суреттеусіз-ақ айтып жеткізудің өлең-диалог түрін енгізген ақын. Сұрақ пен жауапқа ғана құрылған «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» деген өлеңіндегі екі-үш сөзден ғана тұратын диалог арқылы төңкеріске дейінгі және төңкерістен кейінгі қазақ аулындағы өзгерісті, адамдардың ой-санасын, психологиясын ашып көрсеткен. Өлеңде бірде-бір артық элемент жоқ, суреткер бір ғана кейіпкерге сұрақ қою арқылы, оның Ыбырай деген есіміне -мыз, -мын қосымшаларын жалғау арқылы сол кезеңнің әлеуметтік мінездемесінің табиғатын танытқан. Жалқы есімге жіктік жалғауының I жағында тұрған қосымшаларды қосу арқылы өлеңнің мазмұнын ашып, түрлендірген. «Өлеңдегі маңызды әлеуметтік мазмұн оның ойнақы, қызықты болып шығуы да, сайып келгенде, сол қосымшаларының мысқыл, ажуа тудыратын мағыналарына байланысты» [2]. Б. Майлин антропонимді тұлғалық жағынан түрлендіру жолымен өлеңге ерекше соны сипат беріп, құбылтқан. Ақынның шеберлігі, тапқырлығы өз оқырманын қайран қалдырады:

Кеше:

- Уа, кімсіз?
- Ыбыраймыз.
- Жаймысыз?
- Жаймыз.
- Уа, қайдан келесіз?
- Сайлаудан келеміз.
- Елге ойран сап,
- Ойнаудан келеміз.

Бүгін:

- Уа, кімсің?
- Ыбыраймын.

- Жаймысың?
- Жаймын.
- Қайдан келесің?
- Соттан келемін.
- Соттан емес-ау,
- Оттан келемін... [2].

Бейімбет Майлин Уфадағы «Ғалия» медресесінде оқып жүргенде «Садақ» атты қолжазба журналында жарық көрген алғашқы прозалық туындысы «Шұғаның белгісіндегі» жалқы есімдердің қолданысы туындының сюжеттік желісіне арқау болған. Шығарма екі атты жолаушының әңгімесінен басталады:

- «Шұғаның белгісі» дегеніңіз не нәрсе, тау ма, – дедім.
- Жок, әшейін бір обашық, – деді. Кейін қалып бара жатқан соң тағы тебініп қатарласып:
- Шұғаның белгісін сіз білмейтін шығарсыз-ау, – деді.
- Мен қайдан білейін, бұл жаққа бірінші келуім, – дедім.
- Білмессіз... сіздер жассыздар ғой, – деді. Маған қарағанда өзі недәуір

көпті көрген үлкен адам болып көтеріліп қойды.

– Сіз білмейтін шығарсыз, жассыз ғой. Уақытында Шұғаның әңгімесін бұл өлкенің баласына шейін біліп болып еді... ой, шіркін, өзі де Шұға десе Шұға еді-ау, – деді.

Жолдасымның бұл сөзінен мен Шұғаға ынтықтым. Анығын сұрап білгім келді.

- Шұғаның әңгімесін айтсаңыз қайтеді, жол қысқарсын, – дедім.
- Айтайын, – деді» [3, 6–7].

Әңгіме желісінде «Шұғаның белгісі» деген жер атауынан антропонимге айналған Шұға сөзі есім иесі туралы оқиғаға ұласады. «Өзі де Шұға десе Шұға еді-ау» деген сөздерден кейіпкердің «атына заты сай» екенін байқауға болады. Қазақ тілінің сөздігінде: «Шұға – майда түкті, биязы жүн мата. Шұға фабрикаларында ұзындығы 4–5 см-ден қысқа келетін жүн пайдаланылады», – деген түсінік беріледі [4, 742]. Көрнекті суреткер жазушының қазақ прозасының алғашқы қарлығаштарының бірі ретінде танылған туындысының бас қаһарманына тұлғалық жағынан осы ықшам келген, айтуға жеңіл, кейіпкердің биязы табиғатына жақын есімді таңдап алуының өзінен астарлы сыр байқалғандай.

С. Қирабаев: «Жазушының суреттеуінде, Шұға – мейлінше адал, терең сезімнің адамы. Бір сөзді, махаббатына берік. ...Әбдірахманның жолдасы, екі ғашықтың сырына қанық Қасым оқиға шындығын, кейіпкерлердің күйініш-сүйінішін, сезім көріністерін, әңгімесін толық күйінде жеткізуші қызметін атқарады. Соның сезінуімен жазушы Шұғаны, оның сұлулығын,

ақылдылығын, тұрақтылығын, аянышты өлімін суреттеп, «Ай, Шұға десе, Шұға еді-ау!» деген сөзге қайта-қайта оралады. Шығарманың лирикалық сыпаттарын да осы сыршылдық белгілейді», – дейді [5, 28].

Адам есімдері аса жиі қолданылатын тілдік бірліктер ретінде қоғамдық ортадағы, адамзат өміріндегі келеңсіз, тұрпайы құбылыстарды келеке ету мақсатында жазылатын сықақты шығармаларда маңызды қолданысқа ие болады. Белгілі жазушы, журналист Балғабек Қыдырбекұлының сықақ әңгімесіндегі жалқы есімдер қолданысына тоқталайық. Жазушының «Оқыған адам» әңгімесіндегі бас кейіпкердің Үрей есімі оның табиғатын танытып, мінезін сомдауға бағытталған. «Үрей – тырбиған арық кісі. Әсіресе, оның құтын қашырып тұратын қалқандай екі құлағы. Үріккен тананың құлағынша ол қалқиып тұрғандықтан көлеңке жағына тұрсаңыз одан күн көрінгендей. Өзінің арық болғандығынан ба, көзі де аларып тұрады. Дүниеде құдай көздің нұрын алмасын деңіз, егер көзіңізден нұр тайса, басқа он екі мүшеніздің саулығы түк емес. Сол Үрейдің көзінің нұры жоқ болғандықтан Нақыш неге екені белгісіз соның жүзінен аштан өлген адамның бейнесін көргендей болушы еді» [6, 106].

Шығарма кейіпкері Үрейдің мінез-құлқы А. П. Чеховтың «Человек в футляре» шығармасындағы Беликовке ұқсайды: «Да вот, недалеко искать, месяца два назад умер у нас в городе некий Беликов, учитель греческого языка, мой товарищ. ...Он был замечателен тем, что всегда, даже в очень хорошую погоду, выходил в калошах и с зонтиком и непременно в теплом пальто на вате. И зонтик у него был в чехле, и часы в чехле из серой замши, и когда вынимал перочинный нож, чтобы очинить карандаш, то и нож у него был в чехольчике; и лицо, казалось, тоже был в чехле, так как он все время прятал его в поднятый воротник» [7, 247–248]. Автор туындының бас қаһарманының мінезін Беликовке ұқсастығын Үрейдің әйелі Нақыштың нағашысының баласының сөздері арқылы жеткізген: – «Әке, құндақтаулы адам! – деп тағы күліп жіберді. Сөйтсе Үрейдің далада күн шығып тұрғанда сулық киіп келгенін айтып тұр екен» [6, 107]. Кейіпкер бейнесі оның сәуле ауруынан қорқып теледидардың даусын естілер-естілмес етіп тыңдауы, теледидарды атом сәулесінен жасырыну мақсатында сейсепке оранып көруі, түнде есіктен біреу-міреу еніп кетер деп, есікке жіп байлап, оған ыдыс-аяқтарды байлауы, баланың даусын естігісі келмеуі т.б. қылықтары арқылы ғана емес, кейіпкердің «Үрей» деген соны есімі арқылы да ашыла түскен.

ҚОРЫТЫНДЫ

Әдеби ономастика соңғы уақытта жан-жақты қарастырыла бастаған маңызды сала ретінде көрініс тауып отыр. Көркем шығармалардағы әдеби ономастикон – өзіндік сипаты бар лексикалық категория ретінде авторлардың

стилін, көзқарасын, шығармашылық ұстанымдарын айғақтайды, әрі туындының мазмұны мен идеясын ашуға ықпал етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Майлин, Б.** Тұңғыш құрбан / Б. Майлин. – Алматы : Рауан, 1994. – 254 б. – ISBN 5-625-02540-1.

2 kk.convdocs.org

3 **Майлин, Б.** Шұғаның белгісі. Повестер мен әңгімелер / Б. Майлин. – Алматы : Жазушы, 1974. – 608 б.

4 Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред. басқарған Жанұзақ Т. – Алматы : Дайк-Пресс, 1999. – 776 б. – ISBN 9965-441-04-9.

5 **Қирабаев, С.** Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: Қысқаша очерк: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы / С. Қирабаев. – Алматы : Білім, 1998. – 224 б.

6 **Қыдырбекұлы, Б.** Ақпа құлақ: Сықақ әңгімелер, фельетондар, очерктер / Б. Қыдырбекұлы. – Алматы : Жазушы, 1978. – 437 б.

7 **Чехов, А. П.** Избранные сочинения в двух томах / А. П. Чехов. – Алма-Ата : Жазушы. – Т. 2. Рассказы и повести 1883–1903 годов. – 1983. – 368 с.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

А. А. Алимхан

Значение и функции литературной ономастики

Восточно-Казахстанский государственный университет
имени С. Аманжолова,
г. Усть-Каменогорск, 070002, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

A. A. Alimkhan

Meaning and functions of literary onomastics

S. Amanzholov East Kazakhstan State University,
Ust-Kamenogorsk, 070002, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

Данная статья показывает, что в последнее время литературная ономастика рассматривается всесторонне и отображает собой отдельную отрасль. Это направление играет особую роль при лингвистическом анализе художественного текста. В статье

рассматриваются теоретические и практические проблемы литературной ономастики, представлен анализ употребления имен собственных на материале произведений Б. Майлина, Б. Қыдырбекұлы. Дается лексико-грамматическое описание и функции антропонимов в произведениях «Шұғаның белгісі», «Ыбыраймыз, Ыбыраймын» и обобщающий образ в поэзии «Мырқымбай» Б. Майлина и имя собственное Үрей в сатирическом рассказе Б. Қыдырбекұлы «Оқыған адам». В художественных сочинениях литературный ономастикон воздействует на раскрытие содержания и идеи произведения. Имена собственные в литературных произведениях обосновываются, как специальная лексическая категория влияющая определению стиля, взгляда, творческому принципу авторов.

This article shows that lately literary onomastics is considered comprehensively and represents a separate branch. This direction plays a special role in the linguistic analysis of the literary text. The article deals with theoretical and practical problems of literary onomastics, presents the analysis of the proper names usage on the material of B. Maylin, B. Kudyrbekuly. The lexico-grammatical description and functions of anthroponyms in the works «Shuganin belgisi», «Ybyrayimiz, Ybyrayimin» and the generalized image in the poetry «Myrkymbay» by B. Maylin and the proper name in the satirical story of B. Kudyrbekuly «Okygan adam» are given. In literary works the literary onomasticon influences the disclosure of the content and idea of the work. Names in the literary works are justified, as a special lexical category influencing the definition of style, view, creative principle of the authors.

А. Д. Әлтай¹, С. Ш. Айтүғанова²

¹ф.ғ.д., профессор, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, Филология факультеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹akzhol777@mail.ru; ²s-aituganova@mail.ru

КӨТЕШ АҚЫН ТОЛҒАУЛАРЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК ШЫНДЫҚ ЖӘНЕ ҚҰБЫЛМАЛЫ ДҮНИЕ ФИЛОСОФИЯСЫ

Мақалада Көтеш ақын өлеңдерінің тақырыбы мен мазмұны қарастырылады. Ақын өлеңдерінен танылатын ақынның өз жаратылысы және өмірінің суреттері оның толғауларынан мысалдар келтіріле отырып талданады. Көтеш ақынның өз өмірінің шындығы мен сол шындықтан туындаған ішкі сезімін қаз-қалпында бейнелеп бергендігі талданып көрсетіледі. Оның шығармаларындағы шындықтың негізі болып табылатын құбылмалы дүние философиясы ақын ойында кенеттен пайда болған ой емес, өзімен дәуірлес жыраулар поэзиясында алуан үлгіде алға тартылған ойлардың жаңаша қорытылуы, ақындық поэзия ерекшелігіне лайықтала көрініс беруі екендігі дәлелденеді. Ақын өлеңдеріндегі көркемдік шындық және құбылмалы дүние философиясын ашып көрсетуде оның шығармашылығындағы сатира мен юмордың орны, сөз қағысулары мен қағытпалары сараланады. Осы орайда, ақынның өмір шындығын бейнелеудегі суреткерлік шеберлігі талданып, тұжырымдар жасалады.

Кілтті сөздер: жырау, көркемдік шындық, ақын, құбылмалы, ұлттық әдебиет.

КІРІСПЕ

XVIII ғасырда бірнеше ғасырлық дәстүрі бар жыраулар поэзиясымен қатарласа пайда болған ақындар поэзиясының ең басты ерекшелігі – шығармаларының мазмұнын құрайтын мәселелердің күнделікті өмірден алынуы. Бұл жағдай ақындар поэзиясының негізгі тақырыбы күнделікті өмір көріністері болғанын танытады. Ал ағымдағы өмір шындығын жырлау ақындар шығармашылығында реализмнің жетекші әдіске айналуына себеп болды. Осы

тұрғыдан келсек, ұлттық әдебиетімізде кейінгі дәуірлерде бекем орныққан реализмнің бастауында XVIII ғасыр ақындары тұрғанына ден қою ләзім. Демек, XVIII ғасырдағы ақындар поэзиясы өз дәуіріндегі қарапайым жандардың тіршілігін, дүниетанымын, өмірге көзқарасын, мақсат-мұраттарын танытуымен, әдебиетте реалистік көзқарастың қалыптасуына жол ашуымен бағалы.

Осы ғасыр ақындарын заманы бір жыраулармен салыстыра қарасақ, алғашқы ақындар поэзиясында ел билеу жайы, қаһармандық әрекеттер суреттеле бермейтінін көреміз.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Баянауыл өңірінің тумасы Көтеш ақынның даңқы «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің» деп басталатын өлеңі арқылы шыққан. Көтеш ақынның бір ғана өлеңінде Абылай хан есімі аталады. Соның өзінде де, хан есімі ел арасындағы даулы оқиғаға қатысты айтылады.

Хандық дәуірдегі әдебиетті зерттеуші ғалым М. Мағауиннің жазуынша, Көтеш осы өлеңін шығарған кезде он жеті жаста екен [1].

Ақынның бұл өлеңіне тән кейбір сипаттарды XVIII ғасырдағы ақындар поэзиясына шолу жасау барысында айтып өткен едік. Негізінде, Көтештің ақындық даңқын шығарған осы өлеңге себепкер болған оқиғаның нақты жай-жапсары белгісіз. Десек те, өлеңнің бірінші шумағын оқи отырып, Мейрам руының Ботақан деген жігіті кісі қолынан мерт болғанын, оның өлімі үшін Абылайды кінәлі санаған жігіттің руластары Хан ордасын қоршай жиылып, құн даулағанын көреміз. Екінші шумақтан аңғарылатын жағдай – Абылай ханның салдырған қаласының өртеніп кеткендігі, сол өрт үшін Мейрам руының Жанай деген адамының кінәланып, қамауға алынғаны, «Мейрам руына жала жабылды» деп ашуланған жұрттың тағы да Хан ордасына келіп, Жанайды босатуды талап еткендігі. Бұл – қос шумақтан тұратын өлеңнен танылатын көріністер.

Алайда, өлеңнің нақты мазмұнын айналсоқтап қалмай, өлеңнен көрінетін осы жәйттерге ойлана қарасақ, сол дәуірдегі қазақ халқының өмірінде орныққан Дала демократиясының көріністерін көрер едік. Демек, бұл жағдай жыраулар мен ақындар поэзиясына тек көркем сөз үлгілері ретінде қараудың аздық ететінін аңғартады. Сол себепті хандық дәуірдегі поэзиялық туындыларға сол дәуірдің бейнесі ретінде қарап, соған орай тереңірек үңіле зерделеу абзал болмақ.

XVIII ғасырда ақындар поэзиясының туып, қалыптасуында өзіндік орны бар Көтеш ақынның өлеңдерінен ел өміріне уақыт енгізген өзгерістермен қатар, оның өзіне ғана тән дара мінезі, көзқарасы, таным-түсінігі, өз өмірі мен күнделікті тірлігінің бейнесі де танылатынын ескеру уәжіп. Ал, шығармалардан автордың өзіндік даралық белгілерінің көрініс бере бастауы да – ақындық поэзияға тән сипаттардың бірі.

Енді ақын өлеңдерінен танылар осы жәйттерге назар аударып, ақынның өз болмысын, тіршілік жайын бағамдап байқалық. Абылайға арналған алғашқы өлеңінде:

«...Жанайды дәл бүгін күн босатпасаң,

Болады ертең жесір қатын-балаң!!!» [2, 108] – деп батыл мінез танытатын он жеті жасар ақынның бұл өткірлігі уақыт өте келе өзгеріп, құбылмалы адам мінезін әжуалай сынауға бейім мысқылшыл мінезге ауысады. Ақынның қолда бар өлеңдерінің астарына жіті үңілсек, оның мінезіндегі бұл өзгерістің себебін де түсінеміз. Ол себеп – қолдың қысқалығы және сол жоқшылықтың өз төңірегіндегі жұрттың ақынға деген көзқарасына, қарым-қатынас сипатына әсер етуі. Ақын мінезіндегі өзгеріс сырына қанығу үшін Көтеш ақынның өз өлеңіне көз салсақ, ол өзінің жағдайсыз күйін, ағайын-жұртына деген өкпе-ренішін:

Күркелінің бауыры күнде дауыл,

Көтеш қалды жұртында жалғыз ауыл.

Ауырып жатқан көңілімді бір сұрамай,

Шын Сексеннің баласы қара бауыр.

Бір жанымның қамы үшін жүрдім саяқ,

Не қыламын бұл малды жаннан аяп.

Ауырып жатқан күнімде бір қайырылмай,

Ет дегенде қалмапты тайлы-таяқ...» [2, 108] – деп әжуа-мысқылға орай жеткізеді.

Ақын өлеңінен көрінетін сурет те, ақын ағайындарының қылығы да, ақынның өз әрекеті де, көңіліндегі реніш те түсінікті. Ақын өз өмірінің шындығы мен сол шындықтан туындаған ішкі сезімін қаз-қалпында бейнелеп берген. Ал осы бейнелердің мазмұнында жалғыз ақын өмірінің емес, жалпы адам баласының өмірлік шындықтары жатыр. Ол шындықтың негізі – құбылмалы дүние философиясы. Бұл философия – ақын ойында кенеттен пайда болған ой емес, өзімен дәуірлес жыраулар поэзиясында алуан үлгіде алға тартылған ойлардың жаңаша қорытылуы, ақындық поэзия ерекшелігіне лайықтала көрініс беруі.

Мәселен, құбылмалы дүние бейнесі XVIII ғасырдағы Ақтамбердіде:

«Мал-басы өскен адамның

Алды-арты бұрқар бу болар.

Көтере алмай дәулетін

Көрінгенге бу қылар.

...Жетім менен жесірге

Қазары ылғи ор болар.

Онымен жолы болмайды,

Біреуден қайтып қор болар», [2, 66] – деп жырланса, Бұқар жырауда:

«Қара арғымақ арыса,

Қарға адым жер мұң болар.

Есіл көзден нұр тайса,

Бір көруге зар болар.

Батпақты сайға су түссе,

Атың арып келгенде

Өткел бермес кешерге.

Қайырсыз итке мал бітсе,

Аңқаң құрып келгенде

Саумал бермес ішерге...» [2, 102] – деген мазмұнда келеді.

Заманы бір жыраулар мен Көтеш ақынның айтар ойында айырмашылық жоқ деуге келеді. Бұл тұстағы айырмашылық – айтылар ойды жеткізу тәсілінде. Жыраулар философиясы дидактикаға арқа сүйесе, ақын поэзиясындағы философия реалистік суреттеулер арқылы көрінеді. Осыған орай жыраулар мен ақындар шығармашылығының тағы бір ерекшелігі танылады. Яғни, ақын – өз шындығы арқылы көпке ортақ шындықты бейнелейтін суреткер.

Көтеш ақынның өзге өлеңдерінен де жоқ-жітік тірлік кешіп жатқан жандарға ортақ жағдайлар көрініс береді. Мәселен, жүгірте оқығанда ақынның өзіне ғана қатысты сияқты сезілетін төмендегі екі шумаққа назар салып байқалық:

Тінәлі, Тышқанбайдан алдым жиын,

Қопаның, өкпеледім, көрмен бетін.

Малдыбайдан алғаным маңқа жирен,

Түбінде Жалғызтаудың жесім етін.

«Сөйлес» дейсің, қонағым, сөйлеспеймін,

Екі елу ердің жасы он бес деймін.

Осы үйде ұршықталған жалғыз сан бар,

Оны қатын кісіге бермес деймін.

Шынында, ақын өз өмірін жырлап отыр. Өлеңінің бірінде жоқшылықтың кесірінен өзгеге күні түскенін, олардың біразынан көңілі қалғанын, ал мырзасынған адамының бергені «маңқа жирен» болғанын, шарасыздықтан сол «маңқаны» Жалғызтаудың етегінде ас-суына жаратқанын нали жырласа, келесі бірінде ақын үйіне ат басын тіреп, «Сөйлес» қылған құдайы қонақты күтіп алуға дәрмені жетпегенін, шарасыздықтан туған іштегі ызасын қылжақпен бүркемелей бейнелейді. «Оны қатын кісіге бермес деймін» деген жолдар арқылы көрінетін жағдай – ақын әйелінің қолының қаттылығы емес, сол әйелді сараңдыққа мәжбүрлеген тұрмыс қиыншылығына бағытталған ішкі қыжыл. Осылайша ақын өз өмірінің шындығын бейнелей отырып, өзімен тағдырлас талай жанның хал-күйін көрсетіп отыр.

Көтеш өлеңдерінің ел жадында ұмытылмай сақталып жетуінің бір себебін де осы тұстан іздеу ләзім. Нақтылай айтқанда, ақын өлеңдерін бірден-бірге жеткізушілер – ақынның өзімен тағдырлас жандар. Демек, жоқшылықтың қиыншылығын бейнелеген Көтеш ақын шығармалары өз заманында ғана емес, одан кейінгі уақыттарда да кедейшілік салмағын көтерген талайлардың жан жұбанышына айналғаны анық.

Жоғарыда сөз болған өлеңдердің мазмұнына қарай отырып, оларды ақынның жасы ұлғайғанға дейінгі аралықта шығарылған дүниелері деп тануға болады. Ақынның:

«Атам ата болмады, қалмақ болды,

Қызын берсе, атымды алмақ болды.

Алты ешкі, жалғыз қойын базарға айдап,

Қызыл ділдә, ақ жамбы алмақ болды», – деп келетін өлең шумағы да осы аралықта айтылса керек.

Қайынатасының қылығын қылжаққа айналдыра өлең еткен ақынның әзіл-сықаққа, оспақтай қағытуға бейімдігі аңдалады. «Атам ата болмады, қалмақ болды» – дегенде, оның оспақтай меңзегені – қайынатасының ойға алған әрекетінің салмағы ақынның өзі үшін «қалмақтың шапқынындай» боларын аңдату. Кейінгі үш шумақта да «атасының» қылығы қылжақ етіледі. Ал сол қылжақтың ар жағында ащы шындық жатқаны және шындық. Яғни, бұл шумақтардан қалыңмалға күйеубаланың атын алуға ниеті ауған қайынатаның бар байлығы – алты ешкі, жалғыз қой ғана екендігі көрінеді. Ақынның соңғы шумақта: «Қызыл ділдә, ақ жамбы алмақ болды», – деуі де ащы мысқыл. Алайда, бұл мысқылдың нысанасы нақты бір адамнан гөрі, сол адамды тығырыққа тіреген жоқшылық, жетіспеушілікке бағытталғандай әсер етеді. Бұл жәйт Көтештің нақты бейнелер жасай отырып, тіршілік түйткілдері хақында астарлы ой ұсынуға, тұрмыс ауыртпалықтарын әзіл-әжуамен жеңілдетуге бейім ақын болғанын көрсетеді.

Оның ақындық жаратылысына сатиралық уыттылықпен қатар, адам бойында ұшырасып қалатын кемшілік, мінді әжуалай күлкі ететін юмордың да жат болмағанын байқататын шығармасы:

Ұстаның дәндәкуі балғасы да,

Құдайым ұстаға күн салмасын да.

Ұстаға дәндәкусіз барамын деп,

Көріктің отырып қалдым далдасына, – деген өлеңі.

Өлеңде күнделікті тірлікте кездесіп жататын адам кемшілігі әжуаланған. Ақын «дәндәку» сөзін ойнату арқылы кейіпкер ұстаның әлдене дәметкіш мінезін күлкі етеді.

Көтеш ақынның осы кезеңде шығарылған өлеңдерінің бірқатары сөз қағыстыру, әзіл-әжуа мазмұнындағы арнаулар болғанға ұқсайды. Бұлай ой

түюге ақын мұрасынан бүгінге дейін жеткен бір-екі шығармасы мүмкіндік береді. Солардың бірі «Дулап өгіп барады қасымнан қыз...» – деп басталатын өлеңі болса, енді бірі – өзінің қойына арнаған қағытпасы. Ақынның кейінгі өлеңінде де кедейшіліктің ауыртпалығын әжуалай күлкі ету сарыны сезіледі.

Қойым-ау, кел, қойсаңшы өргеніңді,

Мен айтамын көзіммен көргенімді.

Құйрығыңды бір ит-құс алып кетсе,

Сен онан ала алмасың бергеніңді, – деп қылжақтаған ақынның бұл оспағының астарында өзінің оңалмай қойған тірлігіне күйінуімен қатар, тұрмыс тауқыметін күлкімен жеңілдетуге деген ниет жатыр.

Көтеш ақынның шығармашылығында көрініс берген осы іспетті қағытпалар, сөз қағысулар осы уақыттың тағы бір тумасы Шал ақынның әдеби мұрасынан да ұшырасады. Бұл жағдай осынау әдеби үлгілерді ақындық поэзияның алғашқы өкілдері жиі пайдаланғанын аңғартады.

XVIII ғасырдағы ақындар жыраулар қалыптастырған дәстүрлерден қол үзіп кетпей, ақындық поэзия ерекшелігіне сай пайдаланып отырған. Дәстүр жалғасуы, әсіресе, адам болмысы, өмір өзгерісі, жастық пен кәрілік хақындағы ой-толғаныстар ұсынылатын өлеңдерден анық байқалады. Мәселен, Көтеш ақынның «Арқа ойылдың құба жон түсер қақтар...» деп басталатын өлеңіндегі:

«Ай қараңғы, күн бұлт, түн деменіз,

Біреу жарлы, біреу бай, күндеменіз.

Ата тілін алмаған арам ұлды

Аузы түкті кәпірден кем деменіз», [2, 109] – деген үлгіде келетін шумақтарындағы ой мазмұны жыраулардың дидактикалық толғауларындағы ойлармен өрістес екені шүбәсіз. Дәстүр ұласуының осы іспетті көріністері ақындық поэзияның замана өзгерісіне орайласа туған шығармашылық құбылыс екенін тағы да айғақтай түседі.

Жыраулар дәстүріндегі дидактикалық толғаулардың ой мазмұнына ақындар күнделікті өмір шындығының көріністерін, адамның қарапайым тілек-ниеттерін үстеген. Оның бір үлгісі Көтеш ақынның жасы ұлғайған шақта айтылған өлең шумағында былайша өріледі:

Сексен ерікке қоймады-ау қалжыратып,

Қайтіп өлең айтармын алжып жатып.

Сексен түгіл, тоқсанға болмас едім,

Ұсақ турап ет берсең балбыратып.

Осы өлеңнен аңдалып тұрғандай, жыраулар адамның жас ерекшеліктерін жырлау барысында жинақтаушылық сипаттағы бейнелерге ден қоятын болса, ақындар нақты суреттер арқылы жалпыға ортақ ой ұсынуға бейім келеді. Бұл тәсіл Көтеш ақынға да жат емес. Ол өзінің қартайғандағы кейпі мен кәрі көңілінің қалауын бейнелей отырып, кәріліктің жалпыға ортақ көрінісін

суреттейді. Сол көрініс арқылы айтар ойын да әзілге сүйей, ишаралай жеткізеді.

Көтеш ақын кәріліктің бір көрінісін әзілмен ұштастыра, осы үлгіде бейнелесе, келесі бір өлеңінде дәл осы тақырыпты басқаша мазмұнда ашады. Бұл өлеңде де Көтештің ақындық жаратылысына етене әзіл, әжуа көрініс бергенімен, олар алғашқы өлеңдегіден гөрі салмақтана түседі. Ақынның бұл өлеңдегі әзіл-әжуасында тілек-ниеттен гөрі, кешегі алтын басының қадірі қашқанына күйіну сезімі, реніш басым. Әзілмен бүркемеленген күйініш суреті былай берілген:

*Қартайғанда қатының дұшпан болды,
Баласымен бірігіп қысқан болды.
Келін деген бір дұшпан тағы шығып,
Біреуі іштен, біреуі тыстан болды [2, 109].*

*«Бала, бала!» деуменен мазалымыз,
Баладан болар білем ажалымыз.
Баламызға жалынсақ жан сақтар ек,
Келін деген даяр тұр ажалымыз [2, 109]!*

Әрине, ақын өлеңінде айтылған жайдың бәрін ақынның өз өмірінің шынайы бейнесі ретінде қабылдау орайсыз болмақ. Дегенмен, Көтеш ақын өмірден көріп-байқағандары негізінде кейінгі ұл мен қызға, келінге ибалылық жолын тағылым етуді көздегені анық.

Көтештің бізге дейін жеткен шығармалары арасынан:

*Алдымнан алты нұшық анталады,
Тілге келмей біреуі балталады.
Осы аурудан, сірә, жан қалмас білем,
Балтасы тиген жері қанталады, [2, 110] – деп басталатын өлеңін*

ақынның өз өміріне тікелей қатысы бар жәйттер бейнеленген шығарма ретінде тануға болатындай.

Өйткені ақын өліміне байланысты ел аузында айтылатын әңгімелердің бірінде оның кісі қолынан қаза тапқаны айтылады. Егер жоғарыдағы шумаққа сүйенсек, ақын өліміне жол торыған алты адамның себепкер болғанын көреміз. Ал ақынға балта жұмсаған әлгі алтаудың өшігуінің мәнісі – Көтеш ақынның өткір тілі, шындықты жасырмай жырлауы болғаны хақ. Өйткені, ғұмыр бойы тұрмысы оңалмаған Көтешке кектенудің басқадай орайы жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ

Хандық дәуірде қазақ халқының тағдыр-талайы бірнеше мәрте сынға түскені тарихтан мәлім. Дәл осы құбылмалы кезендерде өмір сүріп, жыр-толғауларын жарыққа әкелген ақын-жыраулардың өз халқының тағдырынан қалыс қалмағаны түсінікті. Ел мен жер амандығы жолындағы Ұлы жорықтар

мен қанкешу шайқастардың бел ортасында жүрген қазақ ақын-жыраулары үшін ерлік пен батырлықтың ең маңызды тақырыпқа айналуы, соған орай, ел мен жерді қорғау идеясының маңызды орын алуы заңды жайт еді. Асқақ арман мен ұлы мұраттарға ұмтылған ақындар мен жыраулардың шығармашылығында романтикалық сезім мен пафостың бел алуы да сондықтан.

Қазақ жыраулары өздері жырлаған өмірді, немесе қаһарманды романтикалық бейнеге айналдырған жоқ, туған халқы мен сол халықтан шыққан қаһармандардың рухани болмысын асқақтата жырлады. Сол себепті жырауларға тән романтизм өмірлік шындықпен астаса көрінді. Соның нәтижесінде жыраулар поэзиясында романтизм мен реализм тығыз ұштаса дамып, жыраулар поэзиясының жаңа мазмұнды әдебиет үлгісі ретінде қалыптасуына жол ашты. Демек, жыраулар поэзиясы – романтизм мен реализм әдістерін шебер тоғыстырған әдебиет үлгісі. Жыраулар поэзиясына етене осы қасиет хандық дәуірдің барлық кезеңінде де сақталды.

XVIII ғасырдың соңғы ширегіне қарай орныққан біршама қалыпты тіршілік әдеби өмірде ақындар поэзиясының көрінуіне мүмкіндік ашты. Жорықтар мен шайқастар үстінде қалыптасқан жыраулар поэзиясына қарағанда, ақындар поэзиясы күнделікті өмір шындығына бет бұруымен, соған сәйкес, ел өмірін реалистік аяда бейнелеуімен ерекшеленді.

Қалай болғанда да, тірлігінде дәулет жиып, бағы аспаса да, шыншыл өлеңдерімен көпшіліктің көңіл күйін тап басып жырлап өткен Көтеш ақынның XVIII ғасырдағы ақындар поэзиясын қалыптастыруда маңызды роль атқарғаны шүбәсіз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Мағауин, М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы, 1992.
- 2 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. / құрастыр. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Алматы, 1989.
- 3 Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы, 1993.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

А. Д. Әлтай, С. Ш. Айтуганова

Художественный реализм и философское мировоззрение в произведениях Котеш акына

Филологический факультет,
Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева,
г. Астана, 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

Artistic realism and philosophical worldviews in the writings of Kotesh akyn

Philological Faculty,
L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

В статье рассматриваются тема и содержание песен акына Котеш. Его происхождение и картины жизни, которые познаются из песен акына, анализируются через приведение примеров из его толгау. Через анализ, в первоначальном состоянии изображается истина жизни акына Котеш и внутренние чувства, рожденные этой мыслью. Философия непостоянства мира, которая является основой истины в его творчестве, мысль возникшая не случайно, это обновленное обобщение мыслей выступивших на переднем плане в различных вариантах поэзии его современников-жырау, адаптация соответствующая особенностям поэзии акынов. Дифференцируются место сатиры и юмора, словесных столкновений, шуток в раскрытии художественной истины и философии непостоянства мира в песнях акына. Таким образом анализируется изобразительное мастерство акына в отображении истины жизни, готовится заключение.

The article is devoted to the theme and content of the songs of Kotesh akyn. His origin and pictures of life, which are learned from the songs of akyn, are analyzed through bringing examples from his tolgaу. Through analysis, in the original state, the truth of the life of Kotesh akyn and the inner feelings born of this thought are depicted. The philosophy of the impermanence of the world, which is the basis of truth in his work, a thought arisen not by chance, is an updated generalization of the thoughts which appeared in the foreground in various variants of poetry of his contemporaries-zhyrau, an adaptation corresponding to the peculiarities of akyn poetry. The place of satire and humor, verbal clashes, jokes in revealing artistic truth and philosophy of impermanence of the world are differentiated in the songs of akyn. In this way, the art of akyn is analyzed in the reflection of the truth of life, and a conclusion is being prepared.

С. Ж. Ергалиева¹, К. С. Ергалиев²

¹аспирант, Кемеровский государственный университет, г. Кемерово, 650000, Российская Федерация;

²к.ф.н., ассоц. профессор (доцент), Павлодарский государственный педагогический институт, г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан
e-mail: ¹samal17.12@mail.ru; ²ergaliev1976@mail.ru

ОТРАЖЕНИЕ ВИРТУАЛЬНОЙ ЯЗЫКОВОЙ ЛИЧНОСТИ В ПОЛИТИЧЕСКОМ ДИСКУРСЕ

Объектом исследования являются российские, казахстанские и американские политические интернет-комментарии. Выбор объекта обосновывается с развитием информационных технологий, которые способствовали появлению разных текстов и жанров, где взаимосвязь языка и человека исследуется в ином лингвистическом направлении. Цель данной работы – определить персонный и текстовый фактор текстопорождения российских, казахстанских и американских политических интернет-комментариев в лингвоперсоналогическом аспекте. Для изучения данного объекта использовались методы сбора и контекстуального анализа теоретического материала, сравнительно-сопоставительные, обобщающие и описательные методы. Исследование изучаемого объекта базируется на модели текстодериватологического анализа производных текстов, которые рассматриваются в формальном, содержательном и функциональном планах. Результаты исследования показали, что при порождении российских и американских интернет-комментариев доминирует фактор личности, обосновывающий различными параметрами субъективности языковой личности, а в казахстанских больше преобладают текстовые факторы.

Ключевые слова: языковая личность, виртуальное пространство, интернет-комментарий.

ВВЕДЕНИЕ

В связи с развитием антропологической парадигмы внимание ученых направилось на человека как субъекта, создателя текста, дискурса. Он считается хранителем не только персональных данных, но и национально-культурного наследия определенного народа. Такие присущие ему черты, как ум, динамика мыслей, способы мышления с помощью языковых средств,

можно найти в созданных человеком текстах. Ю. Н. Караулов, исследуя данный вопрос, отмечает три подхода изучения языковой личности, которые способствовали попаданию языковой личности в поле зрения лингвистов. Первый – психологический подход, психология языка и речи (А. А. Потебня, И. А. Бодуэн де Куртенэ), второй подход – лингводидактический, от научения языка (Ф. И. Буслаев), и третий – от изучения языка художественной литературы (В. В. Виноградов) [1, с. 25]. Исходя из этого, можно предположить, что языковая личность стала центральным звеном, субъектом исследования многочисленных работ в которых ученые раскрывали и эксплицировали языковые, персональные, ментальные, национальные, культурные, профессиональные, психологические особенности ее сознания.

Г. И. Богин предполагает под языковой личностью «человека, рассматриваемого с точки зрения его готовности производить речевые поступки, создавать и принимать произведения речи» [2, с. 1]. Он понимает ее не как носителя психического механизма, а рассматривает с лингводидактического аспекта, выделяя ее как носителя языка и «к каким речевым поступкам может быть готов или подготовлен носитель языка, что он может делать с языком» [2, с. 2]. По его мнению, социальная среда определяет роль человеческой готовности к деятельности в жизни общества, мотивируя человека для дальнейшего ее развития.

К. Ф. Седов, рассматривая языковую личность, выделяет типы коммуникативных стратегий (инвективный, куртуазный, рационально-эвристический) речевой деятельности языковых личностей, которые обосновываются статусно-ролевой структурой поведения людей в коммуникативном конфликте. В конфликтных ситуациях люди по-разному себя проявляют, выбирая различные речевые стратегии. Данное отличие речевого поведения определяется индивидуально-личностными особенностями говорящих, связанными с их темпераментом и воспитанием. Таким образом, К. Ф. Седов определяет и дифференцирует языковую личность «по способу реализации дискурсивной деятельности, существующих в современной лингвистике» [3, с. 93–94].

Н. Д. Голев рассматривает языковую личность как носителя языковой способности определенного качества, которая была заложена в нем изначально и далее развивалась в соответствии с его рожденным потенциалом [4, с. 10]. Так как каждая личность имеет потенциал текстопорождения, создавая тексты при помощи лексем, хранящихся в ее памяти и конструируя синтаксические модели, наполнив их определенным смыслом.

Способы выстраивания таких моделей помогут эксплицировать языковую личность с ее социальной принадлежности и культурного уровня. Совокупность таких моделей дает возможность собрать портрет

типизированной языковой личности как на социальном, так и на национальном уровне с учетом лингвистических и экстралингвистических факторов [5, с. 23–24].

По мнению С. Г. Шафикова, выражение мыслей связано с интеллектом говорящего и правильного выбора языковых средств. Сначала человек ищет необходимые ему единицы в структуре языка, затем перебирает в памяти разные варианты, подходящие по смыслу для создания и высказывания текста. Язык остается итоговым результатом «последней инстанции», завершающий поиск после конечной вербализации мыслей [6, с. 767]. Поэтому каждая языковая личность, сама по себе, индивидуальна, она хранит, творит свой небольшой внутренний мир.

Итак, объектом исследования является российские, казахстанские и американские политические интернет-комментарии. Выбор объекта данной работы обусловлен тем, что динамическое развитие информационных технологий, особенно интернет-сети, стало частью нашего бытия, так как языковая личность напрямую связана с виртуальным миром. Это объясняется тем, что интернет, обладая коммуникативными, информативными и медийными возможностями, способствует порождению новых речевых жанров. Среди них особое внимание заслуживает интернет-комментарий. Он относится к письменной форме, хотя имеет особенности и устной речи. Е. В. Холодковская считает, что интернет-комментарии являются письменной формой вербальной речевой коммуникации, реализуемой в интернет-пространстве [7, с. 80]. И. В. Савельева относит интернет-комментарии к жанрам естественной письменной речи. Ссылаясь на воззрение Н. Б. Лебедевой, определяет их следующие признаки: «письменная форма, спонтанность и непрофессиональность исполнения, которые реализуются внутри парадигмы, построенной по координатам «устная/письменная» и «естественная/искусственная» речь» [8, с. 51]. Она также считает, что интернет-комментарии относятся к письменной речи, несмотря на то, что они имеют характерные черты устной речи.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В ходе нашего исследования языковая личность реконструируется в политических интернет-комментариях, в которых проявляется ее языковые способности, ментальное и обыденное политическое сознание, которые передаются и отражаются в выбранных ею речевых стратегиях и тактиках. Объектом исследования является политический интернет-комментарий (на примере российских, казахстанских и американских новостных сайтов), а целью – определить факторы персонного (субъективного) и текстового (объективного) текстопорождения российских, казахстанских и американских

политических интернет-комментариев в лингвоперсонологическом аспекте. Для достижения поставленной цели использовались следующие методы исследования: сбор и контекстуальный анализ теоретического материала, сравнительно-сопоставительный, обобщающий и описательный. В ходе анализа интернет-комментариев трех стран можно предположить, что при порождении российских и американских интернет-комментариев доминирует фактор личности (субъективности), обосновывающийся различными параметрами субъективности языковой личности, а в казахстанских больше преобладает текстовый (объективный) фактор. Данная гипотеза обосновывается лингвистическим анализом политических интернет-комментариев.

Для исследования российских вторичных текстов (интернет-комментарий) была выбрана тема «В цеху» – Медведев получил от Путина оригинальный подарок на день рождения» с новостного портала politrussia.com. Глава государства подарил на день рождения премьеру РФ Д. Медведеву картину с названием «В цеху». Приведем фрагменты комментариев к этой статье.

Аноним *На картине будто группа мужиков вовсе не работают, а разговаривают. Даже не похоже, что они рабочие. Одежда вообще-то уличная. Приглядитесь сами.*

PinkFloyd *«В сборочном цехе». Если по правилам русского языка то будет: в сборочном цехе.*

Аноним *«В цеху» и «В цехе» – равноправны, можно и так, и так. Проверьте на грамота.ру. Если по правилам русского языка.*

Олег Павлов *равнозначно.*

Аноним *Предлагаю темы следующих картин, и не только премьеру, но и другим членам кабинета: На ферме, на стройплощадке, в собесе, на родительском собрании, в магазине, на трассе... Желающие могут продолжить.*

Чарли Гордон *«на трассе» понравилось ... каждому второму подарить можно.*

Аноним *«На трассе» – это про Алину в короткой юбке?*

Чарли Гордон *Не обязательно – это была метафора ... А насчет Алины в короткой юбке... Не могу даже представить сколько будет стоить проезд по такой трассе))))*

В представленном фрагменте можно увидеть, как авторы комментариев уходят от основного содержания исходного текста, так как обращают свое внимание не на целое содержание, а на определенный объект, в нашем случае, на слово «цех». Они по-своему развертывают данное слово, в ином аспекте, то есть меняется его употребление в функциональном плане,

например, «В сборочном цехе». Если по правилам русского языка то будет: в сборочном цехе; «В цеху» и «В цехе» – равноправны, можно и так, и так. Проверьте на грамота.ру. Если по правилам русского языка. Если в исходном тексте данное слово «цех» употреблялся как название картины, то комментаторы используют его в качестве лингвистической единицы, проверяя его правильное правописание. Как выделяет И. В. Савельева, авторы прибегают к элементаристской стратегии текстовосприятия и текстопорождения [8, с. 178]. Также один из комментаторов предлагает другие варианты названия картины «в цеху», например, *Предлагаю темы следующих картин, и не только премьеру, но и другим членам кабинета: На ферме, на стройплощадке, в собесе, на родительском собрании, в магазине, на трассе... Желающие могут продолжить.* Он не только домысливает ситуацию, проявляя свою креативность, но и побуждает к отклонению от темы, призывая к новым идеям.

Таким образом, можно сказать, что в российских интернет-комментариях доминирует личность (субъективность), так как виртуальная языковая личность может выбрать те языковые стратегии и тактики, которые тяготеют к субъективности, нежели к исходному тексту.

Приведем следующий фрагмент политических интернет-комментариев с новостного портала dixinews. Для анализа была выбрана тема «Нурсултан Назарбаев посетил Акмолинскую область с рабочим визитом». Во время поездки Глава государства побывал на сельскохозяйственных угодьях Шортандинского района, где были представлены новые сорта адаптированной к местным условиям пшеницы.

Гость Арман: *Ауыл шаруашылығы тауарларын мол өндіріп, экспортқа көптеп шығаруымыз керек. Қазақстанның ауыл шаруашылық өнімдері табиғилығымен, тазалығымен ерекшеленеді. (Надо больше производить товары сельского хозяйства, чтобы больше выводить их на экспорт. Сельскохозяйственные товары Казахстана отличаются природной естественностью, чистотой).*

Назым: *Егіс бітік шығып, елдің ризығы мол болғай. (Пусть весь урожай вырастит, пусть у народа будет все вдоволь).*

Марал: *Біздің өнімдерді сатып алуға қызығушылық тудыратын елдер көп, сондықтан жылда нақты жоспар қойып өнімдерді молайтуға жұмыс жасаған жөн. (Есть много стран, которые мотивированы купить наш продукт, поэтому каждый год надо работать по установленному плану для повышения количества продукта).*

Мария: *Астықпен танылған Қазақстан қашан да осы дәрежесінен таймасын! (Пусть Казахстан держит свою планку по производству зерна!).*

Касым: Наше зерно оно очень хорошо оценивается зарубежными странами, поэтому мы должны наращивать его в данном направлении.

Темирбек: Хорошее зерно, оно дороже даже некоторых природных ресурсов.

Асылхан: Сейчас сельское хозяйство, выходит на новый уровень и нужно этот уровень развивать и дальше, достигая новые вершины.

Алибек: Рабочий визит Главы Государства, это хороший стимул для аграриев, чтобы их поддержать в осенний период урожая.

Как видим, данные комментарии придерживаются общего содержания, темы статьи. Это можно увидеть, по ключевым словам, из исходного текста, как на казахском, так и на русском языках. Например: *товары сельскохозяйства, урожай, производство зерна, сельское хозяйство, рабочий визит Главы государства*. Также часто встречаются в казахстанских интернет-комментариях на казахском языке высказывания в виде пожеланий, которые указывают на параметр «свой», например: *Егіс бітік шығып, елдің ризығы мол болғай. (Пусть весь урожай вырастит, пусть у народа будет все вдоволь); Астықпен танылған Қазақстанқашан да осы дәрежесінен таймасын! (Пусть Казахстан держит свою планку по производству зерна!)*. Кроме параметра «свой», используется тактика соучастия, например: *Ауылиаруашылығы тауарларын мол өндіріп, экспортқа көптеп шығаруымыз керек. Қазақстанның ауылиаруашылық өнімдері табиғилығымен, тазалығымен ерекшеленеді. (Надо больше производить товары сельского хозяйства, чтобы больше выводить их на экспорт. Сельскохозяйственные товары Казахстана отличаются природной естественностью, чистой); Сейчас сельское хозяйство, выходит на новый уровень и нужно этот уровень развивать и дальше, достигая новые вершины*. Выбор и использование данной тактики показывает положительное отношение автора на заявленную проблему, в котором он предлагает пути эффективного решения вопроса. В целом, комментаторы не отходят от содержания исходного текста.

Итак, можно считать, что казахстанские политические интернет-комментарии как на русском, так и на казахском языках строятся на текстовых (объективных) факторах текстопорождения. Это связано с выбором языковых средств, которые эксплицируют их текстовый характер.

Теперь приведем примеры из фрагмента интернет-комментариев американского новостного портала The Telegraph. Для исследования была выбрана тема «Exclusive: Philip Hammond allies brand Boris Johnson «simple minded» as Brexit rift deepens». В этой статье описывается вопрос об обвинении Бориса Джонсона союзниками Филиппа Хаммонда в том, что он был «прост в обращении» и предупредили, что переходный период Брекзита, возможно, будут продлевать до следующих выборов.

Bob Jones Oh well. I was about to buy a new Bentley, but now I won't as it's owned by Volkswagen. (Ну что ж. Я собирался купить новый Bentley, но теперь я не буду, поскольку он принадлежит Volkswagen).

Maybe a Rolls instead. Oh no wait – Rolls is a BMW brand! (Может быть, Rolls вместо этого. О, не жди – Rolls – бренд BMW!).

William Beesley I'm not in the Rolls Royce league but I am driving my third BMW (which is up for replacement in a few months time). I will not be owning a fourth. That's a fair pot of cash the German economy will have to do without, and it could even be a couple of hundred off the EU's income. (Я не в лиге RollsRoyce, но я езжу на своем третьем BMW. Мне не нужна четвертая. Это честный котел наличных денег, без которого придется обходиться немецкой экономике, и это может быть даже на пару сотен от дохода ЕС). That would give me immense pleasure should it be so! (Это дало бы мне огромное удовольствие, если бы было так!).

Bob Jones I'm sure both BMW & the EU will manage without your contribution, William. BMW sales are increasing around the world, even in Britain where they – and Mercs & Audi – remain highly desirable brands to UK consumers. Lower down, look at the huge increase in sales in Aldi/Lidl – no-one cares that they are German. (Я уверен, что и BMW, и ЕС обойдутся без вашего вклада, Уильям. Продажи BMW растут во всем мире, даже в Британии, где они – и Mercs & Audi – остаются очень желанными брендами для британских потребителей. Опуститесь вниз, посмотрите на огромный рост продаж в Aldi / Lidl – никто не заботится о том, чтобы они были немецкими).

M. Llewellyn You are making your nonsense up. BMW are NOT doing well in the UK – VW and MB are, but it has become a struggle for BMW as they start to become synonymous with Reps' cars. (Вы несете чушь. BMW не делают хорошо в Великобритании – VW и MB, но это стало борьбой за BMW, поскольку, они становятся синонимом автомобилей Репса.).

По представленным комментариям можно предположить, что комментаторы уходят от основного содержания исходного текста, так как их тема направлена на автомобиль BMW, который производится в Германии. На этом фоне у комментаторов возникает спор. Как видим, в комментариях не используются ключевые слова, кроме слова Британия. Также можно сказать, что в них проявляется положительная и негативное отношение авторов комментариев. Например:

– I'm sure both BMW & the EU will manage without your contribution, William (Я уверен, что и BMW и ЕС обойдутся без вашего вклада, Уильям).

– You are making your nonsense up. BMW are NOT doing well in the UK – VW (Вы несете чушь. BMW не делают хорошо в Великобритании).

Как видим, в данном диалоге отражается спор и оппозиция разных сторон.

Итак, можно предположить, что в американских комментариях доминирует фактор персонности (субъективности), напрямую связанный с языковыми способностями языковой личности.

ВЫВОДЫ

По результатам лингвоперсоналогического анализа казахстанских, российских и американских политических интернет-комментариев можно предположить, что в российских и американских политических интернет-комментариях доминирует персонный (субъективный) фактор текстопорождения, а в казахстанских – текстовый (объективный). Это зависит от разных параметров (стратегий и тактик), которые выбирает языковая личность для проявления своего языкового сознания. Данная гипотеза обосновывается тем, что к факторам субъективности можно отнести то, что комментаторы не придерживаются темы и содержания исходного текста (статьи), отсутствие или использование малого количества ключевых слов из исходного текста, проявление эмоционального начала при продуцировании комментариев через агрессию, иронию, сарказма и т.д. К факторам объективности относятся сохранение темы и содержания исходного текста, наличие ключевых слов, одобрение и согласие с заявленной проблемой статьи и проявление благодарности и т.д. Все перечисленные факторы текстопорождения интернет-комментариев напрямую связаны с лингвистическими и экстралингвистическими факторами языковой личности политических интернет-комментариев.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность. Изд. 7–е. – М. : Издательство ЛКИ, 2009. – 264 с.

2 **Богин, Г. И.** Концепция языковой личности: автореф. Дис. ... д-ра филол. наук. – М., 1982. – 36 с.

3 **Седов, К. Ф.** Дискурс и личность: эволюция коммуникативной компетенции. – М. : Лабиринт, 2004. – 320 с.

4 **Голев, Н. Д.** Обыденный политический дискурс: метаязыковой и металингвистический аспекты // Политическая лингвистика. 2013. – № 4. – С. 31–37.

5 **Бец, М. В.** Аксиологическая соотнесенность текста информационно-аналитической статьи и комментария в виртуальном пространстве Рунета: дисс. ... канд. филол. наук. – Кемерово, 2012. – 189 с.

6 **Шафиков, С. Г.** Лингвокультурология, язык и национальный менталитет // Вестник Башкирск. ун-та. 2013. – № 3. [Электронный ресурс]. – URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/lingvokulturologiya-yazyk-i-natsionalnyuy-mentalitet> (дата обращения: 31.03.2017).

7 **Холодковская, Е. В.** Особенности синтаксиса англоязычного интернет-комментария социальной сети Facebook // Вестник ВолГУ. Серия 2: Языкознание. – 2014. №1. [Электронный ресурс]. – URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/osobennosti-sintaksisa-angloyazychnogo-internet-kommentariya-sotsialnoy-seti-facebook> (дата обращения: 24.01.2017).

8 **Савельева, И. В.** Вариативность стратегий текстовосприятия и текстопорождения: лингвоперсоналогический аспект (на материале текстов политических интернет-комментариев): дисс. ... канд. филол. наук. – Кемерово, 2013. – 251 с.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

С. Ж. Ергалиева¹, Қ. С. Ергалиев²

Виртуалдық тілдік тұлғаның саяси дискурстағы көрінісі

¹Кемеров мемлекеттік университеті,

Кемерово қ., 650000, Ресей Федерациясы;

²Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты,

Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

S. Z. Yergaliyeva¹, K. S. Yergaliyev²

Reflection of virtual language person in political discourse

¹Kemerovo State University, Kemerovo, 650000, Russian Federation;

²Pavlodar State Pedagogical Institute,

Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

Мақалада ресейлік, қазақстандық және американдық саяси интернет-түсіндірмелер лингвоперсоналогиялық тұрғыдан қарастырылды. Қазіргі кезде ақпараттық технологиялардың қарқын дамуына байланысты әртүрлі мәтіндер мен жанрлардың пайда болуы, ондағы тіл мен тұлғаның өзара байланысы лингвистикада басқа бір жаңа қырдан қарастырылуы зерттеу жұмысының өзектілігін ашады. Зерттеудің мақсаты – лингвоперсоналогиялық аспектіде ресейлік, қазақстандық және американдық саяси интернет-түсіндірмелерді тудырушы персондық және мәтіндік

факторларды анықтау. Оны зерттеуде жинақтау мен теориялық материалды талдау әдістері, сонымен қатар салыстырмалы, салғастырмалы мен сипаттау әдістері қолданылды. Осы нысанды зерделеу формальды, мазмұндық және функционалды бағытта сипатталатын туынды мәтіндердің мәтіндік-дериватологиялық талдау үлгісіне негізделді. Саяси интернет-түсіндірмелерді саралау барысында мына мәселелер анықталды: қазақстандық интернет-түсіндірмелерге, негізінен, мәтіндік факторлар, ал ресейлік пен американдық интернет-түсіндірмелерге персондық факторлар ықпал етеді. Бұл тіл тасымалдаушының тілдік қабілетінің түрлі сапасымен тікелей байланысты екендігін дәлелдейді.

The subject of the research are the Russian, Kazakh and American political Internet comments. The development of computer networks, information and communication technologies and the subsequent expansion of human communication exerted an undoubted influence on the linguistic (more precisely, oral) sphere of human activity and contributed to the appearance of texts of different genres. The goal of the research is to find out the level of personal and textual text generation of the Russian, Kazakh and American political Internet comments in the linguistic-personological aspect. To study this subject, methods of collection and contextual analysis of the material, comparative-contrastive, descriptive methods were applied. The study was carried out on the basis of the text-derivative analysis of the derived texts model, studying secondary texts in formal, content and functional aspects. Consequently, the obtained results allow us to conclude that the Russian and the American political Internet comments display the personal text generation factor while the textual factor prevails in the Kazakh online comments. This dominance depends on the strategies and tactics chosen by the linguistic persona to display their political language consciousness.

FTAMP 17.71.07

А. Е. Ерланова

п.ғ.м., Павлодар қаласының қорғаныс істері жөніндегі басқармасы, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ayaulym2822@gmail.com

МӘШҲҮР ЖҮСІП ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӨРТ ТҮЛІК МАЛ АТАУЛАРЫНЫҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы төрт түлік мал атауларына байланысты қалыптасқан этномәдени лексика қарастырылып, шығу тәркіні анықталады. Аталмыш мақаланың басты мақсаты – этномәдени лексиканың этимологиясын табу.

Негізгі бөлімде төрт түлік мал атауларының, соның ішінде жылқы, түйе, сиыр, қой мен ешкінің жасына байланысты қалыптасқан атаулары қарастырылады. Сөз түбірі мен оның шығу тәркініне қатысты тіл білімі мамандарының пікірлері ұсынылған. Сонымен қатар, Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларынан үзінділер мен зерттеушілердің еңбектерінен дәйексөздер берілген.

Бұл зерттеу жұмысы Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларындағы этномәдени лексика тақырыбына осы күнге дейін жарық көрген зерттеу жұмыстарына толықтыру ретінде алынып отыр.

Кілтті сөздер: этномәдени лексика, этимология, төрт түлік мал атаулары, этимологиялық талдау, лексика, этнолингвистика.

КІРІСПЕ

Төрт түлік ежелден көшпелі халықтың негізгі күн көріс кәсібі болған. Сол замандардан бастап халық арасында төрт түлікке арналған өлеңдер, жұмбақтар, арнаулар т.б. пайда болып ауыздан-ауызға таралып, күні бүгінге дейін жетіп отыр. Біз оны халық ауыз әдебиетінен де көреміз. Тіл білімінде бізге дейін жазылған зерттеу еңбектерінде, монографияларда жазылған талдаулар, зерттеулер осыған дәлел бола алады. Мәселен, көне түркі тілінде жазылған орта ғасырлық жәдігерлерде жылқы малының атауына байланысты қолданыстағы сөздер, сөздік тіркестер, фразалар көбірек кездеседі. Жазба ескерткіштердің көлемдісі М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит түрік» еңбегіне сол дәуірде өмір сүрген түркі тайпаларының тілдерінен мысалдар жинақтағандығын, онда барлық салалардан хабардар еткендігін көпшілік ғалымдар айтып жүр. «Диванда» түркі тілдеріндегі үй малдарына тікелей немесе жанамалай айтылған 800-дей сөз қолданылса, оның 300-ге

жуы жылқы атауларына, 31-і түйеге байланысты атауларға, 20 сөз сиырға, 45 атау қойға, 15 атау ешкіге байланысты қолданылған.

Мал атаулары туралы біршама толық мәліметтерді ХХ ғасыр ғалымдарының зерттеу еңбектерінен табуға болады. Атап айтар болсақ, С. П. Толстой, А. Н. Берштам, С. Е. Малов, В. В. Радлов, Е. Убрятова, А. К. Боровков, Э. В. Севортян, Н. А. Баскаков, А. М. Щербак бастаған ғалымдар тобы өз еңбектерінде құнды мәліметтер жинаған. Тілші Б. С. Тоқтағұл: «Отандық тіл білімінде де түркі тілдеріндегі зоонимдік (жан-жануарлар) атауларды зерттеу жолында танымал түркологтар Н. К. Дмитриев, А. М. Щербак, орыс тілшілері О. Н. Трубочев, М. Фасмер, кейінірек Е. Н. Шипова мал атауларының түрлі қырларын зерттеуге өзіндік үлесін қосса, ірі түрколог В. В. Радлов өзінің көп томдық сөздігінде үй хайуанаттары туралы көптеген атауларды келтірген» деп жазады [1].

Ғалымдар арасында төрт түлік мал атауларының ғылыми негізде жүйелі түрде зерттеле басталуы өткен ғасырдың ортасынан бастау алады деген пікір бар. Үй және жабайы хайуанаттар атауларының этимологиясын алғаш зерттеу А. М. Щербактың еңбегінен басталады. «Названия домашних и диких животных» [2] атты көлемді еңбегінде жан-жануарлар атауларының алғашқы мәнін анықтай отырып, олардың түркі, моңғол, тұңғыс-манчжур тілдерінің лексикалық қабатындағы орнын, өзара байланысын аша отырып, тұңғыш этимологиялық талдау жасады. Сол жылдардан бастап түрлі сөздіктер де жариялана бастады.

Төрт түлік атаулары бүгінде түрлі зерттеу нысанына айналып отыр. Мәселен, төрт түлік атаулары, түр-түсі т.б. төрт түлікке қатысты атаулар, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер этнолингвистикалық тұрғыдан академик Ә. Қайдаров, Р. Сыздықованың еңбектерінде жан-жақты зерттелген. Төрт түлікке байланысты табу мен эвфемизмдер Ә. Ахметовтың зерттеулерінде талданған. Ә. Жақыповтың зерттеу жұмысына түйе малы арқау болса, Б. Тлепиннің жұмысына қой-ешкі атаулары нысан етіп алынған. С. Сәтенованың еңбектерінде төрт түлік атауларына қатысты фразеологизмдерге талдау жасалады. Т. Линко, Е. Керимбаев, У. Ержанова, А. Әлімхан т.б. зерттеушілердің еңбектерінде төрт түлік атауларына қатысты лексика тарихи-ономосиологиялық тұрғыдан зерделенеді.

2005 жылы Б. С. Тоқтағұл «Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Атауында көрсетіліп тұрғанындай зерттеуші жұмысында төрт түлік мал атауларын көбінесе жас ерекшеліктеріне қарай топтастыруды басты мақсат еткен.

Біз өз кезегімізде ғылыми жұмысымызда осы талдауларды жалғастыра отырып, дамытамыз. Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларында кездесетін төрт түлік мал атауларына қатысты этномәдени лексикаларға тоқталайық.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармаларында кездесетін төрт түлік мал атауларына келер болсақ, зерттеу барысында ақын туындыларында кездесетін төрт түлік мал атауларын төмендегідей топтарға бөліп қарастырдық:

1) жылқы атаулары: *ат, бурылиша ат, тұлпар, боз жорға, жылқы, құлын, бие, құнан, арғымақ, айғыр, тай, байтал, құлынишақ, бесті, ақбоз ат, шұбар дөнен, тұлпар, сәйгүлік, жүйірік, қысыр;*

2) түйе малының атаулары: *түйе, атан, бота, тайлақ, інген, аруана, нар;*

3) сиыр малының атаулары: *сиыр, бұқа, өгіз, бұзау, торпақ, тайынша;*

4) қой мен ешкі малының атаулары: *қой, ешкі, лақ, серке, қошқар, қозы, теке, тоқты;*

Біз өз жұмысымызда осы аталған төрт түлік мал атауларының бәрін болмаса да кейбірінің этимологиясын қарастырамыз.

Жылқы малының жасы мен жынысына қарай қойылған атауларға төмендегілер жатады: *құлын, тай, жабағы, құнан, дөнен, бесті, байтал, сойтал, құнажын, дөнежін, ат, айғыр, сәуірік, бие, қысырақ*. Ақын шығармаларында жылқының жасы мен жынысына қарай қойылған атаулардың барлығы дерлік кездесіп отырады.

Құлын – жылқы түлігінің алты айға дейінгі төлі. Қазақ тілінде құлынның атаулары өте көп. Құлынды өсіп-өнуіне, тұқымына, мінезіне қарай бірнеше топқа бөліп, әр түрлі атаған. Құлын атаулары да ақын шығармаларының өн бойында ұшырасып отырады.

Мысалы, «Жоқтау өлеңдері»:

Қалмақтан жылқы кудырған,

Құлынын жолда тудырған.

Жамбасынан отырған,

Саннама жұлдыз батырған! [4, 27 б.].

Қазақ тіліндегі төл атауларын зерттеуші Р. Панзарбекова қазақ тіліндегі қошақан, балақан, ботакан, өс, өсіп-өну, жан-жануар төлінің өсуі, жетілуі деген мағыналарды жалпы алтайлық он (un) түбір морфемасының деген сөзде екі түбір бар, мұның бірі – құл, екіншісі – ын дейді де, бірінші түбір сөз – құл дегенге мынандай түсініктеме береді: «Құлынның жас кезіндегі мүше бітімі, жал-құйрығы, сыртқы мүсіні құланға ұқсайды. Олай болса құлан деген сөз айтыла келе құлын болып өзгеріп кеткен. Бұл сөздегі а дыбысының ы болып кетуі тіліміздің фонетикалық заңына байланысты» [3, 137 б.].

Ғ. Мұсабаевтың айтуынша «құлынның жас кезіндегі мүше бітімі, жал-құйрығы, сыртқы мүсіні құланға ұқсайды». Олай болса, «құлан» сөзі айтыла келе «құлын» болып өзгеріп кеткен, ал «құлан» – «қол», «аң» деген екі сөзден біріккен түбір [3]. «Құлын» сөзі «кулун» формасында М. Қашқари сөздігінде

кездеседі. Толум анутса кулун булур (кім қару сайласа, құлынды өз тауып алар-ды (ДТС., 46)).

Қазақ тіліндегі төл атауларын зерттеуші Р. Панзарбекова қазақ тіліндегі қошақан, балақан, ботақан, өс, өсіп-өну, жан-жануар төлінің өсуі, жетілуі деген мағыналарды жалпы алтайлық он (un) түбір морфемасының деген сөзде екі түбір бар, мұның бірі – құл, екіншісі – ын дейді де, бірінші түбір сөз – құл дегенге мынандай түсініктеме береді: «Құлынның жас кезіндегі мүше бітімі, жал-құйрығы, сыртқы мүсіні құланға ұқсайды. Олай болса құлан деген сөз айтыла келе құлын болып өзгеріп кеткен. Бұл сөздегі а дыбысының ы болып кетуі тіліміздің фонетикалық заңына байланысты» [3, 137 б.].

Ғ. Мұсабаевтың айтуынша «құлынның жас кезіндегі мүше бітімі, жал-құйрығы, сыртқы мүсіні құланға ұқсайды». Олай болса, «құлан» сөзі айтыла келе «құлын» болып өзгеріп кеткен, ал «құлан» – «қол», «аң» деген екі сөзден біріккен түбір [3]. «Құлын» сөзі «кулун» формасында М. Қашқари сөздігінде кездеседі. Толум анутса кулун булур (кім қару сайласа, құлынды өз тауып алар-ды (ДТС., 46)).

Енді **сәйгүлік** сөзіне тоқталайық. Бұл лексеманы Ә. Қайдаров біріккен сөз ретінде алып қарап, сай және құл түбірлеріне жеке-жеке анықтама береді:

Сай [saj] II. Отборный, соответствующий; достойный; готовый, пригодный к чему-л.; сайла – <сай+ла – отбирать, выбирать; сайкүлік <сай+күлік скакун [3, 270 б.].

Күл IV. (нечто быстрое, скорое): күлік <күл+ік бегунец, скакун (о лошади), быстроногая (о собаке) [5, 231 б.].

Академик бұл сөзге жан-жақты терең этимологиялық зерттеу жүргізген. Ғалымның пікірінше, сөз болып отырған лексема екі түрлі түбірден құралған. Оның бірінші сыңары – **сай** кейбір түркі тілдерінде, мысалы, қырғыз тілінде, «жүйрік ат» деген мағынада жұмсалады: saj - өте жүйрік, атакты тұлпар ат. Ол тұлпар, күлік сияқты тағы басқа сөздермен де тіркесіп келе береді: sajtuлpaг, sajбуудан, sajкүлүк. Екінші сыңары – **күлік** сөзі де жалпы алғанда осы мағынада жұмсалады: қырғызша кулук – жүйрік. Сонда **күлік** сөзінің түркі-моңғол тілдерінде қолданылатын мағынасы мынадай: **1. Ат; 2. Шапқыш ат; 3. Атакты ат**, атышулы нәрсе. Қазіргі қазақ тілінде осы үш мағынаның екінші түрі ғана сақталған. Мұндағы күлік әрине, басқа түркі тілдерінде қолданылатын сай (жүйрік) сөзімен әуендес. Жазушы қолданысында да осы мәнде жұмсалады: ...Қазір сәйгүлік жылқы мінбеген бірде-бір сарбаз қалмады, Демек, сәйгүлік сөзі академик Ә. Қайдаров атап көрсеткендей, өзара мағыналас екі түрлі сөзден құралған [5, 169 б.].

Мәшһүртанушы, профессор А. Қ. Тұрышев сәйгүлік сөзінің этимологиясына талдағанда *сәйгүлік // сәуірік // сәуірі // сәуірік* түбірлес сөздер деп қарайды. «Сай ~ **cai** түріктер, түркімендер, қырғыздар тағы басқа түркі

тілдерінде күшті, адал, мықты, танымал, белгілі деген мағынаны білдіреді. Көне түркі тілінде: күлік – белгілі, атакты, әйгілі деген мағынаны білдіреді. Көне қыпшақ тілінде күлік[kvlic] – тез, шапшаң, жылдам, моңғол тілінде хөлөг – ат, ат жеккен арба, көлік, хөлөг-атпен, көлікпен жүру, қырғыз, ұйғыр, т.б. тілдерде күлік сөзі осы мағынада, – деп жазып келіп, «Китаизмы в них являются, как правило, первыми из слагаемых компонентов и выступают, как и маньжурские компоненты, чаще всего в сокращенном виде... маньч. *Гилуқ морин* «аргамак», «*гилуқ* < *кит. цзи* «скакун» + «маньч» [ку] лук «выносливый конь» – дейді. Осы айтылғандардан сәй ~ сай күрделі сөзде сәйгүлік сайгүлік сайкүлік, сай тұлпар, сайбудан қытайдың цзи еске түсіріңіз семантикалық мағынасы дәл келеді» деп қорытындылайды [6, 223–224 б.].

«Ал екінші компонент – күлік қазақ тілінде сәй сай-мен байланыссыз да қолданылатынын Мәшһүр-Жүсіптің тілінен көріп отырмыз. Осы мысалдардан «арғымақ» деген ұғымда сәйгүлік құрамындағы мағынасын жоғалтпайтыны байқалады. Күлік сөзі басқа мағынаны береді: Салс.:көне. Түрк. Kүlүg «танымал, белгілі», Kүlүgbılga «әйгілі, ақылды», boldun күlүg «танымал болды» кулуг 1) әйгілі, танымал, 2) батыр; тел., алт. Кулык «батыр», 1) батыр, 2) шабатын ат» деп талдап келіп, қорытындысын былай деп: «Түркі тілдерінің көбінде көлік сөзі «жегу» мағынасын береді екен. Демек, жегу қимыл етістігі өзінен өзі пайда болған жоқ, оның аржағында мал+арба >қайыс байлау, жегу ұғымы жатыр. Көк//көл// гөл > жегу >көлік >күлік сияқты даму тенденциясын көруге болады» жазады [6, 229 б.].

Екі ғалымның осылайша бір сөздің шығу төркінін талдауды көптеген дәлелдерді келтіре отыра бір түйінге келгендері көңіл қуантады. Екі пікір бір жерде түйісіп ортақ тұжырымға келсе, енді бірде екі түрлі мағынаны береді. Қос талдаудың сәйгүлік сөзін екі компонентқа бөліп, толық әрі түбіріне жетіп талдаған этимологиялық зерттеу болып табылады. Бір сөзді басты нысан етіп алып, тереңдете талдау этимологиялық талдаудың негізгі шарты екені белгілі.

Сәйгүлік сөзінің этимологиясына екі талдаудан шығаратын **түйініміз**: жегуге сай мықты, жүйрік ат деп қорытындылауымызға болады.

Жылқы малының жас мөлшеріне байланысты атаулардың түркі тілдік негізін анықтауда ол атауларды көне түркі жазба ескерткіштеріндегі деректермен, туыстас түркі тілдерімен салыстыру арқылы қарастыруды негізге алдық. Олардың көпшілігінің тұлғалық, мағыналық жағынан қазіргі атаулармен үндес болуы да ол атаулардың ежелгі түркілік дәуірде қалыптасқандығын көрсетеді. Сондай-ақ атауларды этнолингвистикалық тұрғыда талдауға да көңіл бөлінді.

Қазақ ежелден төрт түлікті түгел иемденіп, мінсе көлік, ішсе тағам ретінде қолданған. Жылқы малын қадір тұтқан халқымыз түйе малын да

құрметтеген. Халық ауыз әдебиетінде де «Төрт түліктің балаларын сүюі» деп аталатын өлеңінде түйе малы да аталынады. Мысалы: «Түйе баласын боташым деп, Жәудіреген көзіннен тоташым деп».

Біздің жұмысымыздың зерттеу аясына ақын шығармаларында кездесетін **түйе түлігіне** байланысты атаулары да қамтылады. Жоғарыда көрсетілген атауларды талдап көрсетелік.

Түйе сөзі Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ит түрк» еңбегінде былай жазылған: **ол аның төвесін чөктүрді** (ол оның түйесін шөктірді). Осы сөздің екінші нұсқасы – **тевей** [МҚ. ТС. Т. I]. М. Қашқаридың айтуы бойынша, бұл лексема жекеше мағына беру үшін де, көптік мағына беру үшін де дәл осы айтылған тұлғасында тұрып-ақ қолданыла береді. Бұл сөзді оғыздар **«дөве»** деп атайды. «Диуанда» автор: **Ол мәңг ат келтүрді** (ол маған ат келтірді, әкелді) деген сөзге байланысты былай деп пікір білдіреді: «Бұл сөз т-мен оғызша айтылады. Оғыздардың әдеті бойынша түріктерден ерекшеленіп, т-ны д-ға, д-ны т-ға айналдырып айтады: **тәбәй (түйе)** сөзін оғыздар **дава** дейді, **тағын (тағы да)** мағынасындағы **тақы-ны дақы** деп атайды» [МҚ. ТС. Т. I].

Талданып отырған сөздің үшінші нұсқасы – **тиви (тіві)**, бұл да М. Қашқари сөздігінде бар: **тиви чөкті** (түйе шөкті) [МҚ. ТС. Т. I].

Түйе түлігінің жыныстық ерекшелігіне байланысты атаулардың бірі – **атан**.

Мысалы:

Алты атасы бай өткен,
Алты **атанға** жүк артқан.
Жеті атасы бай өткен,
Жеті атанға жүк артқан [4, 27 б.].

Алты **атанға** жүк арттым,
Ала арқанмен берік тарттым.
Алдынан жүрмес атакем,
Құшақтап тұрып сөз қаттым [4, 31 б.].

Қарақалпақ, қырғыз, қазақ тілдеріндегі атан сөзі туваша – **адан**. Парсы тіліндегі ахтан – «ақтап жіберу, піштіру, сылып тастау» деген етістік сөз бар. А. М. Щербак бұл сөзді парсы тілінен ауысқан деп көрсетеді [2, 83 б.]. М. Қашқари сөздігіндегі төрт түлік мал атауларын зерттеуші М. Бейсенова бір тілден (парсы тілінде **«ахта»** – есімше) екінші тілге (түркі тілдерінде) есімше тұлғасында тұрған сөздердің ауысуы неғайбыл құбылыс деп жазады. Себебі, **х (ахтан)** дыбысының түсіп қалуы да (атан болып) күмәнді нәрсе деп қорытындылайды автор [7, 99 б.].

А. М. Щербак өз еңбегінде: «Вероятно, родственным **ат (ат)** является атан, основное значение которого – «холощенный верблюд». Енді бірде

моңғолдар атан сөзін атан деп те толық түрде айта береді: «атан түйе» – атан тәмәә. О баста сөз түбірі **атған** болса керек» [2, 83 б.]. Өйткені қазіргі түркі кейбір түркі тілдерінде қолданылмай түсіп қалатын **ғ** дыбысының тарихы орта ғасыр ескерткіштерінен, онда да ескі қыпшақ тілінің жазба жәдігерліктерінен басталады. Мысалы: суғару – суару, т.б.

Түйе түлігінің келесі бір түрі – **інген**.

Мысалы:

Боз **інген** боздап тұр-ау ботасына,
«Қонағым қыдыр болған» – жатасың ба? [4, 36 б.].
Мінгенде атың жиренше,
Тықырышып тұрмас мінгенше,
Шын (сен) ақылың кіргенше,
Ақ тайлақ шығар **інгенше!** [4, 12 б.].

М. Қашқаридың сөздігінде **инен** – ұрғашы түйе [МҚ. ТС. Т. I, б. 42]. «Инне ыңыранса, боту боталар» (Инген ыңранса, бота боздайды). Бұл мақал «жақын адамдар әрдайым бір-бірі туралы қам жеп жүреді» деген мазмұнда қолданылады. Түркі тілдерінде ертеден қолданылып жүрген сөз: моңғолша – инген [2, 109 б.], түркі тілдерінде – инген (қырғыз, қарақалпақ), инән (түрікмен), әңгін (тува), т.б.

Сөздің ең бастағы түбірі **иң** болса керек, ол **«ұрғашы, аналық»** деген мағына берген: иңек (сиыр), иңен (інген), инчэк (ұрғашы ит, қаншық), анчек (татарша «ұрғашы»), әнек қуй (татарша: аналық қой) т.т. Түркі тілдерінде мұрын жолды сонор дыбыстарының (ң, н) өзара алмасып келу заңдылығы кездесе береді (қазақша: өлен – өлең, т.т.); ұйғырша – инек, алтайша, гагауызша, қырғызша, туваша, түрікше, түрікменше, хакаша – инэк, чувашша – енә, сахаша – инах, ескі моңғол тілінде – үнігек [2, 97 б.].

Иңен сөзі мен оның әртүрлі фонетикалық варианттары **ине // ене** түбіріне келіп саяды. Түркі тілдеріндегі **и // е** дыбыстарының өзара алмаса беретін белгілі заңдылығын (**ил // ел** «ел-жұрт») ескерсек, бұл екі тұлғаны бір түбір деп есептеуге болады, ол «ана, ұрғашы, аналық деген ұғымды білдіреді.

Мамхұт Қашқари сөздігінде төрт түлік мал атауларын зерттеуші М. Бейсенова: «Алтай тілдерінің ішіндегі түрік-моңғол бірлестігі кезінде сөз түбірі **үніген** (мүмкін: **иніген**) түрінде келуі ықтимал, үйткені түркі тілдерінің ішінде өзара өте жақын үш тілде – қазақ, қырғыз және қарақалпақ тілдерінде осы сөз г дыбысы арқылы айтылады, ескі моңғол тілінде де осылай. **Ү//И//І** дыбыстарының өзара алмасу заңдылығын, қажет болса, дәлелдеп жату қиынға соқпас-ты, бірақ біздің ойымызша, сөз түбірінің ең бастапқы тұлғасынан құранды да күрделі неше түрлі жұрнақтар жалғану арқылы құбылып отырса да, біздің тілімізде о бастағы көне тұлғасы сақталып қалғанға ұқсайды: **иніген**. Екпін түспейтін буында қысаң **і** дыбысының түсіп

қалуы ғажап емес: **инген**. Қазақ тілінің өзіндік заңы бойынша, **г** дыбысының алдында келген **н** дыбысы ылғи да **ң** болып айтылады: **инген**. Басқа түркі тілдерінде қолданылатын **и** дыбысын қазақтар **і** ретінде қалыптастырған: **інген**» [7, 103 б.], – деп, **инген** сөзінің этимологиясын талдап көрсетеді.

Біздің ойымызша, **и**нен сөзі **ен** түбірі ұзақ жылғы тілдің даму деформациясына ұшырап **ін** (інген) болған сияқты. Оған дәлел ене, енесі (ұрғашы мал) **ен** (тура мағынасында **ену**) тұрпайы болса да айталық, айтпаса сөздің атасы өледі дейді: **енек** сөзі сақталған. Демек, **о** баста бұл сөз етістік арқылы дамыған, зат есімді сөз. Қазір **аналық**, яғни **ұрғашы мал** деген мағынада төрт түлік атауларына байланысты қолданылған. Және малдың ерек мүшесін де атайды.

Түйе төлінің баласы – **бота** сөзі талданады. Қазіргі қазақ тіліндегідей «түйенің баласы» (яғни, «түйенің ботасы») деген мағынаны білдіретін **бота** сөзі Махмұт Қашқари сөздігінде кездеседі: **ол ботуны воэлатты (ол ботаны боздатты)**.

Мәшһүр Жүсіп шығармасында да **бота** сөзі орын тепкен.

Мысалы:

Бұзау-тайынша жиылып,

Бота болған заман-ды.

Жаман-жақсы жиылып,

Адам болған заман-ды! [4, 20 б.].

Жайлауға беттеп көшкенде,

Шандатып жылқы айдаған

Тайы қысыр қалмаған,

Тайлағы **бота** салмаған [4, 33 б.]. М. Бейсенова: «Осы сөздің **ботук** деген тағы бір фонетикалық варианты бар. Б. Аталай мен С. Муталибов бұл сөзді де «бота» деп аударады. ДТС оны «енесінен ажырап кеткен бота» деп түсіндіреді, яғни ол енесі суалып кеткен соң барып **ботук** болып аталатын көрінеді, енесін еміп жүрген кезде – **боту**» деп жазады [7, 105 б.].

Сонда бұл сөздің түбірі **ботук** болуы мүмкін. Себебі, сөз соңында келетін үяң дыбыс қазақ тілінде не қатаң дыбысқа айналады, не мүлдем айтылмай түсіп қалады: **сарығ** – **сары**, т.б. Сол сияқты, **ботуғ** – **ботук** – **боту**.

Сөз соңындағы «уғ» қосындысы В. В. Радловтың ойынша, әдетте дифтонгид дыбыс болып есептеледі, ең соңғы дыбыстың айтылмай түсіп қалуына байланысты осы екі дыбыс, яғни, бір дифтонгоидтың орнына жана бір дыбыс, көбінесе ашық дауысты дыбыс келіп басуы керек, сондай болған жағдайда: **ботуғ** – **ботук** – **бота** болып, қазіргі біздің тіліміздегідей сөз тұлғасы пайда болады.

Махмұт Қашқари сөздігінде кездесетін торум сөзі «бота» деп аударылады. Мысалы: **TORUM – ТОРҰМ: бота, ботақан. Tishi torum – Ұрғашы бота** [МҚ. ТС. Т. I, б. 455].

Ақын шығармаларында түйе түлігіне байланысты атаулардың барлығы дерлік кездеседі деуге болады. Алайда, біз өз жұмысымызда осы сөздерді талдаумен ғана шектелдік.

Түйесі мен жылқысын тең ұстаған халқымыздың шаруашылығында сиыр малының алатын орны ерекше. Қазақтың төрт түлігінің әрқайсысы да мінсе көлік, ішсе тамағы болған.

Халқымыздың көшпелі өмірінде күш көлігі ретінде сонау ерте кезден пайдаланылып келе жатқан сиыр малының басқа қасиеттерін де бабаларымыз тым ерте білген сияқты. Археологиялық қазба материалдарының деректері бақташы елдің сиыр малының сүті мен етін азық етумен бірге оның терісін киім, еңбек құралы ретінде сол көне заманнан-ақ пайдаланып келе жатқанын дәлелдейді. Сиырдың сүтін ішіп қана қоймаған, одан қаймақ, май, ірімшік, құрт секілді тамақтың алуан түрін де дайындай білген. Ал, терісін илеп, былғары жасаған. Қайысынан күш көлігін ұстап тұратын, салт мінетін арбаға немесе шанаға жегетін құрал-жабдықтар, әбзелдер әзірлеген.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев шығармаларында сиыр түлігіне қатысты атаулар мольнан кездеседі.

Мысалы:

Ел қыстауға қонғанда

Сиыр бір жатар шілігім,

Ат жүре алмас аралдым

Ішінде бұғы, маралдым! [4, 37 б.].

Жаман адам – тақпақшыл,

Жаман **сиыр** – соқпақшыл [4, 62 б.].

Жаман – сыйлағанды,

Сиыр – сипағанды білмейді [4, 62 б.]. Енді осы Зеңгі баба тұқымы **сиыр** сөзінің қандай мағына беретінін талдай өтсек. **Сиыр** сөзі түркі тілдерінде кең тарағандығына қарамастан, кейбір тілдерде өзгеше дыбысталатынын мына төменде келтірілген мысалдардан көруге болады.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «**мүйізді ірі қара мал; төрт түліктің бірі**» деген анықтама берілген (ҚТТС. Т. VIII, б. 301).

«**Сиыр**» сөзі түркі тілдерінде кең тараған: Қарақалпақ, құмық, ноғай, татар тілдерінде – *сиыр*, Қырғызстанның оңтүстік аймағында – *йинек*, қазақтармен көршілес аудандарда – *сиыр*, жалпы қырғыз тілінде – *үй*, ұйғыр тілінде – *сиір*, *серә*, кейде қала, түркімендерде – *сығыр*, сахаларда – *ынах*, туваларда – *инек*, башқұртта – *һыйыр*, т.б. деп аталады. Көне түркі тілінде *инек*, үй екі атауы болған сияқты. Жалпы *инген*, *инек* ұрғашы мал, түбір тұлғасы жоғарыдағы *ен* болуы әбден мүмкін.

Махмұт Қашқаридың сөздігінде **сығыр, буқа мүңрешүр (сиыр мен бұқалар мөңреседі)** деген сөз кездеседі. Яғни, сиыр малын ол кезде түріктер сығыр деп атайтын болған. Түркі тілдеріне тән фонетикалық заңдылық бойынша **ғ, г** дыбыстары **й-ге** ауысады немесе түсіп қалады, **сығыр** сөзі **сиыр** немесе **сыыр** тұлғалары қалыптасқан. Сығыр сөзі түркі тілінде бұқа деген мағынаны білдіреді екен.

Б. С. Токтағұл өзінің диссертациялық жұмысында сиыр сөзінің этимологиясын былайша талдап көрсетеді: «Түркі жазба ескерткіштеріне көз салсақ, М. Қашқарида – **інәк, сығыр, уй, уд аталса**, (МҚ. ТС. б. 211, 502, 605, 606), «Түркі-араб» сөздігінде **сығыр, инек** (б. 78), «Аттуһфада» **инек, сығыр** (б. 297, 373) т.б. Жинақтасақ, түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінде бұл түлік атауы үш-төрт түрлі дыбыстық құрамда айтылатындығын байқауға болады.

Сиыр атауының түп төркіні түркі тілдеріндегі **сир, сирри – сығу, сығып шығару, сауу** мағыналарымен байланыстыруға болады. Яғни, сауатын мал, сығыр мал. Кейінірек мал сөзі түсіріліп, **сығыр<сиыр** түрінде қолданылған. Ал, инек, ынах, інек атауларының түбі **ине//ене//ана//ене//** ұрғашы мағыналарын берсе, **к** дыбысы сөз жасамдық көрсеткіш, өнімді жұрнақ» [1, 91–92 б.]. Яғни, автор **сиыр** сөзі **сығыр** сөзінен шыққан деп қорытындылайды.

Алайда, автор Махмұт Қашқаридың сөздігінде **сығыр** сөзінен басқакездесетін **інек** деген сөзді *інәк* деп жазады. Мысалы: **ІНЕК: Сиыр.** Оғыздар тасбақаның ұрғашысын інек: інек деп атайды [ТС. Т. I. б. 142].

Профессор А. Қ. Тұрышев зерттеу еңбегінде: **Інек көлүкін *Тогалада оғуз келті** (ЕДӨ, 29) **Тогала – өзен аты. Сиыр көлікті оғыздар кездесті* – дейді көне түріктер сиырды да көлік деген. Бұл арада көңіл бөле кететін нәрсе **інек** сөзі. С. Е. Малов: **інек** (у степных уйгуров) корова; **ала інек** «пестрая корова»; **ақ інек** деп анықтайды РС.л.; 1.1442 – 1443. (32 б); **Інек** қаз. **Інген** (қос өркешті түйенің ұрғашысы: ту інген, бордақы інген, қысыр інген т.б.) о баста ұрғашы мал деген ұғым берген сияқты» деп және: «Қ. Жұбанов: Ата – еркек: «атан» дегендегі соңғы **н** не? **Інген** = **ене**. Ұйғырлар ұрғашы сиырды **енген** дейді. Сонда **ін+ген** дегендегі «ін» не? «ген» не? Басқа бір ретте (Маррша) «кен» дегендегі **к** түсіп қалып, «ен» қалған дейді (76 б.). Ін о баста **ен** (жыныс мүшесінің енуі болуы мүмкін, себебі **ене // енек** сөздерінің түбір тұлғасы осы – **ен** – А.Қ.)), – деп, **інек** сөзінің шығу төркініне байланысты тұжырым жасайды [8, 29 б.].

Жоғарыда түйе түлігіне байланысты қалыптасқан атаулардың арасында інген сөзінің М. Қашқари сөздігінде **інен** түрінде қолданылуы және сиыр малының атауына байланысты қалыптасқан **інек** сөздерінің мағынасы ұқсас яғни аналық, ұрғашы малдарға қатысты қалыптасқан сөз деген ойымыз

профессор А. Қ. Тұрышев пен Б. С. Токтағұлдың пікірлерімен ұштасып жатыр.

Сөзімізді қорытындылай келе, **сиыр** атауының төркіні сығып шығару, сауу, сығыр мал яғни сауатын мал деген сөзден пайда болды деп тұжырымдай аламыз.

Келесі талдауға түсетін сөз – бұқа. Сиыр малының піштірілмеген еркегі, тұқымдығы **бұқа** деп аталады (ҚТТС. Т. 1. б. 130). Қырғыздарда – «буқа» (б. 156), ұйғырларда – «буқа» (б. 45), түркімендерде – «өкүз» (б. 53), туваларда – «буга» (б. 57), қарақалпақша – «буға», ноғай, татар – «буғай», «Түркі-араб сөздігінде» – «боға» (б. 98), М. Қашқари сөздігінде – «бұқа».

Мысалы:

Бұқаны малым бар деме,

Диуананы жаным бар деме [4, 53 б.]

«– А, Құдай, бұл малға ие бер! Бермесең, мені ал! – деп, түйеден бура, жылқыдан айғыр, сиырдан бұқа, қойдан қошқар, ешкіден теке айтып, – бәрін сойып, қырық үйлі Таманың бір жанын қалдырмай түгел жиып» [4, 281 б.].

Сөз төркіні туралы түркітанушылар жорамалына келсек, бұқа, бугу (бұғы), бугра сөздерінің түбірлестігі туралы айтады. А. М. Щербактың айтуынша «татарский и ногайский бугай по внешней форме является заимствованием из русского языка, который это же слово в форме буга заимствовал несколько раньше из других языков или у монголов и придал ему, в соответствии со значением, конечный й (j)». Сөз соңындағы й дыбысы орыс тілінің емес, түркі тілінің өз дыбысы болуы керек. Мысалы, түркі тілдерінде сөз соңында келетін «й»-ге аяқталатын сөздер баршылық: тиви//тевей, апай, т.б. Еркелету, кішірейту, аялау реңктерін білдіретін көне жұрнақ.

Б. С. Токтағұл: «Сөз төркініне келсек, саха, моңғол тілдерінде «күшті, мықты, әлді, берік, ірің мағыналарын беретін «бөгө» (245), «бәк» сөздері кездеседі. тұрпатына қарап солай аталуы мүмкін» дейді [1, 92 б.].

Алты айға толмаған сиырдың жас төлі – бұзау (ҚТТС. Т. 2. б. 484). Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан мысал келтірсек:

Бұзау-тайынша жиылып,

Бота болған заман-ды.

Жаман-жақсы жиылып,

Адам болған заман-ды [4, 20 б.].

Қазіргі түркі тілдерінде осы мағынадағы қырғыз тілінде – «музоо» (б. 536), ұйғырларда – «мозай» (б. 126), түркімендерде – «төле», «тана» (б. 762), өзбектерде – «бузок» (б. 88), қарақалпақтарда – «бызав», «бузав», түрікше – «бузағы», т.б.

Махмұт Қашқари сөздігінде – «**бузағу**», «**бузағ**» [ТС. Т. I. б. 505]. Сөз төркінін бузағу-бурағу сөздеріндегі буз-бур түбірінен қараған

А. М. Щербак пікірі сенімдірек [2, 100 б.]. Сияр төлінің туған кездегі жүні түлеп, сұрлануы. «Сұр», «сұрғылт» мағынасын білдіретін бар. Қазақ тіліндегі «бұзау» атауындағы «бұз» // «боз» мағынасы саха, тува ілдеріндегі «борон», «бора» дыбыстық құрамдағы сөздер мағынасымен мәндес. Демек, «О»>«Ұ»; Р>З алмасулары арқылы сияр төлінің атауы «бұзау» деп аталған. Бұдан бота мен бұзау лексемасының алыс бір жақындығын көреміз.

Сиярдың жас мөлшеріне байланысты атауларды қорытындыласақ, түркі тілдерінде ірі қараға қатысты сияр, інек, бұқа, тайынша, бұзау атауларының қолданылу аясы әртүрлі. Ақын шығармаларында осы талданған сөздер де жиі қолданылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, сөз мағынасының тарихи дамуына байланысты төрт түліктің жас мөлшеріне байланысты атаулар құрамын негізгі, түбір, туынды түбір және күрделі сөз түрінде қарауға болатынына көз жеткіздік.

Төрт түлікке қатысты жас мөлшерлік атауларды салыстыра қарағанда түркі тілдерінің көпшілігінде мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін ортақ сөздер, тұлғасы жағынан ішінара фонетикалық өзгеріске түскен атаулар, семантикалық өзгеріске түскен, тұлғасы ұқсағанымен жас мөлшерлік сипаты басқа атаулар ұшырасатындығы анықталды. Бұл тақырыптар бойынша жұмысымызға еңбей қалған атаулар да баршылық. Олардың бәрін диссертацияның көлемі көтермейді. Ол болашақта жазылатын жұмыстың еншісінде.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Тоқтағұл, Б. С.** Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың этнолингвистикалық сипаты. / Филол. ғыл. канд., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. 2005. – 123 б.

2 **Щербак, А. М.** Названия домашних и диких животных в тюркских языках. Историческое развитие лексики тюркских языков. – М., 1961. – 461 б.

3 **Мұсабаев, Ғ.** Қазақ тіл білімінің мәселелері/ Құраст.: ф.ғ.д. Ғ. Әнес. – Алматы : «Абзал-ай» баспасы, 2014. – 640 б.

4 **Көпейұлы, М. Ж.** Шығармалары. – Т. 5. – Павлодар : «ЭКО» ГӨФ, 2005. – 410 б.

5 **Кайдар, А.** Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы : Арыс, 2005. – 304 с.

6 **Тұрышев, А. Қ.** Мәшһүр Жүсіп – Ілімі жақ. Монография. 3 томдық. – Т. 3. – Павлодар : ЭКО, 2013. – 637 б.

7 **Бейсенова, М. С. М.** Қашқаридың «Диуани лұғат-ит түрк» деген еңбегіндегі төрт түлік мал атаулары. Филол., ғыл., канд., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Шымкент, 1997. – 170 б.

8 **Тұрышев А. Қ.** Мәшһүр Жүсіп – Асыл жақ. Тарихи-эпикалық монография. 3 томдық. 2 том. – Павлодар : ЭКО, 2013. – 460 б.

1 МҚ. ТС. – Махмұт Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тілінің аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А. Егеубай. – Алматы : ХАНТ.

2 ҚТТС – Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

А. Е. Ерланова

Этимология названий домашних животных в произведениях Машхур Жусипа

Управление по делам обороны города Павлодар,
г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

A. E. Yerlanova

The etymology of domestic animals names in Mashkhur Zhuship's works

Department of Defense, Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

Данная статья посвящена этнокультурной лексике в произведениях Машхур Жусипа Копеева. В настоящей статье анализируются названия всех видов домашних животных в произведениях Машхур Жусипа Копеева определяется этимология слов.

Основной идеей научной работы является изучение и определение этимологических корней этнокультурной лексики. В основной части статьи рассматриваются четыре вида названий домашней скота: парнокопытные (корова, баран) и копытные (лошадь, верблюд). Особое внимание уделяется этимологиям слов. Даются различные мнения лингвистов касательно происхождения слов и их значения. Описываются основные трудности в исследовании этимологических корней. А так же приводятся примеры из произведениях Машхура Жусипа и цитаты из научных трудов ученых с указанием ссылки для подтверждения.

The article is devoted to ethnocultural vocabulary in Mashkhur Zhusip's works. This article discusses the names of all kinds of domestic animals in the works of Mashkhur Zhusip Kopeev and learns its etymology.

The main idea of scientific work is to study and determine the etymological roots of ethnocultural vocabulary. In the main part of the article, four species of livestock names are considered: artiodactyls (cow, sheep) and ungulates (horse, camel). Special attention is paid to the etymology of words. Various opinions of linguists concerning the origin of words and their meaning are given. The main difficulties in the study of etymological roots are described. Also, examples are given from the works of Mashkhur Zhusip and quotations from scientific works of scientists with indication of the link for confirmation.

FTAMP 16.00.00.

Б. Р. Есімсейтов¹, Н. М. Қоқышева²

¹ф.ғ.к., доцент, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., доцент, Еуразия гуманитарлық институты, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
e-mail: '571-70-33@mail.ru

СӨЗЖАСАМДЫҚ ҰЯНЫҢ СӨЗЖАСАМДЫҚ ӘЛЕУЕТІ

Мақалада автор қазақ тіліндегі бір буынды етістік негізді сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық әлеуетіне талдау жасайды. Мақалада сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық әлеуетінің түрліше болуы сөзжасамдық ұяның негізі саналатын түп негіз сөздердің лексика-семантикалық құрамының құнарлығына, түп негіз сөздің қолданылу жиілігіне, сөзжасамдық ұяның синтагматикалық және парадигматикалық бірліктердің сандық мөлшерімен сипатталады.

Сөзжасамдық ұя – тілдік құбылыс. Тілдегі кезкелген мағыналы сөз өз алдына сөзжасамдық ұя жасай алады. Себебі, сөзжасамдық ұя дегеніміз – түп негіз сөздің өзінен кейінгі сөздердің жасалуына негіз болуы арқылы түбірлес сөздер жиынтығын жасайды.

Сөзжасамдық ұяның әлеуетін, сатылық мөлшерін, сөзтаптық құрамын анықтау синхронды сөзжасамның негізгі міндеттерінің бірі.

Мақала авторы ғалымдар пікірін басшылыққа ала отырып, өз тарапынан зерттеу нысанына алынған етістік негізді сөзжасамдық ұяларды зерттеу барысында анықталған тұжырымдарын ұсынады.

Кілтті сөздер: сөзжасамдық ұя, синхронды сөзжасам, негіз сөздер, сөзжасамдық әлеует, туынды түбір, сөзжасамдық тізбектер.

КІРІСПЕ

Сөзжасамдық ұя – тілдік құбылыс. Сөзжасамдық ұя тілімізде көп. Сөзжасамдық ұялардың көп екендігін дәлелдейтін сөздіктің жоқ екендігіне қарамастан, осындай тұжырым жасауымызға тілдегі сөзжасамдық ұялардың негізі бола алатын түбір сөздердің өте көптігі себеп. Тілдегі кез-келген мағыналы сөз өз алдына сөзжасамдық ұя жасай алады. Себебі, сөзжасамдық ұя дегеніміз – түп негіз сөздің өзінен кейінгі сөздердің жасалуына негіз болуы арқылы түбірлес сөздер жиынтығы жасалады. Сөзжасамдық ұяның тұлғалық

құрылымын жан-жақты қарастырған ғалым К. Құрманәлиев: А. М. Щербак, Н. А. Баскаков, Ә. Қайдаров сынды түрколог ғалымдардың еңбектеріндегі бір буынды негізгі түбірлер топтамасын негізге ала отырып, 710 бір буынды түп негіз сөздердің негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардың тұлғалық құрамын сипаттайды. Отандық лингвистикада Н. Оралбаева, К. Құрманәлиев, Б. Есімсейтов зерттеулерінде бір буынды сөздерді сөзжасамдық ұяның негізі ретінде қарастырып жүр. Дегенмен, синхронды сөзжасамда сөздік қорымыздағы екі буынды түбір сөздер де сөзжасамдық ұяның негізі қызметін атқара алады. Мәселен, ата, ана, бала, құлақ, сана т.б. екі буынды түбір сөздердің әр қайсысы сөзжасамдық ұяның негізі бола алады. Н. Қоқышеваның, З. Құрманәлиеваның ғылыми еңбектерінде екі буынды сөздердің негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардың құрамына талдау жасалған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Сөзжасамдық ұяның әлеуетін, сатылық мөлшерін, сөзтаптық құрамын анықтау синхронды сөзжасамның негізгі міндеттерінің бірі. Жоғарыда тілде сөзжасамдық ұялар көп деген болатынбыз. Олай болса сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық әлеуеті, сатылық сипаты, сөзтаптық құрамы түрліше болатындығы анық. Бұл мәселе ғалымдар тарапынан айтылып та жүр. Сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық әлеуеті, сатылық сипаты, сөзтаптық құрамының түрліше болуына не себеп деген сұраққа да ғалымдар тарапынан түрлі болжамдар мен тұжырымдар айтылып жүр. Отандық ғалымдар бұл сұрақтың жауабын түп негіз сөз төңірегінен іздейді. Сөзжасам саласының негізін қалаушы ғалымдардың бірі Н. Оралбаева: «Сөзжасамдық ұяның күрделілігі оның құрамындағы әр сөздің сөз жасау қабілетіне байланысты. Олардың әрқайсысы неғұрлым сөзжасамға көбірек қатысса, солғұрлым сөзжасамдық ұя күрделі болады» деп жауап берсе [1, б. 55], профессор К. Құрманәлиев: «Сөзжасамдық ұяның түп негіз сөзінің сөзжасамдық қабілеті, көпмағыналылығы ұяның көлеміне әсер етеді. Оны түрлі түп негіз арқылы жасалған ұяларды салыстыру арқылы дәлелдеуге болады. Тіл деректері түп негіз сөздің өнімділігі ұяның көлеміне, ондағы туынды түбірлердің санына әсер етеді» – дейді [2, б. 116]. Ғалымдар пікірін басшылыққа ала отырып, өз тарапымыздан зерттеу нысанына алынған етістік негізді сөзжасамдық ұяларды зерттеу барысында анықталған тұжырымдарымызды ұсынамыз.

I Кезкелген сөзжасамдық ұяның көлемі және құрамы оның шыңы, өзегі, негізі саналатын **түп негіз** сөздердің лексика-семантикалық құрамына тікелей қатысты. Сөздің лексика-семантикалық құрамы деген атау – сөздің мағыналары, кіші мәндері ұғымын қамтиды. Яғни, түп негіз сөздің лексика-семантикалық құрамы құнарлы болса, сөзжасамдық ұяның сөзжасамдық

әлеуеті жоғары болады. Зерттеуге түскен 30 етістіктің 26-сы көп мағыналы. Бұл етістік негізді сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық әлеуетінің жоғары екендігін аңғартады. Мәселен, *тарт* түп негіз етістігінің лексика-семантикалық құрамы 15 кіші мағына-мәннен тұрса, *соқ* түп негіз етістігі 13 кіші мағына-мәннен, *шық* түп негіз етістігі 9 кіші мағына-мәндер шоғырынан тұрады. Сол себепті де бұл етістіктер негізінде жасалған сөзжасамдық ұялар құрамындағы туынды сөздердің саны: *Шық* етістігі негізді сөзжасамдық ұя құрамында 65 туынды түбір, *тарт* етістігі негізді сөзжасамдық ұя құрамында 60 туынды түбір бар. *Соқ* түп негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның құрамында 52 туынды түбір бар. Бұл түп негіз сөздерді құнарлы етістіктер деп атауымызға әбден болады. Оған олардың сөзжасау әлеуетінің күштілігі себеп.

Зерттеуге түскен қалған 27 сөзжасамдық ұяның сөзжасамдық әлеуетін әр ондық арасымен алсақ, олар төмендегідей жағдайды көрсетеді:

Құрамында 40-тан 50-ге дейінгі туынды түбір сөзі бар сөзжасамдық ұя төртеу. Ол ұялар: *тай, қон, қайт, жет* етістіктері негізінде жасалған. Оларды жеке-жеке атасақ, *тай* етістігі негізіндегі ұяда 43 туынды түбір бар, *қон* етістігі негізіндегі ұяда 43 туынды түбір бар болса, *жет* етістігі негізіндегі ұяда 40 туынды түбір бар.

Құрамында 30-дан 40-қа дейінгі туынды түбір сөзі бар сөзжасамдық ұя төртеу, олар: 39 туынды түбірден тұратын *өт* етістігі негізіндегі ұя, 34 туынды түбірден құралған *кір* етістігі негізіндегі ұя және 31 туынды түбірден тұратын *ұш, жүр* етістіктері негізіндегі сөзжасамдық ұялар.

20 мен 30 арасында туынды түбір сөзі бар сөзжасамдық ұя сегіз. Олар: *без, ық, өр, қаш, кел, көш, жел, кез* етістіктері негізінде жасалған сөзжасамдық ұялар. *Без* және *ық* етістіктері негізінде жасалған ұялардың әрқайсысында 27-ден туынды түбір сөз жасалған. *Қаш, өр* етістіктері негізіндегі ұяда 24 туынды сөз бар. *Кел* етістігі негізіндегі ұяда 23 туынды сөз бар. *Көш* етістігі негізіндегі ұяда 22 туынды түбір бар. Ал, *жел, кез* етістіктері негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардың әрқайсысында 20-дан туынды түбір сөз бар.

10-нан 20-ға дейін туынды түбір сөзі бар сөзжасамдық ұя сегіз. Олардың үшеуінде, нақтырақ айтсақ, *шап, жорт, ен* етістіктері негізіндегі ұялардың әрқайсысында 19 туынды түбір сөз жасалған. *Оз* етістігі негізінде жасалған ұяда барлығы 17 туынды түбір сөз бар болса, *түс* етістігі негізіндегі ұя 16 туынды түбірден құралған. *Бар* етістігі негізіндегі ұя 11 туынды түбірден тұрады. *Кет* және *жүз* етістіктері негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардың құрамында 10-нан туынды түбір сөз бар.

Ер, ыт, зыт етістіктері негізіндегі сөзжасамдық ұялардағы туынды түбір сөздердің саны 3 тен 9 аралығын қамтиды. Яғни, *ер* етістігі негізіндегі сөзжасамдық ұяда 9 туынды түбір, *ыт* етістігі негізіндегі ұяда 7 туынды түбір, ал *зыт* етістігі негізіндегі ұяда 3 туынды түбір бар.

II Сөзжасамдық ұяның әлеуеті түп негіз сөздің қолданыстағы пайдалану жиілігіне қатысты. 65 туынды түбір жасаған *шық* етістігінің мағынасы өте жалпы. Мысалы, адам үйден шықты, тіс шықты, көзі шықты, қолы шықты (картадан), көзден жас шықты, жақсы өлең шықты, жақсы адам шықты, ғалым шықты, шығын шықты, өнер шықты, аты шықты (даңқы) сияқты толып жатқан қолданыстар *шық* түп негіз етістігінің бір заттың ғана қимылы емес, алуан түрлі затқа қатысты жалпы мағыналы етістік екенін білдіреді. Ол оның тура, ауыспалы мағынадағы қолданысын көбейтеді. Бұл сөздің сөзжасамдық әлеуетін күшейтіп, өнімділігін арттырады.

Мәселен, *зыт* етістігі негізінде жасалған сөзжасамдық ұя құрамында барлығы 2 туынды түбір сөз бар. Олар: *зыттыр*, *зыттырт*.

Ал, *қаш* бір буынды қимыл-қозғалыс салт етістігі негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның құрамында барлығы 24 туынды түбір сөз бар. Олар: *қашаған*, *қашағандық*, *қашақ*, *қашақта*, *қашақтаңқыра*, *қашақтат*, *қашақтық*, *қашауылда*, *қашқақ*, *қашқақта*, *қашқалақ*, *қашқалақта*, *қашқалақтат*, *қашқын*, *қашқындық*, *қашқыш*, *қаштыр*, *қашушы*, *қашушылық*, *қашыр*, *қашырт*, *қашыртқы*, *қашыртқыла*, *қашырыс*.

Жоғарыда көрсетілген бір мағыналық топ құрамына енетін екі сөз негізінде жасалған сөзжасамдық ұяның құрамының екі түрлі екендігін көреміз. *Зыт* түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяның құрамындағы туынды түбір сөз саны *қаш* түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяның құрамындағы туынды түбір сөз санынан бірнеше есе кем. *Зыт* түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяда барлығы екі туынды түбір сөз жасалса, *қаш* түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяда барлығы 24 туынды түбір сөз жасалған. Ол өте көп деуге де болмас.

Осы екі түп негіз етістіктің қолданыстағы пайдалану жиілігін салыстыратын болсақ, *қаш* етістігі тілде жиі қолданылады да, *зыт* етістігі сирек қолданылады. *Қаш* етістігі өте тездікке байланысты емес қимылды білдірсе, *зыт* етістігі тез жасалатын қимылды білдіреді. Сондықтан *қаш* етістігінің мағынасының жалпылығы оның қолданылуының жиілігіне әсер еткен.

III Сонымен қатар, сөзжасамдық ұяның сөзжасамдық әлеуеті, тереңдігі синтагма-парадигматикалық бірліктердің сандық мөлшерімен де сипатталады. Сөзжасамдық ұяның синтагматикалық құрылымдық бірлігі – сөзжасамдық тізбек.

Әрбір сөзжасамдық ұяның өзіне тән сөзжасамдық тізбек саны болады. Зерттеу жұмысымыздағы 30 сөзжасамдық ұяның ішінде *тарт* түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяда барлығы 46 сөзжасамдық тізбек жасалса, *шық* түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяда барлығы 45 сөзжасамдық тізбек жасалған. *Соқ* түп негізі арқылы жасалған сөзжасамдық ұяның құрамында 32 сөзжасамдық тізбек бар.

Сонымен, зерттеу нысанымызға алынған 30 етістік негізінде жасалған сөзжасамдық ұялардағы сөзжасамдық тізбектердің сандық ерекшеліктеріне қарап, оларды мынадай 3 деңгейге (топқа) бөлдік.

1 Сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық тізбектердің сандық көрсеткіші жоғарғы деңгейде. Яғни, сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық тізбектер 31 мен 50-дің арасында.

2 Сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық тізбектердің сандық көрсеткіші орташа деңгейде. Сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық тізбектердің саны 10 мен 30-дың арасында.

3 Сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық тізбектердің саны 1 мен 10-ның арасында, ол төменгі деңгейде.

Бұл көрсетілгендерден біздің зерттеу жұмысымыздағы сөзжасамдық ұялардың құрамына орта деңгейдегі сөзжасамдық тізбектер тән екендігін көреміз. Яғни зерттеуіміздегі сөзжасамдық ұялардың басым көпшілігінің құрамындағы сөзжасамдық тізбек саны 10 мен 30-дың арасын қамтыған.

Зерттеу жұмысымызда қарастырылған сөзжасамдық ұяларда екі, үш, төрт мүшелі сөзжасамдық тізбектердің жиі кездесетіндігі анықталды. Ал бес, алты мүшелі сөзжасамдық тізбектер сирек кездеседі. Сөзжасамдық ұядағы сөзжасамдық тізбектердің мүшелерінің бірінің жиі, бірінің сирек кездесуі алдыңғы мүшенің өзінен кейінгі мүшеге негіз болуымен байланысты. Яғни негіздеме (мотивация) теориясымен байланысты. Мәселен, екі мүшелі сөзжасамдық тізбек зерттеу жұмысымыздағы 30 сөзжасамдық ұяның құрамындағы тізбектердің бәрінде кездеседі. Екі, үш, төрт мүшелі сөзжасамдық тізбектердің ұяларда жиі кездесуі сөзжасамдық тізбектің бірінші, екінші, үшінші мүшелерінің сөз жасау қабілетінің, күшті екендігін аңғартады. Яғни, сөзжасамдық ұялардағы сөзжасамдық тізбектердің екінші және үшінші мүшелерінің бойындағы туынды түбір сөздердің сөз жасау қабілеті күшті. Ал, бес, алты мүшелі сөзжасамдық тізбектердің зерттеуіміздегі сөзжасамдық ұяларда өте сирек кездесуі осы ұялардағы тізбектердің төртінші, бесінші мүшелерінің бойындағы туынды түбір сөздердің сөз жасау қабілетінің төмен екендігін көрсетеді. Яғни сөзжасамдық ұя құрамындағы сөзжасамдық тізбектердің мүшелері қосылған сайын оның бойында орналасқан туынды түбір сөздердің сөзжасау өнімділігі азая береді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөзжасамдық ұялардың сөзжасамдық әлеуетінің түрліше болуы: 1) сөзжасамдық ұяның негізі саналатын түп негіз сөздердің лексика-семантикалық құрамының құнарлығына; 2) Түп негіз сөздің қолданылу жиілігіне; 3) Сөзжасамдық ұяның синтагма-парадигматикалық бірліктердің сандық мөлшерімен сипатталады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы : Ғылым, 1989. – 368 б.
 2 **Құрманәлиев, К. А.** Қазақ тіліндегі сөзжасамдық ұя проблемаларының ғылыми-теориялық негіздері, Монография. – Алматы : «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 276 б.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

Б. Р. Есимсейтов¹, Н. М. Қоқышева²

Словообразовательный потенциал словообразовательного гнезда

¹Академия правоохранительных органов при Генеральной Прокуратуре РК, г. Астана, 010000, Республика Казахстан;

²Евразийский гуманитарный институт, г. Астана, 010000, Республика Казахстан.
 Материал поступил в редакцию 05.12.17.

B. R. Yessimseitov¹, N. M. Kokysheva²

The word-formation potential of the word-formation nest

¹Academy of Law Enforcement Agencies under the General Prosecutor's Office of the Republic of Kazakhstan, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan;

²The Eurasian Humanities Institute, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.
 Material received on 05.12.17.

В данной статье рассматривается словообразовательный потенциал СГ с исходными глаголами в казахском языке. Цель статьи – дать комплексное описание словообразующих возможностей казахских исходных глаголов, выявить их словообразующий потенциал.

Выявление синхронного словообразовательного потенциала требует определения объема, глубины СГ. При этом обнаружено, что объем анализируемых СГ и их структура зависят, прежде всего, от объема лексико-семантического пространства исходных слов. Чем более разветвленной системой значений обладает глагол, тем более объемно его СГ. Было выявлено также зависимость объема СГ от частотности употребления их исходных глаголов. Словообразовательный потенциал исходных глаголов выявляется также по глубине СГ, под которой понимается количество синтагматических, парадигматических единиц в данном конкретном СГ.

Словообразовательный потенциал всех частей речи определяется семантикой производящего, составом его семантических компонентов.

This article discusses the word-formation potential of the WN with initial verbs in the Kazakh language. The purpose of the article is to provide a complex description of the word-building capabilities of Kazakh original verbs, to reveal their word-building potential.

Identification of the synchronous word-formation potential requires the determination of the volume, the depth of the WN. It was found that the volume of analyzed WN and their structure depend, first of all, on the volume of the lexical-semantic space of initial words.

The more branched system of values belongs to a verb; the more volume has its WN. There was also revealed the dependence of the WN volume on the frequency of the use of their original verbs. The word-formation potential of the original verbs is also revealed in the depth of the WN, which is understood as the number of syntagmatic, paradigmatic units in a given concrete WN.

The word-formation potential of all parts of speech is determined by the semantics of the producer, the composition of its semantic components.

Қ. Т. Жанұзақова¹, А. Т. Онолбаева²

¹ф.ғ.д., доцент, Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.д., доцент, Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹kuralay_zhanuzak@mail.ru; ²a.onalbaeva@mail.ru

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ «МАХАББАТ ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР» РОМАНЫНДАҒЫ СТИЛЬДІК АЙШЫҚТАР

Мақалада Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романының поэтикасы, тақырыптық, көркемдік ерекшеліктері, адам мен қоғамды, рухани құндылықтарды суреттеудегі шеберлігі талданады. Жазушы шығармашылығының даму бағыттары мен аталған романның жанрлық табиғаты теориялық тұрғыда тұжырымдалады. Романның қазақ әдебиетінің даму тарихында маңызды қызмет атқаратыны пайымдалады. Мақалада шығарма стилі оның тілдік ерекшеліктерімен және көркемдік ойлау жүйесінің романтикалық типімен тығыз байланысты талданған. Шығарманың образдық жүйесі, композициялық құрылымы, стильдік, тілдік айшықтары зерделенеді. Сонымен қатар, романдағы стильдік ізденістер, көркемдік айшықтар қаламгер дүниетанымымен сабақтастықта пайымдалады. Қаламгердің шығармашылық мұрасында «Махаббат қызық мол жылдар» романының алатын орны мен ролі бағамдалады. Туындының көркемдік әлемін, поэтикасын қарастыру арқылы сол кезеңдегі қазақ прозасының даму бағыты, бет-алысы айқындалады.

Кілтті сөздер: роман жанры, стильдік ізденістер, поэтика, романтикалық сарын, поэтикалық метафоралар, көркемдік әлем.

КІРІСПЕ

Ә. Нұршайықов шығармашылық жолын өлеңнен бастағанымен 1960 жылдан бастап көркем прозаға ойысты. Бұл бағытта – «Махаббат жыры», «Әсем», «Батырдың өлімі», «Мен журналиспін», «Тоғыз толғау»,

«Екі естелік», «Автопортрет», «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз», «Өмір өрнектері», «Қаламгер және оның достары», т.б. әңгімелері мен повестері, бірнеше романдары, естеліктері, күнделік мұралары жарық көрді. Жазушы қай жанрда жазса да, шығарманың тартымдылығына, көркемдігі мен ерекшелігіне мән береді.

Ә. Нұршайықов шығармаларына суреткерлік шеберлік, ізденіс, лирикалық сипат тән. Ә. Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» (1970) романының асыл арқауы – әдебиет әлемінде мәңгілік тақырыпқа айналған «махаббат» мәселесі. Шығарма жазушының махаббат туралы көзқарастарынан, өмірлік ізденістерінен бастау алады.

Шығармаға эпиграф ретінде алынған «Құдай-ау, қайда сол жылдар, Махаббат қызық мол жылдар? Ақырын-ақырын шегініп, Алыстап кетті-ау, құрғырлар» деген Абай өлеңінің маңызы зор. Мәтіннің элементі ретіндегі эпиграф автордың көркемдік әлемінде көп функционалды. Нақтылы мәтіндік және мәдени парадигмадан алынған эпиграф жазушының шығармашылық нысанасы туралы хабар береді, мәтіннің сюжеттік, концептуалды және стилистикалық мүмкіндігін, автордың қатынасын білдіреді. Романға берілген эпиграф шығарманың стилистикалық бояуын айқындап, мәтінді қабылдауға дайындайтын мағыналық доминантты белгілейді. Эпиграф оқырманды мәтіннің қайнар көзіне бағыттап, ассоциация қалыптастырып, оның ары қарай дамуын бағдарлап отыр. Абай өлеңіндегі «Махаббат, қызық мол жылдар» атты жол шығарма тақырыбына негіз болған. «Құдай-ау қайда сол жылдар, махаббат, қызық мол жылдар?» – деп сұрақ қоя отырып жазылған бұл шығарма адам өміріндегі романтикалық махаббат жолындағы «тар жол, тайғақ кешулерді», тағдыр тәлкегін, опасыздық пен жан достың жанашырлығын суреттейді. Романдағы оқиғаны журналист әңгімелеп, өз махаббатын, жүрегін тербеген, «жанын ұққан жалғыз қыз жайлы» баяндайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қаламгер махаббат сезімі арқылы адам өмірінің мәні мен мағынасы, болмысы туралы мәселеге ден қояды. Ұлы Отан соғысынан кейінгі қатал кезеңдегі жастар арасындағы қарым-қатынастар, берік достық өмірлік оқиғалармен сабақтас, шынайы суреттелгенмен, соғыстан оралған Ербол мен Меңтайдың нәзік махаббаты көркем тілмен, романтикалық шабытпен, асқақ леппен суреттеледі. Бас кейіпкер Ерболдың оқуға қабылдануы, қыздар толы дәрісханаға алғаш енгендегі қобалжуы, толқуы, студенттік өмірдің қызығы мен қиындығы жастардың дүниені қабылдауына, танымына орай кең баяндалады.

Адамның ең қызықты және қызу шағы жастық пен махаббатты мұрат еткен романдағы Ербол да, Меңтай бақыты үшін күреседі. Олардың рух

элемі жалпы адамдық, асқақ діни-танымдық идеалдармен астасып жатыр. Ә. Нұршайықов оқырмандардың сұрақтарына жауап берген «Махаббат, қызық мол жылдар» қалай жазылды» атты мақаласында Ерболдың образын жасау барысындағы толғанысы турасында былай дейді: «Ескі орындарды аралай жүріп, мен кітабымның бас қаһармандарының бірі Ербол Есеновтың қандай болуы керектігін ойладым. Сөз жоқ, ол Ұлы Отан соғысына барып, жауды жеңіп қайтқан саналы қазақ жастарының жиынтық бейнесі болуға тиіс. Сондықтан Ербол кітаптың алғашқы беттерінде Ұлы жеңіске семіріп, туған жеріне, арман-астанасына сағынышпен жетіп, романтикалық күйде жүрген солдат күйінде суреттеледі» [1, 315 б.] – дейді.

Жазушы Ерболдың романтикалық көңіл-күйін университетке келе жатып, оның тас баспалдағына табаны тигендегі жан тебіренісімен, университетке қабылданған тұстағы өзін асқар Алатаудың үстіндегі ақ бұлттардың төбесінде қалықтап ұшып жүргендей сезінген сәттерімен байланыстырады. Ерболдың алғаш лекция үстіндегі оның қыздар туралы лирикалық тебіренісі мен ойлары, топтағы отыз қыздың бәрін бірдей ақылды, бәрі бірдей сұлу деп есептеуін де қаһарман табиғатындағы романтикалық бастаумен ұштастырады.

Шығарма стилі оның тілдік ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Зерттеуші А. Күлімбетова стиль мәселесін қарастыра отырып, оны көркемдік ойлау жүйесінің белгілі бір түрімен байланыстырады [2]. Яғни, романтикалық стиль көркемдік ойлау жүйесінің романтикалық түрімен байланысты. Бұл орайда стильді мазмұндық және формалық бірлікте қарастыру қажеттілігіне назар аудару қажет. Стиль қаламгердің поэтикалық көркем тілінің табиғатымен тығыз байланысты. Сонымен қатар, стиль поэтикалық тілді ғана емес, көркем шығарманың басқа қырларын да қамтиды. Шығарманың стилі – оның тілдік ерекшеліктерін (лексикасын, синтаксистік құрылымын) талдауда ғана емес, сонымен қатар, көркем мәтіннің ырғағын, композициялық ерекшеліктерін, образдар әлемінің қыр-сырын, психологиялық табиғатын, қақтығыс сипатын қарастыру арқылы да айқындалады.

Шынында да, алғаш рет осынша көп қыздың ортасына түскен Ербол абдырап қалады. Ербол алғаш аудитория есігін ашып, өзіне қала қараған қыздарды көрген сәтте өзінің адамгершілік-этикалық бет-бейнесін танытып, сенімді лирика-романтикалық күй кешеді: «Гүл бақшасында болып па едіңіз? Гүл ашылған ғажайып сәтті көріп пе едіңіз? Бақшаның жер нәрі, күн нұрына қанып, толысқан ақ, қызыл, қызғылт, сары, көк гүлдері біртіндеп, бірімен бірі жарыса ашыла бастағанда жаныңызды ләззәт кернеп, өз-өзіңізден өзгеше бір рахатқа кенелмейтін бе едіңіз. Сол гүлдердің торғыннан жұқа әсем үлбіректерінің әр дірілі жаныңызды толқын-толқын қуаныш боп кернеп, басқаның бәрін ұмыттырып, елжіретіп, елтітіп әкетпейтін бе еді?!

Міне, қыздардың менің сәлемімді алып, еріндерін сәнмен қозғаған осы бір сәтті менің көз алдыма гүл бағын елестетті. Иран бақ деген осы болар деп ойладым. Қыздардың томпақ, толық, жұқа, жұмсақ еріндері сәл ашылғанда олардың ауыздарынан ақ маржан ақтарылып кеткендей көрінді. «Ал, енді не айтасың» дегендей, жазық маңдай, қыр мұрын, ақ құба, аққу мойын, аршын төс, қара торы, қиғаш қас, ақ сары қыздар әлі маған жаудырап қарап отыр. Енді не айтарымды өзім де білмедім. Алма ағаштың бұтақтарын қайыстырып, «өзіме кім қолын созар екен?» деп жерге телміре қарасып сабағында самсап тұрған хош иісті піскен алма секілді осынау тәтті қыздардың қасынан ілгері қарай өте» [1, 6 б.] берген Ерболдың қабылдауында *поэтикалық метафоралар* (қыздар – жұмақтың гүлдері, қыздар – хош иісті қызыл алма) арқылы бейнеленген қыздардың топтық пішіндемесі романтикалық ажарда суреттелген.

Жеңіспен оралған, болашаққа үміті зор жауынгердің көзқарасында объективтіліктен гөрі *эмоционалдық бояу* басым. Мұндағы аңғарылатын нәрсе: Ерболдың толғанысынан көлеңке көрсеткен автордың мөлдір ойлары, поэтикалық әсерлі тілі, таңырқау сезімі танылады. Бейнелілік тұрғысынан кейіпкердің гүл-қыздар туралы толғанысының *экспрессивті-эмоционалдық қуаты* күшті. Оның сұлулыққа тебіреністен туған көңіл-күйі көтеріңкі леппен градация тәсілі арқылы көркем кестеленеді. Үзіндідегі «ақ, қызыл, қызғылт, сары, көк гүлдер», «ақ маржан», «хош иісті піскен алма» символикалық мән алып, *метафоралық тәсілмен* образды бедерлей бейнелейді. Мұнда троп түрлері молынан кездеседі. Себебі қаһарманның жан толғанысында, ішкі тынысында сезімдік әуендер: таңырқаныс, қуаныш, ұяндық, сұлулыққа бей жай қала алмау сынды мағыналық интонациялар басым. Автор суреттеуінен троп түрлерінің молынан ұшырауында кейіпкердің психологиялық болмысын, романтикалық табиғатын танытатын белгілер бар.

Романтикалық тіл айшығы Ерболдың махаббат туралы Меңтайға жазған өлеңдеріне де көрінеді:

Ай – қасы, күн – Меңтайдың екі көзі.

Самал жел – оның күле айтқан сөзі.

Бақыт – ыстық құшағы, байлық қазына,

Дүние деген тек соның жалғыз өзі!..

Бәрі аз бағасына барша санның,

Тәж, тағы, мал мен мүлкі патша, ханның, –

Меңтайды мәңгі құшып сүйетұғын

Бар екен не арманы жігіт жанның?! [1, 166 б.]

Өлеңнің соңғы шумағындағы реминисценцияда романтик ақын Мағжанның «Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін, Патша тағы, бүкіл

дүние малына» деген өлең жолдарымен үндестік байқалады. Романдағы асқақ сезімді көтермелеу, романтикалық махаббат жолындағы шырғалаң мен оқиғаның қоюлығы, кейіпкердің оқшау іс-әрекеттері жазушы шеберлігінің романтикалық стилін танытады.

Романдағы парасатты, халқының жақсы қасиеттерін бойына сіңірген Ерболдың бойынан автордың өз бейнесі де төбе көрсетіп, қаһарман бейнесін жылы ажармен толықтырып тұр. Шығармадағы махаббатты, адалдықты, адал достықты суреттеудегі көтеріңкі, қызу тыныс, сыр-сезім тұтастығы автор-баяндаушы тұлғасындағы адамгершілік, ізгілік сапаларынан туындап, антропогенетикалық байланыста табылып жатыр. Бұл жайында жазушының өзі: «Ерболдың прототипін күнде көремін, екеуміз бір мекемеде қызмет істейміз. Әсіресе таңертең асығып, жұмысқа келген бетте шаш сипау үшін айна алдында жүздесіп, жымыңдасып та қаламыз. Оны көргенде: «Сен кітаптағы Ербол менмін деп мақтанасың. Бірақ, жазушының өз шығармасында өз өмірінің элементтері араласа жүретінін, ендеше Ербол бейнесінде менен де титтей бірдеңе бар екенін оқырмандар да сезетін шығар» деп қоямын. Расында да кейбір оқырман Ербол мен авторды бір адам деп есептейтін көрінеді. Ал көптеген оқырмандар Ерболды өмірде бар, тірі адам деп те ұғынады» [1, 318 б.] деп жазады.

Кітаптың өн бойында Ербол мен Меңтай бейнелері айқын бедерленеді. Роман: «Жалғыз қыз ғана жанымды ұқты, тек соны айтайын» деген Ерболдың сырынан басталады. Шығармадағы романтикалық арна да осы екі бейненің мінез ерекшеліктеріне, арасындағы қарым-қатынастар сипатына қатысты салмақ алады.

Шығармадағы үлкен рухани қайшылық Ербол-Тұмажан-Меңтай араларындағы тартыстан өрбиді. Кітаптың жанды ауыртып, ой салатын тұсы да махаббат үшбұрышын құрған осы кейіпкерлердің арасындағы көңілсіз, көлеңкелі көріністер, қайшылықты қатынастар. Олардың арасындағы рухани-адамгершілік драманы бейнелеуде көтеріңкі романтикалық лепке қарағанда, реалистік нақтылық басым көрінеді. Тұмажанның қыздың ағасына хат жаздыртып алуы, сол арқылы қыздың келісіміне қол жеткізуі, сол арқылы Меңтайға тор құрып, мақсатына жетуі оқиғаны күрделендіріп, сюжетті ширықтыра түседі. Меңтайдың ағасының досы деп Тұмажанға барынша сенуі мен жаңылысқан сәті бас кейіпкерлерді зор қателіктен құтқара алмайды және олардың сезімін тексеру сынағына да айналады. Ербол мен Меңтай бір-бірін қатты сүйсе де, Тұмажанға қатысты жағдайда бір-бірінен көз жазып қалады. Қызды сүйе тұрып, оның басқаға берген сертін бұздырмайды. Бұл оқиға сезім тартысын ұлғайтып жібереді.

Ерболдың характері шығармада біртіндеп ашылады. Шығарма шегіністер арқылы көз алдымызға келетін соғыс суреттері де кейіпкер табиғатын ашатын

сапалық белгілердің бірінен. Ерболдың «жан-жағын жалмауыздай жайтап келе жатқан жау танкісімен жекпе-жек айқасуын», жолдастарына қауіп төнгенде «жыландай ысқырып, жарылайын деп жатқан снарядты құшақтап алып шұңқырға лақтыруын» романтикалық мазмұндағы теңеулермен айшықтап, ерен қимылын, батылдығын, мінез даралығын айғақтайды.

Әрине, романның сюжеті өмірлік негізге құрылып, көптеген шынайы кейіпкерлердің прототиптері болғанымен, оқырмандардың жүрегіне жол тапқан Ербол бейнесі романтикалық ажарда бейнеленген. Романтика қаһарман мінезінің, адамдық болмысының кейбір мәнді қырларын жаңа сапалық белгілермен толықтыра түскен [3]. Ол махаббатын аялау жолында жастық жігерін, сезімге тұрақтылығын танытады. Романның этикалық пафосы да басым. Адамгершілік, рухани қалып сыналатын маңызды сәттерде Ербол екінің бірі бара алмайтын кесек әрекеттерімен танылады. Шығармада Ерболдың соғыстағы, еңбектегі, оқудағы өмір жолында идеалды бейне ұшқындары байқалады. Сырттай қораш көрінгенімен, оның ішкі дүниесі сұлу, ақылды, достыққа берік, махаббатқа адал, адамгершілік негізі мықты. Негізгі түйін ар мәселесіне тірелгенде, ол барлығы бірдей жасай бермейтін кесек қимылдарымен көрінеді. Өзі жақсы көріп тұрса да, қыздың ағасына берген сертін бұздырмайды. Меңтайға қиын-қыстау шақта қол ұшын созуы да қаһарманның іс-әрекетіне ірілік берген. Ербол Меңтайды шын сүйетінін дәлелдеп, тіршіліктің күйкі істерінен аулақ, биік азаматтық парыз жүгін көтере алатын адам екенін көрсетеді. Ербол Меңтайды көрген сайын үміті артып, сезімі күшейіп, құштарлығы артады. Екеуінің арасындағы достық мәңгілік махаббатқа ұласады.

«Болашаққа жолдаған сәлем хаты» болған күнделіктегі Меңтайдың өмір мен өлім туралы толғаныстары, үлкен армандары қаһарманның жасқа тән максимализмін, арманшыл, таза, бақыт аңсаған табиғатын, сезімталдығын аңғартады. Меңтай – ақылды, ұстамды, жаны сұлу, бойында қазақы мінез бен жаңа дәуір жасының психологиясы жарасым тапқан бейне. Ол Ерболдың қабылдауында, бүгінгі күннің «Тоғжаны». Романда бедерлі, бейнелі Меңтай бейнесінің сомдалуы туралы жазушы: «Қалай дегенмен мен автор ретінде Меңтайға разымын. Ол өлсе де, көңіліндегі сабағын беріп тынды. Адалдықтың, адамгершіліктің, достықтың, асыл жардың өнін өзінше шырқап өтті. Менің жақсылығымнан үлгі алыңдар, қатемді қайталамандар деп кетті. Ол өзінің қоғамшыл, көпшіл ісімен, әділ адалдығымен әр оқырманның көңілінде қалды» – дейді.

Ербол мен Меңтайдың махаббаты өмір шындығын негіз еткенімен, шексіз сенімі, мөлдір сезімі романтикалық биіктен табылады. Жазушы Ерболды өмір көрігіне салады, жастық, достық тезінен өткізеді. Осы сынақтан, қиындық пен кедергілерден сүрінбеген ол ақыл-парасаты, білік-таным деңгейі толық танылады.

Жазушы романтик ретінде махаббат пен достық культін көтерді. Махаббатты романтикалық тұрғыда танудың этикалық мазмұны махаббатты қайталанбайтын, таңдаулы сезім деп білуден, сүйетін адамдардың бір-бірінен ішкі рухани жақындықты, өзара түсіністікті, жан үйлесімін талап етуден тұрады. Шығармадағы Ербол мен Меңтайдың ішкі рухани үйлесімі, жан үндестігін осы тұрғыда тануға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мәлдір махаббаттың мызғымас ескерткіші болған романның әркім өзінің тағдыры мен махаббатын табады. Ербол мен Меңтайдың махаббат сыры, қарым-қатынасы табиғи болмысымен, ұлттық иіріммен, қазақы бояуымен дараланып, көтеріңкі романтикалық стильде бейнеленеді. Махаббаттың еш тосқауылға қарамас күшін көрсету үшін автор Ерболды Меңтайға «қосқан». Романды жазу барысында автор Меңтайды өлтіргісі келмеген: «Шынымды айтсам, мен Меңтайды «өлтіремін» деп ойлаған жоқ едім. Алғашқы жоспарымда Меңтай Ерболмен қосылмайтын, Тұмажан опасыз боп шыққаннан кейін басқа біреумен тұрмыс құрып кететін. Содан жиырма жыл өткеннен кейін Жоғарғы Советтің сессиясы кезінде депутат Меңтай мен журналист Ербол екеуі астанада кездесетін. Бірақ, Татьяна менің еркімнен тыс ерге шығып кетті деп Пушкин айтқандай, Меңтай да менің еркімсіз Ерболға шықты да, онымен аз уақыт қана тәтті дәурен сүріп, дүниеден қайтты» – [1, 320 б.] деп жазады.

Шығарма композициясы қызықты, оқиға хронологиялық тәртіппен дамиды. Романда профессор М. Әуеновке берген уәдесі бойынша жазылған Ерболдың «Тоғжан» деп ат қойған естелігі кірме әңгіме қызметін атқарады. Кейіпкердің туған жердің белгісіндей болған «Ақын» кітабын от пен оқтың ортасында қапшыққа салып, арқалап жүруі, солдаттарға Абай мен Тоғжанның кездескен тұстарын қайта-қайта оқуы, Тоғжан бейнесінің әр жауынгерге өз сүйгенін еске салуы, Тоғжанды жақсы қыз деп қана емес, «жан сүйсінтерлік сұлулық мұраты, өмірдің өзі, тіпті Отан тұлғасы» деп түсінуі әскери эшелонның соғыс кезіндегі нақты, шынайы әрекеттері қысқаша суреттелген естелікке романтикалық ажар қосқан. «Жауынгерлер қилы-қилы қанды жорықтарды қиын-қиын қырқысқан ұрыстарды басынан кешірді. Жырым-жырым болып, солдаттар қойнындағы кітап та тозды. Бірақ жігіттердің жүректеріндегі Тоғжан тозған жоқ. Ол, «әшекей сырғасы діріл қағып» жорықта солдаттармен қатар жүрді. Ол, «жылтырап таралған шашы, қап-қара қалың өріммен, ерекше аппақ, нәзік мойнына қарай құлап түсіп», жауынгермен қол ұстаса, жауға қарай сан рет шабуылға шықты. «Елде сенің де сұлу жарың бар» деп, әр солдаттың құлағына сыбырлады, әр жүректі наздана қытықтады. Жаралыға үміт болып, шаршағанға қайрат берді.

Қараңғы түнде алыстан маздаған от, аспандағы шолпандай болып, Тоғжан оларды атой салып жеңіске шақырды, өмірге жетектеді» [1, 85 б.] деген қаһарман толғанысында Тоғжан бейнесі сұлулық пен өмірге құштарлықтың символына айналып, шығарманы лиризммен байытады.

Ә. Нұршайықовтың Ерболы сезімтал автор образымен антропогенетикалық байланыста табылатындықтан, оның махаббат жолындағы іс-әрекеттерінде жасандылық байқалмайды. Махаббат романтикасымен қатар романда соғыстан кейінгі еңсесін көтере бастаған елдің, ауылдың бет-бейнесі, қала тіршілігінің көріністері, студенттік шақтың көпке таныс суреттері жүйелі, шынайы суреттеледі.

Жалпы алғанда, Ә. Нұршайықовтың шығармашылық мұрасы адам мұраттары мен рухани құндылықтарды: ерлік пен елдікті, махаббат пен достықты, кезеңдік қоғамдық құбылыстарды арқау етеді. Романдағы жүйелі ой мен сөз, романтикалық асқақтық пен публицистикалық сарынның қатар өрілуі, өмірдің қарапайым да көркем шындығы – жазушы қолтаңбасына тән басты белгілер. Кіршіксіз көңіл мен тазалықтан тамыр тартқан махаббаттың жастық жырын дәріптеу, мінез-дағдыларды ерекше жағдайларда үдете өрнектеу, фабулалар тосындығы, тілдің экспрессивті-эмоционалдық қуаты, Ә. Нұршайықов стиліне тән романтикалық, лирикалық эстетика нақыштарын ажарландыра түседі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Нұршайықов, Ә.** Махаббат, қызық мол жылдар. – Алматы : Санат, 2008. – 328 б.
- 2 **Есембеков, Т. У.** Көркем мәтінді талдау негіздері. – Алматы : NUR, 2009. – 96 б.
- 3 **Кулумбетова, А. Е.** Стиль казахского рассказа и повести. – Алматы : Жазушы, 1993. – 380 б.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

К. Т. Жанузакова¹, А. Т. Оналбаева²

Стилевые поиски в романе А. Нуршайықова «Годы радости и любви»

^{1,2}Факультет казахской филологии и мировых языков,

Казахский государственный женский

педагогический университет,

г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

К. Т. Zhanuzakova¹, А. Т. Onalbaeva²**Stylistic quest in the novel of A. Nurshaikov «The years of joy and love»**^{1,2}Faculty of Kazakh Philology and World Languages,
Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

Статья посвящена проблеме поэтики, художественного мира романа А. Нуршаикова «Годы молодости и любви». Рассматриваются тематические, художественные особенности в изображении человека и общества, духовных ценностей. Анализируются композиционные особенности романа, а также основные направления развития творческого пути писателя. Опираясь на исследования отечественных ученых, определяются стилиевые, языковые особенности романа. Выводятся общие типологические свойства романа и его значимая роль в литературном процессе. В статье рассматриваются художественные, жанровые особенности романа, а также анализируется роль и значение этого романа в литературе. Годы студенческой молодости, время любви и искренних чувств, романтики – все это описано писателем в его романе «Годы молодости и любви».

The article deals with the problem of poetics, the art world of the novel by A. Nurshaikov «Years of youth and love». It addresses the thematic, artistic features in the image of man and society, and spiritual values. It examines the compositional features of the novel, as well as the basic directions of writer's creative development. Based on the study of domestic scientists, the style, linguistic features in the novel are determined. The research displays the general typological properties of the novel and its significant role in literary process. This article discusses the art, genre features of the novel and also analyses the role and importance of this novel in the literature. Years of student youth, love and sincere feelings, romance – all of this is described by the writer in his novel «Years of youth and love».

FTAMP 17.82.32

Қ. Т. Жанұзақова¹, А. А. Көшекова², Л. Әділбекова³¹ф.ғ.д., доцент, Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;²ф.ғ.к., Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы;³Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹kuralay_zhanuzak@mail.ru; ²kosheкова71@mail.ru**«АҢЫЗДЫҢ АҚЫРЫ» РОМАНЫНЫҢ
КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада қаламгер шығармаларының көркемдік әлемі, көркемдік ізденістері сараланады. Мақалада әдеби стиль жазушыға тән жеке қолтаңба ретінде гана емес, шығарманың барлық деңгейлерін: образдық формасын, тіпті интонациялық-синтаксистік және ырақтық құрылымын да қамтитын өзіндік ерекшелік ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, шығарма ауқымындағы стильді қалыптастыратын факторлар айқындалады. Осы ретте стиль көркем шығарманың эстетикалық тұтастығын көрсететін категория, әдеби шығарма мазмұнының барлық қырларының бірлігі ретінде зерделенеді. Туындыда романтикалық қиял, философиялық толғам мен аналитикалық суреттеу тәсілі келісті үйлесім тапқаны туралы қорытынды жасалады. Мақалада романның композициялық желісі көркемдік тәсілдермен сабақтастықта талданады. Романда мұнара – шебер махаббатының символы және үш кейіпкерді: ханды, ханишаны, шеберді өзара байланыстыратын, бір қазыққа байлайтын ортақ желі есебінде берілген.

Кілтті сөздер: Ә. Кекілбаев, қазақ прозасы, романтикалық тенденциялар, мифологизм, жазушы стилі.

КІРІСПЕ

XX ғасырдың 70–90 жылдар прозасында жазушылар өз шығармаларында философиялық толғаныстарға кеңінен ден қоя бастады, образ сомдаудағы психологиялық талдаудың орны ұлғайды, сонымен қатар романтикалық тенденциялар реалистік шығармалардан көркемдік жүйесінде молайды.

Кеңестік тоталитарлық жүйеге көңілі толмай, қоғамда болып жатқан құбылыстарға іштей қарсылық білдіру нәтижесінде қазақ әдебиетінде романтикалық бейнелеу тәсілдері көбірек көрініс берді. Ендігі жерде жазушылар ұлттық сананы ояту мақсатында тарихи тақырыптарға қалам тарта бастады. Осындай мақсатқа сай жазылған Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» атты алғашқы романының романтикалық сипаты басым.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бұл фәниде адамдар тіршілігі мәңгілік емес екендігін, қас-қағым ғұмырдың өткіншілігін даңқ пен дақпырттың сусыма күйінен іздейтін жазушы – Ә. Кекілбаев. Оның «Аңыздың ақыры» романының негізгі идеясы да осыған келіп саяды. Сөзімізге дәлел ретінде романдан үзінді келтірсек:

«Төрт жыл бойы жорықта жүрді. Жүз мың аттың тұяғының баспаған жері жоқ. Сонда күндердің күнінде соның бәрін де дәл мынандай қып, жел үйіріп, құм жұтып қоя ма? Адам деген неменің ғұмыры ұйтқып-ұйтқып басыла қалатын қырдың желіндей құр әншейін өткінші нәрсе ғана болса, тұсында соның әрбір ұсақ-түйегін жіпке тізіп тіркеп бағатын адамның жады да мына сусыма құмдай тұрлаусыз бірдеңе екен ғой. Сонда анау аспан мен мынау жердің арасында баянсыздықтан басқа ештеңенің болмағаны да. Басқаның бәрі-өткінші, тек баянсыздық қана мәңгілік пе?...» [1, 5]. Мұнда кейіпкер даусымен қатар автордың ойы да қоса баяндалып, үнемі ауысып келіп отырады, бірін-бірі толықтырады. Жазушы кейіпкердің ішкі жан сезімін терең толғап жеткізе біледі. Ә. Кекілбаев кейіпкер жан әлеміндегі психологиялық алуан құбылыстарды тап басып, дәл баяндап беруге шебер. Өнердің негізгі мақсаты «адам жаны туралы шындықты жай сөзбен айтып жеткізе алмайтын жүрек құпияларын суреттеу болмақ. Өнер микроскоп тәрізді, оның тетігін біліп туралай алған автор ғана адамның ішкі жан дүниесін, айшықтай алады» [2, 17] – деп жазады А. Н. Толстой. Ә. Кекілбаев тарихи қал-жағдайды емес, олардың себеп-салдарын, адамның жан дүниесі мен психологиясына әсер ететінін көрсетуге айырықша назар аударады. Романдағы кейіпкерлер бейнесі іс-әрекеттерімен емес, «көңіл-күйлеріндегі күйзелістермен, жан әлеміндегі арпалыстармен, ішкі буырқаныстардан сыр берер бет-жүздегі, мінез-құлықтағы сезімдік құбылыстармен көрінеді» [3, 172].

Мұндағы басты қаһарман – Алмас хан. Жер-жаһанды тулақтай илеп, бар әлемді өзі ғана билеп-төстегісі келетін оның бар арманы – Мәңгілікті өзіне бағындыру. Автор шығарма экспозициясын жорықтағы Әміршінің психологиясынан, өзін-өзі жегідей жеген оймен арпалысқан күйінен бастауында суреткерлік амал бар. «Ақ дегенім алғыс, қара дегенім қарғыс» деп есептейтін, тіршіліктің бүкіл маңызы өзінді басқалардан биік сезіну деп ойлайтын Әміршінің іштартып сырласар бір адамы жоқ. Ол жарына да,

өзінен өрбіген балаларына да ештеңе айта алмайды. Мұны автор: «Ашса – алақанындағы, жұмса – жұдырығындағы жарты әлемдегі жан біткеннің жаны да, тәні де – бәрі өзінікі, бірақ бәрі жат...» [1, 39], – деп бедерлейді. Бұл – жалғыздық, сөзсіз хан басындағы ауыр трагедия. Алмас ханның өзіне қойып, жауабын таба алмаған сауалдары романның соңына дейін лейтмотивтік қызмет атқарады. Осы ішкі диалогтардан Әмірші бейнесіндегі жатсыну үдерісін бағдарлай аламыз. Барған сайын кереғар ойлардың тереңдей беруінен құтылмақ болып қаншалықты қарманса да жер бетіндегі тіршіліктен тиянақ таба алмай аласұрады. Мұның бәрін білдіру – хан басына зауалдың жақындай түскендігінің белгісі. Оның жанын жеген уайым қасіреттің қабындай, қалыңдай түседі. Автор бас кейіпкерін психологиялық толғаныстардан өткізіп, істеген шетсіз де шексіз әрекеттерінің барлығын жиып-теріп таразылап, өз арының алдында есеп беруге мәжбүрлейді. Тіпті, енді ол тіршіліктің өзінен жатсыну арқылы трагедиялық бейнеге айнала бастайды. Көркем образдың мұндай ерекшелігі туралы Ә. Қоңыратбаев былай деген: «Сонымен бірге оның өзіне адамдық характері болуы керек. Мұны даралау дейміз. Даралау жоқ жерде образ жоқ» [4, 31].

«Аңыздың ақырындағы» Әміршінің тынымсыз ойға, небір қиялдарға бөленген ұзақ жол, жол бойындағы оңашалық, жалғыздық болса, еліне келген бетте оны мазалайтын нәрсе – өзегіне құрт түскен қызыл алма. Бұл жерде қызыл алма – Әміршінің тынышын тонаған көркемдік нышанның басты кілті. Иә, қызыл алма – опасыздықтың символы. Осы бір өзегіне құрт түскен қызыл алма арқылы үй-ішінің, өз шаңырағы астындағы алауыздықты, өзі жоқта орын алған опасыздықты ғана түсініп қойған жоқ Әмірші, сонымен қатар, жалған өмірдің өткіншілігін, жер жүзінің жартысын билеген қаһары да, атағы жер жарған даңқ пен дақпырттың да шын ғашықтың жүрегінен шығып, көңілінен қаланған мұнара меңзеп тұрған адал махаббаттың қасында ешқандай да құны жоқ екенін түсінеді, түсінеді де күйінеді. Күйініш оны күйреуге әкеліп соқтырады.

Жалғыздық романда жалғыз Әміршінің ғана жанындағы жара емес, ондағы психологиялық тереңдікпен көрсетілетін бейне – кіші ханымның да өзегіндегі жегі құрт. Бір қарағанда, өзі сұлу, үлде мен бұлдеге бөленген, салтанаттың шырағын жаққан адамды бақыттан кенде деп айту қиын. Бірақ та оның да өмірі – трагедия. Романның «Махаббат» деп аталатын тарауы түгелдей кіші ханымның жан-жүрегінің күйзелісін, әйел затына тән ішкі сезімдердің арпалысы, абажадай кең сарайдағы аянышты ғұмырын бейнелеуге арналған. Жер-жерді дірілдеткен Әміршінің әйелі алуан түрлі жиһаз бен қымбат мүліктен көзі жылтырап, небір асыл қазынаға ие болса да мен баймын, бақыттымын деп айта алмайды. Ол соншама сәулетті, сән-салтанаты асқан сарайда – жалғыз. Он жетіден жаңа ғана асқан ханым дүниеде адам үшін жалғыздықтан асқан азап жоқ екенін сонда түсінді.

Рас, оның медеу етері – өмірші бар қызығым сол деп ойлайды. Сондықтан оған табынады, оның алдында жақсы көрінсем, өзіне көңілі толса екен, сойтіп оны қуанышқа кенелтсем екен деген асқақ армандары болады. Сөйтіп, өз жарына арнап мұнара салдыртпақшы болады. Осы мұнара салдырту жолында ол есейіп, көп нәрсені аңғарады. Өміршіге деген сағынышты махаббатын мұнара арқылы білдіргісі келеді. Бірақ, бұл керісінше, ханым өміріндегі үлкен бетбұрысты өзгеріске себепкер. Сезімнің адалдығы жолындағы әрекеті өзінің алдына апат дүниесін ала келді.

Ханша ойындағы осындай психологиялық қопарылыс пен толғаныс шынайы көрсетіледі. Оның өз өміріне көңілі толмайды. Өйткені, хан ұзақ уақыт бойына мұның өмірде бар екенін ұмытқандай кейіп білдіреді. Кіші ханым ханды жан-тәнімен сүйеді, оған дегенде құшағы ыстық өртке шарпылғандай. Ал, осы – махаббат па, махаббат екені шын ба, жоқ әлде тән құмарлығы ма? Қалай болғанда да кіші ханымның бойынан күйеуіне шын берілген шынайы ибалы әйел бейнесін көреміз.

Шығармадағы басты кейіпкердің бірі саналатын Жаппардың сомдалуында романтикалық сипаттар басым. Оның бойында романтикалық қаһарманға тән мінез мінез жинақталған, өзіндік талпыныс, өмірге деген биік құштарлық, шебердің өзінше жан әлемі бар. Ол жан әлемдегі алып-ұшқан махаббат оны алға қарай талпынуға мәжбүр етсе, екіншіден сол махаббат оның өміріне қатер тудырады. Шебердің жан әлемі романтикаға толы. Арманы шексіз: «Мұнараның сонадайдан айбар шашып айбындап тұрғанын да, не көрген адам қолтығына қысып кеткісі келгендей қып, құр әншейін қуыршақ болып жұтынып тұрғанын да қаламайды. Көрген жан да есіне анық түсіре алмай, айран-асыр қалып арманда аттанатындай қып әшекейлегісі келеді. Көз алдына энеукүнгі күйменің желмен ойнап бара жатқан желбірек шәйі көйлегі елең ете қалды.

Жаппар көктен іздегені жарден табылғандай қуанып кетті. Бұл мұнара да тап сондай жеп-жеңіл, тап сондай ойнақы болуы тиісті. Мұнараны көрген жан қапелімде әлдебір арудың, соның зеңгір аспандағы ақ періштелердің біріне ұмсына созған ақ білегі екен деп қаласың» [1, 92]. Бұл шебердің мұнара салу барысындағы шексіз арманы. Мұнара салу барысында ол осы екі әлемді бір-бірімен салыстыра бағалайды: «Енді мұнара шаһардың жердегі үйлерінен бой асыра бастады. Жақын махалалардың тап-тар көшелерімен аядай аулаларындағы қимыл-қыбырдың бәрі көз алдында. Жатаған үйлердің арасындағы әрлі-берлі жөнкіліп бара жатқан әлдеқандай кішкене-кішкене мақұлықтар секілді. Олардың көзге әзер шалынатын құрдым қарасы да, ерсілі-қарсылы селдей сапырылысқан мінсіз қозғалыстары да кісі күлерліктей. Әсіресе базар маңы құмырсқаның илеуінен бір аумайды» [1, 67]. Осы тұста асқақ мұнарамен бірге шебердің де асқақтаған қалпын айқын аңғаруға

болады. Бейтаныс шаһарда әкесін жерлеген Жаппар шебер де жалғыздық азабын кешуде еді.

Романда мұнара – шебер махаббатының символындай. Шығармада мұнараның атқаратын қызметі ерекше. Ол үш кейіпкерді, ханды, ханшаны және шеберді өзара байланыстыратын, бір қазыққа байлайтын ортақ желі. Романдағы романтикалық сарын да осы мұнара бейнесімен байланысты. Ол жанданған кейіпке еніп, адам әрекетіне, адамға тән мінезге, қылыққа ие. «Мұнара күніне бір мінез шығарады. Бір күні жас майсадай үлбіреп, жас сәбидей мөлдіреп тұрса, ертеңіне-ақ жан-жағына ойнақы нұр таратып, жайнақтап шыға келеді. Бірде терезенің алдынан ет жүрегінді елжіретіп, үн-түнсіз телміріп тұрып алса, артынша-ақ төбесімен көк тіреп аспандап шыға келеді» [1, 122]. Мұнара бірде «күледі», бірде «мұңады», бірде «сұстанады», бірде «алыстан ым қаққандай» болса, бірде «жалбарынады». Шығарманы мұқият оқып шықсаңыз, мұнараның мұндай «мінезінің» сан қырына куә боласыз. Шығармада мұнара романтикалық бояумен бейнеленген. Оның қасиетін суреттеуде әсірелеу де басым. Мұнараға қараған жанның барлығы қайран қалады. Ол шаһардағы басқа мұнараларға атымен ұқсамайтын ерекше бір сипаты бар, сиқырлы мұнара. «Өмірші сан-сапат жорықтарында талай мұнаралар мен сарайларды көре-жүре, тап мынадай сиқыр сұлулықты бұрын-сонды ешқайдан жолықтырған емес. Бірақ көзін жібермей, көңілін тұзақтап, тұсап-матап тастаған өзгеше көріктің сиқырына түсіне алмай келеді» [1, 36]. Романда мұнараның қасиетін айқындауда «сиқыр» сөзі онымен жиі қатар айтылады. Мұнараның сиқыры – шебердің ханшаға деген махаббатын бейнелеуінде, тіпті сол махаббаттың өзіне айналуында.

Шығармада мына тіршіліктен үміт үзген қаһарманның кейде өлімді сағынатын, сол зауал шақтың тезірек келуін күтетін суреттер бар. Өзіне бетпе-бет келіп қит етсе қанын шашқалы тұрған тұз тағысы – жолбарысты шімірікпей қарсы алады, тіпті осы жыртқышты өзінің мәңгілік күйзелісінен біржола құтқаратын азатшысындай көреді. Жолбарысты амалсыз жер жастандырғанда ажалдың тағы да сырт айналып кеткеніне өкінетіндей. Мұндай сезім оның «мына көл-дария аспанның астында кімнің болмасын мәңгі серігі құлазыған жалғыздық» [1, 44] ұғынуынан пайда болған. Ақырында Өміршінің мәңгілікке балап жүрген ұғымдарының бәрі де аяқ астынан күйреп бітеді. Оның жалғыз ғана тапқан тиянағы кезінде зынданға өзі жаздырған жазу – «барар жерің бәрібір жердің асты».

Ә. Кекілбаев өз туындыларында халқының өткен тарихи дәуірлердегі рухани-эстетикалық тәжірибесін арқау ете отырып, оған философиялық мазмұн дарытады. Шығармаларында желі тартқан ел аузындағы аңыз-шежірелерден бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін көтереді. Ежелгі аңыз бен мифтерді бүгінгі өмір сүріп отырған дәуірдің талап-тілегімен, адамгершілік болмысымен ұтымды ұштастыра суреттеген суреткер

шығармашылығында осыған орай мәңгілік, онтологиялық тақырыптар бой көрсетеді [5].

ҚОРЫТЫНДЫ

Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында, романтикалық қиял, философиялық толғам мен аналитикалық суреттеу тәсілі келісті үйлесім тапқан. Романтикалық тенденция романда бас кейіпкер Жаппар образының жасалу ерекшелігінде байқалады. Автор басты кейіпкерлердің жан дүниесіне барлау жасай отырып, бүгінгі мен кешегіне сабақтастыра сипаттайды. Романдағыдай адам өмірінде кездесетін алуан құбылыстар, күрделі іші ой-толғаныстар, адами психологиялық, қарым-қатынастар бүгінгі заман адамдарының бойында бар. Өткен мен бүгіннің байланыстылығының бірі – уақыттың тұрлаусыздығы, мәңгілік ұғымының еш адамға бағынбауында.

«Аңыздың ақыры» романына тән стильдік сипаттың бірі – туындының монологтық баяндауға құрылуы. Романда қаһармандар монологтары басты композициялық, сюжеттік функция атқарады, оған терең лирикалық сипат береді. Жалпы алғанда, Ә. Кекілбаевтың қаламгерлік қолтаңбасына, жазу мәнеріне өз кейіпкерінің характерін, психологиялық ахуалын ішкі монолог пен авторлық баяндау арқылы ашу әдісі тән. Негізгі қақтығыс оқиғаның сыртқы сюжеттік тінінде емес, кейіпкердің ішкі әлемінде, жан дүниелерінде дамиды. Романда оқиғаның шым-шытырық бірізді дамуынан гөрі жеке тұлғаның рухани ішкі дамуына басты назар аударылған. Ә. Кекілбаев романда лирикалық реңк бояудың молдығы, тілдік өрнектің эмоционалдық бояуға қанықтығы, шартты тұспалдар секілді тәсілдерді шебер пайдаланады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Кекілбаев, Ә.** Дала балладалары. – Т. 1: Аңыздың ақыры. – Алматы : Жазушы, 2001. – 248 б.
- 2 **Толстой, А. Е.** Собрание сочинений. – Т. 53. – 94 с.
- 3 **Пірәлиева, Г.** Изденіс өрнектері: Әдеби сын. Зерттеу. Сұхбаттар. – Алматы, 2001. – 776 б.
- 4 **Қоңыратбаев, Ә.** Шеберлік сырлары. – Алматы : Жазушы, 1979. – 316 б.
- 5 **Жанұзақова, Қ.** Қазақ романтизмінің поэтикасы. Монография. – Алматы, 2015.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

К. Т. Жанұзақова¹, А. А. Кошекova², Л. Адильбекова³

Художественные особенности романа «Конец легенды»

^{1,2,3}Факультет казахской филологии и мировых языков,
Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

K. T. Zhanuzakova¹, A. A. Koshekova², L. Adilbekova³

Artistic features of the novel «The end of a legend»

^{1,2,3}Faculty of Kazakh Philology and World Languages,
Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

Сырт қарағанда ақын тақырып аясын ұсақтап, жеке бастың көңіл-күйін қазбалаумен шектелгендей боп көрінуі де мүмкін. Әйтсе де бұл туындысында да суреткер «тақырып тарлығын» жеңе алған. Ақын табиғат әсемдігіне тебірене отырып, сабырлы, байыпты мәнермен-ақ сүйсіну, сағыну, өкіну тағы басқа – сезімдердің бәрін қоса қамтыған.

Саят Қамшыгер ақынның табиғат жырлаудағы ерекшелігі жайлы айтар болсақ, ақынның табиғатты көңіл-күй, махаббат лирикаларымен астастыра суреттейтініне куә боламыз. «Мен көктемді сағындым» атты өлеңіне талдау жасар болсақ,

*Мен көктемді сағындым,
Көктем мені,
Жаным жылу аңсайды көптен бері.
Әр күндерім тағдырдың тартуындай,
Әрбір мезгіл – өмірдің өткелдері.*

Өмір өткелдері, тағдырдың тартуы (сыйы) – дәстүрлі метафора болса, кейінгі шумақтар шарттылық пен кейіптеуге толы. Көңілдің елеңдеуі – кейіптеу, көктемнің шуағымен гүл егу – шарттылық.

*Жол күткендей көңілім жүр елеңдеп,
Шуағымен көктемнің гүл егем көп.
Көктем маған келеді бүршік атып,
Көктем маған көшеді бір өлең боп.*

*Сәнді екенін өмірдің сан ұқтырған,
Мен көктемді сағындым сауық құрған.
Күтудемін көктемді,
Ал көктем ше?*

Үйден шықпас арудай зарықтырған.

*Қиялыммен басамын айға да адым,
Ғұмырымның әр сәтін аймаладым.
Көктем маған өлең боп көшкен кезде,
Бәлкім мен де көктемге айналамын! [7].*

Қазіргі таңда Серік Тілектің көпшілік оқырманға жеткен өлеңдері өзіне лайықты бояуға да кенде емес. Ақынның жырларындағы шымыр ұйқасы мен ойлы тіркестері оқырмандарын өзіне тартады.

Кейбір өлеңдері жеке ақынның жан дүниесін, толғанысын, тағдырын бейнелеп, сол арқылы бүкіл бір ортаны, қоғамды, заманды сипаттап береді. Осындай өлеңі деп мына өлеңін айтуға болады.

*Қобданың жасаң даласын,
Көңілім менің босаңдамасын.
Кертөбел атты көсілтуші едім [8],
Қайратып тасқа қасаң тағасын.*

Қобданың жасыл даласында Кертөбел аттың қасаң тағасын тасқа қайрата көсілткен ақын Тілек! Қаламы қарымды ақындарша толғаған өлеңің тереңнен сыр шертеді.

*Шудалы сайды беттесем егер,
Аршалы сайға жетпесім бекер.
Тастары таудың тарих шертіп,
Бастары тағы көк тесіп өтер [8].*

Тілі шұрайлы. Шудалы сай – жаңаша өрген эпитет, ұлттық айшық деуге де болады. Ал енді түсіндірме сөздікте: Шуда – түйенің өркешіне, желкесіне, тізесінің үстіне және мойнының астына шыққан ұзын қылшық жүн [9, 925], – делінген. Яғни ақын сайдың ұзындығы, желкілеп өскен көк майсасы осылайша бір ауыз сөзбен керемет берген. Осы өлеңтегі «Бастары тағы көк тесіп өтер», – деген жол таудың биіктігін суреттеп тұр. Осыған дейінгі поэзиядағы «көкке бойлаған, аспанмен таласқан» секілді көп кездесетін тіркестердей емес, мынау соны қолданыс, өте әсерлі шыққан. Бұны ақын тіліндегі жаңашылдық десек, қателеспейтін шығармыз.

*Жете алмай жүрмін адырлы сайға,
Сары қымыздың сарқыты қайда?!
Әжемен қалған әжімдей өмір,
Күрең жотаға бағымды байла!
Сары қымыздың сарқыты қайда,*

– деп ақын ата-бабамыздың салып кеткен ұлттық салт-санамыз бен тұрмыс-тіршілік, қазына, байлығымыздың құндылығының бүгінгі мүшкіл халінен хабар береді. Идея осы жолда айқындалады. Ақын халқымыздың ұлылығын дәріптегісі келеді. Сондықтан да ол: «Әжемнен қалған әжімдей өмір», – дейді. Бұл да авторлық тың қолданыс. Теңеулі эпитет. Поэзияда көсіле шапқан жас тұлпар Тілектің бойындағы қасиеттер айтылғандай. Мына өлеңін де ерекше бағалаймыз. Өлең «Көктемнің келуі немесе Еркегүлдің келуі» деп аталады екен.

Жазалам ба? Менде мықты өктем жыр, – деп өлеңін жүрексіне бастағанымен ақын бұдан әрі сөз нөсерін төгіп жібереді.

*Қырдың беті қызғалдаққа бөккен гүл.
Сағынышпен сағындырып келетін,
Көшелерде көк орайлы көктем жүр.*

Осы жолдардағы «бөккен» сөзі қызғалдақтардың қырды тегіс жапқанын, яғни қалың өскендігін білдіреді. Ал көктемнің көшелерде жүруі – жансызға жан бітірген кейіптеу. Осы жерде тағы да ақынның өзіндік суреттеуіне кездесеміз. Қайталанып, жауыр болған тіркестерге ерік бермей, тыңнан сөз өрнегін салған. Бұдан әрі ақын:

*Алып ұшып сағынышым сен келдің,
Бұрымды қыз Еркегүл,*

– деп көктеммен бірге келген Еркегүлді қуана қарсы алады. Көктем қуаныш пен жақсылықтың жаршысы болса, Еркегүлден де шуақты бақытты күтеді. Әдебиетте бұны қатар қойып суреттеу дейді. Ақын көктем мен Еркегүлді қатар суреттеу арқылы махаббат тақырыбын көтере білген. Сондықтан да ол:

Қауыздары бүрлегенде, гүлдердің,

Өзің келдің Еркегүл,

– дейді. Ақын жаны Еркегүлін нәзік, әдемі етіп бергісі келеді. Онысын жалаң суреттеулерге бармай, деталь арқылы танытады.

Жел өпкенде шаштарыңды самала,

Күн сүйгенде дидарыңды шағала.

Жанарыңнан үзілемін мен сенің.

Осындағы самала желдің сұлудың шаштарын өбуінен жұмсақтықты, нәзіктікті аңғару қиын емес. Ал шағала күн ненің белгісі? Шағала – арманның, сезім еркіндігінің символы десек, осыны лирикалық кейіпкердің жүрегінен тани аламыз. «Шағала күн» тіркесіндегі «шағала» – жаңа метафоралық эпитет. Сонымен қатар сұлудың шаштарын самал өпкен, шағала күн дидарын сүйген әдемі көрініс көз алдымызға жанды суреттей көлбендейді. «Күн сырғалы дидарыңды көріп мен...» деген тармақ тағы да алдындағы жолдарды толықтыра, нықтай түседі. Манағы шағала күн енді сұлудың құлағындағы сыңғырлаған сырғаға айналыпты.

Ал мына өлеңіндегі әдемі сөз өрнектеріне көз салмай өту мүмкін емес.

Көктем де,

Белін бұған биші қыз,

Бел асып қырдан кеткен де.

Енді мына өлеңінде ақын көктемді белін бұған биші қыз қылып көз алдына көлбендетіп қояды. Тағы да:

Бөктер де

Бүршігін жайған қараған,

Бұрымын жайып өскен де,

– деп жанды суретті тағы да алға тартады. Қарағанның бұрымын жаюы керемет сурет емес пе?! Көктемде бүршік жайған қараған қай кезде жайқалып толып өсетінін аңғармай қалуымыз мүмкін емес. Яғни жаз ортасында деген сөзді ақын бір ауыз сөзбен осылай шебер жеткізіп тұр. Өлеңнің тақырыбы махаббат, сағыныш болса, осындағы «қайта өрілген бұрым, бұлқыған жүрек, құлазыған жан, жабырқау ой» тіркестері арқылы ақынның өлең арқылы айтқысы келген идеясы айқындалып тұр. Ол идея – сүйгеніне қол жеткізу. Міне, тақырып пен идеяның ұштасуы деп осыны айтады.

Жаңарған заман, өзгерген қоғам сияқты жаңа ақындар да көктемнен түскен, ғажайыптан пайда болған жоқ. Олар – кешегі арқалы ақындардың заңды жалғасы. Бұл жалғасу әлсіз талшықтармен емес, білеудей күре тамырлармен

байланысу керек. Міне, Серік Тілек те осындай қазақ поэзиясының құретамыры бола алады деп сенеміз.

Сондай ақындарымыздың бірі, соңғы уақытта қазақ поэзиясында жарық жұлдыздай жарқ ете қалған ақын – Мұратхан Шоқан. Қазіргі қазақ поэзиясының жақсы сипатта дамып, көтеріліп келе жатқыны қуантады. Жақсы ақыны бар, жақсы оқырманы бар поэзия қашанда жақсы белестерге көтеріле алады. Өлең өрісіндегі басқаға ұқсамайтын, мағыналық, құрылымдық жағынан өзінше өрістеп келе жатқан ақын Мұратхан Шоқанның бір алуан өлеңдеріне шолу жасауды жөн көрдік. «Жел еседі әрқашан айдарымда», – деп ақынның өзі жырлағандай, айдарлы ақынның өлеңдерін оқыған кезде көктемгі самала күннің шуағына тап келгендей боласыз. Өлеңдеріндегі ақынның өзіндік қолтаңбасын, сөзбен салынған айшықты суреттеулерін оқыған сайын құмарта түсесіз.

Театрда жыр кешімді өткізіп,

Аяқ асты жұртты елең еткізіп...

Пендешілік, әуреден құтылып,

Оңашада тұрмын түнге жұтылып...

Бала кезден батыратын тереңге,

Боз аспаннан күзгі айды көрем бе?.. [10].

Ақынның осы өлеңінде өтпелі пендешілік масаттану сезімінің дақпыртына ілеспей, өзінің мөлдір қалпын сақтай білгені жазылған. Осы тармақтардан кейінгі жолдарда тамаша суретке кездесеміз:

Бұталардың көзінен жас тамады [10],

– деп ақын көз алдымызға жылап тұрған бұталардың жанды бейнесін әкеліп береді. Күзгі күнгі табиғат құбылысын осылай бір-ақ ауыз сөзбен жеткізеді. Негізі өлеңде күздің бір күнінде шығармашылық кешін өткізіп, арқасын кеңге сала, көкірек кере дем алған ақынның жайы айтылады. Бірақ негізгі идея мүлдем басқа. Өлеңді тереңірек түсінуге тырысу керек.

Ертең тағы қарбаластық тұр күтіп.

Жұмыс керек қолайыма жағатын,

Кірлетпейтін қанатымды қағатын [10], – деген өлең жолдарынан көп нәрсені аңғаруға болады. Ақын болдым, толдым деуден аулақ. Келер күнге құлшына ұмтылады. Ертеңгі күнді қарбалас десе де, қанатын кіршіксіз қағатын деуі арқылы тіршіліктегі ақынның мұратын, асқақтығын көреміз. Сондай-ақ өзінің көңіл-күйін «боз аспандағы айды көрем бе...», – деу арқылы тамаша жеткізген. Толығырақ айтсақ, бала күннен бері ақынға серік болған «күзгі боз аспандағы ай». Ақын мына өмірдегі күйбең тіршілікті «күзгі боз аспан» деп алуында үлкен сыр жатыр. Ашық аспандағы жап-жарық ай десе, әсерсіз шындыққа жанаспайтын жалаң арман болар еді. Яғни ақын суреттеуінде тіршілік тек жақсыдан ғана емес, оның қат-қабат, қарбаласы,

жақсы-жаманы, қуаныш-қайғысы, ащы-тәттісі араласа жүреді дегенді ұға аламыз. Шындықты осылай бір ауыз сөзбен тамаша өрнектеуі – ақынның шеберлігі. Ақынның мінезінен сыр шертетін «Бакыт жайлы» өлеңі де талдауға сұранып тұрған көркемдігі келіскен шығарма деуге болады.

*Жылдарында, өмірдің айларында,
Бақыттымын көгімде ай барында.
Көңілсіз ете алмайды тірлік мені,
Жел еседі әрқашан айдарымда [10].*

Ақынның өзі айтқандай, «бақыт туралы да түсінігім бөлектеу» дегені кейінгі жолдарда анықтала түскендей болады.

Көгімде ай барында... Ай – ертеңгі күннің жарқындығының символы десек, осы арқылы ақын өмірдегі мақсатты жолын да білдіріп кеткен. Қаншалықты тіршіліктің күйбеңдігі ақынды жабырқата алмайды. «Айдарынан жел ескен» ақын өзіндік құлшынысы мен жігеріне сенеді. Бірақ ақын бұндай сенімділікке бірден келе қоймаған. Оған өлеңдегі мына шумақтар дәлел бола алады:

*Бір кездерде көңілсіз болдым, білем,
Білмей тегіс болмасын жолдың кілең.
Бақытсыз сезінуші ем кейде өзімді,
Қиырларға тастадым ол күнді мен.
Кейде арман етеміз тау алысын,
Қарапайым көпістің жауабы шын.
Кейін білдім, бақытсыз емес екем [10].*

Осы жолдардағы «...тегіс болмасын жолдың кілең...» – деген сөзі өмір заңдылықтарының шынайы бейнесін береді. Сол аңғал сезім мен албырттықты қиырларға тастаған ақынның:

Бақыттымын жанып тұр ішімде күн, – деуі келісті де шынайы шыққан. Суреткер шеберлігін, шығарманың көркемдік табиғатын таныту оп-оңай іс емес екені белгілі. Мұратхан Шоқанның өлеңдері зер сала, сырлы астарына тереңірек үңілуге жетелейді. Жеңіл ойлап, сыдыртып оқи салуды қажет етпейді десек те болады. Әр өлеңінің тақырыбы өміршең, идеясы асқақ болып келеді. Сондай өлеңдердің бірі деп «Бір түрлі болып жүрмін» деген өлеңін айтуға болады.

*Желкілдеп тұрмаса да қияқ күнім,
Күмбірлеп көңілімнен күй ақты мың.*

Біртүрлі болып жүрмін, бір түрлімін [10], – деп басталады өлең.

Осы жолдардағы қияқ күн – әдемі эпитет. Бұл жерде қияқ – шидің, қамыстың балғын кезіндегі атауы. «Желкілдеп тұрмаса да қияқ күнім», деген жолдан ақынның қияқтай желмен желкілдеген жастық дәурені басында тұрмағанын білеміз. Ақын осы тіркес арқылы аз сөзге көп мағына сыйғызғандай.

Жоғарыда сөз еткен өлеңдері Мұратхан Шоқанның қатардағы көп ақынның бірі емес, тамаша суреткер екенін, басқаға ұқсамайтын ерекшелігін, стилін дәлелдейді. Біз қазір өлең талдау дегенде шығармада орын алған ойларды жалаң мазмұндау санайтын өріссіз түсініктен арылуымыз керек.

*«Шарасыздық» өлеңі осы сөзімізге нақты жауап болады.
Ай шығып, Алатауға қалды ілініп,
Отырмын үмітіме сәл жылынып.
Бақтарды аяп қоям, қайың жылап,
Қазанда жасын төккен тал бүлініп... [10].*

Осы шумақтағы «айдың Алатауға ілінуі» шарттылық құбылыс және тамаша суретті көз алдымызға әкеледі. Таудың асқақтығын символ ретінде алға тартса, үмітіне сәл жылынып отырған ақынның көңіл күйі нені аңғартады? Одан кейінгі жолдарға назар салайық:

*Бақтарды аяп қоям, қайың жылап,
Қазанда жасын төккен тал бүлініп...
Төгіліп жапырағы тал-қайыңның,
Барлығы ғайып болған балдай үннің [10].*

Жапырақтары төгілген қайыңның жылауы, талдың бүлінуі, балдай үндерінің ғайып болуы – барлығы әдемі суреттерді жанды бейнедей алдыңа тартады. Қайың – сұлулықтың символы десек, сол сұлу арудың жылауы оқырманын елжіретіп, көңілін босатары анық. Шебер ақын әдемі өрнекті сөздерді өріп алдымызға әкеліп береді.

*Төгіліп жапырағы тал-қайыңның,
Барлығы ғайып болған балдай үннің.
Бірдеңе болып жатыр айналамда,
Секілді көшірмесі хал-жайымның... [10].*

Тағы да сол тал-қайың. Бұл жолдарда ақын алдыңғы ойды дамыта түседі. Қайың мен талдың жылауының мәні осында екен ғой. Күз келіпті. Жапырақтары төгіліп жатыр екен ғой дейсіз еріксіз. Осы тармақтағы төгіліп сөзі, нақты айтсақ төгіліп түсуі нақтылық және жапырақтардың көптігін білдіреді. Ақын табиғат көрінісін осылай жанды суреттеуді қатар қою арқылы өз көңіл-күйін бере білген.

Оқырман жүрегінен ыстық ықыласты еріксіз тартатын Мұратхан ақынның өлеңдерін толқымай, тебіренбей оқу мүмкін емес. Бұл өз оқырмандарын тапқан, қалыптасқан, бояу өрнектері ерекшеленген тамаша ақынымыз Мұратхан Шоқанның жаңа белестері екендігі анық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қазіргі жастар поэзиясы өкілдері Дәурен Берікқажыұлы, Рахат Әбдірахманов, Саят Қамшыгер, Серік Тілек, Мұратхан Шоқан

өлеңдерінде табиғаттың суреттелу жолдарынан өздеріне тән тың сөз қолданыстарын, поэзиядағы дәстүрді жалғастыратын жаңашылдықтары барын аңғарамыз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Әскербекқызы, Ж.** Көркемдік өріс: Есенғали поэзиясы негізінде / Ж. Әскербекқызы. – Алматы : Таймас, 2008. – 296 б. – ISBN 9965-806-81-0.
- 2 **Берікқажыұлы, Д.** Өлеңдер [Электронды ресурс]. – <http://alashainasy.kz/omir/sayat-kamshyiger-50674>.
- 3 **Жүсіп, Қ. П.** Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелілік. / Қ. Жүсіп. – Павлодар, 2000. – 384 б. – ISBN 9965-449-64-3.
- 4 **Әбдірахманов, Р.** Өлеңдер [Электронды ресурс]. – <http://massaget.kz/layfstayl/debiet/poeziya/>
- 5 **Жұмабаев, М.** Шығармалары. – Алматы : Жазушы. 1989. – 448 б.
- 6 **Қирабаев, С.** Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. – Алматы : Ғылым, 2001. – 448 б.
- 7 **Қамшыгер, С.** Өлеңдер жинағы [Электронды ресурс]. – <http://alashainasy.kz/omir/sayat-kamshyiger>.
- 8 **Серік Тілек.** Өлеңдер жинағы [Электронды ресурс]. – <http://alashainasy.kz/omir>
- 9 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы : Дайк-Пресс, 2008. – 968 б. – ISBN 9965-798-99-0
- 10 **Мұратхан, Ш.** Өлеңдер жинағы [Электронды ресурс]. – <http://altyalash.kz>.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

Г. Т. Карипжанова¹, Р. М. Муталиева²

Пейзажная лирика в современной молодежной поэзии

^{1,2}Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

Г. Т. Karipzhanova¹, R. M. Mutalyeva²

The landscape lyrics in modern youth poetry

^{1,2}S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

В статье анализируются работы представителей современной казахской поэзии. Поэты используют разные методы повторения, чтобы описать внутренний мир лирического героя. А также используют олицетворение, метафоры и слова выраженные национальным стилем. Этим определяется индивидуальность каждого писателя. Каждый писатель использует разные методы описания, повествования по своему и также передает эмоции читателю своеобразно. В современной казахской поэзии писатели использовали разные абстрактные понятия, различные олицетворения. Также употреблялось одушевление абстрактных понятий. В литературоведении писатели часто используют такие методы, чтобы хорошо передать читателю свои эмоции, свою точку зрения. Но каждый поэт индивидуально употребляет нужные ему выражения.

In the article, the work of modern Kazakh poets is analyzed. Poets use different repetition techniques to describe the inner world of the lyric hero. And, also, use personifications, metaphors and words expressed by the national style. This determines the individuality of each writer. Each writer uses different methods of description, narrative in his own way and also conveys emotions to the reader in his own way. In modern Kazakh poetry, writers used various abstract concepts, different personifications. Animation of abstract concepts was also used. In the science of literary criticism, writers often use such methods to convey their emotions, their point of view to the reader. But each poet individually uses the expressions he needs.

А. О. Каудырова

к.ф.н., доцент, Департамент казахского и русского языков, Школа общеобразовательных дисциплин, Университет КАЗГЮУ, г. Астана, 010000, Республика Казахстан
e-mail: aiman_666@mail.ru

ПОВЫШЕНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПРИМЕНЕНИЯ ПРАКТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ ИЗВЕСТНЫХ ПЕДАГОГОВ НА ЗАНЯТИЯХ ПО КУЛЬТУРЕ РЕЧИ

В настоящей статье автор показывает пути работы над лексическими ошибками, справедливо полагая, что речь человека – его визитная карточка. Статья посвящена определению основных функций и важности их выполнения при организации контроля знаний, умений и навыков по РКИ студентов гуманитарных специальностей вуза. Актуальность данной статьи заключается в том, что проверка и оценка знаний в вузе является очень важной и необходимой составной частью учебного процесса, а овладение методикой проверки знаний является одной из важных и трудных задач, стоящих перед преподавателем. Немаловажным является и то, что сегодня преподаватель в вузе перестает являться основным источником информации, он должен скорее, направлять обучение, а не управлять им.

Ключевые слова: речь, лексические ошибки, лексическая норма.

ВВЕДЕНИЕ

Речь – визитная карточка юриста

Речь – это не только средство выражения мыслей и чувств. Это показатель нашего интеллекта, постоянная реклама наших способностей, нашей работы над собой. По тому, как мы говорим, наши собеседники делают вывод, кто мы такие, так как речь независимо от воли говорящего создает его портрет, раскрывает его личность. Речь – это своеобразный паспорт человека, который точно указывает, в какой среде общается говорящий, как он относится к людям и родному языку, каков его культурный уровень. К. Г. Паустовский даже писал, что «по отношению каждого человека к своему языку можно совершенно точно судить не только о его культурном уровне, но и о его гражданской ценности».

От степени владения нормами и богатствами языка зависит, насколько точно, грамотно и понятно может говорящий выразить свою мысль, объяснить то или иное жизненное явление, оказать должное влияние на слушателей. Ведь речь может быть доходчивой – неясной, правильной – небрежной, уместной – неуместной, логичной – нелогичной, выразительной – сухой, богатой – бедной, самобытной – штампованной, убедительной – неубедительной.

В. Шекспир предупреждал молодых: «Следите за своей речью, от нее зависит ваше будущее». Действительно, если человек владеет речью, если умеет говорить доходчиво, логично и убедительно, – он легко устанавливает контакты с людьми, уверенно чувствует себя во всех жизненных ситуациях; у него удачно складывается карьера; он добивается успехов во всех своих делах. Он всегда лидер, всегда – ведущий.

Человеку же, не умеющему говорить грамотно и убедительно, суждено быть во всем только ведомым. Жить ему намного труднее: он чувствует себя скованным, ущербным; почти всегда терпит поражения; у него гораздо меньше друзей, да и карьера складывается непросто... Поэтому необходимо учиться культуре речи. А что это такое?

Культура речи понимается как умение использовать в конкретной ситуации такие языковые средства, которые позволяют обеспечить наибольший эффект в достижении коммуникативных задач. Это употребление единственно нужных слов и грамматических конструкций в каждом конкретном случае.

Культура речи в значительной степени обусловлена культурой мышления, сознательной любовью к языку и уважением к себе как к личности. Однажды писатель Корней Иванович Чуковский на коряво сформулированный вопрос, «как повысить качество своего языка», ответил: «Нет ничего проще. Чтобы повысить качество своего языка, нужно повысить качество своего интеллекта».

Основной критерий культуры речи – нормативность, которая понимается как точность, правильность, чистота речи. Это умение точно, в соответствии с нормами литературного языка выражать мысли, без употребления жаргонных, диалектных и просторечных слов.

Высшим уровнем культуры речи является речевое мастерство, заключающееся в умении ясно (доходчиво), логично и убедительно раскрывать мысли, в богатстве словаря и разнообразии грамматических конструкций. Важно передать информацию не только грамотно, но и экспрессивно; не штампованными, надоевшими словами, а по-своему, самобытно, индивидуализировано. Речевое мастерство включает в себя умение найти наиболее точное, значит, наиболее подходящее для конкретной ситуации и стилистически оправданное средство языка. Речевое искусство предполагает и умение пользоваться риторическими приемами, способствующими эмоциональному, психологическому воздействию.

Важно ли для юриста независимо от его специализации владеть культурой речи? Безусловно, важно. Для юриста умение хорошо говорить – это прямая профессиональная необходимость.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Обобщая всё вышеизложенное, мы полагаем необходимым привести в данной статье в качестве иллюстрации и доказательства правоты нашей позиции методику проведения конкретного учебного занятия, которая уже неоднократно применялась в практике преподавания по дисциплине «Культура речи и ораторское искусство».

Оборудование

1 Раздаточный материал с тренировочными упражнениями.

2 Проектор

I Орг. момент.

II Анализ выполнения студентами практической работы.

III Новая тема «Логическая организация юридического текста»

Задание: прочитайте записанное на доске предложение.

Наш корреспондент Петр Орлов находится в эпицентре событий. (Из телевизионных новостей)

Есть ли в нем ошибки? Находим ошибку, выявляем ее причину. Если она не будет найдена в предложении, то обращаемся за помощью к студенту, который подготовил словарь для сегодняшнего занятия; выясняем лексическое значение слова эпицентр.)

Преподаватель: «Послушайте, что пишет корреспондент газеты «Известия»: «Эпицентр – не центр. Если бомба или граната взрывается на земле, то никакого эпицентра не существует – есть только центр этого взрыва. Так что фраза «мы находимся в эпицентре событий» звучит совершенно нелепо, так как буквально означает «мы находимся не в центре событий».

Вопрос группе: «Какая норма русского литературного языка нарушена в данном предложении?» (Лексическая норма)

Вывод: Нарушение лексической нормы приводит к лексическим ошибкам.

Тема занятия – «Логическая организация юридического текста»

Объявление цели занятия. Мотивация: говорить и писать правильно должен каждый человек. Хорошее владение речью не только обеспечивает удачное повседневное общение, но и является одним из условий профессионального успеха.

Вопрос группе: «Что определяет лексическая норма?»

(Употребление слов в соответствии с их лексическим значением, возможную сочетаемость слов с другими словами)

III 2 Нарушение лексической сочетаемости слов

Запись на доске

1 Посетив краеведческий музей, мы обогатили свой кругозор.

(Из отзывов посетителей)

2 Налоги взимаются с учетом суммы растаможки.

(Из объявления в налоговой инспекции)

3 На Дворцовой площади много страшно красивых зданий.

(Из разговора)

4 Чтобы обсудить поездку, мы решили встретиться по телефону.

(Из разговора)

Проверка выполненного задания: 1) обогатили свой кругозор – расширили (несочет. по традиции); 2) суммы растаможки – суммы таможенных сборов; (стилистическая разнородность: офиц.-дел. и разг.); 3) страшно красивых – очень красивых (несовместимость в силу различных оценок – полож. и отр.);

IV Первичная проверка понимания материала

Упражнение 1. Найдите лексические ошибки, исправьте их, объясните.

Рейд выявил плеяду жуликов. Их связывала сильная, закаленная в жизненных испытаниях дружба. В селе Новоселки возвели новый коровник и воздвигли баню. Командировочному пришлось долго ждать оформления документов. Наблюдается чудовищное улучшение условий жизни.

(При проверке обратить внимание на синонимы (возвели – воздвигли -построили), паронимы (командировочные – командированные); при затруднениях обращаться к словарю.)

Сообщение. Лексические ошибки, снижающие выразительность речи: плеоназм, тавтология, слова – паразиты, жаргоны.

Слова, которые встречаются в речи определенных групп людей: молодежи, студентов, а также деклассированных элементов: воров, бродяг, карточных шулеров. Например: заливать – неправдоподобно рассказывать; моргалы – глаза.)

Является ли нарушением лексической нормы употребление в речи жаргонных слов? (Жаргонные, просторечные и диалектные слова находятся за пределами русского литературного языка, поэтому употребление их в речи – лексическая ошибка.)

Какие лексические единицы называются «словами-паразитами»? Является ли их употребление в речи лексической ошибкой?

(«Слова-паразиты» – это слова, не связанные с содержанием речи, которыми говорящий заполняет вынужденные паузы: «ну», «э-э», «как бы», «это самое», «так сказать» и т.д. Употребление их – лексическая ошибка, так как они нарушают сочетаемость слов в предложении.)

2) Представление результатов микроисследования «Жаргонизмы и «слова-паразиты» в речи студентов групп ЮР-406, ЮР-406, выводы.

IV Закрепление знаний, выработка умений

Упражнение 1

Выпишите из скобок слова, соответствующие норме сочетаемости. Объясните причину выбора. Вставьте пропущенные буквы.

1 Дружба (сильная, **крепкая**)

Водить (**дружба**, любовь)

Приходить в (**ярость**, радость)

Зияющая (**пропасть**, вершина)

Высказать (**мнение**, вопрос)

Глухой (**овраг**, обрыв).

Достичь (**успех**, положение)

Верный (обещание, **клятва**)

2 Полуразруше...ую церковь решили (строить, реставрировать). На третьем курсе нам (представилась, предоставилась) возможность пройти практику на предпр...ятиях УГПУ. Заметив (оплошка, ошибка), технолог стал ее испр...влять. Этот человек был полный (невежа, невежда) в вопросах иску(с)ства. Для всей школы этот ученик был (басней, притчей) во языцех. ТЕ

Упражнение 2. Устная работа (по цепочке)

Найдите речевую избыточность, объясните.

1 Патриот своей Родины

2 Ни мясо ни рыба (фразеологизм)

3 Родился в марте месяце

4 Сообщить о плохом инциденте

5 Разговариваю с коллегой по работ

6 Компьютерная диагностика

7 Пожилые старички

8 Незаконные бандформирования

9 Заведомая клевета

10 До восьмого пота (фраз.)

11 Моя автобиография

12 Коренные аборигены

13 Отступить назад

14 Главная суть книги

15 Свободная вакансия

16 Необычный феномен

17 Научный семинар

18 Совместное соглашение

19 Народный фольклор

20 Юный вундеркинд

Упражнение 3

Отредактируйте текст объяснительной записки.

Объяснительная записка

Я, Иванов Петр, студент группы СК-К-201, отсутствовал вчера на практике, так как мне срочно нужно было купить памятный сувенир своему предку. Долго выбирал крутую мобилу со всеми потрохами, поэтому в технарь опоздал.

Обещаю, что пропуск занятий отработаю, в дальнейшем пропускать занятия не буду.

1 апреля 2015 г. П. Иванов

Карточка для индивидуальной работы № 1

Найдите лексические ошибки и запишите предложения в исправленном варианте.

Нельзя касаться оголенных проводов незащищенными ладонями рук. Посетитель так и ушел не солоно нахлебавши. Рабочий был уволен за прогул без уважительной причины. Трудно практиканту усвоить сложные механизмы. Новые железные дороги возникнут в трудных для освоения районах Крайнего Севера. Можно начать собрание: форум уже есть. Наши сверхзвуковые аэропланы были представлены на международной выставке. Хороший руководитель должен во всем показывать образец своим подчиненным. Ударение в русском языке, ну, разноместное, ну, оно подвижное. На строительные объекты бесперебойно доставляются строительные материалы.

Карточка для индивидуальной работы № 2

Перепишите предложения в исправленном варианте. Вставьте пропущенные буквы.

Фон..грамму озвучания мы сделали довольно быстро. Весь май месяц я работала над курсовой. На научном семинаре автор изл..жил главную суть своей книги. Он дал мне дружестве(нн, н)ый совет. В прошедшие дни прошли снегопады, выпало много снега. Мы собрались отметить юб..лейную дату дня. Выпас собак запр..щается. Пресса высоко позитивно оценивает результаты выборов. Чистота улиц от этого не прогрессировала. На третьем курсе нам представилась возможность пройти практику на предпр..ятиях УГПУ. Участники творческой экспедиции рассказали о перспективах на будущее.

V Домашнее задание: Речи ораторов

VII Рефлексия (варианты)

- Что вы ожидали от сегодняшнего занятия?
- Что из полученной информации важно для вас?
- Что нужно делать, чтобы правильно и красиво говорить?
- Что вам еще необходимо в себе исправить?

ВЫВОДЫ

Мы работали над типичными лексическими ошибками. Помните, что речь человека – это его визитная карточка. Я надеюсь, что вы после сегодняшнего занятия будете более внимательны к слову, к своим высказываниям

Вывод, приведенный в конце занятия, является обобщающим и для данной статьи. Как мы убедились из приведенного, культура речи является для юристов основополагающим требованием. Это не наше открытие, методика и другие приемы, выявленные нами, практически используются нами преподавателями – филологами Университета КАЗГЮУ. Применяемое несомненно доказало свою эффективность в деле улучшения как письменной, так и устной речи студентов – юристов.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Жабенко, В. С.** Некоторые аспекты процесса формирования культуры письменной речи юриста // Сборник трудов Санкт-Петербургской юридической академии. Ежегодный научно-практический журнал. 2005. – № 1 (1). – С. Пб. : Изд-во С.-Петербург. юрид. акад., – С. 70–74.

2 **Максимов, В. И.** Русский язык и культура речи. В 2-х частях. – М., 2000.

3 **Плещенко, Т. П., Федотова, Н. В., Чечет, Р. Г.** Стилистика и культура речи. – М., 2001.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

А. О. Каудырова

Белгілі педагогтердің практикалық дағдыларын тіл мәдениеті сабақтарында қолдану тиімділігін арттыру

Жалпы білім беру пәндері және
тілдік даярлық жоғары мектебі,
КАЗГЮУ университеті,

Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

А. О. Kaudyrova

Increase of the efficiency of practical skills application of known teachers on sessions of the culture of speech

School of General Education and Language Training

KAZGUU University,

Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

Бұл мақалада автор сөздік қателіктермен жұмыс істеу әдістерін көрсете келе, адамның сөйлеу этикасы – оның іскерлік карточкасы екендігін де баса айтады. Сондай-ақ, мақала жоғары

оқу орнындағы гуманитарлық мамандықтар бойынша оқитын студенттерінің білімдерін, дағдыларын және әдеттерін бақылауды ұйымдастыруда негізгі функциялар мен олардың маңыздылығын анықтауға арналған. Осы мақаланың өзектілігі – білім беру жүйесіндегі білімнің сараптамасы мен бағасы өте маңызды және оқу процесінің қажетті бөлігі және тестілеу білімдерін меңгеру мұғалім алдында тұрған маңызды және күрделі міндеттердің бірі. Сонымен қатар, бүгінгі күні университет оқытушысы ақпараттың негізгі көзі емес, яғни, қазіргі заманауи қажеттілік бойынша бағыт-бағдар беру екендігін басым көрсетеді.

In this article, the author shows the ways of working on lexical errors, rightly believing that a person's speech is his business card. The article is devoted to the definition of the main functions and the importance of their implementation in the organization of the control of knowledge, skills and habits of the university students of humanitarian specialties. The relevance of this article is that the examination and assessment of knowledge in the university is very important and necessary part of the learning process, and mastering the methodology of testing knowledge is one of the important and difficult tasks facing the teacher. It is also important that today a teacher at a university ceases to be the main source of information, he should direct the teaching, rather than manage it. The article is devoted to the definition of the main functions and the importance of their implementation in the organization of the control of knowledge, skills and habits of the university students of humanitarian specialties in the Kyrgyz Republic. The relevance of this article is that the examination and assessment of knowledge in the university is very important and necessary part of the learning process, and mastering the methodology of testing knowledge is one of the important and difficult tasks facing the teacher. It is also important that today a university teacher ceases to be the main source of information, he should rather direct the teaching, rather than manage it.

С. К. Кенжемұратова

ф.ғ.к., доцент, Қазақ және орыс тілдері кафедрасының меңгерушісі, Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы
e-mail: Salimasalima1@mailru

ОРЫС АУДИТОРИЯЛАРЫНДА КӘСІБИ ЛЕКСИКАНЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Мақалада жоғары оқу орындарының орыс тілді бөлімінде білім алатын студенттерге кәсіби лексиканы меңгерту мәселесі қарастырылған. Қазақ тілін мамандыққа бағыттап оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер сөз болған. Студенттердің жаратылыстану мамандығы бойынша кәсіби лексикасын дамытудың бірден-бір жолы – сөздік жұмыстары, кәсіби терминдермен, кәсіби мәтінмен жұмыс істеу әдістері нақты мысалдар негізінде көрсетілген.

Сонымен қатар, студенттерге кәсіби бағытталған лексиканы оқытқанда фонетикалық материалдарды іріктеу дыбыстық және үндестік заңының фонологиялық маңызымен, фонемалардың позициялық және комбинаторлық жағдайға байланысты айтылуында болатын түрлі өзгерістерімен, жазылудағы ерекшелік-терімен байланыста жүргізілетіні айтылады және тіл үйренушілердің сөзді дұрыс айту дағдысын қалыптастыру көзделеді. Екінші тілді үйретуде кәсіби лексиканы дамыту жұмыстарының барлық түрі тұтас, яғни кешенді қарастырылатыны мақсат етіледі.

Кілтті сөздер: кәсіби лексика, сөздік жұмыс, кәсіби терминдер, арнайы мәтіндер, оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым, тілдесім, аударма, жаттығу.

КІРІСПЕ

Мемлекеттік тілдің қоғамдағы орны жайында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің Мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек» [1, 3]. Бұл қазақ тілін қоғамдағы бірліктің күші ретінде таныту қажеттігімен қатар, оны өзге ұлт өкілдері меңгеру керектігін көрсетеді.

Жаһандану әлемінде әр халықтың, әр ұлттың өзіндік өмір салтын қазіргі өркениет талаптарына сай жетілдіре отырып, өзіндік ұлттың ұлағатын сақтап қалу – ең басты міндеттің бірі. Тіл саясатын жүзеге асыру жағдайында, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігінің қалыптасуында студенттерді кәсіби қазақ тіліне оқыту ерекше орын алады. Кәсіби қазақ тілінің мақсаты – әр түрлі салада қызмет ететін болашақ мамандардың бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, жоғары моральдық қағидаларды, адамзаттық құндылықтарды сіңіріп, кәсіби этикетті меңгерту болып табылады. Осының нәтижесінде түрлі тәрбие жұмыстары жүргізіледі. Демек, жоғары оқу орындарында студенттер тәрбиесі – оқыту жүйесінің бөлінбес бір бөлігі болып табылады. Әлемдік бәсекеге қабілетті мемлекетті қалыптастыруда кәсіби сауатты маман дайындаудың маңызы артуда. Кәсіби қазақ тілі сабақтарының болашақ мамандарды тәрбиелеуде өзіндік орны бар. Ең бастысы, тілдік жағдаяттардың, мәтіндердің тәрбиелік мәні болуы керек. Тіл мамандары ең алдымен, мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне меңгерту ұстанымдарын, ерекшеліктері мен әдістерін кешенді қарастырып, білім беруді жүйелі түрде ұйымдастыруы керек.

Қазақ тілін оқыту әдістері өзге ұлт өкілдеріне екінші тілді оқыту ұстанымдарына негізделеді. Қандай да бір тіл болмасын, оны екінші тіл ретінде оқытуда – оқытушы сабақта сөйлеу әрекетінің негізгі бес түрінің орындалуын қамтамасыз етеді: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, сөйлесім. Екінші тілді үйретуде кәсіби лексиканы дамыту жұмыстарының барлық түрі тұтас, яғни кешенді қарастырылады.

Мәтін сабақта жүргізілетін барлық жұмыстарға негіз болады. Мәтінмен жұмыс жүргізуде де, грамматиканы түсіндіруде де атқарылатын негізгі жұмыс – кәсіби лексиканы дамыту жұмысы. Мемлекеттік тілді оқыту жұмысы коммуникативтік бағытта функционалды-жүйелік әдісті қолдану негізінде, салыстырмалы грамматиканы тиімді пайдалану арқылы іске асады. Әсіресе, интерактивтік әдістер (сұрақ-жауап әдісі, аударма әдісі, жобалау технологиясы, қарқынды оқыту технологиясы, дамыта оқыту, ұжымдық, проблемалық оқыту технологиялары, модульдік оқыту технологиялары) кәсіби лексиканы меңгертуде – кәсіби бағдарлық жолмен меңгерту, мамандыққа байланысты мәтіндерді ауыспалы жұптық жұмыстар жүргізу арқылы меңгерту, топтық жұмыстары, кәсіби-іскерлік жұмыстарды тиімді қолдану арқылы кәсіби лексиканы меңгерту оқытушыдан көп ізденісті талап етеді. Орыс топтары үшін қазақ тілінде сөйлесе білуді іске асыратын, студенттердің қоғамдық ортада пікір алмасуын, олардың түсінісу қажеттігін өтейтін, тілдік білімді жылдам меңгертуді қамтамасыз ететін тиімді әдістердің бірі – ұжымдық оқыту әдісі.

Ұжымдық оқыту әдісі туралы ғалым Ф. Ш. Оразбаева: «Тіл үйренудің ұжымдық формасы – тіл үйренушілердің бүкіл топтағы адамдардың әрқайсысымен жеке сұқбаттасу арқылы олардың бірін-бірі оқытуы, адамдардың бірінен екіншісінің үйренуі, пікір алмасуы және әр жұп сынарларының ауысып отыруы нәтижесінде бүкіл ұжым мүшелерінің түгел камтылып: әрі жұптық, әрі топтық тілдік қатынастың жүзеге асуы» [2, 129], – деген анықтама береді.

Заман талабына сай қазір студенттер мемлекеттік тілді үйренудің аса қажеттілігін және оның болашақ мамандықтарына керек болатындығын естерінде ұстағаны абзал. Ал, оқытушы өзінің барлық күш-жігерін студенттердің мемлекеттік тілді меңгеруге қызығушылығын арттыруға жұмсауы қажет. Ғалымдардың айтуынша, ең алдымен осындай уәждеменің күші оқыту әрекетінің нәтижелілігіне әсер етеді. Жағдаятты тиімді игеру тіл үйренушінің жеке ынтасына да тәуелді. Егер тіл үйренуші білімді игеруде ынталанбаса, қажетті нәтижеге жету мүмкін емес. Сонымен, студенттерді қазақ тіліне оқыту әдістеменің дидактикамен өзара тығыз байланысы ғана оқудың, танымның, білімді игерудің тиімділігін және олардың тәжірибеде жүзеге асуын қамтамасыз етеді. Сол себептен, қазақ тілі сабақтарында кәсіби лексиканы оқыту барысында төмендегідей ұстанымдар басшылыққа алынды: саналылық ұстанымы, жекелік және ұжымдық біртұтастығы ұстанымы, нақтылық пен абстрактылық бірлігі ұстанымы, түсініктілік (ашықтық) ұстанымы, білімнің беріктігі ұстанымы, кешенді оқыту ұстанымы.

Ұжымдық әдіс студенттердің бір-бірімен жұптасып немесе алмасып жұмыс істеуіне құрылған. Ұжымдық әдістің негізгі белгілері мыналар болып табылады: топ студенттерінің ортақ мақсаттарын анықтау; топтағы студенттердің қызметтері мен міндеттерін ажыратып көрсету; өзара ынтымақтастық және достық қарым-қатынастың болуы, бір-біріне көмек көрсете білу; студенттерді бірінің жұмысын бірі бағалауға, бақылауға, басқаруға үйрету; барлығы бірі үшін, бірі барлығы үшін әрекет ету; студенттер арасындағы теңдік, бірлік қатынасты іс жүзіне асыру.

Кәсіби қазақ тілін оқытуда ұжымдық әдісті пайдаланудың мақсаты – әр студент білімінің жоғары деңгейге жетуіне мүмкіндік беру, білімді меңгеруде күш пен уақытты аз жұмсай отырып, көздеген жетістіктерге қол жеткізу. Бұрын жоғары оқу орындары оқу мазмұнын құрастыруға көп көңіл бөлген болса, енді кредиттік оқу жүйесі жағдайында оқыту, оқу және бағалау арқылы студенттердің «не білетіндігін», яғни студенттердің оқу нәтижелерін анықтауы қажет. Бұрынғы «біліктілік» термині қазір «құзырлылық, құзіреттілік» терминімен ауыстырылған. Бұл дегеніміз, әрбір студенттің кең ауқымды контекст аумағында оқып-үйреніп, өмірде кездесетін небір экстремальды жағдайларда кез келген жағдайларды шешуге қабілеттілік

танытып, өзінің құзырлығын дәлелдей білу керектігін білдіреді. Демек, үйрену мен үйрету – тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан, жоғары оқу орындарында оқу процесінің негізін интерактивті әдістемелер құрауы керек.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ тілі сабағында кез келген оқытушы студенттердің дүниетанымын, тіл байлығын, ақыл-ой өрісі мен танымдық қабілетін жетілдіруді көздейді. Қазақ тілін орыс топтарында оқытуда қолданылатын әдістерінде басқаша болатынын да бұл жерде ескеру керек. Қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне оқытуда қазақ тілі пәнінің міндеті біріншіден, студенттің сауаттылығын, ойлау қабілетін дамыту барысында жаттығу жұмыстарымен бекіту. Екіншіден, қазақ тілі пәнінде мамандыққа арналған мәтіндер мен терминдерді беру арқылы студенттердің еркін сөйлеу дағдысын қалыптастыру болып табылады. Студенттің тілін дамыту мақсатында өз бетімен жұмыс істеуге, ойын еркін жеткізуге дағдыландыру қажет. Демек, өзге ұлт өкілдері қазақша түсіне білуге, сөйлей білуге, мазмұндай білуге, өз ойын анық айта білуге, жаза білуге үйрету – басты мақсаттардың – бірі болып табылады.

Тілдік қатынас теориясының мақсаты – тіл үйренушінің өз ойын еркін жеткізіп, естігенін, оқығанын, жазғанын тез түсіне алу дәрежесіне дейін көтеру.

Мұның бір қыры студенттерге болашақ мамандықтарына бағдар беру арқылы әрбір сабақтың дидактикалық материалын болашақ мамандық лексикасымен байланыстыру арқылы жүзеге асады.

Мамандыққа баули оқыту барысында олардың мамандыққа қатысты дағдыларын дамыта отырып, қазақша айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім іскерліктерін қалыптастыру қажет.

Өндірістің қай саласында болмасын мамандығына байланысты қазақ тілінде еркін сөйлеп, қызмет ету; білімін, тіл байлығын жетілдіру – қазіргі заман талабы. Тіл қатынасы әңгімесушілердің өзара ақпарат алмасуынан қалыптасады. Бұл ақпарат алмасу тіл қатынасының коммуникативтік сипатын құрайды, сөйлеу барысындағы сөз алмасу ғана емес, сонымен қатар бір-бірінің әрекетін, қылығын танытады, өзгеріске келтіреді, жауап беруге талпындырады.

Техникалық жоғары оқу орындарының студенттері үшін қазақ тілі сабағы тек тіл үйрену көзі ғана емес, сонымен қатар мамандықтары бойынша жаңа білім жинау көзі болып табылады. Олай болса, қазақ тілін мамандыққа қатысты оқу бағдарламасына сәйкестендіріп оқытудың маңызы ерекше.

Кәсіби бағытталған лексиканы оқытқанда фонетикалық материалдарды іріктеу дыбыстық және үндестік заңының фонологиялық маңызымен, фонемалардың позициялық және комбинаторлық жағдайға байланысты

айтылуында болатын түрлі өзгерістерімен, жазылудағы ерекшеліктерімен байланыста жүргізіледі. Қазақ тілінің өзгешелігін аңғартатын тоғыз дыбыс бар. Олар сөз мағынасын өзгерте алатын фонемалар болып саналады. Егер де студент бұл дыбыстарды меңгермесе, қазақша дұрыс сөйлеуі де, жазуы да мүмкін емес. Оқу барысында дыбыстардың дұрыс айтылуына, жаттықтыру жұмыстарына ерекше мән беріледі, тіл үйренушілерде сөзді дұрыс айту дағдысын қалыптастыруды мақсат етеді.

Осы тұрғыдан келгенде, қазақ тілін мамандыққа бағыттап оқытуда кәсіби лексиканы меңгерту бірінші кезекте тұратыны анық. Қазіргі қоғам талабына сай қазақ тілі кеңінен сұранысқа ие болуда. Бұл бүгінгі студент – ертеңгі маманның алдында жаңа міндет – кәсіби лексиканы меңгеруді қажет етеді. Студенттердің кәсіби лексикасын дамыту, біріншіден, студенттердің кәсіби тілде сөйлеу сауаттылығын дамытады, екіншіден, болашақ мамандарға ойын дұрыс және еркін жеткізуге көмектеседі.

Жоғары оқу орындарында барлық мамандықтар бойынша мемлекеттік тілді үзіліссіз оқыту мәселесі соңғы жылдары жандана түсті. Орыс тілді бөлім студенттеріне түрлі мамандыққа арналған «Қазақ тілі» оқулықтары Ф. Оразбаева, Б. Қасым, К. Жақсылықова, З. Күзекова, Г. Қарақұсова, Ш. Құрманбайұлы, С. Жусанбаева, К. Сариева, Г. Ауқашева, Г. Алдамбергенова, М. Мамаева, А. Сыбанбаева, т. б. ғалымдардың құрастыруымен жарық көрді. Орыс тілді бөлім студенттеріне мемлекеттік тілді олардың болашақ мамандықтарына сай оқыту мәселесі Р. Шаханова, Б. Ахметбекова, Г. Алдамбергенова, М. Жороқпаева, А. Мұратбекова, Г. Тұрсыновалардың ғылыми еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Студенттердің жаратылыстану мамандығы бойынша кәсіби лексикасын дамытудың бірден-бір жолы – сөздік жұмыстары. Сөздік жұмысы студенттердің сөздік қорын белгілі бір ғылым саласына қатысты терминдер арқылы дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады. Әдістеме ілімінде қазақ тілін студенттердің болашақ мамандықтарына бағыттап оқытуда «сөздік қорды байыту» мәселесінің алатын орны ерекше. Осы тұрғыдан келгенде, практикалық маңыздылығы айқындалады. Бүгінде өзге ұлт өкілдерінің өз мамандығы бойынша терминдерді пайдаланып, еркін тілдік қарым-қатынасқа түсуі талап етілуде.

Әсіресе кәсіби лексиканы меңгерту жұмысы мамандыққа байланысты терминдер мен сөздерді игеру барысында іске асады.

Болашақ мамандардың кәсіби қарым-қатынас жасай білу біліктілігінің жүзеге асуы үшін оларға қажетті арнайы терминдерді сөйлеу тілінде белсенді және сауатты қолданылуын қамтамасыз ету қажет.

Жоғары оқу орындарының орыс бөлімінде оқытын студенттерге мемлекеттік тілді меңгерту сапасын арттырудың бірден-бір жолы - олардың

сөздік қорын кәсіби терминдер арқылы жетілдіріп, сөйлесім әрекетінде орынды қолдануға тәсілдіру. Өйткені, студенттер үшін кәсіби терминдер кәсіби лексика ретінде тілдік қатынастағы аса маңызды қатысымдық тұлға болып саналады.

Арнайы терминдердің мағыналарын меңгертуде тиімді тәсіл ретінде екі тілдік арнайы терминдердің түсіндірме сөздігі арқылы, кәсіби мәтіндер арқылы, контекст арқылы түсіндіру ұсынылды. Сөздік жұмысы арқылы студенттердің сөздік қорын арнайы терминдермен молайтумен қатар, жаңа сөздерді орынды, дұрыс, өз мағынасында қолдануға да дағдыландыра аламыз.

Кәсіби лексиканы оқытуда топтық әдісті қолданған өте тиімді. Оқытудың бұл әдісі студенттердің топтық іс-әрекет дағдыларын дамытады, сұрақтарды талдауға барлық топтың қатысуын қамтамасыз етеді; шешім қабылдай алуларына түрткі болып, іскерлік қабілеттерін дамытуға және кәсіби деңгейде сөйлей білуге үйретеді. Бірақ тіл мамандары, ең алдымен, мемлекеттік тілді өзге ұлт өкілдеріне меңгерту ұстанымдарын, ерекшеліктері мен әдістерін кешенді қарастырып, білім беруді жүйелі түрде ұйымдастыруы керек.

Мәтінді сұрыптағанда мынадай факторлардың кешенді жүйесін ескерген жөн: студенттердің мамандығы бойынша актив сөздер мен түсіндірме терминдердің ауқымы; лексика-грамматикалық материалдың ерекшелігін қамтамасыз ету; мәтіннің қиындық деңгейін анықтау критерийі; мәтіннің семантикалық моделін құру мүмкіндігі; мәтінде ойлау-танымдық мәннің болуы; контекстік көркемдік пен жанрлық шектеулік; тақырыптық принцип; мәтіннің композициялық-мәндік құрылымы мен стилі» [3, 18]. А. М. Балақаев мәтінді сұрыптауға үш түрлі шарт қояды:

- 1) мәтіннің лингвистикалық мақсатқа;
- 2) мазмұнының танымдық-педагогикалық ұстамға;
- 3) әдістемелік нысанаға сәйкес болуы керек [3, 111].

Сондықтан да жоғарыда аталған талаптарды ескере отырып, әр мамандыққа, әр салаға қатысты мәтіндерді жеке-жеке топтастырған жөн. Лексика да грек сөзі, мағынасы-бір тілдің сөз байлығы, сөздік құрамы.

Кәсіби лексиканы оқытуда топтық әдісті қолданған тиімді. Оқытудың бұл әдісі студенттердің топтық іс-әрекет дағдыларын дамытады, сұрақтарды талдауға барлық топтың қатысуын қадағалайды; шешім қабылдау, басқару дағдыларын игеруге, іскерлік қабілеттерін дамытуға және кәсіби деңгейде талдай білуге үйретеді.

Қазірде өзге ұлт өкілдерінен өздері істейтін мекемелерде қазақ тілінде сөйлеп, іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу, жиналыстарда, ресми отырыстарда, мәжілістерде сөз сөйлеу, есеп беру, мәліметтер беру, өзі сияқты мамандармен кездесіп, қызмет мәселелерін шешу, өз мамандығы бойынша терминдерді пайдаланып, еркін тілдік қарым-қатынаста болуын талап етіледі. Бұл талаптарды орындау жоғары оқу орындарының түрлі

мамандықтарында оқитын студенттер мен тіл мамандарына үлкен міндеттер жүктейді. Әрбір мамандықтың өз саласында қолданылатын терминдері мен іс қағаздарының түрлері бар.

Қайбір тілдің болмасын, негізгі сөздік қоры бір ұғымнан бірнеше ұғым тудырарлық жаңа сөз жасауға база болады. Мысалы: «ат» деген сөзден туатын сөздердің өзін алсақ, мынандай: *атишы, аттан, атақ, атой, атбегі, атпаз, атқосшы*. «Ақ» деген сөзден туатын сөздер мынадай: *аппақ, ағар, ақта, ағарту, ағартушы, ағарт, ақишыл, ақжарқын*. «Бір» деген сөзден туатын сөздер мынадай: *бірлік, бірден, бірме-бір, бірсытыра, бірнеше, біртүрлі, біраз, бірақ, бірауыз, бірыңғай*. «Мен» деген сөзден туатын сөздер: *мендік, меніңше, менменсу, менмендік, меншік, меншіктеу, менсінү, менсінбеу*.

«Кел» деген сөзден туатын сөздер мыналар: *келін, келімсек, келешек, келгіш, келтір, келген, келім-кетім, келсе*. «Кеш» деген сөзден туатын сөздер мыналар: *кеше, кешегі, кеішқұрым, кешке, кешік, кешігу, кешіктір, кешіктіру, кешкілік*. «Бері» деген сөзден туатын сөздер мыналар: *бергі, бергісі, берісі, бермен, бері қарай, бері таман*.

Міне, бұған қарағанда, әрбір түбірлі, негізгі сөздеріміз белгілі жұрнақ арқылы немесе белгілі бір қосымша, көмекші сөздер бірігу, қосарлану және қысқару арқылы толып жатқан жаңа сөздер тудыратынын көреміз.

Академик А. М. Балақаевтың айтуынша «Дыбыстауды биге, ән салуға, музыкалық құралдарда ойнауды үйренумен салыстыруға болады. Ең алдымен сәйкес жаттығулар арқылы сөз ағзаларының икемділігін жетілдіруге тырысады, сонан кейін шексіз қайталаулар арқылы оларды әдетке айналдырады» [3, 177].

Қазақ тілін оқыту барысында фонетикалық заңдылықтарды оқытуға ерекше мән беріледі. Жаттығулар, әңгімелесу, мәтінмен жұмыс жүргізу, техникалық көрнекі құралдарды пайдалану – осының бәрі тілдің фонетикалық заңдылықтарын дұрыс меңгертуге, дұрыс дағды қалыптастыруға бағыттайды.

Фонетикалық дағдыларды қалыптастыруға әсер ететін тілдік материалдар және оның түрлері көп.

Мәселен: *Темірде бар, болатта жоқ. Өмірде бар, сағатта жоқ* - деген әрі жаңылтпаш, әрі жұмбақтан студент *те-мір, бо-лат, ө-мір, са-ғат* сөздерін салыстыру арқылы м дыбысын іздеп табады. Заттың аттарын есте сақтау дағдысын қалыптастыратын осы секілді тапсырмалар сабақты түрлендіріп, студентті жалықтырмауға, сабаққа қызығушылығын оятуға әсер етеді.

Қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне үйрету үшін тілдік құралдардың бәрі бірдей қажет бола бермейді. Олардың арасынан сөйлеуге мүмкіндік жасайтын, тілдік коммуникацияны іске асыратын, ең керекті бөлшектері мен тұлғалары сұрыпталып алынады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Студент қажетті кәсіби біліммен қаруланып және психологиялық жақтан өзінің болашақ мамандығына дайын болуы қажет. Мысалы, студент топтарына практикада туындаған мәселені шешудің, белгілі бір ситуациядан шығудың ең тиімді жолдарын табу немесе қандай да болмасын әрекетті жүзеге асыру тапсырмалары берілді делік. Мұндағы мәселе студенттердің нақты дағды немесе тәжірибеге үйреніп, оларды практикалық әрекеттер арқылы бекітуінде. Сол себепті де студенттер берілген уақыт ішінде өз әрекеттерін талқыға салып, жоспарлап алып, өз шешімдерін ситуацияны көрсету, оны рөлдерге бөліп ойнау арқылы басқаларға жеткізеді.

Тағы да бір мысал: топ мүшелері өздеріне берілген тапсырмаларға сәйкес жоғары оқу орнын жаңадан бітірген жас маманның бірінші жұмыс күнінің ең маңызды мезеттерін ойнап шығуы керек. Мұнда олар жас маманның мекеме басшысымен немесе бөлім бастығымен, кадр бөлімінің қызметкерлерімен қалай сөйлесетіндігін, қалайша жұмысқа қабылдау туралы өтініш жазатындығын, ұжыммен қалай танысатындығын көрсетіп «ойнап шығуы» керек. Әрбір топтың осындай әрекеттері тренинг аудиториясында тақыланады, сұрақтар қойылады, пікір алмасады, ой бөліседі. Бұл жерде талқылау пікірталасқа айналып кетуі де мүмкін. Сондықтан, жоғары оқу орындарында оқу процесінің негізін интерактивті әдістемелер құрауы керек.

Қорыта келе, кәсіби лексиканы оқыту және оқу – мемлекеттік тілді мамандыққа сай меңгерту – жоғары оқу орнынан бастау алады. Өзге ұлт өкілдеріне мемлекеттік тілді меңгертуде тіл мамандары оқу топтарының білім деңгейіне, әрбір сабақтың тақырыбына қарай түрлі әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды жан-жақты, әрі үйлесімді қолдану арқылы әрбір маманның келешекте еркін сөйлеп, мамандық бойынша терминдерді жақсы меңгеріп, іс қағаздарды кәсіби тілде сауатты жаза алуын қамтамасыз ету.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2005, 19 ақпан. – № 32–33.

2 **Оразбаева, Ф. Ш.** Тілдік қатынас: теория және әдістемесі. – Алматы, 2007. – 207 б.

3 **Балақаев, А. М.** Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы, 2005. – 185 б.

4 **Аханов, К.** Тіл білімінің негіздері. – Алматы: «Санат», 1993. – 599 б.

5 **Балақаев, М., Жампейісов, А., Томанов, М., Манасбаев, Б.** Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1974.

6 **Нурғалиева, М. М.** Формирование и функционирование терминов бурения нефти и газа в казахском языке. Автореферат. – Алматы, 2000. – 31 б.

7 **Әбілқасымова, А. Е.** Студенттердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру. – Алматы : «Білім», 201. – 189 б.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

S. K. Kenzhemuratova

Эффективные методы преподавания профессиональной лексики в русскоязычной аудитории

Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина,
г. Астана, 010000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

S. K. Kenzhemuratova

Effective ways of teaching vocational vocabulary in the Russian-speaking audience

S. Seifullin Kazakh Agro Technical University,
Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

В статье рассматриваются проблемы преподавания профессиональной лексики для студентов, обучающихся в русскоязычном отделении высших учебных заведений. Говорится о методах и приемах, применяемых на занятиях казахского языка, при обучении профессионально-ориентированной лексики.

Одним из способов развития профессиональной лексики по специальности естествознание – работа со словарем, методы и приемы работы с терминами и профессионально ориентированными текстами показаны конкретными примерами.

Вместе с этим, в статье говорится, чтобы выбор фонетических материалов в преподавании профессиональной лексики осуществлялся во взаимосвязи с фонологической сущностью закона сингармонизма и ассимиляции, с позиционными и комбинаторными изменениями при произношении фонем и их графическими особенностями, а также предусматривается формирование навыков правильного произношения слов обучающимися. Ставится цель, что при обучении второго языка все виды работ по развитию профессиональной лексики должно рассматриваться целостно, то есть комплексно.

The article deals with the problems of teaching professional vocabulary for students studying in the Russian-language department of higher educational institutions. It is a question of methods and techniques used in the Kazakh language classes, while teaching professionally oriented vocabulary.

One of the ways of developing professional vocabulary in the field of natural science is working with a dictionary, methods and techniques for working with terms and professionally oriented texts are shown on concrete examples.

Along with this, the article says that the choice of phonetic materials in the teaching of professional vocabulary was carried out in conjunction with the phonological essence of the law of vowel harmony and assimilation, with positional and combinatorial changes in the pronunciation of phonemes and their graphic features, and also provides for the formation of skills for correct pronunciation of words by students. The goal is that in the teaching of the second language, all types of work on the development of professional vocabulary should be considered holistically, that is, in a comprehensive manner.

А. Р. Кошекova

PhD докторант, Филологический факультет, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана, 010000, Республика Казахстан
e-mail: aselasel_91@mail.ru

КОНТАМИНАЦИЯ В РОЛИ ПРОДУКТИВНОГО СЛОВООБРАЗОВАТЕЛЬНОГО МЕХАНИЗМА В СОВРЕМЕННОМ АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ

В данной статье отражены результаты изучения феномена «контаминации» (блендинга) в английском языке, были выделены основные характеристики данного лингвистического явления, а также выработана классификация контаминантов (блендов) на основе морфотактического, морфологического и морфосемантического критериев. В то время как бленды достаточно распространены, механизмы, обуславливающие их конструкцию, остаются в большей степени неопределенными и непонятными. В основном, это происходит из-за того, что бленды не подчиняются одному образующему принципу, а скорее имеют тенденцию демонстрировать различные структурные модели. По этой причине лингвисты часто выносят блендинг на периферию словообразовательной системы английского языка и, соответственно, вместе с другими феноменами, которые не подчиняются правилам, относят экстраграмматической морфологии. Материалом для данного исследования послужили слова, созданные по словообразовательным моделям контаминации, отраженные в корпусе неологизмов Wordspy.com за период с сентября 2015 г. по сентябрь 2017 г.

Ключевые слова: словообразовательные модели, контаминация (блендинг), корпус неологизмов, морфотактический критерий, семантика.

ВВЕДЕНИЕ

В современном английском языке контаминация (блендинг) становится быстро развивающейся тенденцией. Бленды [Кубрякова], или контаминанты (в английском языке также их называют «portmanteau words», «amalgams», «telescope(d) words») – это новые слова, созданные путем слияния двух и более частей уже существующих слов. Несмотря на тот факт, что

блендинг используется в английском языке достаточно давно – первое зафиксированное слово «Blatterature» (<- blatter + literature) относят к 1512 году (Cacchiani 2007:103) и foolosopher (<- fool + philosopher) принадлежит к 1592 (Adams, 2001:141) – данное явление стало объектом изучения лингвистов сравнительно недавно (Aronoff, 1976; Bauer, 1983; Carstairs-McCarthy, 2002 и др.)

Поскольку на сегодняшний день блендинг стал наиболее продуктивным способом словообразования, в современном английском языке новые бленды (контаминанты) встречаются каждый день (Lehrer, 1996: 360). В то время как бленды достаточно распространены, механизмы, обуславливающие их конструкцию, остаются в большей степени неопределенными и непонятными. В основном, это происходит из-за того, что бленды не подчиняются одному образующему принципу, а скорее имеют тенденцию демонстрировать различные структурные модели (Hong 2004: 118). По этой причине лингвисты часто выносят блендинг на периферию словообразовательной системы английского языка (Scalise, 1984) и, соответственно, вместе с другими феноменами, которые не подчиняются правилам, относят экстраграмматической морфологии.

Основной целью данного исследования является изучение лингвистического феномена «блендинг», его классификация и структуризация. В ходе нашего исследования была сделана попытка выделить основные типы и подтипы блендов (контаминантов), основываясь на морфотактический, морфологический и морфосемантический критерии. Объектом исследования является совокупность языковых фактов, которые содержат признаки блендинга (контаминации). В ходе исследования были использованы следующие методы: дескриптивный метод, корпусный анализ и метод классификации.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Определение блендинга

Обширное изучение блендинга вызывает споры о его терминологии, определении и месте в современной таксономии схожих явлений. Ученые часто спорят о терминологии данного процесса, а определение его не только разнится от автора к автору, но также возникают сомнения, что должно быть рассмотрено как отдельный процесс.

Термин «блендинг» используется для определения способа словообразования, который совмещает две (реже более двух) лексем, одна из которых является усеченной в данном сочетании, иногда графически и фонологически совмещены. В определении Бауера (Bauer, 1983:234) подчеркивается тот факт, что бленды строятся из частей двух (возможно,

более) слов, таким образом, что не всегда явно прослеживается граница морфем. Однако он описывает случаи, когда хотя бы один элемент может быть восстановлен, например *bromance* (<- *brother+romance*). Стоит также добавить случаи, когда оба элемента могут быть легко восстановлены, потому что нет четкого усечения исходных слов и наблюдается доминирование одной формы над другой, например *alcoholiday*.

Плаг (Plag, 2003) представляет в своем определении бленды, как сочетание «начальной части первого элемента и конечной части второго элемента», а Бат-Эль (Bat-El) утверждает, что бленды относятся только к тем случаям, где внутренние границы совмещены, это подходит только для традиционных блендов, в которых исходные слова усечены таким образом, что внешняя форма остается цельной.

Кубозоно (Kubozono, 1990:1) также уточняет, что блендинг включает два исходных слова, находящихся в парадигматических отношениях. Другое достаточно рестриктивное определение дает Кэлли (Kelly, 1998), он утверждает, что компоненты бленда соединены вместе «либо простым сцеплением или сцеплением, удвоенным узлом общих фонологических элементов» (579). Более поздние определения отмечают связь между блендами и сложными словами. Например, согласно Лереру (Lehrer, 2007: 116), «бленды это лежащие в основе сложные слова, созданные из слова и части другого или частей других слов», а Роннебергер-Сиболд (Ronneberger-Sibold, 2006:157) отмечает, что они преднамеренно создаются из существующих слов «путем, отличающемся от правил или принципов обычного словосложения». На самом деле, Кэммер (Kemmer, 2003:75) отличает бленды от сложных слов тем, что бленды совмещают части исходных слов, а не полностью слова. К тому же, соглашаясь с Кэноном (Cannon, 1986:730), что исходные слова «самостоятельные» и не определяются как части сложного слова.

Краткая характеристика вышесказанного показывает, что хотя определения весьма противоречивы, существуют две основные характеристики, которые можно найти во всех исследованиях блендинга. Во-первых, бленды (контаминанты) состоят из более одной лексемы, в основном двух, как следствие универсального предпочтения к бинарным отношениям (Kilani-Schoch and Dressler). Во-вторых, в блендах должно присутствовать сокращение исходных лексем. Прототипически, начало первой лексемы и конец второй сохраняется, как следствие универсального принципа перцептивной значимости. Поэтому *smoke* и *fog* становятся -> *smog*, относительно данного критерия иногда только одна исходная лексема сокращена, а вторая остается неизменной.

Бертинетто (Bertinetto, 2001:64–65) выделяет три основные характеристики лексических блендов: 1) присутствие фонологического и графического перекрытия, как в *Californication* (<- *California + fornicati*), где последовательность *formi* принадлежит обоим словам; 2) полное сохранение второго слова, например, *californicate*; 3) возможное существование общего лексического элемента, как в блендах, образованных из двух сложных слов.

Еще одной характерной чертой является принадлежность исходных слов к одной синтаксической категории (Kubozono 1990:3), например, часто встречающиеся модели: N+N (сущ.+ сущ.):

Verb+Verb (глагол.+глагол.)

Adj+ Adj (прилаг. +прилаг.)

Adv+Adv (наречие +наречие)

Исходные слова могут также демонстрировать фонологическое сходство, как например, рифмующиеся слоги *hesitation + inflation* -> *hesiflation*, или почти-рифмующиеся *channel+tunnel* -> *chunnel* (Cannon 2000:953). Чаще всего исходные лексемы накладываются друг на друга на своих границах, как в слове *Slanguage*, где отрезок *lang* из слова *slang* или *language* был удален, и это самый очевидный тип блендов – пересекающиеся бленды (контаминанты).

Классификация и структура блендов (контаминантов)

Проработанные таксономии, категоризирующие структуру блендов (контаминантов) представлены в большом количестве в современной научной литературе, начиная с Algeo (1977) и Soudek (1978) до Cannon (2000), Kemmer (2003), Ronneberger-Sibold (2006) и Lehrer (1996, 2007). Различные типы сочетающие модели и разные названия, данные каждой из них демонстрируют многочисленные параметры, по которым бленды (контаминанты) различаются и варьируются. В данной работе мы рассмотрим бленды (контаминанты) с морфотактической, морфологической (графической) и морфосемантической перспективы.

С морфотактической точки зрения бленды могут подразделяться на абсолютные и частичные. Абсолютные бленды это те, в которых исходные слова до минимальных отрезков (осколков). Исследуя эти отрезки, можно выделить следующие подтипы:

– Начало одного слова соединяется с коном другого. Это прототипический тип таких слов как *brunch*, *Oxbridge*, *smog*, -называется «линейным» (Gries 2004:645). К этому типу также относятся: *fauxmance* (*faux + romance*), *wrist-top* (*wrist +laptop*), *miniac* (*miniature + maniac*), *frunk* (*front + trunk*), *goysplaining* (*goy + explaining*), *permalescent* (*permanent + adolescent*), *momager* (*mom + manager*)

Для данного типа бленда Роннебергер-Сиболд (Ronneberger-Sibold 2006:170) предлагает термин «контурный», потому что в первую очередь анализируется матричное слово, которое обеспечивается ритмичным контуром.

– Оба отрезка являются началом слов. Этот тип встречается намного реже и обычно включает названия химических препаратов или субстанций, полученных из смеси двух элементов: *findom* (*financial* + *domination*), *plutopopulism* (*plutocrat* + *populism*), *selfeet* (*selfie* + *feet*), *brontobyte* (*brontosaurus* + *byte*), *geriacton* (*gerontology* + *action*)

– Оба отрезка являются концом слов. Этот тип, который согласно Лереру (Lehrer 1996, 2007) невозможно встретить в английском языке, представлен следующими словами.

– начало или конец отрезка встроен в прерывистый отрезок другого слова, в данном типе блендов, обозначенным Кэммером (Kemmer 2003:72) как «intercalative» (вставочный), настолько тесно интегрированы, что нет четкой границы между ними. В следующих примерах, вставочный отрезок является началом слова: *askility* (*ability* + *skill*), *slithy* (*slim* + *lithe*)

Частичные бленды (контаминанты) – слова, в которых только одно исходное слово сокращено, другое же остается в полной форме (Thornton 1993:148). Их можно также подразделить на типы относительно позиции слова в полной форме:

– полное слово стоит перед отрезком: *winterregnum* (*winter*+ *interregnum*), *beardruff* (*beard* + *dandruff*), *legacyquel* (*legacy* + *sequel*), *droneport* (*drone* + *airport*), *scanlation* (*scan*+ *translation*), *clicktivism* (*click* + *activism*).

– полное слово стоит за отрезком: *roboat* (*robot*+ *boat*), *roboadviser* (*robot* + *adviser*), *paralpinism* (*paragliding* + *alpinism*).

– полное слово встроено в прерывистый отрезок: *Jafaican* (*fake Jamaican*).

Морфологически и графически бленды (контаминанты) могут накладываться друг на друга или нет, в зависимости от наличия общих звуков или букв. Пересекающиеся бленды (контаминанты) демонстрируют некую степень гаплогонии (выпадение одного или двух идущих друг за другом одинаковых или близких по звучанию слогов) (Adams 1973:150), которая выражается в фонологическом наложении гласных, согласных или слогов составляющих слов при возможном сокращении. Различные подклассы относят к данной группе:

– Слова-составляющие могут накладываться друг на друга графически и фонологически без сокращения. Это самая очевидная модель, в которой конечная часть первого исходного слова накладывается на начальную часть второго слова, что позволяет сделать очевидный морфологический анализ. Длина наложения может варьироваться от одной морфемы до нескольких:

beefish (*beef*+*fish*), *slanguage* (*slang* + *language*), *cattitude* (*cat* + *attitude*), *faddition* (*fad*+ *addition*).

– Слова-составляющие накладываются графически и фонологически с сокращением хотя бы одной из них. Следующие примеры иллюстрируют различные модели сочетания: *criticular* (*critical* + *particular*), *californicate* (*California* + *fornicate*), *cinemenace* (*cinema*+ *menace*), *mousewife* (*housewife* + *mouse*).

– Слова-составляющие накладываются друг на друга фонологически, но не орфографически. Лерер (Lehrer 2007:120) называет данный подкласс «графическими блендами (контаминантами)», потому что они выражаются только при написании: *buyography* (*buy* + *biography*), *cartune* (*cartoon* + *tune*), *celebrity* (*cell* + *celebrity*)

– Слова-составляющие накладываются друг на друга графически, но не фонологически: *smog* (*smog*+*smoke*), *bit* (*binary* + *unit*), где гласные звуки различаются.

Непересекающиеся бленды (контаминанты) не демонстрируют ни фонологического, ни графического наложения между составляющими. Например, в слове *Calexico*, две составляющие (*California*+*Mexico*) не имеют общих букв и звуков на пересечении.

Еще один критерий классификации блендов (контаминантов) является морфосемантика; в качестве составляющих сложного слова, компоненты блендов (контаминантов) демонстрируют семантические отношения определенного рода, что позволяет их разделить на атрибутивные и линейные бленды (контаминанты).

Атрибутивные бленды выражают отношения, в которых второе слово является ядром, а первое играет роль определения, это семантический тип, в котором акцент ставится на вторую часть слова, как в следующих примерах:

– adj + noun : *Jafaican* (*fake Jamaican*), *frunk* (*front trunk*), *sadscape* (*sad landscape*), *coldscape* (*cold landscape*), *fauxmance* (*faux romance*), *fauxonymous* (*faux anonymous*), *fauxsumerism* (*faux consumerism*), *fauxtoshop* (*faux Photoshop*), *findom* (*financial domination*), *permalescent* (*permanent adolescent*), *biononymity* (*biological anonymity*);

– noun+ noun: *wrist-top* (*wrist laptop*), *miniac* (*miniature maniac*), *nerdku* (*nerd haiku*), *legacyquel* (*legacy sequel*), *mindie* (*mainstream indie*), *Jengatecture* (*Jenga architecture*), *stealthie* (*stealth selfie*).

Линейные бленды (контаминанты) состоят из двух слов, имеющих одинаковый семантический статус, оба являются ядром словосочетания (Bat-El 2006), например:

Multicrastinating (*multitasking and procrastinating*), *roboadviser* (*robot and adviser*), *listicle* (*list and article*), *paralpinism* (*paragliding and alpinism*),

proem (prose and poem), calligraffiti (calligraphie and graffiti), momager (mom and manager).

Обе составляющие, следовательно, связаны и синтаксически и семантически. Синтаксически, они парадигматически эквивалентны, что означает принадлежность к одной синтаксической категории, а также относятся к одному синтаксическому классу с финальным блендом. Семантически, они, в основном, ко-гипонимы общего гиперонима.

Таблица 1 – Типы и примеры блендов (контаминантов) в английском языке.

Тип	Описание	Модель	Пример
Абсолютные бленды	Все исходные слова сокращены до минимальных отрезков	Начало+Конец	<i>fauxmance (faux + romance)</i>
		Начало+Начало	<i>findom (financial + domination)</i>
		Конец+Конец	-
		Начало/Конец вставлены в отрезок	<i>askility (ability + skill)</i>
Частичные бленды	Только одно исходное слово сокращено до минимального отрезка	Слово+Отрезок	<i>winterregnum (winter + interregnum)</i>
		Отрезок+Слово	<i>roboat (robot + boat)</i>
		Слово вставлено в прерывистый отрезок	<i>Jafaican (fake Jamaican).</i>
Пересекающиеся бленды	Исходные слова накладываются друг на друга	Графическое + фонологическое наложение без сокращения	<i>beefish (beef + fish)</i>
		Графическое + фонологическое наложение с сокращением	<i>californicate (California + fornicate)</i>
		Только фонологическое наложение	<i>buyography (buy + biography)</i>
		Только графическое наложение	<i>bit (binary + unit)</i>
Непересекающиеся бленды	Исходные слова не накладываются друг на друга	-	<i>Callexico (California + Mexico)</i>
Атрибутивные бленды	Первая лексема является атрибутивом для второй	Атрибутив + Ядро	<i>sandscape (sad landscape)</i>
Линейные бленды	Исходные слова имеют одинаковый семантический и синтаксический статус	Ядро+Ядро	<i>Multicrastinating (multitasking and procrastinating)</i>

Проанализировав корпус новых слов Wordspy.com, нами были выделены следующие словообразовательные модели, образованные блендингом, которые становятся тенденциями:

Словообразовательная модель (N+ bikini): *facekini* (производное от face), *burkini* (производное от burqa), *camkini* (производное от camsole), *tankini* (производное от tank top)

Словообразовательная модель с названием болезни (Ebola+N): *Ebolanoia (Ebola + paranoia)*, *Ebolanoic*, *Ebolaphobia (Ebola virus + -phobia)*, *Ebolaphobe*, *Ebolaphobic*.

Словообразовательная модель (N+phobia): *gnomophobia (gnome)*, *nomophobia (no mobile)*, *Ebolaphobia*, *hexakosioihexekontahexaphobia*.

Словообразовательная модель (Название страны +exit) *Brexit (Britain + exit)*, *Grexit (Greece + exit)*, *Dexit (Denmark + exit)*, *Frexit (France + exit)*, *Auxit (Austria + exit)*

ВЫВОДЫ

В ходе нашего исследования определить сущность феномена «блендинг», его основные признаки и место в системе словообразования английского языка. Также была сделана попытка выделить основные типы блендов (контаминантов) и создать классификацию. Блендинг, как словообразовательный способ, актуален в английском языке и является динамично развивающейся тенденцией во многих современных языках, благодаря влиянию и статусу английского языка.

В ходе языковой интеграции и развития гибридного словообразования в немецком, русском и казахском языках слова, созданные по моделям блендинга, встречаются на сегодняшний день достаточно часто.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- Bat-el, Outi** The grammaticality of extragrammatical morphology. In extra-grammatical and marginal morphology / Ursula Doleschal, and Anna M. Thornton (eds.). – Munchen : Lincoln Europa. 2000. – P. 61–84.
- Bat-El, Outi**. Blends. In Encyclopedia of Language and linguistics. 2nd edition / Keith Bron (ed.). – Oxford : Elsevier, 2006. – P. 66–70.
- Aronoff, Mark**. Word-Formation In Generative Grammar. – Cambridge : MIT Press, 1976. – P. 369.
- Bauer, Laurie**. English word-formation. – Cambridge : Cambridge University Press, 1983. – P. 875.
- Algeo, John**. Blends, a structural and systemic view // American Speech 52 (1/2). – 1977. – P. 47–64.

6 **Cacchiani, Silvia.** Discourse-pragmatic features of novel evaluative blends // *City-scapes: Islands of the Self. Language Studies. Vol. 2. Proceedings of the 22nd AIA Conference, Cagliari, 15–17 September 2005.* – Cagliari : CUEC, 2007. – P. 103–114.

7 **Carstairs-McCarthy, Andrew.** An introduction to the English morphology: Words and their structure. – Edinburgh : Edinburgh University Press, – 2002. – 869 p.

8 **Hong, Sung-Hoon.** Properties of English word-blends: Structural description and statistical distribution // *English Language and linguistics 18.* – Cambridge : Cambridge University Press, 2006. – P. 117–140.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

A. P. Koshkova

Заманауи ағылшын тіліндегі контаминация еселі сөзжасамдық тетігін рөлі

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы.
Материал 05.12.17 баспаға түсті.

A. R. Koshekova

Blending as a productive word-formative mechanism in the modern English language

L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

Бұл мақалада ағылшын тіліндегі «мағыналары екі ұқсас сөзден жаңа сөз жасау» (блендинг) феноменін зерттеу нәтижелері келтірілген, осы лингвистикалық құбылыстың негізгі сипаттамалары көрсетілген, сондай-ақ морфотактика, морфология және морфосемантикалық критерийлеріне негізделген контаминанттың (бленд) жіктелуін жасаған. Кең тарап отырған контаминацияның құрылымын қалыптастыратын механизмдер түсініксіз әрі көп жағдайда айқындалмаған күйде қалып тұр. Оның негізгі себебі – контаминация (бленд) құрылымдық бір принципке бағынбайды және оның құрылымдық моделдері көп. Осыған байланысты лингвистер блендинг пен ережеге бағынбайтын өзге де феномендерді ағылшын тілінің сөзжасам жүйесінен тысқары экстра-грамматикалық морфология аясында қарайды. Зерттеуге арналған материал 2015 жылдың қыркүйек айынан бастап 2017 жылдың қыркүйек айына дейін

Wordspy.com неологизмдер корпусында көрсетілетін контаминация сөзжасамдық моделдері арқылы жасалған сөздер болды.

This article reflects the results of studying the phenomenon of «blending» in English, the main characteristics of this linguistic phenomenon were highlighted, and also there was developed a classification of blends based on morphotactic, morphological and morphosemantic criteria. While the blends are widespread, the mechanisms forming their design remain largely vague and incomprehensible. Basically, this is due to the fact that the blends do not comply one forming principle, but rather tend to show different structural models. For this reason, linguists often relegate blending on the periphery of the word-formation system of the English language and, accordingly, together with other phenomena that do not conform the rules, are referred to as objects of extra grammatical morphology. The material for this study was the words created by word-formative models of blending, reflected in the corpus of neologisms Wordspy.com for the period from September 2015 to September 2017.

К. М. Қарымбаева¹, С. М. Карымбаева²

¹ф.ғ.к., доцент, филология факультеті, «Қазақ филологиясы және латын графикасын оқыту әдістемесі» кафедрасы, Тараз мемлекеттік педагогикалық институты, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы; ²ф.м., «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Жамбыл облысы бойынша ПҚ БАИ, филология магистрі, Деңгейлік бағдарламалар орталығының тренері, Тараз қ., 080000, Қазақстан Республикасы
e-mail: tompish021@mail.ru

КҮРДЕЛЕНГЕН АНАЛИТИКАЛЫҚ ФОРМАНТТАР – ГРАММАТИКАЛЫҚ БІРЛІК

Ғылыми мақала қазақ тілі біліміндегі аса өзекті әрі күрделі мәселеге, етістіктің күрделенген аналитикалық форманттары мәселесіне арналған.

Жұмыстың негізгі нысаны – тілімізде грамматикалық қызмет атқарып жүрген күрделенген аналитикалық форманттар (КАФ).

Жұмыстың мақсаты етістіктің КАФ-тарының сипатын, қалыптасу жолын, қандай тілдік единицаға жататынын және грамматикалық қызметін анықтау болып табылады.

Жұмысты жазу барысында сипаттама, морфемдік талдау, салыстыру және семантикалық талдау әдістері пайдаланылды.

Кілтті сөздер: аналитикалық формант, лексикалық мағына, грамматикалық мағына, морфема, күрделену, грамматикалық бірлік, көрсеткіш, жалғамалылық, модальдылық.

КІРІСПЕ

Етістік қай тілде де өте күрделі сөз табы екені белгілі. Осы күрделілігімен байланысты болса керек, етістік – қазақ тілінде өте көп зерттелген сөз табы. Етістік сөз табы ретінде алғаш А. Байтұрсынов анықтап, оның грамматикалық категорияларын белгілегеннен бастап, күні бүгінге дейін талай ғалымдар зерттеу жұмыстарының нысаны етіп келеді [1]. Академик В. В. Виноградов орыс тіліндегі өте күрделі сөз табы ретінде етістікті атағаны белгілі [2, 250].

Түркологтарды атамағанның өзінде, қазақ тіл білімінде етістікке қатысты пікір айтпаған ғалымды кездестіру қиын. Бұл орайда Қ. Жұбанов, А. Ысқақов, А. Қалыбаева, Ы. Маманов, Н. Оралбаева сынды т.б. ғалымдарды атауға болады. Алайда етістікке қатысты әлі де болса зерттей түсуді қажет ететін мәселелер әлі де жеткілікті. Солардың бірі – күрделенген аналитикалық форманттар мәселесі.

Тілдің грамматикалық құрылысының әрбір құрылымдық бөлшегінің жан-жақты зерттелуі грамматика теориясын толықтыратыны белгілі. Осымен байланысты грамматикалық құрылыстың күрделі құрылымын сипаттайтын етістіктің күрделенген аналитикалық форманттарын зерттеудің мәні ерекше.

Күрделенген аналитикалық форманттар грамматикалық дамудың нәтижесінде қалыптасқандықтан грамматикалық бірлікке жатады [3, 59]. Олай болса, грамматикалық бірліктердің яғни грамматикалық көрсеткіштердің барлық белгілері күрделенген аналитикалық форманттардың бойынан да табылады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Грамматикалық көрсеткіштер тілде грамматикалық мағына береді десек, грамматикалық бірлік, грамматикалық көрсеткіш ретінде танылған күрделенген аналитикалық форманттар да грамматикалық мағынаны білдіреді. Мысалы, *Жап – жас басы ертеден ер жанышқан құл тұғырдай езіліп бара жатыр* (М. Әуезов). Осында – *n бара жатыр* форманты *езілу* қимылының жасалу үстінде екенін, яғни қимылдың жасалуының екінші сатысын білдіріп тұр. Бұл мағына – грамматикалық мағына. Өйткені ол – *бар, жатыр* етістіктерінің грамматикалық даму нәтижесінде, лексикалық мағыналарынан айрылып, грамматикалық мағынаға көшуі арқылы жасалған. Мұнда *үйге барады, төсекте жатыр* мағыналарының ізі де жоқ, өйткені *барады, жатыр* етістіктері лексикалық мағыналарынан айрылған, грамматикалық мағынаға көшкен. Бірақ олар дыбыстық құрамын сақтаған, бұл – осы грамматикалық көрсеткіштердің өзіндік ерекшелігі, өз кезегінде бұл ерекшеліктер күрделенген аналитикалық форманттардың тілдегі лексикалық мағыналы күрделі етістіктермен ұқсастығын туғызады. Мысалы, *Ол бүгін бізге келіп кетті, сендерге де кіріп шықты зой* сияқты қолданыстағы *келіп кетті, кіріп шықты* етістіктері – күрделі етістіктер. Сырттай қарағанда, форманттарға ұқсас, олардың дыбыстық құрамы сақталған, бір-бірімен көсемшенің – *n* жұрнағы арқылы байланысқан. Бұл ерекшеліктердің бәрі аналитикалық форманттарда да бар. Мысалы, *өсіп кетті, өсіп шыға келді, өсіп келеді, өсіп келе жатыр, өсіп бара жатыр* т.б. Бұл аналитикалық формалы етістіктер дара қимылды білдірген. Келтірілген мысалдардың бәрінде лексикалық мағыналы етістік – *өсу*. *Өсіп кетті* дегенде де *өсу* туралы, *өсіп шыға келді* дегенде де *өсу* туралы, *өсіп келеді* дегенде де *өсу* туралы, *өсіп келе жатыр* дегенде де *өсу* туралы айтылған. Олардың құрамындағы басқа етістіктер дыбыстық құрамын сақтаған, бір-бірімен көсемше көрсеткіші арқылы байланысқан, бұл күрделі етістікте бар ерекшелік, бірақ мұндағы аналитикалық формалы етістіктерде олардың бірінші сыңарында ғана лексикалық мағына бар, ол – *өсу* мағынасы, басқа

сыңарларында лексикалық мағына жоқ. Сондықтан аналитикалық формалы етістік екі түрлі морфемадан тұрады, олар: лексикалық мағыналы негізгі морфема және көмекші морфема, ол – грамматикалық мағына үстейтін аналитикалық формант.

Күрделі етістіктің құрамы қанша күрделі болса да, лексикалық мағына беретін бір морфема ғана болып саналады. С. Исаев «негізгі етістік пен көмекші етістіктің белгілі тәсіл арқылы тіркесіп барып, бір сөздің (етістіктің) мәнінде жұмсалып, етістіктің белгілі грамматикалық категориясын жасайтын түрін» күрделі етістік деп таниды [4, 185]. Мысалы, *алып кел, алып бар, беріп кел, келіп кет, барып кел* т.б. сияқты күрделі етістіктер сырттай аналитикалық формалы етістікке ұқсағанымен, бір ғана морфема, яғни лексикалық мағыналы сөздер ғана. Ал, осы сөздер аналитикалық формалы сөздер сияқты екі морфемалы болу үшін оған түрлі грамматикалық көрсеткіштер қосылу керек. Мысалы, *алып келді, алып барма, беріп келген, келіп кетер, барып келсін* т.б. Бұл күрделі етістіктер де екі морфемадан тұрады, олар – лексикалық мағыналы негізгі морфема және грамматикалық мағыналы көмекші морфема. Бұл етістіктерді осы морфемаларға бөліп көрейік: *алып кел-ді, алып бар-ма, беріп кел-ген, келіп кет-ер, барып кел-сін*. Сызықша арқылы бөлінген әр сөздің біріншісі – негізгі морфема, яғни лексикалық мағыналы етістік, екіншісі – грамматикалық көрсеткіш. Бұл құрамда мысалдар морфемдік құрам жағынан аналитикалық формалы етістіктермен теңеледі. Мұнда аналитикалық формалы етістіктер де, соңғы мысалдағы күрделі етістіктер де негізгі морфема мен көмекші морфемадан тұрады. Ал, олардың айырмашылығы мынада:

1) аналитикалық формалы етістіктің келтірілген мысалдарда негізгі морфемасы – дара етістік, екі морфемамен берілген күрделі етістіктерде негізгі лексикалық мағыналы морфема – күрделі етістік. Дара етістік дара қимылды білдірген, күрделі етістік күрделі қимыл ұғымын білдірген.

2) аналитикалық етістіктегі көмекші морфема – аналитикалық формант, күрделі етістіктегі көмекші морфема – қосымшалар. Осымен байланысты аналитикалық формант қосылған етістіктер аналитикалық формалы етістіктер деп аталады. Олар жоғарыдағы мысалдарда – *өсіп келе жатыр, өсіп шыға келді, өсіп кетті, өсіп бара жатыр*. Ал, қосымшалар қосылған жоғарыдағы күрделі етістіктер – синтетикалық формалы етістіктер деп аталады, олар: *алып келді, алып барма, беріп келген, келіп кетер, барып келсін*.

Күрделі етістіктер лексикалық мағыналы негізгі морфемаға жатады. Ол сөйлемдегі ойды білдіруші сөздің бірі ретінде қолданылып, сөйлем мүшесі болады. Оны жеке алып, оның лексикалық мағынасын атауға, басқа тілге аударуға болады. Мысалы, *алып бар, алып кел, алып бер, алып кет, беріп кел, көріп кет, сұрап ал, қайтып бер, шығып кет, кіріп шық* деген күрделі

етістіктерді осылай жеке алғанда, олардың қандай мағына беретіні қазақ тілінде сөйлейтін адамға түсінікті. Оларды басқа тілге аударуға да болады. Мысалы, *алып бар – отнеси, алып кел – принеси, алып бер – отдай, алып кет – заведи, беріп кел – отнеси, көріп кет – смотри, сұрап ал – спроси, қайтып бер – отдай, шығып кет – выйди, алып кет – заведи* т.б.

Күрделі етістіктердің дербес лексикалық мағынасы барына олардың кейбіреуінің кіріккен варианттары да дәлел. Мысалы, *алып бар – апар, алып кел – әкел, алып бер – әпер, алып кет – әкет*.

Күрделі етістіктер сөйлемдегі айтылатын ойды білдіретін негізгі морфема ретінде сөйлемде қолданылып, сөйлем мүшесі болса, күрделенген аналитикалық форманттар бұл қызметті атқара алмайды. Олар сөйлемдегі дербес сөз құрамында ғана қолданылып, оған түрлі грамматикалық мағына қосады. Оның ішінде күрделенген аналитикалық форманттар сөйлемде күрделі етістікке де қызмет етіп, түрлі грамматикалық мағына үстейді. Мысалы, *Тез әкетіп қала қойғанын көрдің бе?* (С. Жүнісов). *Енді үлкен еңбекке араласады, өмір көреді – күні ертең ортан қолдай жігіт болып шыға келгенін байқамай да қалады* (Б. Тоғысбаев). Осында *-іп қала қой, -ып шыға кел* форманттары *әкет, жігіт бол* деген күрделі етістік пен құранды етістікке тіркескен. Бұл мысалдардан күрделі, құранды етістіктердің сөйлемге қызмет етіп тұрғаны, ал күрделенген аналитикалық форманттардың күрделі етістік пен құранды етістікке қызмет еткені көрінеді. Сөйлемдегі ойды білдіруге дербес сөздер қызмет ететіні, сөйлем құрамына кіретіні белгілі, ол – негізгі морфеманың қызметі, ал сөйлемдегі сөздің құрамында қызмет атқару – көмекші морфеманың қызметі. Олай болса, бұл арада сөйлемде *әкет* етістігінің құрамына қосылып, оған қызмет еткен *-іп қала қой* форманты көмекші морфема, яғни грамматикалық көрсеткіш екені анықталды. *Жігіт бол* құранды етістігінің құрамындағы күрделенген аналитикалық формант туралы да осыны айтуға болады. Бұл талдаулардың бәрі күрделі етістіктің лексикалық мағыналы сөз екенін, яғни олардың негізгі морфема екенін көрсетеді.

Ал, аналитикалық форманттар, оның ішінде күрделенген аналитикалық форманттарда бұл қасиеттердің, ерекшеліктердің бірі де жоқ. Күрделенген аналитикалық форманттар басқа тілге аударылмайды, оның мағынасын грамматикалық көрсеткіштер мағынасын сипаттағандай етіп қана түсіндіруге болады. Мысалы, формант *-п қоя бер* выражает быстроту действия. Бұл қимылдың өсуін анықтайды деген сөз емес, кез келген қимылдың тез жасалуын білдіреді деген сөз. Бұл – грамматикалық көрсеткіштің белгісі.

Қорыта келгенде, күрделі етістік пен аналитикалық форманттар, күрделенген аналитикалық форманттар сырттай ғана ұқсас, айырма – мағынада, олардың түрлі морфемаларға жататынында. Күрделі етістіктердің

лексикалық мағына білдіретіндігі, олардың негізгі белгілері мен ерекшеліктері ғалым Б. Қасымованың еңбектерінде жан-жақты сөз болған [5].

Күрделі етістіктер – негізгі морфема, сондықтан олар дербес сөз құрамына кіреді, сөзге түрлі грамматикалық мағына қосады. Бұл – олардың грамматикалық бірлік екеніне дәлел. Сонда аналитикалық формалы етістік пен күрделі етістіктің ұқсастығы сыртқы тұлғаға ғана қатысты болып шығады. Мысалы, *Майлық мал жөнінде келгенде қамшы салдырмайды, бірден желдей есіп жүре береді* (Қ. Жұмаділов). *Дастарқанды тез жинап, самаурынды көтеріп Ақбала далаға шығып кетті* (Ғ. Мүсірепов). Келтірілген мысалдардан аналитикалық форманттардың сөздің грамматикалық көрсеткіштер екені анықталды. Өйткені грамматикалық көрсеткіштер ғана сөздің грамматикалық тұлғасын жасайды. Олай болса, аналитикалық форманттар грамматикалық мағынаны білдіреді.

Аналитикалық форманттың грамматикалық мағына беретінін оның лексикалық мағыналы етістіктердің соңынан тіркесуінен де көруге болады. Түркі тілдерінде, оның ішінде қазақ тілінде грамматикалық көрсеткіштердің бәрі дербес лексикалық мағыналы сөздің соңынан қосылады. Мысалы, *балалар, кітаптар, үйден, қалаға, кітабым, қаламың, келеміз, келдік, қызылырақ, көктеу* т.б. Мысалдарда ерекше көрсетілген лексикалық мағыналы сөздер сөздің құрамында бірінші орында тұр. Бұл – белгілі заңдылық.

Міне, осы заңдылыққа аналитикалық форманттар, оның ішінде күрделенген аналитикалық форманттар да бағынады. Күрделенген аналитикалық форманттар басқа грамматикалық көрсеткіштер сияқты етістік сөздің соңына тіркеседі. Мысалы, *Дәрігерге жете бере, өне бойын тер басқан ол мазасызданып лоқсып кеп қалды* (К. Егізбаев). *Есеп үстінде отырып та, тәжірибе станциясында аудармалы егін салысып жүріп те ой алаңнан құтыла алмай қойдым* (Ғ. Мүсірепов). *Қандай қарулы жігіт білек сыбанып түссе де, бір бауыр жерге дейін арсы-күрсісі шығып қимылдағасын қажыры қайтып қала берді* (Ә. Нұрпейісов). *Осыниша ырғын жарық пен таза ауадан Танабайдың бойы тоңазып тұр еді, көңілі бір түрлі құлазып сала берді* (Ш. Айтматов). *Сасқалақтап, ауаны қарманып көтеріле берген бейкүнә әйел орнынан тұра алмай қалды* (С. Жүнісов). *Балағаз қуғыншының алдындағы Жұмағұл мен Елеусізді ілгері өткізе беріп, тиіп кеп кетті* (М. Әуезов).

Жоғарыда әр түрлі күрделенген аналитикалық форманттардың көркем шығармадағы қолданысына мысал келтірілді. Олардың бәрінде күрделенген аналитикалық форманттар лексикалық мағыналы етістіктің соңына тіркескен. Олар: *-п кеп қал*, *-а алмай қой*, *-п қала бер*, *-п сала бер*, *-а алмай қал*, *-п кеп кет*. Бұл – тек осы форманттардың ғана ерекшелігі емес, жалпы заңдылық. Күрделенген аналитикалық форманттардың бәріне мысал келтірсек те,

осы заңдылық бұзылмайды. Осы мысалдардағы *құтыла алмай қойдым* деген аналитикалық формалы етістіктің құрамындағы грамматикалық көрсеткіш үшеу. Нақты талдап көрсетсек: *құтылу* етістігінің құрамында: а) бір күрделенген аналитикалық формант бар: *-а алмай қой*, ә) жедел өткен шақ жұрнағы, б) жіктік жалғауы. Қалған *құлазу*, *тұру*, *тию* етістіктерінің құрамында екі грамматикалық көрсеткіштен бар, олар – күрделенген аналитикалық форманттар және жедел өткен шақ жұрнағы.

Тіліміздегі сөздердің құрамында әр қосымшаның өз орны болатыны белгілі. Бұл күрделенген аналитикалық форманттарға да қатысты. Күрделенген аналитикалық форманттар – тілдегі етістіктің грамматикалық көрсеткіштерінің ішінде сөзде бірнеше орында тұратын тілдік бірлік. Анығырақ айтқанда, етістікке алдымен аналитикалық форманттар тіркеседі де, басқа қосымшалар өз ретімен одан кейін қосылады. Етістікке жалғанатын қосымшалар аналитикалық форманттың, яғни күрделенген аналитикалық форманттардың соңғы сыңарына жалғанады. Мысалы, *дамып келе жатып, мұздап бара жатқанда, жығылып қала жаздадым, құтылып кете бергенсің, жазғырып шыға келесің* т.б. Осы мысалдардың бәрінде етістікке күрделенген аналитикалық форманттар бірінші тіркесіп, басқа қосымшалар күрделенген аналитикалық форманттың соңғы сыңарына жалғанған. Олар – *даму*, *мұздау*, *жығылу*, *құтылу*, *жазғыру* етістіктерінің құрамындағы грамматикалық көрсеткіштер.

Сонда әр етістіктің өзіне бірнеше грамматикалық көрсеткіш қабылдағаны анықталып отыр. Ол – қазақ тілінің грамматикалық құрылысының белгілі заңдылығы. Ол заңдылық, көбіне, қосымшалармен байланысты айтылады да, аналитикалық форманттармен байланысты сирек еске алынады. Аналитикалық форманттар да грамматикалық көрсеткіштер болғандықтан, етістік құрамындағы орнын белгілеу, оған назар аудару қажет.

Дара аналитикалық формант та түбір етістікке бірінші тіркеседі, бұл – аналитикалық формантқа ортақ заңдылық. Дегенмен, дара аналитикалық формант пен күрделенген аналитикалық форманттар арасында мынадай ерекшелік байқалады: дара аналитикалық формант өзінен кейін басқа форманттарды қабылдай береді. Мысалы, *Үстелді қиратып ала көрме* (С. Жүнісов) деген сөйлемде *қиратып ала көрме* аналитикалық формалы етістікте екі аналитикалық формант қолданылған, олар: *-п ал* және *-а көрме*. Оның біріншісі қимылдың өту сипаты категориясының форманты, ал *-а көрме* – бұйрық райдың форманты. Мұндай дара аналитикалық форманттардың сөз құрамында бір-бірімен тіркесуі-өте жиі кездесетін құбылыс. Мысалы, *бітіріп бере салғысы келді, келе алса игі еді, кетіп қалмаса игі еді, оқи түскісі келеді, адам болып шықса екен* т.б. Олардың әрқайсысын бөліп көрсетсек: 1) *бітіріп бере салғысы келді* – *-іп бер* + *-е*

сал – ғысы кел, 2) келе алса игі еді – е ал + –са игі еді, 3) кетіп қалмаса игі еді – –ін қал+ма –са игі еді, 4) оқи түскісі келді – –и түс+ –кісі кел, 5) адам болып шықса екен – –ып шық+ –са екен.

Дара аналитикалық форманттар негізгі сөзге тіркескенде, бірінші формант қана түбір етістікке тікелей тіркеседі де, қалған форманттар екінші, үшінші орында тұра береді. Олардың ең соңғысына ғана рай, шақ, жақ қосымшалары жалғанады.

Дара форманттардың қолданыста бір-бірімен тіркесе қолданылуы кейін күрделенген аналитикалық форманттардың қалыптасуына негіз болған. Күрделенген аналитикалық форманттардың ерекшелігі – өзінен кейін дара формантты қабылдамайтындығында, етістік күрделенген аналитикалық форманттарға аяқталып, олардан соң рай, шақ, жақ қосымшалары ғана қосылады. Мысалы, *Шекесін солқындатып бара жатқан білеудей көк тамыр алақаны астында бұлк – бұлк соғып қоя берді* (Ә. Нұрпейісов). *Немістер де оқты жаудырып кеп берді* (Б. Соқпақбаев). *Үй иесі өз табысын мақтан қып, ашып айтпаса да, соңғы жылдары тасы өрге домалап, байып келе жатқаны байқалады* (Қ. Жұмаділов). *Келесі күні қызуы көтеріліп шыға келді* (Қ. Рахимов). *Қасаба билер мен әкемнің сары атының лезде-ақ қарындары қампып шыға келді* (Ө. Қанахин). *Мырзатай енді шайға отыра бергенде, есік қоңырауы біреу буындырғандай тағы безілдеп қоя берсін* (М. Сқақбаев). *«Екі үлкен қаланың қақ жарты халқы қас қаққанша қырылып қалды да, жоқ болып кетті» деген кезде мыым тағы да қайнап жүре берген* (Ғ. Мүсірепов). *Жарқын сияқты білгіштердің «күтпеген, бақыламаған, қайтып жеміс көрсін», деп табалап шыға келетініне гой сөз жоқ* (М. Иманжанов). *Сондықтан ағат болса кешіріңіз, не дегеніңізді ести алмай, естісем де нете алмай қалдым* (Ө. Әбішев). *Сасай теке сүрініп кете жаздап әрең дегенде оңалды* (С. Байхонов). *Сол-ақ екен, су бетінде бірін-бірі қуалаған шеңбер – толқын ойнап сала берді* (Ө. Қанахин). – *Жаңа үйді бар гой... жаңа үйді... Атасына нәлет ... – деп жатып сұлқ түсті де үзіліп жүре берді* (С. Байхонов). Осы мысалдарда *байып келе жатқаны, қайнап жүре берген, табалап шыға келетініне* деген аналитикалық формалы етістіктердегі күрделенген аналитикалық форманттарға есімше, тәуелдік, септік қосымшалары жалғанған. Ал *безілдеп қоя берсін* аналитикалық формалы етістік бұйрық райдың III жақ жіктік жалғауын қабылдаған. *Сүрініп кете жаздап* дегенде күрделенген аналитикалық форманттан соң көсемше жұрнағы, *кете алмай қалдым* дегендегі күрделенген аналитикалық формантқа жедел өткен шақ жұрнағы мен жіктік жалғауының I жағы жалғанған. Қалған мысалдың бәрінде жедел өткен шақ жұрнағы сөзді аяқтап тұр. Бірде-бір күрделенген аналитикалық форманттан кейін дара аналитикалық формант тіркеспеген.

Аналитикалық форманттардың етістік құрамында басқа грамматикалық көрсеткіштермен байланыста қолданылуы, оның басқа грамматикалық көрсеткіштер ішінде орнының болуы – оның тілдегі грамматикалық көрсеткіштердің бірі екеніне толық дәлел.

Тілдегі грамматикалық көрсеткіштердің қайсысының болсын қалыптасқан тұрақты құрамы болады. Күрделенген аналитикалық форманттар бұл заңдылыққа толық сай келеді. Тілдегі қосымшалар болса, олардың белгілі дыбыстық құрамы бар, құранды қосымшалар болса, олардың да құрамы белгілі, ол құранды қосымшалардың қандай қосымшалардан кіріккенін аңғартып тұрады. Сол сияқты күрделенген аналитикалық форманттардың да орныққан құрамы олардың қандай аналитикалық форманттардан біріккенін байқатып тұрады. Оның дыбыстық құрамын, бірігуге қатысқан аналитикалық форманттарын өзгертуге болмайды. Мысалы, *-п қоя бер* формантының құрамын *-п қоя жат* деп немесе тағы басқаша өзгертуге болмайды. Өйткені, оның мағынасы *-п қоя бер* түрінде, осы құрамда қалыптасқан, осы құрамда ғана ол қимылдың бірден, нық жасалуын білдіреді, ол құрам өзгерсе, бұл мағына берілмейді.

Сол сияқты күрделенген аналитикалық форманттардың құрамындағы аналитикалық форманттардың орнын да ауыстыруға болмайды. Мысалы, *дамып бара жатты, сарғайып келе жатты* түрінде қолданылған форманттарды *дамып жатып келеді, сарғайып жатып келеді* десек, күрделенген аналитикалық форманттың мағынасы сақталмай, мағынасыз тіркес болып шығады. Бұл – күрделенген аналитикалық форманттардың мағынамен бірге қалыптасқан құрамын өзгертуге болмайды деген сөз. Ол – осы мысалға келтірілген күрделенген аналитикалық форманттарға ғана қатысты емес, жалпы күрделенген аналитикалық формант атаулыға қатысты заңдылық.

Бұл заңдылық тек күрделенген аналитикалық форманттарға ғана емес қосымшаға да тән заңдылық. Өйткені олардың құрамы, мағынасы грамматикалық дамудан өткен, қалыптасқан. Грамматикалық дамудың нәтижесінде қалыптасқан құрам мен мағына тығыз байланысты. Сондықтан олардың құрамын өзгертіп, сол мағынаны сақтау мүмкін емес, күрделенген аналитикалық форманттардың құрамы өте тұрақты. Күрделенген аналитикалық форманттардың құрамы тұрақты болғандықтан, қолданыста оның құрамындағы аналитикалық екі форманттың арасына ешбір басқа тілдік бірлік кіре алмайды. Күрделенген аналитикалық форманттардың көркем шығармадағы қолданысына мысал келтіріп, олардың арасына басқа бірліктерді қосып көрсек, олардың мағынасыз болып шығатынын байқауға болады. Мысалы, *Жан-жағынан қаумалап кеп жіберді* (Ө. Исмағанбетов). *Аңсарға да ішім еріп, елжіреп бара жатқаным шамалы* (М. Сқақбаев). *Жүгіріп барып, Ақбаланың*

қасына отыра қап, неге жылағанын сұрап еді, Ақбала көз жасын **тиып ала қойды** (Ә. Нұрпейісов). *Үш күннен бері қайғыда келе жатқан ақын көңілі атқа мінгеннен кейін **сергіп сала берді*** (Ғ. Мүсірепов). *Жақытбектің өн бойын ашу қысып, құлағына дейін қып-қызыл болып **түтігін қоя берді*** (М. Иманжанов). *Ертең бір сыбыс біліне қалса, мал бердім деп, көкпардың лағына ұқсатып **өңгеріп ала жөнелсе, не істемек?*** (Ө. Қанахин). *Мендегі жұмысыңыз не? – деп Мырқал **бақырып кеп қалып еді*** (Ә. Әбішев). *Өңі **күреңітіп жүре берді*** (М. Сүндетов). *Бұрын етегімен жер сүзіп тұратын аласа аспан да зымырап биікке бір-ақ **шырқап шыға келгендей*** (Ә. Кекілбаев). *Тұрарбек жерге **кіріп кете жаздады*** (Қ. Найманбаев).

Осы мысалдардағы күрделенген аналитикалық форманттардың сыңарларының арасына басқа түрлі тілдік бірліктер қосып көрейік: *қаумалап кеп жіберді – қаумалап келген жіберді, тиып ала қойды – тиып алып қойды, елжіреп бара жатқаным – елжіреп барар жатқаным, сергіп сала берді – сергіп салды берді, түтігін қоя берді – түтігін қойып берді, өңгеріп ала жөнелді – өңгеріп алмай жөнелді, бақырып кеп қалып еді – бақырып келсе қалып еді, күреңітіп жүре берді – күреңітіп жүрмек берді, кіріп кете жаздады, шырқап шыға келген – шырқап шықпай келді.* Осында қолданылған күрделенген аналитикалық форманттардың қалыптасқан құрамын бұзып едік, күрделенген аналитикалық форманттар мағынасынан айрылды. Бұл күрделенген аналитикалық форманттардың құрамының тұрақтылығын дәлелдейді.

Тілдік бірліктердің мағынасы белгілі құрамда қалыптасады, сол құрамда ғана ол қалыптасқан мағынаны білдіреді, құрам бұзылса, ол мағына берілмейді. Сондықтан күрделенген аналитикалық форманттардың құрамы берік, тұрақты. Оны өзгертуге болмайды. Өйткені қай тілдік грамматикалық бірлік болсын, оның ішінде күрделенген аналитикалық формант та ұзақ уақытта өтетін грамматикалық дамудың нәтижесінде қалыптасады. Грамматикалық даму кезінде күрделенген аналитикалық форманттардың құрамы да, мағынасы да бірге қалыптасады. Сондықтан күрделенген аналитикалық форманттардың құрамы мен мағынасы байлаулы, демек тұрақты. Бұл арада тағы да күрделенген аналитикалық форманттардың грамматикалық бірлік, көрсеткіш екеніне көз жеткіздік.

Жоғарыда талдауға түскен мысалдар әр күрделенген аналитикалық форманттың құрамындағы әр аналитикалық формант күрделенген аналитикалық формант мағынасының қалыптасуына өз үлесін қосып, күрделенген аналитикалық формант мағынасының біртұтас мағынасымен бірге, оның күрделілігін қалыптастырады деген пікірімізге дәлел. Бұл күрделенген аналитикалық форманттардың грамматикалық мағынасының өзіндік ерекшелігі деп саналады. Бұл грамматикалық көрсеткіштердің

мағынасы дара және күрделі болады деген пікірді де дәлелдейді. Демек қандай да болмасын тұлғаның күрделілігі мағынаға да әсер ететіні анықталды. Бұл да – күрделенген аналитикалық форманттардың грамматикалық бірлік екеніне дәлел.

Күрделенген аналитикалық форманттардың грамматикалық бірлік екенін олардың лексикалық мағынасынан айрылып, грамматикалық мағынаны білдіруі де дәлелдейді. Сондай-ақ, аналитикалық форманттар етістіктің грамматикалық категорияларының мағынасын білдіріп, олардың көрсеткіштері қызметін атқарады. Дегенмен бұл өз алдына арнайы сөз ететін мәселе.

ҚОРЫТЫНДЫ

Күрделенген аналитикалық форманттар грамматикалық дамудың нәтижесінде қалыптасқан тілдік бірліктер болғандықтан, ол грамматикалық көрсеткіштер тобына жатады. Оған мына белгілер дәлел: күрделенген аналитикалық форманттар грамматикалық мағына береді, олар дербес сөзден бөлек өзінше қолданылмайды, тек дербес сөзге тіркесіп қана қолданылады; күрделенген аналитикалық форманттар сөйлемдегі сөзге түрлі грамматикалық мағына үстейді, сөздің құрамына кіреді, сөзге қызмет етеді, сөз құрамында тұрақты орны бар, тұрақты құрамы бар көмекші морфемаларға жатады; күрделенген аналитикалық форманттар дербес сөздің соңына қосылады, сөзге жалғануға тиісті қосымшалар күрделенген аналитикалық форманттарға жалғанып, сөз құрамына кіреді [6]. Демек, күрделенген аналитикалық форманттар жалғамалық заңдылығына бағынады.

Қорыта келгенде, күрделенген аналитикалық форманттар – тілдің грамматикалық құрамында өзіндік орны бар, атқаратын белгілі қызметі бар заңды тілдік құбылыс. Ол бірлі-жарым кездейсоқ кездесіп қалатын, елеусіз бірлік емес. Бұған тілде әбден қалыптасқан отыз сегіз күрделенген аналитикалық форманттың болуы дәлел.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оқу ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы : Ана тілі, 2012. – 446 б.
- 2 **Виноградов, В. В.** Русский язык (Грамматическое учение о слове). – М., 1986. – 640 с.
- 3 **Оралбаева, Н.** Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттары. – Алматы : Мектеп, 1975. – 136 б.
- 4 **Исаев, С.** Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы : Рауан, 1998. – 302 б.

5 **Қасымова, Б.** Қазақ тіліндегі күрделі етістіктер. – Алматы, 2010. – 310 б.

6 **Қарымбаева, К. М.** Аналитическая форма глагола и ее отличие от внешне сходных языковых явлений / Всероссийский журнал научных публикаций. – № 2(12). – 2012. февраль. – С. 74–76.

7 **Қарымбаева, К. М.** Қазақ тіліндегі аналитикалық етістік. – Тараз, 2015. – 140 б.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

К. М. Қарымбаева¹, С. М. Қарымбаева²

Усложненные аналитические форманты – грамматические единицы

¹Филологический факультет, Таразский государственный педагогический институт,

г. Тараз, Жамбылская область, 080000, Республика Казахстан;

²Филиал АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Жамбылской области,

г. Тараз, Жамбылская область, 080000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

К. М. Karymbaeva¹, S. M. Karymbaeva²

Structural peculiarities in complex analytical formants

¹Faculty of Philology, Taraz State Pedagogical Institute, Taraz, 080000, Republic of Kazakhstan;

²Branch of JSC «NCPD «Orleu» IPD of Zhambyl region, Taraz, 080000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

В статье рассматриваются усложненные аналитические форманты в казахском языке как грамматические единицы. Цели исследования заключаются в том, чтобы выявить закономерности формирования и развития усложненных аналитических формантов глагола, определить к какому типу языковых единиц относятся усложненные аналитических формантов выявить их характерные признаки.

Научная статья посвящена одной из актуальнейших и сложных проблем казахского языкознания, проблем усложненных аналитических формантов (УАФ) глагола.

Объектом исследования являются усложненные аналитических форманты, выполняющие в языке грамматическую функцию.

В ходе исследования были использованы методы описания, морфемного анализа, сравнения, семантического анализа.

Результаты исследования могут быть использованы при разработке спецкурсов и спец семинаров по морфологии и функциональной грамматике казахского языка.

The article observes the regularities of complex analytical formants development in the Kazakh language and their grammatical function in the language. The purposes of the investigation are to reveal the pattern of formation and development of complex analytical formants of verb to determine what type of language unit is complex analytical formants.

The research is devoted to one of the most topical and complex problems of modern Kazakh linguistics, which has not yet been a subject of special investigation.

The subject investigation is the complicated analytical formants, which fulfill a grammatical function in the language.

During the research were used the methods of description, morpheme analysis, comparison and semantic analysis.

The research results can be used in special courses and seminars in the field of morphology and functional grammar of the Kazakh language.

Б. Қ. Қапасова¹, С. Т. Елікпаев²

¹ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹karasova1970@mail.ru; ²serik.elikbay@mail.ru

**ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚ НЕГІЗДЕРІН ЖИНАҚТАУДАҒЫ
«АҚЖОЛ» БАСЫЛЫМЫНЫҢ ОРНЫ**

Қазақ баспасөзіндегі «Ақжол» газетінің орны талданады. Газеттің қазақ руханиятындағы, шаруашылығы мен дамуындағы орны талданады.

Алғашқы басылымның мақалаларындағы өзекті тұстарға назар аударылады. «Ақжол» басылымы Кеңес қоғамындағы партиялық қызметтің алғашқы кезеңдері туралы көптеген мәліметтер береді. Қазақ қоғамын жаңа идеяға бағытталған ортаға бейімдеуде, ұлттық бейнені сақтауда «Ақжолдың» орны ерекше болғаны анықталады. «Ақжолдың» шаруашылық және сауда, ақша қатынастарына қатысты талдамалы, шолу, түсіндірме мақалалары туралы тұстар қажет болғандығы ашылады. Газетте тауар мен экономикалық мәселелер туралы жан-жақты зерттеу жүргізілген. Бұл халықтың осы саладағы экономикалық білімдерін кеңейтті. Психологиялық және білімдік даярлықтан өткізіп, келесі сатыға әкелді. Жаңа үкіметтің ауысуына байланысты халықтың ақшасын ауыстыруға байланысты жүргізілетін істерге талдау жасағандығы анықталады.

Кілтті сөздер: «Ақжол» газеті, рухани даму, журнал, баспасөз, газет, тарих, қоғам, мәселе, ұлттық, саяси-әлеуметтік, зерттеу т.б.

КІРІСПЕ

1924 жылдың соңында Түркістан Совет республикасы таратылып қайта құрылды. Осыған байланысты бұрын оның қарамағында болып келген Жетісу меп Сырдария облыстары Қазақ АССР-іне қосылды. Осыдан кейін «Ақжол» газеті 1925–1927 жылдары Қазақстанның Сырдария облыстық партия, кеңес мекемелерінің органы болып Шымкентте шығып тұрды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кеңес қоғамындағы партиялық әдебиетте мемлекеттік биліктің жоғары эшелонындағы ұлттық басқару элитасының қызметіне сынаржақ бағалар берілген. Әйтсе де, ол бағалардың арасында ақиқатқа сәуле түсіретін тұжырымдар да кездеседі. Айталық, Ходжановтар негізінен «Ақжол» газетінің төңірегіне топтасып, онда өздерінің ұлтшылуқлонистік көзқарастарын жарнамалады» деп топшылдыққа ұлтшылық идеялардың негіз болғанына назар аударады. «Ақжол» газетіне қатысты Сталиннің белгілі хатының ықпалымен жасалған бұл партиялық тұжырым ұлттық элитаның қызметіне берілген саяси бағаның өзегіне айналды. Осылайша, «Ақжол» газетіне кеңестік қоғам тарихшылары біржақты баға беріп, биліктің идеологиясы мәселені ұзақ жылдар бойы жабық тақырыпқа айналдырды.

«Ақжол» газетінің тағы да бір ерекше көңіл бөліп, жан-жақты мәселелерінің бірі – шаруалар жағдайы. Мысалы, газеттің 1921 жылы 52-нөмірінде «Жерсіз хәм аз жерлі дихандар ұйымының жобасы» жарияланды. Онда ұйым мүшелерінің ақша жөніндегі міндеттері, істері көрсетілді. Шаруаға әр айға кіріс салығы 50 сом айлық, салығы да 50 сом. Одан әрі ұйымның құрылыс реті көрсетіледі. Дихандар ұйымының әр ауылда ашылу керектігін айтады. Сондай-ақ газетте «Шарушылық жайынан» деген айдармен «Түркістандағы жер байлығы» атты мақала да жарияланыпты, Онда, «Мухин деген бір профессор Ташкенттен Ленинградқа қайтып барып, баяндама қылған. Баяндамада Түркістан уезіндегі Қаратау таусылмастай көп тас көмір таптым деген, Тас көмір жатқан жердің ұзындағы 200 шақырымдай дейді» [3, 234], – деп оны тез арада кәдеге асыру жайын сөз етеді.

Қазақ шаруасына жаңа тұрмыстың, жаңа заңның еррекшеліктерін түсіндіріп отырды. Газет бетіндегі түрлі осындай маңызды жаңалар арқылы қазақ шаруалары түсінікті тілде мәлімет ала алды.

«Ақжол» газетінің келесі бір үлкен ісі – экономикалық сауаттылықпен байланысты істері болатын.

«Ақжол» газетінде 1919 жылдың қаңтарынан бастап, 1920 жылдың маусымына дейінгі аралықтағы тауар бағалары тура кесте береді. Бұл кестеде осы аралықтағы тауар бағаларының 14 есе өскендігі айтылады. Тіпті Ташкент қаласында 178 есе өсіпті. Түркістан ақшасының құнының төмендеуіне байланысты оны айырбасту заңдары мен жолдары түсіндіріледі. Осы себептен де, қаржы мәселелер кезе келген халықтың ең жанды жері болғандықтан да газет бұл тақырыпқа дайындықпен кіріседі. Алдын-ала тауар мен экономикалық мәселелер туралы жан-жақты зерттеу жүргізіп, халықтың бұл саладағы экономикалық білімдерін кеңейтеді. Оларға психологиялық және білімдік даярлықтан өткізіп, келесі сатыға әкеледі. Бұл халықтың ақшасын ауыстыруға байланысты іс болатын. Қаржы, ақшаның ауыстырылуы,

ең бірінші дайындықты қажет ететіндігі ескеріліп, ұлттың экономикалық білімін өз түсінігіне лайықтап жеткізеді.

«Петербург, Қызылжар, Омбы, Қазан Ақша заңы дегеніміздің мәнісі өтімсіз қадірі кеткен «Түркістан ақшасын» қалдырып, оның орнына өтімді «Центр» ақшасын айырбастап жүргізу. Бұл екі ақшаны алмастырғанда, сомына сом беруге бола ма? Әрине, болмайды. Олай етсек, қағаз ақшаның саны кемімейді. Нәрсе қымбаттығы баяғыдай болып, енбекшілерге қиын болар еді. Кіндікпен біріңғай бола алмас едік (Түркістан Республикасының бюджеті баяғы таз алпында қалар еді). Қайта, кіндік ақшасының қадірін кетіріп алар едік. Мұнан, түк пайда шықпас еді. Ақша заңының түп мақсаты, жалғыз ақша тәртібін біріктіру ғана емес, Түркістанда қағаз ақша санын кеміту. Қағаз ақша азайса, тауардың бағасы өсе беруі тоқтар еді. Бәлкім арзандатар еді. Міне, мысал: қазір Түркістанда жан басына 20 мыңға ие болған адамы базарға енді 200 сом кіндік ақшасымен барса, әрине тауар арзандамасқа шаруа бар ма. Бұл реттен Түркістан шаруашылығына жеңілдік келгелі отыр. Тіпті, тауар үш есе қана арзандасын. Сонда да, Түркістан Республикасының расходы, бүкіл федерация ассигнациясын қуып жетеді ғой» [3, 202]. «Ақжол» газеті шығып тұрған 1920 жылдары қазақ тілінде басылымдар аз емес еді. Сол жылдары қазақ баспасөзінің ең бір молайған бір арнаға түскен мезгілі еді. «Сарыарқа», «Жас азамат», «Бірлік туы», «Ақжол», «Тәжі», «Жас қайрат», «Ұшқын», «Кедей сөзі», «Бостандық туы», «Қазақ тілі», «Жаңа дауыс», «Кедей еркі», «Қызыл ту» газеттері, «Абай», «Шолпан», «Сана», «Таң» журналдары жарық көрді. Осылардың қай-қайсы болсын сол кездегі аумалы-төкпелі тарихи кезеңдегі қазақ халқының тұрмыс тіршілігінен, әлеуметтік ахуалынан, енді орныға бастаған кеңестер үкіметінің жайынан, бізге беймәлім кейбір қырларынан хабардар етеді. Бірақ, ақша мен қаржылық мәселеге бара қойғаны сирек.

Бұл үшін нақты дерек және билік керек екені белгілі. «Ақжол» газеті осы ерекшеліктерді пайдаланды.

«Түркістан жұмхуриятындағы халық комиссарлар кеңесінің 1920-шы жыл 31-ші декабрьдегі низамына баяндама» деген мақалада осы баяндаманың шешімін жеткізеді.

«Һәр азамат егер жасы 16-дан асқан болса, 1921-ші жыл 1-ші мартқа шейін қолындағы бар ақшасын центрдің бар ақшасына айырбастауы тиіс;

Ақшаны айырбас қылу үшін тұрған жеріне жақын ашылған, ақша айырбастайтын орынға (кассаға) баруы тиіс;

Һәр адамның ақша айырбастаудан бұрын есінде болу керек, ақшаны олардың қолынан дестемен алады.

Дестелерінде һәртүрлі ақшаны өз алдына дестелеу керек. Мәселен, бірінші дестесі 500 сомдықтан, екінші дестесі 100 сомдықтан, үшінші дестесі 5000 сомдықтан басқалар да осы реттен.

Һәр дестеге 100-ден кем яки, артық сандар кірмеуі тиіс. Мысалы, егер бір адамда 57,735 сом ақша болса, ол адама айырбастау үшін ақша айырбастайтын орынға 37,800 сомды алып келуі тиіс.

Дестелегенде дестеде бұзылған ақша болмасын. Бұзылған ақшаға саналы алынбайтын ақшалар мына түрлі болады:

1 Ақшада кассирдің қолы қойған қолы болмаса;

2 Ақшада нөмір жаңа литр;

3 Ақшаның төрттен бірі жыртылған болса;

4 Екі ақшадан құралған құралған ақша болса;

5 Һәр адам өз ақшасын өзі айырбас қылуы тиіс. Айырбас қыл депбіреуге тапсыруға, яки біреуден айырбас қыламын деп ақша алуға болмайды;

6 Егер ақша айырбастайтын орны жоқ жерде, тұрған азаматтар ортасынан үш адамды сол атыраптағы елдің ақшасын айырбастайтын орынға алып барып, айырбастауға уәкіл қылып сайлауға болады. Уәкіл қағазы, мамлакат тілінің қайсында жазылса да, болады. Бірақ уәкіл қағазын, жергілікті мақала куәландыру керек. Уәкіл қағазда һәр адамның айырбастайтын ақшасының саны көрсетілуі тиіс;

7 Өзінің һәм басқалардың уақытын бекер өткізбес үшін азаматтар шамасы келгенше 1-ші марттан қалдырмай, айырбас қылып құтылмаққа тырысуы керек;

8 Һәр азамат қолында қанша ақшасы болса да, айырбас қыла алады. 3 миллион сомға шейін нақты ақшаға айырбас қылады. Онан артығын банкке салып қою керек. Уақытында алып тұрады;

9 Ақша салатын орынға, Түркістан ақшасының орнына центрдің ақшасы салынады. Мысалы, Түркістан ақшасынан 100 сом салынған болса, 10сом центрдің ақшасын алады. 100, 000 сомға 10, 000 сом алады. 1, 500.000 сомға 150.000 сом алады. Басқалар да осы ретпен болады» [3, 191]. Түркістан республикасы болып тұру үшін алғашқы қажеттілік қаржымен тікелей байланысты. Осы жолда халықтың қаржылық белгілері, қандай қаржы негіздерін ұстайды деген мәселеде аса маңызды болды. Түркістан республикасы алғашқы кезде жеке дамуды бастан кешіңкіреп, өз еркіндігін анық сезіне алғандығымен ереркше. Сондықтан да халықтың қаржылық сауаттылығына да назар аударды.

«Түркістанда ақша өзгеру (үгітшілерге өрнек)» деп аталатын мақалада:

«Ақтардың жол бөгеуі себепті, Түркістан кіндікпен қатынаса алмай тұрған заманда, ләжсіздан Түркістан Кеңес хукіметі, осы күнгі Түркістан ақшасы деген ақшаны шығарып, өз алдына қазына ашқан еді.

«Түркістан ақшасы» Түркістанның өз ішінде қана жүріп, Россия республикасының өзге аймақтарында жүрмеуші еді. Патша үкіметінің жалмауыздары халықтың шаруасын күйзелтіп, әсіресе жиһангерлер соғысы кезінде уалаяттан шетке шығаратын басы артық азық-түлік болмады. Оның үстіне сыбайлас Бұқара, Хиуа, Ауғанстан бейбітшілік заманда Түркістанмен

саудасы Мәскеуден һәм басқа ішкі жақтан келетін тауар мен ғана болып, Түркістанның өзінде үлгеретін шаруашылық заттармен жұмысы болмады. Түркістанға шеттен ақша келетін жөні жоқ еді. Түркістан Бұқарадан, Ауғанстаннан нәрсе алатын болса, оларға төлейтіні «Мәскеу ақшалары» яғни, «Киренский» «Дума ақшасы», «Николай» ақшасы еді.

«Түркістан ақшасын», сыбайлас елдер өтімді ақша деп білмеді. Күннен-күнге базар төмендей берді:

1919-шы жыл мартта «Киренке»-нің 100 сомына 150 сом, апрельде 580, сентябрьде 700 сом. 1920-шы жыл январьға қарсы 850. Апрельде 950 Түркістан ақшасын беретін болды. «Центр» ақшасымен салыстырғанда, Түркістанның ақшасы Түркістанның өз базарында да құны төмендеп, өнімі кем болып, керек-жарақты қымбаттата бастады» [3, 196], – деп алғышартатрдың болғандығын, оның жасалып кеткендігін ескертті. Ендігі жерде халықтың әрекеті, желінбей, өз пайдаларына қалай, мемлекеттің болашағына қарай қандай әрекеттер жасауы қажеттігін рет-ретімен түсіндірілді. «Ақша мәселесінің мұндай күйге ұшырауына, тағы да Кеңес хукіметінің Түркістанда ұйымдаса алмауы болды. Екінші себебі, мамлекеттің һеш бір түсімі болмағандық (1919-шы жыл түсім 2 % процентіне ғана бара-бар 1920-шы жыл онан да аз. Һәрбір 1000 сом шығынның қарсысына 2 сом ғана түсім болды). Осы айтылған себептер Түркістан Республикасының ақша басып шығаратын машинасын, жұмысқа белшесінен батырды. Сөйтіп, Түркістан Республикасы тез арада, кіндік Россия хукіметін қуып жетті. Міне, бір мысал: 20 айдың ішінде кіндік Түркістан Республикасының ақша басатын машинасы (1920-шы жыл 1 августына шейін) 24 есе өсті. Осы екі арада Түркістан ақшасы 190 есе өсті. Яғни, кіндік ақшасынан 8 есе артып кетті.

Рас, жан басына бөлгенде, ақша саны һәр мемлекеттерде-ақ өсті (ақ Польшада екі жылдың ішінде жан басына 14 сомнан келуші еді). Бұл жағынан қарағанда, кіндіктен озып отыр. Түркістан ақшасы 1920-шы жылдың декабрь басына қарсы «центр» ақшасымен салыстырғанда, жан басына екі есе артық кесіп отыр. Һеш бір түсім болмаған соң, Түркістанның машинасы бұрқыратып шығарып, Түркістан Республикасының жылдық бюджеті (1 жылға шамалаған расходы) кіндік Кеңес Россиямен салыстырғанда, орасан көбейіп кетті. Бұрын бейбітшілік заманда Түркістан бюджеті Россия бюджетінің жеті процентіндей-ақ еді. Яғни, һәр 1800 сомына 70 сом келуші еді. 1919-шы жылы төрт жарым процентке 1920-шы жыл 10 процентке жетті. Түркістан халқының санына шаруашылығын қарағанда, жылдық шығыны Россия бюджетінің оннан біріндей болатын жөні жоқ. Осы күні бұрын бейбітшілік заманға қарағанда, бюджет 285 есе артылып отыр. Бұл сан Россия бюджетінің өсуімен салыстырғанда, 4000 есе артқаны. Яғни, Россия Республикасының бюджетінен 14 есе артылып кетіп отыр» [3, 196].

ҚОРЫТЫНДЫ

«Ақжол» газеті – қазақ басылымдарының ішінде ұлттың саяси, білімділік, әлеуметтік сауатын ғана емес, алғаш рет экономикалық сауатына назар аударған басылым. Сонысымен де оның орны ерекше. Бүгінгі баспасөз үшін газеттің тәжірибесі мен жұмыс стилі әлі де үлгі болып қалады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Т. 4. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 568 б.

2 «Шолпан» журналы / Х. Есенқарақызы. – Алматы : «Қазақпарат» баспасы, 2015. – 475 б.

3 «Ақ жол». Көптомдық. – Т. 2. / Х. Есенқарақызы – Алматы : «Қазақпарат» баспасы, 2015. – 380 б.

4 «Ақ жол». Көптомдық. Т. 1. / Х. Есенқарақызы. – Алматы : «Қазақпарат» баспасы, 2015. – 380 б.

5 **Омашев, Н.** Алаш басылымдары. / «Айқын» газеті. – 2009, 22.06.

6 Әуезов және архив. – Алматы : Атамұра, 1997. – 23 б.

7 **Қамзабекұлы, Д.** Алаш және әдебиет – Астана : «Фолиант», 2002. – 474 б.

8 **Ысқақұлы, Д.** Әдебиет сынмен көркейеді. Ж. Аймауытовтың сыншылық қызметі хақында

9 **Нүрпейісов, К.** Қазақ интеллигенциясының әкімшіл-әміршіл жүйеге ғылым мен мәдениет саласындағы қарсылығы (20–30 жылдар мысалында) // Столичное обозрение. – 1998.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

Б. К. Капасова, С. Т. Еликпаев

Место газеты «Ақжол» в основе национального благосостояния

Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

B. Kapasova, S. Yelikpaev

The place of the newspaper «Akzhol» in the spiritual world of the people

S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

В статье анализируется место газеты «Акжол» в казахской журналистике. Рассматриваются темы духовности разных авторов, разные мировоззренческие и классовые взгляды. Проводится анализ статей в первых выпусках журнала «Акжол». С первых номеров газета «Акжол» обратила внимание на актуальные моменты в жизни населения. Газета «Акжол» дает многие сведения о деятельности новой власти. В идее адаптации к новой среде, направленные на развитие казахского общества, в сохранении национального колорита и облика газета «Акжол» занимает особое место. Проводится анализ первых аналитических, обзорных и других жанров статей, этим и определяется особое место газеты «Акжол». В газете постоянно публиковались всесторонние исследования по товарно-экономическим вопросам. Это в свою очередь позволило народу расширить свои знания об экономике. А также это позволило провести психологическую и информационную подготовку, тем самым воздвигая аудиторию на новый уровень. В связи с тем, что в государстве поменялось правительство, народу пришлось менять денежную купюру, и эти процессы были проанализированы.

The article analyzes the place of the newspaper «Akzhol» in Kazakh journalism. It explores the theme of spirituality of the authors of different ideological and class views.

There is given an analysis of the articles in the first issues of the magazine «Akzhol». From the first issues, the newspaper «Akzhol» drew attention to relevant moments in the life of the population. The newspaper «Akzhol» gives a lot of data on the activities of the new government. The newspaper «Akzhol» occupies a special place in the idea of adapting the new environment, aimed at the development of Kazakh society, preservation of national peculiarities and appearance. The analysis of the first analytic, review, and other genres of articles, determined the special place of newspaper «Akzhol». The newspaper constantly published comprehensive examinations of the commodity-economic issues. This in turn has allowed people to expand their knowledge about the economy. Consequently, this has led to the psychological and information preparation of the audience to a new level. Due to the fact that the government changed the people had to change the bank notes and this procedure was analysed.

FTAMP 811.512.122'373.49

Б. Қ. Қапасова¹, С. Т. Елікпаев²

¹ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹kapasova1970@mail.ru; ²serik.elikbay@mail.ru

«ШОЛПАН» ЖУРНАЛЫ – ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ БАЙ МҰРА КӨЗІ

Мақалада 20 ғасыр басындағы қазақ баспасөзіндегі өзгеше тақырыптарымен ерекшеленген «Шолпан» журналының орны мен тарихы маңызы талданады.

Журнал 20-ғасыр басындағы қазақ халқына қажет тұтас қоғамдық мәселелермен бірге әлемдік мәні бар үлкен тақырыптарды журналистік зерттеумен, терең талдап жаза білген. Сонымен бірге, қазақ әдебиеті мен ғылымның әр саласынан да маңызды тұстарды талдап жазып, журнал бетіне ел талқылауына ұсынып отырған. «Шолпан» журналына қатысты пікірлер мен зерттеулер туралы айтылған тұста М. Әуезов пен Ж. Аймауытов еңбектері мен ұлт алдындағы істері еске түседі. Алғашқы рухани басылымда қазақ әдебиеті мен мәдениеті, этнографиясы мен тарихына қатысты ғылыми сараланған ойлар айтылды. Жазушының шығармашылық гүмырындағы «Шолпанның» ролі талданады. «Шолпан» журналы – қазақ руханиятының негізгі тірегі екендігі ашылады.

Кілтті сөздер: «Шолпан» журналы, рухани даму, журнал, баспасөз, газет, тарих, қоғам, мәселе, ұлттық, саяси-әлеуметтік, зерттеу т.б.

КІРІСПЕ

Әлемдік даму жаһандық тұтастыққа бет алған тұста ұлттық құндылықтардың бағасы артары сөзсіз. Ұлттық құндылықтардың қатарында ел өткеніндегі бай баспасөз тарихы да бар екені де белгілі.

20-ғасырдың бас кезі қазақ журналистикасында бірнеше өзгеше белгілерімен ерекшеленді.

1 Қоғамдық ортада көркемөнердің жаңа жанрлары дамыды.

2 Қазақ көркемдік ойының, қоғамдық ой мен ортақ санасының таралуына, насихатталуына «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы өзгеше әсер етті.

3 Қазақ баспасөзінің жаңа жанрларын дамытты. Көсемсөз, мақала, пікір сияқты газет-журнал жанрлары да әдебиеттің өркендеуіне әсер етті.

4 Көркемөнерге, зиялы қауым ісіне газет, журналдарда баға берілуі де көркемдікті күшейте түсті.

5 20-ғасырдың бас кезінде проза жанры дамып, поэзияның көркемдік сипаты, публицистиканың жаңа белгілері, қазақ журналистерінің алғашқы тобы түрлі тақырыпты қамтыды.

6 Алғашқы ұлттық публицистиканың классикалық үлгілері жарық көрді.

7 Ғасыр басындағы журналистикада ұлт болашағына қатысты ел зиялыларының түрлі пікір, көзқарастары олардың саяси, қоғамдық-әлеуметтік, таптық, т.б. бағыттарын да айқындады.

8 Қоғамдағы түрлі бағыттарды анықтауда журналистиканың соның ішінде публицистиканың орны өзгеше болды. Басылымдардағы түрлі мақала мен публицистиканың сан алуан жанрлары арқылы қазақ зиялыларының саяси-идеялық, қоғамдық ерекшеліктерін де белгілеп берді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Қазақ» пен «Айқап» маңына топтасқан қазақ зиялылары арқылы қоғамдық ойдың екі түрлі бағытты ұстанған көсемдері бөлініп шықты. «Қазақ» газеті маңына негізінен мемлекетшіл-ұлтшылдық бағыттағы зиялы қауым өкілдері жиналды (А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Әуезов).

Ұлтты оятып, халықтың бүтіндігін, тұтастығын қалаған мемлекетшіл-ұлтшыл бағыттағы зиялы қауым мен «Айқап» маңында С. Сейфуллин, Б. Майлин сияқты төңкерісті жақтаған белді авторлармен қоса шығыстық дәстүрді қалаған қаламгер-журналистер мол болды (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, М. Сералин, Ғ. Мұсағалиев, Б. Сыртанов).

«Қазақ» пен «Айқап» басылымдары қазақ қоғамын жаңа оймен сілкінтті. «Қазақ» маңына ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов бастаған алашшылдар, «Айқапта» С. Дөнентаев, С. Торайғыров сияқты қазақ қоғамында ағартушылық, мәдени, әдеби, сыншылдық ойларымен белгілі ұлт ұлдары болды. Сонымен бірге екі басылымға да бірдей өз ойларын білдіріп, ұлттың бүтіндігін қолдаған қаламгерлердің ісі, саяси ойда бөліне бергені анық. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатұлы т.б. мақалалары мен бірге көркем туындылары «Қазақ» газеті мен «Айқапта» бірдей жарияланып, жарық көрген.

1917 жылғы Кеңес өкіметінің орнауы қазақ қоғамына көп өзгерістер әкелді. Алғашқы кезеңінде қазақ елінің еркіндігін, бостандығын сақтауға кепіл берген коммунистер билігі кейіннен, Азамат соғыстан кейінгі жылдары бірнеше реформаларды жүргізді. Ұжымдастыру, колхоздастыру, ЖЭС

(НЭП), сауужой науқаны т.б. кеңестік өзгерістер ұлттың зиялы қауымына ойлануға, жаңа бағыттар таңдауына себеп болғаны анық.

Қазақ қоғамындағы «Шолпан» журналының жарыққа шығуына бірнеше себептер болды. Бұлардың негізгілеріне сол қоғамның саяси және әлеуметтік және әдеби, мәдени себептер болды.

1 Қазақ қоғамына жаңа қоғамның ерекшеліктерін түсіндіру мақсатын көздеді.

2 Ұлтты жаңа қоғамда өз танымынан алыстатпау, өз түсініктерімен қалдыру, ұлттық тамырынан үзбеу қажеттігі туды.

3 20-ғасырдың аласапыран кезеңінде ұлтты сақтау және дұрыс жолға салу керектігін зиялы қауым ерте ұқты.

4 20-ғасыр басында қазақ қоғамында оқыған, өз ойы бар, өз пікірі мен түйінін ортаға сала білетін азаматтар мол болды.

5 Жаңа қоғамға жаңа ой мен идея керек болды. Халықтық танымды заманмен сабақтастыру керектігі белгілі болды.

6 20-ғасыр басында жазылған мол әдеби мұраны насихаттау қажет болды.

7 Жаңа заман, жаңа қоғамдық заң мен ережелерді халыққа түсіндіру, жеткізу керектігі байқалды.

8 Заң тілін, ереже мен жаңа шығып жатқан заңнамаларды халық тілінде жазып түсіндіру қажеттігімен байланыстырылды.

«Шолпан» журналындағы ел өмірінің суреттері әдебиет пен мәдениет, ғылым мен рухани әлем суреттері көп болғаны анық.

«Ақ жол» басылы қазақ ұлтының тарихындағы бар мәдени және шаруашылық мәселелер мен ағарту, экономика, денсаулық, әлеуметтік сала т.б. тірліктің барлық саласын еркін қамтып, алғаш рет қазақ қоғамын көптеген жаңа тақырып, жаңа салалармен алғаш таныстырушы және оны талдап түсіндіруші ретінде мәнді.

Бүгінгі рухани жаңғыруға бет алған тұста қазақ елі өз тарихындағы ақтандақ беттерді қайта қарап, ұлт құндылықтарын ел қажетіне жаратуда мол істер бар. Сондай еңбектердің бірі – баспасөзге де қатысты.

Қазақ баспасөзі өз тарихын 19-ғасырдың соңындағы «Дала уәлаятының газеті», «Түркістан уәлаятының газеті» басылымдарынан алады. Ұлттың мұңы мен зарын, нағыз қажетін жоқтаған «Қазақ» газеті, «Айқап» журналы баспасөз тарихындағы ғана емес, ел тарихындағы ұлы сілкініс болды. Қазақ ұлтының қажет кезінде жанында бола білген, қажетін тауып, ақылшысы, жол нұсқаушысы бола алған басылымдар 20-ғасырдың басында тоқтап қалды. Бұл басылымдардың тоқтауына төңкерістен кейінгі саясат әсер еткені белгілі.

Қоғамның тұтас қалпы өзгерген тұста шаруашылық, экономикалық, тұрмыстық, рухани қатынастар мен құндылықтар да өзгерді. Қоғамның жаңа форматқа көшуі ел өміріндегі барлық мәселелерді ыждақатпен қарауды талап

етті. Бұл тұста ұлт зиялылары баспасөзді қалай дамытты, баспасөздің ролі қандай болды деген мәселеде біздің «Шолпан», «Ақжол» басылымдарын зерттеудің өзекті екендігін айтқымыз келеді.

20-ғасыр басында жарық көрген басылымдардың қоғамның саяси, әлеуметтік, мәдени, шаруашылық ісіндегі қызметтерін анықтап, тәуелсіз ел өркендеуінде пайдаға асыру – өзекті.

Ғасыр басындағы ұлттық құндылықтарға талдау жасаған басылымдардың ұстанымы мен қағидалары да бүгінгі журналистика үшін үйренер мектеп болары анық.

Қазақ баспасөзіндегі кәсіби журналистиканың негізін салған, ұлт рухани әлемін көтерген Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Сералин, Ж. Аймауытовтардың шығармашылық жолдарын талдаудың да маңызы ерекше.

Қазақ басылымдарының зерттелуі Кеңес өкіметі кезінде басталды. Бірақ ұлт тарихының, құндылықтарының басты танымдық сипаттарын анықтайтын басылымдарды зерттеу тек ел тәуелсіздік алған соң ғана мүмкіндік болғаны белгілі. Бұл тұста «Қазақ» газетін, «Айқап» журналын жан-жақты зерделеу 1991 жылдардан соң бірден басталса, «Шолпан» журналы мен «Ақжол» газетін зерттеу 2000 жылдардан кейін қолға алынды.

1999 жылы шыққан Қазақстан ұлттық энциклопедиясында «Шолпан» журналы [1, 50] туралы айтылды.

«Шолпан» журналы 1922 жылдан 1923 жылдың мамыр айына дейін Ташкент қаласында шығып тұрған. Шығарушысы – И. Тоқтыбаев.

«Шығарушы: И. Тоқтыбаев.

Бастырушы: Түркістан коммунистер партиясының Кіндік комитеті.

«Шолпан» журналына сөз жазушы азаматтар: Н. Төрөқұлова, С. Қожанова, С. Асфендияров, Т. Рысқұлов, О. Жандосова, К. Бөриев, доктор Халел Досмұхаметов, доктор Қашқынбаева, Досжанова, этнограф Абубакир Диваева, М. Жаленова, С. Айзунов, Ж. Досмұхаметова, А. Сыдықов, Ә. Аралбаева, Олегов, Скалов, А. Оразаев, Сара Есова тағы басқалар» [2, 36].

Журнал 20-ғасыр басындағы қазақ халқына қажет тұтас қоғамдық мәселелермен бірге әлемдік мәні бар үлкен тақырыптарды журналистік зерттеумен, терең талдап жаза білген. Сонымен бірге қазақ әдебиеті мен ғылымның әр саласынан да маңызды тұстрады талдап жазып, журнал бетіне ел талқылауына ұсынып отырған. Бұл жайында 2015 жылы шыққан журналдың кітап болып басылған нұсқасында айтылады [2].

«Шолпан» журналына дүние жағынан үкіметтің беріп келген жәрдемі бұдан былай тоқталатын болды. Журналдың барлық қаражаты өз мойына түсіп өзінен өндірілген ақшамен шығатынға айналды. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей, оның үстіне қымбатшылық күннен-күнге өсіп келеді.

Сондықтан журнал ақсамай шығуы үшін қырғыз-қазақ азаматтарының көмегі керек. Әйтпесе, қырғыз-қазақ тілінде шыққан ілгері көп журналдар газеттер сияқты журналымыз тоқтауы мүмкін. Сондықтан, журналымыздың өмірінің ұзақ болуына тілектес, азаматтардан, оқушылардан өтінеміз.

1 Ілгері журнал жіберілген азаматтар, тиісті ақшаларын кешіктірмей жіберуі.

2 Түптеп, журнал алдырып ел арасына, қала-қалаға таратып журналға жазушылар жию «Шолпан» журналының дүние жағынан халінің нашар екеніне түсініп, жоғарыда айтылған тілектерімізді қырғыз-қазақ азаматтары оқушыларымыз іс-жүзінде орындар деген сеніміміз бар. Басқарма» [2, 39].

«Шолпан» журналы, «Ақ жол» басылымдарының зерттелуін ғалым Н. Омашев [5], Ү. Сухбанбердина, Ш. Сарыбаев есімдерімен байланыстырады.

«Шолпан» журналына қатысты пікірлер мен зерттеулер туралы айтылған тұста М. Әуезов пен Ж. Аймауытов еңбектері мен ұлт алдындағы істері еске түседі. Журналға қатысты көптеген пікірлер мен зерттеулер «Әуезов және архив» деп аталатын еңбекте де нақты айтылады. Жазушының шығармашылық ғұмырындағы «Шолпанның» ролі [6, 7, 8]. талданады.

«Ақжол» газеті «Шолпан» журналы жабылар алдынан бастап жарық көре бастаған. «Қазақ», «Айқап», «Шолпан» басылымдарының жалғасындай. Ұлттық мүдде мен халықтық ұстанымды негізге ала отырып, ел болашағына қажет тұстарды қоғамға насихаттау мен таратуда еңбек етеді [3, 4].

«Ақ жол» 1920 жылдың соңынан 1926 жылдың соңына дейін жарық көрген басылым. Газет материалдарының өз кезіндегі көптеген тарихи мәліметердің көзі болуымен бірге, ұлттық сана, қоғамдық дму, өркендеу сипаттарын анықтайтын ақпарат негізі ретінде маңызының зор екендігін ғалым К. Нүрпейісов жазады [9]. «Ақ жол» газеті маңына қазақ зиялы қауымы жиналады. Бұл басылым ұлттың болашағы үшін еңбек еткен ерлерді бір жерге жинаған басылым ретінде, соның ішінде жекелеген ұлт ұлдарының өміріндегі орны маңызды екендігін қарастырған жұмыстар да зерттеуде пайдаланылды [10].

«Осыған байланысты 1937–1938 жж. Үлкен террорға дейінгі Алаш қозғалысы тарихнамасында ұлт зиялылары М. Атаниязов, Ә. Байдилдин, О. Исаев, І. Қабылов, Ғ. Тоғжанов, Ш. Тоғжігітов, Ә. Жангелдин, С. Сейфуллин, Т. Рысқұлов, Х. Габиллулин, А. Кенжен және т.б. мерзімдік басылымдар жарияланған мақалалардың бәрі бірдей тәртіптің саяси қасымының арнайы тапсырыспен жазалды деп үзілді-кесілді тұжырымды жасау асығыстық болар еді. Аталған авторлардың көпшілігі қазақтың болашағын коммунистік мұраттармен байланыстырған таптық – партиялық сенімдегі зиялылардың өкілдері еді. Олардың арасында таптық көзқараспен жазылған теориялық дайындығы жоғарғы еңбектерімен бірге осы күресті

желеу етіп маңсап құмарлық мақсатпен немесе жеке азаматтық қатынастары бойынша есе қайтаруды көздеген еңбектерде бар екендігі белгілі. Демек, тарихнамалық, деректанулық талдауды қажет ететін бұл деректер Алаш қоғамының шынайы болмысын қалпына келтіруге септігі тиеді. Ал, И. Голощекин бастаған А. К. Богачев, С. Бранин, О. Исаев, И. Тимофеев, С. Мещеряков, Ғ. Тоғжанов және т.б. партиялық номенклатура өкілдерінің мақалалары мен еңбектері тарихи танымда И. Сталин хатынан кейінгі Алаш қозғалысы туралы ұстанымды орнықтыруға және онан насихаттауға қызмет еткені белгілі. Осы кезге дейі «Қазақ» газетінің, «Шолпан» журналының материалдары жеке жинақ болып басылып шықты. Ендегі кезекте «Ақжол» газеті өзінің ізашары сияқты тұтас дереккөз ретінде жан-жақты ғылыми танымның нысанына айналып отырды. Бұндай кенжеліктің сыры, әсте де газеттің еліміздің мәдени арихындағы рөлінің атқарған қызметінің төмендігінен есеме. Кейбір зерттеушілердің зерттеу тақырыбына сай нақты деректер тауып оған деректі талдау жасаған ғылыми ізденістер бар. Бірақ ол әрекеттер осындай ауқымды мұраны игеру үшін тым жеткіліксіз болып келген еді» [4, 25].

ҚОРЫТЫНДЫ

«Шолпан» журналы мен «Ақжол» газеттерін жан-жақты зерттеудің әлі де қажеттілігі байқалады. Соның ішінде басылымдардың қоғаммен байланысы, әр сала мен тақырыптарды ашудағы орын, журналистерінің негізгі ұстанымдары мен бағыттары да зерттеуді қажет етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – Т. 4. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 568 б.
- 2 «Шолпан» журналы / Х. Есенқарақызы – Алматы : «Қазақпарат» баспасы, 2015. – 475 б.
- 3 «Ақ жол». Көптомдық. – Т. 2. / Х. Есенқарақызы. – Алматы : «Қазақпарат» баспасы, 2015. – 380 б.
- 4 «Ақ жол». Көптомдық. – Т. 1. / Х. Есенқарақызы. – Алматы : «Қазақпарат» баспасы, 2015. – 380 б.
- 5 **Омашев, Н.** Алаш басылымдары. / «Айқын» газеті. – 2009, 22.06.
- 6 Әуезов және архив. – Алматы : Атамұра, 1997. – 23 б.
- 7 **Қамзабекұлы, Д.** Алаш және әдебиет. – Астана : «Фолиант», 2002. – 474 б.
- 8 **Ысқақұлы, Д.** Әдебиет сынмен көркейеді. Ж. Аймауытовтың сыншылық қызметі хақында.

9 Нұрпейісов, К. Қазақ интеллигенциясының әкімшіл-әміршіл жүйеге ғылым мен мәдениет саласындағы қарсылығы (20–30 жылдар мысалында) // Столичное обозрение. – 1998.

10 Нұрымбетова, Г. Ораз Қикымұлы Жандосовтың қоғамдық-мемлекеттік қызметі. (1916–1938 жж): канд.дис.автореф. – Алматы, 1995. – 27 б.

11 Аллаберген, Қ. Тарих және баспасөз. Қазақ журналистикасының тарихы. Екінші кітап. – Павлодар, 2012 [Электронды ресурс]. – <http://library.psu.kz/fullt 2.76 Mb>.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

Б. К. Карасова, С. Т. Еликпаев

Журнал «Шолпан» – источник духовного наследия казахской печати

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

B. Karasova, S. Yelikpaev

The magazine «Sholpan» is the source of the spiritual heritage of the Kazakh press

S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

В статье анализируется место журнала «Шолпан» в казахской журналистике. Рассматриваются темы разных авторов, их мировоззренческие и классовые взгляды. В журнале «Шолпан» опубликованы статьи на различные темы актуальные для казахского народа начала XX века. Начало XX века отличалось изменениями в мире, которые охватывались журналом. Авторы статей проводят журналистские исследования. Также отмечается, что в журнале много внимание уделялось теме литературы и духовности народа. В статье также выявлены отличия журнала от других журналов начала XX века. Эти отличия особенно отмечаются в научных статьях великих писателей казахской литературы М. Ауэзова, Ж. Аймауытова. Роль журнала «Шолпан» отмечается в распространении и в пропаганде актуальных тем в обществе. Народные и национальные интересы были самыми главными темами не только в начале XX века, но и в эпохе глобализации.

The article analyzes the place of the magazine «Sholpan» in Kazakh journalism. The themes of different authors, their world outlook and class views are examined. The magazine «Sholpan» published articles on various topics relevant to the Kazakh people at the beginning of the XX century. The beginning of the XX century was marked by changes in the world that were covered by the magazine. The authors of the articles conduct journalistic research. It is also noted that the magazine paid much attention to the theme of literature and the spirituality of the people. The article also revealed the differences between the journal and other journals of the early XX century. These differences are especially noted in the scientific articles of the great writers of Kazakh literature M. Auezov, J. Aimaulytov. The role of the magazine «Sholpan» is noted in the dissemination and propagation of relevant topics in society. National interests were the most important topics, not only at the beginning of the XX century, but also in the era of globalization.

FTAMP 16.41.25

Ә. Қ. Қопаева¹, З. С. Маурапова²

¹аға оқытушы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²аға оқытушы, Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹kopaeva-ak@mail.ru

КӘСІБИ БАҒЫТТАЛҒАН ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ КЕЙСТЕРДІ ҚҰРАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Бұл мақалада қазақ тілін кәсіби бағытта тиімді оқыту мақсатында кейстерді пайдаланудың маңызы, оларды жасау кезінде назар аударатын басты талаптар қарастырылып, авторлардың өз тәжірибесіндегі кейстердің үлгісі берілген

Кілтті сөздер: кәсіби қазақ тілі, кейс-стади әдісі, кейс талаптары, кейс үлгілері.

КІРІСПЕ

Жоғары кәсіби білім беру үрдісінде кейс-стади (case study) әдісінің қазіргі кезде кең қолданылып жүргені белгілі, оның басты себебі: кәсіби құзыреттілікті, оның ішінде мемлекеттік тілдің негізінде қалыптастыруға бағытталған жоғары білім беруді дамытудың жалпы беталысы; сонымен бірге түрлі ақпарат көздерінен қажет мәліметті ала білу, кәсіби мәселе бойынша шешім қабылдау кезінде мемлекеттік тілде пікірталас жүргізе алу сияқты қабілеттерге ие маманды даярлау сапасына қойылатын талаптардың артуы.

Студент өзінің болашақ мамандығы аясында ғана білім алумен шектелмей, сондай-ақ ауызекі және жазба коммуникациясында қазақ тілін тәжірибеде қолдана алуы керек. Ал, бұл мақсатқа жету үшін кәсіби қазақ тілі сабағында тек мәтіндерді аударып, грамматикалық тапсырмаларды орындаумен және термин сөздерді жаттаумен шектелмеген жөн. Орыс бөлімінде оқитын студенттер сабақ үстінде қазақ тілінде берілген тапсырмаларды дұрыс орындайды да, ал пікірталасқа қатысуда, өз ойын білдіру кезінде белсенділік танытпайды. Демек, осындай жағдайлар кейстерді қолдана оқытудың тиімділігін, әрі қажеттілігін дәлелдейді. Бұл әдіс кәсіби бағдар беру кезінде білім алушылардың алған тілдік білімін белсендіреді, сондай-ақ олардың қазақ тілінде сөйлеуінің уәжін де арттырады.

Кез келген оқытудың мақсаты – еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ете алатын білімі мен дағдылары бар жоғары білікті маман даярлау. Яғни, заманауи оқытудың мақсаты – дайын білімді қабылдау емес, студенттер мен оқытушының бірлескен шығармашылығы негізінде білім алу.

Студенттерді кәсіби тілдік даярлығы үшін қазақ тілі сабағында кейс-әдісін қолдана отырып, бірін-бірі толықтыратын мынадай екі мақсатты көздейміз: коммуникативтік құзыреттілікті жетілдіру және кәсіптік қасиеттерді қалыптастыру.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Case-studies оқу сабақтарында кейін талдау жасау мақсатында нақты материалдардың негізінде арнайы құрастырылған нақты оқу жағдаяттары болып табылатыны белгілі. Осы жағдаяттарды талдау барысында білім алушылар «топ» ішінде жұмыс істеуді, талдау жасауды және басқарушылық шешімдер қабылдауды үйренеді.

Case-study әдісін теориялық білімді практикалық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін құрал деп те атайды. Ол студенттердің өзіндік ойлауын, біреудің пікірін тыңдай біліп, оны ескеруін, өз ойын дәлелдеп жеткізуін дамытады. Әдістің мәні: әркім өз білімі мен тәжірибесіне негізделі отырып, шешім жолдарын ұсынады.

Кейспен танысу (мамандық бойынша тапсырмасы қалыптастырылған, түпнұсқада не қысқартылып бейімделген кәсіби бағыттағы мәтінді оқу), өз бетінше шешімін табу (монолог түрінде баяндама даярлау), сабақ үстінде жағдаятты талдау үдерісі (диалог, алдын ала дайындалған және дайындықсыз пікірталас), бағалауға қатысу (бағалау критерийлері бойынша басқалардың жұмысына баға беруде өз ойын дәлелдеу) – осының барлығы тілдік қарым-қатынас үлгілері.

Тілдік әрекет келесі тәртіпте іске асырылады: кейсте берілген ақпаратты талқылау, маңызды ақпаратты көрсету; ойымен бөлісу және мәселе бойынша жұмыс жасау жоспарын құру; берілген мәселемен жұмыс жасау (пікірталас); мәселе шешімін анықтау; соңғы шешімді қабылдау; баяндама жасау; қысқаша дәлелдеу баяндамасы [1]. Мысалы, Қоғам және жастар. Кәсіби мәтін. Басшының басқару стилі тақырыптары бойынша тапсырма мазмұны мынадай: Нақты оқу ситуациясы (Case study) ақпараттық хат ситуациясын ұсыну, оны дамытып, сұрақтарға жауап беріп, мәселеге байланысты көзқарасын білдіру және өзінің портфолиосын қорғау.

Әрине, әр тақырып бойынша кейс жасау қажет емес, ол мақсатқа сай емес, біздің кейстер кәсіби бағытталған қазақ тілі пәнінің бағдарламасында қамтылған тақырыптар арасынан іріктелік жасалып, оқу жұмыс бағдарламасының мына міндеттерін орындауды көздейді [2]:

– қысқаша жазба жұмысы, яғни үй тапсырмасын орындау, құжаттарды толтыруда жазу дағдыларын, мәтінді сыни талдау дағдысын, критикалық оқу және жетілдіруге көмектеседі. Дәрісханадағы ситуацияларды дамытуда қойылған сұрақтар және алынған жауаптар, талдау дағдысына, сыни оқу дағдысына, сөйлеу дағдысына және құжаттарды толтыруға;

– талдау кейсі қазақ тілінде сөйлеу, ойлау әрекетін дамытуға, лексика-грамматикалық талдауға, сөйлеу үрдісінде өзінің пікірін жалғастыруға серіктесімен өзара талдауға;

– жеке және топтық жобаға қатысу зерттеу жұмысын және презентацияны жүргізу, сол сияқты талдау, дербес ойлау дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Кейсте бағдарламада көрсетілген құзыреттіліктер ескерілуі керек:

1) келешектегі кәсіптік қызметті жетілдіру үшін жоғарғы оқу орнында келесіні білуі керек: берілген лексикалық тақырыптар көлемінде сөйлей және сөйлесе білу; оқу орнынан кейінгі алған білімін және іскерлігін өз бетінше арттыру; студент семестрдің соңында белгілі фразалар мен ілікпе сөздерді күнделікті қарым-қатынас ситуацияларында пайдалана білуі керек және оқулықпен, анықтама материалымен, құжаттармен, мерзімді баспасөз, әдебиеттермен жұмыс істеуге дағдылануы керек.

2) оқу: оқу тәсілдерін меңгеру; оқулық мәтіндерді, жарнамаларды, мандайша жазуларды, нұсқауларды оқудың дыбысграфемалық және дауыс ырғағы нормаларын ескеріп, дауыстап және ішінен оқу. Мәтіннің түпнұсқасын түсінуге тырысу; таныса және зерттеп оқу элементтерін меңгеру; анықтама әдебиетпен өз бетімен жұмыс істеу.

3) жазу: графика мен орфографияны меңгеру; диктант, бланкілерді, сауалнамаларды және декларацияларды жаза білу.

4) тындау: оқытушы мен студенттің арасында қарым-қатынастың қарапайым деңгейін қамтамасыз ету үшін оқытушының нұсқауларын дұрыс түсіну; оқылған тақырып көлемінде қазақ тілінде айтылған сөйлемдерді түсіну.

5) сөйлеу: диалог-сұраудың, ақпаратты алуға арналған диалогтің әр түрлі функцияларын меңгеру; ілікпе фразаларды пайдаланып, әңгімені жалғастыра білу, ақпарат алуды, өзін-өзі таныстыруды, дәлелдеуді, бас тартуды, алғыс айтуды, кешірім сұрауды, ақпаратты анықтауды; қарсы қойған сұрауды, байланыс аяқталғанын білдіретін іскерлік құрылымдарды меңгеру; монологтік сөйлеуді меңгеру (сипаттау, хабарлау); басты және жанама ақпаратты белгілеуді немесе мәтінді қысқартуды (компрестей) білу керек.

Жұмыс түрлері және оларды орындаудың тізімі:

а) нақты оқу ситуациялары (Case study) – студенттерге көптеген ситуацияларды ұсынады, оларды дамытып, сұрақтарға жауап беріп, мәселеге байланысты көзқарасын білдіру және өзінің кейсін жазу;

ә) жылдам оқу (Skim) – оқу бағдарламасына (Syllabus) байланысты берілген деректерді оқу;

б) тақырып бойынша шолу жасау (Review) – Интернет, ақпараттық қор және мерзімді баспасөз материалдарынан алынған қосымша деректер мен берілген тақырыпқа 1–2 бет қысқаша әдеби шолу жасау;

в) глоссарий (Glossary) жасау – орыс тіліндегі терминдер және түсініктемелердің қазақ тіліндегі аудармасы мен қысқаша түсіндірме тақырып бойынша орындалады;

г) таныстыру – өзін таныстыруда студент кез келген тақырыпты таңдауына болады және кез келген аспект бойынша өзінің түсінгенін немесе түсінбегенін білдіре алады. Таныстыру уақыты – 8–10 мин. Таныстыру бойынша бағаланады: қаншалықты тақырып ашылғаны, аудиторияның көңілінен шығуы студенттің мәселені қаншалықты кәсіби қарастыруы;

д) аударма сайма-сай, толық, логикалық байланысты, мағынасы бойынша барабар болуы керек;

Қойылатын талап және күтілетін нәтиже: студент өз қызығушылығын жеткізе алу қажет; барлық тапсырмалар берілген мерзімге дейін орындалуы тиіс; тақырыптарды талдап, қажетті сұрақтар қою, мәселелерге сын көзбен қарап, оларды шешу үшін студент сабаққа жақсы дайындықпен келуге міндетті; сонымен қатар, курс бойынша өзара жұмыс істеуі қажет [2].

Тәжірибе көрсеткендей, жан-жақты құрастырылған ғылыми және әдістемелік тұрғыда ғана емес, сонымен бірге жанрлық (оқытушының шығармашылығы) жағынан да ұйымдастырылған кейс өте тиімді оқу-әдістемелік жұмыс болып есептеле алады. Осыған орай кейсті дұрыс әрі тиімді етіп құрудың талаптарын қарастырайық. Әдістемелік қатысы жағынан кейстер сұрақ-жауап (оларды шешу кезінде студенттер қойылған сұрақтарға жауап береді) немесе кейс-тапсырмалар сияқты түрлері болатынын да айта кеткен жөн. Сонымен кейс құрылымына мынадай талаптар қойылады:

– қызықты, қарапайым және түсінікті тілмен (мақсатқа сай, қажет жағдайда төлеу сөздерді қолданып) жазу керек;

– мәселелігімен ерекшелену; мәселенің «діңгегін» анықтау керек;

– оң мысалдармен бірге теріс үлгілерін де көрсету қажет;

– студенттер қажеттілігіне сәйкес болуы керек, қажетті және жеткілікті ақпаратты қамтуы керек.

Ситуация құрастыру кезінде мәселені анықтау маңызды орын алады. Сонымен қоса кейс мәтіні қойылған мәселе бойынша шешімдер берілмеу керек.

Сюжеттік бөлігі – жағдаят дамып отыратын ақпаратты қамтитын жағдаят сипаттамасы (алынған дерек көзі көрсетілуі керек). Іс-жүзінде нақты кездесетін жағдаят болуы керек (кәсіпорын, мекеме атаулары, өнім атаулары, т.б.; басты кейіпкерлер аты-жөні мен лауазымдары).

Ақпараттық бөлік – жағдайдың дамуын дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін ақпарат. Мәселенің қысқаша сипаттамасы және бірнеше әртүрлі көзқарастың берілгені дұрыс. Жағдаяттың дамуының кезеңдері, оған әсер ететін факторлар, олардың әсер ету нәтижелері; мәселені жою үшін жасалған әрекеттер; осы ситуациядан шығу жолдарына қажетті ресурстар көрсетіледі.

Әдістемелік бөлік – кейстің пәннің құрылымындағы орнын мен мақсатына түсінік береді, кейсті талдау бойынша студенттерге арналған тапсырмаларды және берілген жағдаятты оқыту бойынша оқытушыға арналған түсінікхатты қамтиды.

Сюжеттік және ақпараттық бөліктер жеке дербес (ақпарат қосымшада берілуі мүмкін) әрі тығыз байланыста берілуі мүмкін. Алайда, кез келген кейсте оның мақсаты мен міндеттерін анық жазылуы керек [3].

Түсінікхатта кейс авторлары сабақты өткізуге ұсынылатын әдістері, жағдаяттардың авторлық талдамасы, оның шешімдерінің кілттері берілген нақты нұсқаулық жазылады.

Сонымен бірге, кейстің құрылымында видео-, аудиоматериалдар, электронды тасымалдағыштағы материалдар болуы мүмкін. Оқытушыға арналған түсінікхаттан басқасының электронды нұсқасы студенттерге беріледі. Кейсті жасаудың белгілі бір стандарты жоқ. Алайда, мәтінге сурет, диаграмма, кесте қоса берілсе, әрі мультимедия мүмкіндіктері де пайдаланылса, студент үшін қызығырақ болады.

Бір кейс ішінде коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыратын түрлі амал-тәсілдерді де қамтуға болатынын да ескеру керек [4].

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, оқытудың интеркативті әдісі болып есептелетін кейс әдісі арқылы студенттердің оқуға деген қызығушылығы артып, олардың кәсіптік білім тұрғысынан есеюлеріне септігін тигізеді. Оған қоса бір мезгілде case-study әдісі тілді оқытатын оқытушының шығармашылық әлеуетін жаңартып, оның басқаша ойлап, әрекет етуіне мүмкіндік береді.

Case-технологиясы негізіндегі оқу үдерісі тиімді болуы үшін, мынадай екі шарт орындалуы керек: дұрыс құрылған кейс және оны оқу үдерісінде қолданудың белгілі бір әдістемесі. Осы шарттар дұрыс орындалған кезде сабағымыздың басты мақсатына жете аламыз, яғни жоғарыда аталған студенттердің кәсіби бағытталған тілдік құзыреттіліктері (тыңдау, оқу, жазу, сөйлеу) жетіледі. Кейстерді пайдалана отырып оқыту студенттердің түрлі тілдік қатынас дағдыларының жиынтығын: пресс-конференция дағдылары, сұрақты дұрыс қою, жауабын дәлелдеу сияқты біліктерін де қалыптастырады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Кравченко, М. П.** Использование кейсовой методики (case study) в преподавании делового иностранного языка студентам неязыковых специальностей [Электронды ресурс]. – Дереккөзі: kgau.ru/img/konferenc/2010/g32.doc.

2 Кәсіби қазақ тілі пәнінің оқу жұмыс бағдарламасы. // Құраст.: Б. Ә. Ысқақ, А. К. Копаева. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті.

3 **Долгоруков, А.** Метод case-study как современная технология профессионально-ориентированного обучения [Электронды ресурс]. – Дереккөзі: http://www.vshu.ru/lections.php?tab_id=3&a=info&id=2600.

4 **Горскина, Н. Н., Коровин, С. В.** Педагогические технологии развивающего обучения – метод ситуационных задач. // III Ресей ғылыми-практикалық конференция материалдары. – М. : РГСУ, 2010.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

А. К. Копаева¹, З. С. Маурапова²

Эффективные пути формирования кейсов в обучении профессионально-ориентированному казахскому языку

^{1,2}Гуманитарлық-педагогикалық факультеті,

Павлодарский государственный университет имени С. Торайғырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

А. К. Копаева¹, Z. S. Mashrapova²

Effective ways of forming cases in teaching professional-oriented Kazakh language

^{1,2}Faculty of Humanities and Education,

S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

В этой статье в целях эффективного обучения казахскому языку в профессиональном направлении рассматривается значение использования кейсов и основные требования к их структуре, а также даны образцы кейсов, используемые на практике. Метод-кейс, являясь интерактивным методом обучения, повышает интерес студентов к самообразованию и способствует формированию

профессиональных навыков. Кроме того, метод case-study одновременно актуализирует творческий потенциал преподавателя, способствует нестандартному мышлению, действию. Метод Case-study как инструмент мышления, позволяющий самостоятельно решать практические задачи теоретических знаний, развивает самореализацию обучающегося. Каждый студент основываясь на своих знаниях и опыте, предлагает пути решения.

Method of Case-study, being the interactive method of educating, promotes interest of students in self-education and assists forming of professional skills. In addition, method of Case-study actualize creative potential of teacher, simultaneously, promotes non-standard thinking, action. Method of Case-study as a thinking instrument allowing independently to decide the practical tasks of theoretical knowledge, develops self-realization of student. Every student, being based on the knowledge and experience, offers the way of decision.

Р. М. Муталиева¹, Г. Т. Карипжанова²

¹ф.ғ.к., Гуманитарлық-педагогикалық факультеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., профессор, Гуманитарлық-педагогикалық факультет, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹raushan_mutaliev@mail.ru; ²adon70@mail.ru

**ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ
АУЫЛ ТАҚЫРЫБЫ**

Мақалада Дәурен Берікқажыұлы, Рахат Әбдірахманов, Саят Қамиыгер, Алмас Темірбай өлеңдеріндегі ауылды сағыну, қаладан безіну мәселесі талданады. Жас ақындар өлеңдеріндегі образдылық, өзіндік қолтаңбалары сөз болады. Жас ақындар туралы Б. Сарбалаев, Т. Медетбек пікірлері келтірілді. Қазіргі жастар поэзиясындағы ауыл тақырыбы лирикалық кейіпкерлердің қаладан торығу, ауылды сағыну сияқты сезімдерін суреттеумен ерекшеленеді. Бұл тақырыптың аға толқын ақындардың қаламынан бастау алып, қазіргі жастар поэзиясынан жалғасын тапқаныны айтылады. Ақындардың ауыл тақырыбын жырлауда суреткерлік шеберліктері қарастырылды. Бұл ақындар өлеңдеріндегі кейбір метафоралық эпитеттердің ұлттық өрнекті білдіретіндері, тоқсаныншы жылдардағы тозған ауылды ұтымды теңеу, детальдармен көрсете білгендігі сөз болады. Қазіргі ақындарда «тау» деген образдың көп қолданылатындығы атап көрсетіледі.

Кілтті сөздер: ауыл, қала, лирикалық кейіпкер, деталь, метафоралық эпитет, ұлттық өрнектер, кейіптеу.

КІРІСПЕ

Қазіргі жас ақындар поэзиясы туралы біршама зерттеушілер, ақындар пікір білдірген. Ақын Т. Медетбек «Алтын көпірліктер» мақаласында бір топ жас ақындардың болашағынан үміт етіп, ақындық көзбен барлау жасаған екен. Сол ақындардың ішінде Дәурен Берікқожаұлы, Танақөз Толқынқызы, Алмас Темірбай, т.б. ақындардың беталысы, өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады [1, 532].

Сыншы Б. Сарбалаев та «Баян сұлу жүр базарда жан бағып» деген мақаласында Алмас Темірбай, Дәурен Берікқажыұлы, Хамит Есаманов, Танақөз Толқынқызы, т.б. ақындардың өлеңдерін талдайды [1, 532].

Қазіргі кезде ақындардың көпшілігінде қаладан безіну, ауылды сағыну сарыны көп кездеседі. Тіпті, аға толқын ақындарда да осындай сарын көп.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Алмас Темірбай қай тақырыпқа жазса да, образды ойларымен назар аудартады. «Жаңа қазақ. Тозған ауыл. Хроника. 2000 жыл» өлеңінде:

Кенет, нәпсі – көңілдегі күй тынып,
Қоя берді әлдеқайда ит ұлып
Тоз-тоз ауыл көз алдына келгенде,
«Тойотасы» тоқтай қалды итініп...

Кеші қайда ауылының мақпалдай,
Көрші қайда қыз қылықты, ақ маңдай?
Сол бір сәтте сезінді өзін, үйге емес,
Зиратқа бір кіріп келе жатқандай... [2, 34].

Бұл өлеңнен тоқырау жылдарындағы ауылды көреміз. Сол жылдары талай ауылдың қаңырап бос қалғаны немесе аянышты халде болғаны рас. Тозған ауылды зиратқа ұқсатуы, иттің ұлығаны – ауылдың көңілсіз көрінісін аша түсетін суреттер. Жай көлік емес, қымбат шетелдік көлік тозған ауыл көрінісіне кереғар көрініс болып тұр. «Жаңа қазақ» деген ұғым «Тойота» сөзімен берілген. «Зират» деген сөз – салтанатты тіршілікке қарама-қарсы ең көңілсіз ұғым. Зиратта тіршілік жоқ, белгілер ғана бар. Иттің ұлығаны – иесі қалаға көшіп кетіп, иесіз қалған итті аңғартатын деталь. «Итініп» сөзі көліктің бірден тоқтағанын көрсетеді. Бұл өлеңде ақын, сыншы Ж. Сомжүректің өлеңге қоятын мына талабының бәрі бар: «Өлеңде «балталасаң бұзылмайтын» келісті ұйқас, кестелі кілем түріндей, жайнаған көктем гүліндей көркемдік болумен бірге, оқығанда, тыңдағанда айтар салмақты ойы болуы керек. Ойсыз өлең – тұзсыз, татымсыз тамақ, сылдыраған су. Поэзия, өлең – образды ой, яғни бейнелі ой, суретті ой, ойдың көркем сөздермен өрнектеліп айтылуы» [1, 529].

Алмас Темірбайдың «Ашу» өлеңінде тек қана ауылға деген жалаң сағыныш емес, қоғамдағы жағымсыз құбылыстар астасып берілген:

Елге кетем!
Ен далада қой бағам.
Елсіз жерде емін-еркін ойланам.

Ішкен асы ішімдіксіз тарамас,
Тәбеті – сау, қарыны – тоқ, араны – аш.
Атқамінер арсыздардың жанында
Атқосшы боп жүргендігім жарамас!

Кетем елге..

Жетер жаза басқаным.

Керегі жоқ туған жерден басқаның

Төбесіне көтереді Тауларым,

Маңдайымнан сүйіп менің Аспаным! [2, 16].

Лирикалық кейіпкердің ашуын келтірген – атқамінерлердің ашкөздіктері мен арсыздықтары. Бұндай адамдарға атқосшы болғанша емін-еркін ойланатын ауыл жақсы деген ой түйеді. Мұқағалидан басталған тау бейнесі қазіргі ақындарда көп қолданылады. Алмас та әке орнына – тауды, ана орнына аспанды алған. Баласын көкке көтеретін әке болса, маңдайдан сүйетін – ана. Мысалы, Танакөз Толқынқызының «Таулардан іздегем жоқ басқа тірек» өлеңінде Мұқағалидың «Мен – таулықпын» өлеңінің әсері байқалады:

Таулардан іздегем жоқ басқа тірек,
Жүрер ем тау қызы боп тасқа түнеп...

Ей, Таулар! Құдай бізге берген сені

Бір күні кетпесін деп аласарып [3].

Екі ақын да қоғамдағы келеңсіздіктерден шаршағанда тауларды көңілдеріне медет тұтады, сол таулар сияқты адамшылық жағынан асқақ болып қалғылары келеді.

Ауылға оралу мәселесін Есенғали Раушанов та көтерген:

Ескі қора, су бойлап жүгірген ұл,
Әжем, тандыр, ән қоңыр, іңір қоңыр.
Келінтөбе дейтұғын кең мекенге
Қайту керек шығар, ә. түбінде бір [4, 169].

Ауылдағы қора ескі болса да, лирикалық кейіпкер үшін қымбат нәрсе, бақытты балалық шағының көзі. Ж. Әскербекқызының зерттеуінде «Есенғалидің аспаны» бар [4, 107]. Қазіргі поэзияның дамығаны соншалық, әр ақынның өз тауы, аспаны, түндері бар, олар жай табиғат суреті емес, поэтикалық образдарға айналған.

Саят Қамшыгер де «Ауылға барам» өлеңінде былай дейді:

Қажытты тірлік!

Қолды бір сілтеп кетсем бе екен ауылға?

Жолаушыдаймын қалған бір сұмдық дауылда.

Тек күйбең тірлік, өлеңді ойлар шама жоқ,
Бұл жақта жүріп барады өшіп дарын да...

Бүлінген үйлер,

Болса да ауыл «құрыған»,

Бөрі – жүрегім сол жақты аңсап ұлыған.

Қаланың шулы тірлігін тастап талақ қып,

Ауылға барам, сол жақта менің құбылам! [5, 35].

Саят қаладағы өмірді сұмдық дауылға ұксатады, қала тірлігінен қажыған. «Талақ қылу», «құбыла» секілді діни сөздерді ойын дәл жеткізу үшін қолданған. Кейіпкер құрыған ауылдан қорықпайды. Құбыласы – сол бүлінген үйлері бар ауыл. «Бүлінген үйлер» – адамдардың көшіп кеткенін білдіретін деталь. Ауылды аңсап жүрегінің бөрі болып ұлуында кейіпкердің ауылға деген сағынышы ғана емес, мұң-зары да қоса өрілген.

Ақын Дәурен Берікқажыұлының да қаладан шаршағанын «Кеудемде құтырып күйін мың» өлеңінен көреміз:

Құн тілеп тұратын әр адым –

Шаршатты тұрмысы қаланың.

Құшағың мауқымды бассыншы

Жусанды иісі бар даланың [6, 15].

Дәурен де жусан иісі бар даланы сағынады.

Рахат Әбдірахмановтың «Ауылға барып қайталық» өлеңінде:

Күйбеңді біраз көшіре тұрып санадан,

Салтанат, жүрші...

Кетейік мына қаладан.

Даланың дархан төрінен келген бізге бұл

(түсінесің ғой) тас көше сондай тар алаң.

Кетсе де мына дүние-жаһан шайқалып,

Салтанат, жүрші...

Ауылға барып қайталық.

Қарағайларым қара өлеңіне қарық қып,

Тал-қайыңдарым би билеп берсін жайқалып [7, 22].

Мұнда да кейіпкер үшін қаланың көшесі тар, өйткені ол дархан даланың төрінен келген. Ауылдың қарағайлары да – ол үшін қара өлең оқып беретін ақындар. Тал-қайыңдары би билеп береді. Ақын үшін қарағай, тал-қайыңдар – жай ағаштар емес. Лирикалық кейіпкер туған ауылдың табиғатына ақын көзімен қарайды. Осы арада Ж. Әскербекқызының мына пікіріне жүгінсек: «Табиғатты жырлауда қазақ ақындары тек шабыт қуаты мен көркем тіркестерге жүгінеді. Адам мен табиғат болмысын үндестіре,

егіздей суреттеудің тамаша үлгілерін ұсынған қазақ поэзиясы ойды бейнелі, тұспалды, астарлы түрде жеткізудің артықша тәсілдерін тауып, поэтикалық мәні терең өлеңдермен байыды» [4, 19].

Рахаттың «Ауылды аңсау» өлеңінде:

Қамсыз күн, балаң менің бал шақтарым,
Қалайша жылдам ғана алшақтадың?!
Отырғаны-ай сағынтып ауылымның,
Тау үнінің сыбыры аңсатқаны...

Жиі түсіп тағдырдың көзге кемі,
Қадіріңді енді ұқтым өзгере күн...
Бал шағым-ай, болмапты-ау қарсыласым,
Бір арудың итінен өзге менің...

Қамсыз күн, балаң менің бал шақтарым,
Аңсатты әнің...Қалайша алшақтадың...
Қамшысын көрші атаның сағындым мен,
Жүректің жанарынан тамшы аққалы...
... Көз құп-құрғақ... [7, 62].

Мұнда лирикалық кейіпкердің ауылға деген сағынышы қамсыз балалық шағын аңсаумен астасқан. «Тау үнінің сыбыры» – даладағы тыныштық. Лирикалық кейіпкер өсіп, өмірге араласқан соң, өмірдің тартыс екеніне көзі жетіп, ауылда жүргенде оның қарсыласы тек бір қыздың үйіндегі ит қана болғанын еске алады. Балалық шақтың алаңсыз бақытты шақ болғанын аңсайды. «Көрші атаның қамшысын» сағынуында да ұлттық өрнек бар. «Жүректің жанарынан тамшы ағу» метафоралық тіркесі арқылы көзі құрғақ болса да кейіпкер жанының мазасыздығын, қайғысын танимыз.

Серік Сағынтайдың «Біздің ауыл» өлеңінде басқаша ойлар айтылады:

Біздің ауыл баурында Жыландының,
Сонда өткен құлын-күн, құнан-күнім.
Бәйге-өмірдің мәресі елде ме екен?!
Білмеймін, күмәндімін...

Біздің ауыл сол таудың еңісінде,
Құлын-тағдыр тізілген желісінде.
Шылбыр үзіп, шұрқырап кеткем кейін,
Күреңбайдай сыншы жоқ ел ішінде.

Біздің ауыл...тар-қапас қала казир,
Біздік тағдыр – бәйгеге балама жыр.

Менің тәнім – қаланың қуыршағы,
Жаным болса дүбірлі далада жүр.

Біздің ауыл астында сағым, қырдың,
Біздің жүрек астында шағым-зілдің.
Қимайы иісін кимастан қу қаланың,
Тайғанақтап кете алмай лағып жүрмін.

Лирикалық кейіпкердің балалық шағы «құлын күн» тіркесімен, жастық шағы «құнан күн» тіркесімен берілген. «Құлын, құнан» метафоралық эпитеттері ұлттық өрнекті де білдіреді. Ақын белгілі тақырыпты өзгеше суреттей білген. «Құлын тағдырдың желіге байлануы» – балалық шақтың ауылда қалғанын білдіретін тың қолданыс. Мұнда лирикалық кейіпкер басқалардай сенімді түрде ауылға қайтатынын айтпайды, қайтатынына күмәнді екенін айтады. Мұнда да лирикалық кейіпкерге қаладағы өмірдің қиындығын «біздің жүрек астында шағым-зілдің» деген жолдардан аңғарамыз. «Күреңбайдай сыншы жоқ» дегені ақындығымызды, талантымызды бағалайтын ешкім жоқ дегенді білдіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, қазіргі жастар поэзиясындағы ауыл тақырыбы лирикалық кейіпкерлердің қаладан торығу, ауылды сағыну сияқты сезімдерін суреттеумен ерекшеленеді. Бұл тақырып аға толқын ақындардың қаламынан бастау алып, қазіргі жастар поэзиясынан жалғасын тапқанына көзіміз жетті. Ақындардың ауыл тақырыбын жырлауда суреткерлік шеберліктеріне тәнті болдық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Ысқақұлы, Д.** Әдеби сын тарихы / Д. Ысқақұлы. – Алматы : Таңбалы, 2012. – 580 б. – ISBN 978-601-06-1891-6.
- 2 **Темірбай, А.** Мың бір мұң / А. Темірбай. – Алматы : Жалын, 2008. – 64 б. – ISBN 9965-693-70-6.
- 3 **Толқынқызы, Т.** Сағынып жүрмін / Т. Толқынқызы. – Алматы : Жалын, 2008.
- 4 **Әскербекқызы, Ж.** Көркемдік өріс / Ж. Әскербекқызы. – Алматы : Таймас, 2008. – 296 б. – ISBN 9965-806-81-0.
- 5 **Қамшыгер, С.** Жүректегі ағыстар / С. Қамшыгер. – Алматы : Жалын, 2008. – 80 б. – ISBN 9965-693-63-3.
- 6 **Берікқажыұлы, Д.** Гүл мен қылыш жырлары / Д. Берікқажыұлы. – Алматы : Жалын, 2008. – 80 б. – ISBN 9965-693-67-6.
- 7 **Әбдірахманов, Р.** Жанымның жазба нұсқасы / Р. Әбдірахманов. – Алматы : Жалын, 2009. – 80 б. – ISBN 9965-693-90-0.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

P. M. Mutalyeva¹, G. T. Karipzhanova²

Тема села в современной молодежной поэзии

^{1,2}Гуманитарно-педагогический факультет,
Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

R. M. Mutalyeva¹, G. T. Karipzhanova²

The rural theme in contemporary youth poetry

^{1,2}Faculty of Humanities and Education,
S. Toraihyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

В статье анализируются разработка произведения Даурена Бериккажиевича, Рахата Адрахманова, Саята Камшыгер, и Алмаса Темірбай на тему о любви к родному селу. В их произведениях чувствуется своеобразие. Про молодых поэтов рассказывает Б. Сарбалаев, Т. Медетбек. Тема о любви к родине прожалеет свою историю с давних лет. В этих произведениях писатели используют разные метафоры, выражения в национальном стиле. Они передают свои чувства, эмоции через свои произведения о любви к родному селу. Используют не только метафоры но и различные сравнения. Особенности наши молодые писатели используют образ «тау».

The article analyzes the development of the work of Dauren Berikkazhievich, Rakhat Adrahmanov, Sayat Kamshyger, and Almas Temirbai on the topic of love for their native village. In their works there is a distinction. B. Sarbalayev and T. Medetbek tell about the young poets. The theme of love for the homeland has been tracing its history from a long time ago. In these works, the writers use different metaphors, words expressing in national style. They convey their feelings, emotions through their works about love for their native village. They use not only metaphors but different comparisons. Features of our young writers use the image of «tau».

А. Ш. Пангереев

ф.ғ.д., профессор, Сырттай оқу факультеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы
e-mail: pan.abat@mail.ru

**ТОПОНИМДІК ФОЛЬКЛОР ЖӘНЕ ОНЫҢ
ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ**

Мақалада фольклор мен топонимика ғылымдарының байланыс-бірлігі, соның нәтижесінде туындайтын топонимдік фольклор жанрының өзіндік ерекшеліктері қарастырылады. Топонимдік фольклор ұлттық фольклордың бір саласы түрінде зерттеліп, топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят, топонимдік әңгіме сынды жанрлық түрлері сараланып, эпос поэтикасындағы қызметі талданады. Фольклордың көп қырлы сипаты, дүниенің, болмыстың, қоршаған ортаның мәнін түсіндіріп, мағынасын ашып берудегі қуаты оның топонимикамен байланысты жаңа жанрлық жүйені қалыптастыру мүмкіндігі зерттелінеді. Фольклор мәтіндерінде көрініс табатын бағзы замандардан келе жатқан халықтың рухани болмысы мен ұлттық танымы, эстетикалық мұраттары қарастырылады. Жер-су аттары арқылы көрініс беретін ұлттың тарихи санасы осылайша фольклорлық сюжеттер арқылы қазақ халқының мәдениетін, көшпелі өмір салтын, поэтикалық зердесін, эстетикалық арман-мұратын, жалпы барлық ұлттық ерекшелігін айқындайтын құбылыс екендігі сараланады.

Кілтті сөздер: фольклор, топонимика, сюжет, географиялық атаулар, аңыз, әпсана, хикаят, әңгіме.

КІРІСПЕ

Қазақ фольклортану мәселелері зерттелуі жағынан осы кезге дейін көптеген жетістіктерге қол жеткізді. Фольклор үлгілері жиналып, жүйеленді, жанрлары айқындалып, сараланды. Алайда, халықтың ғасырлар бойы жинақталған төл мәдениетінің үлгісі, ой санасының жемісі саналатын фольклор атты құлашы кең шығармашылық өнер түгелімен зерттелініп болды деп айта алмаймыз. Себебі қазіргі жаһандану заманында қазақ фольклорының алдында ұлтымыздың мәдени өресін, шығармашылық зердесін әлемдік әдебиет, мәдениет айдынында танытатын жаңа міндеттер, әлі де шешімін табар мәселелер тұр. Сол мәселелердің бірі – фольклордың басқа ғылым

салаларымен байланыстылығы негізінде туындайтын қазақ фольклорын өзгеше қырынан танытатын жанрлар жөніндегі мәселе. Фольклортанудың алдында тұрған сондай міндеттердің бірі – оның топонимикамен байланыс – бірлігін ашу болып табылады.

Әрине, топонимика фольклортанудың қасында кенже дамыған сала. Жиналу, зерттелу жұмыстары кенжелеу болғанымен халық санасымен бірге туып, бірге жасасып келе жатырған фольклордың сюжеттерінен о бастан-ақ тұрақты орын алып, алайда ол ерекшелігі еленбей келе жатырған жер-су атауларының да тарихы әріде. Бұл жағынан алғанда ол фольклор құрамында қарастырылуы тиіс. Фольклорлық туындыларда топонимдік атаулардың мол кезігіп отыратындығы, олардың сюжетке әсері, қолданылу ерекшеліктері, кейіпкерлерге қатысы еріксіз назар аудартып, зерттеу нысанына алуға сұранып тұрған факторлардың бірі болып табылады. Осылайша фольклор үлгілерінің бойынан табылып, өзі де халықтың шығармашылық өнімі түрінде поэтикалық сипатқа, танымдық мәнге ие жер-су атаулары топонимдік фольклор жанрының туып, қалыптасуына негіз бола алады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Топонимдік фольклор – жалпы ұлттық фольклордың бір саласы ретінде қарастырылуы тиіс. Оның ұлттық ерекшелігі бірнеше белгілерден байқалады. Алдымен ол фольклордың жанрларымен тығыз байланыста. Фольклордың үш сипаты [1, 20 б.] болса, ол сол үшеуімен де қатысты дамып отырады. Атап айтқанда, ежелгі дүниетаным түрінде, немесе көне мәдениет мағынасында көріне алады, оған фольклорда қолданысқа түсетін жер-су атаулары алғашында мифтік ұғым бойынша аталып, танылғандығын, эпсана, хикаяттарға арқау болғандығын жатқызуға болады. Ал ертегілерде топонимдік атаулар нақты аталмайды, олар жалпылама тау, су, дария түрінде келеді. Сондықтан біз ертегіден тыс халық прозасы жанрларын назарға аламыз, ежелгі мәдени мұралардың жер-су атаулары арқылы танылатын ерекшелігін ашуды басты нысана етеміз.

Сонымен бірге топонимдік фольклор утилитарлық та қызмет атқарады. Оның танымдық мәнімен бірге эстетикалық, мағлұматтық, қоғамдық қызметтері өмірлік қажеттіліктер болып табылады. Сайын далада бағыттан таймай жүріп-тұру үшін де топонимдік атаулардың ролі қандай екендігі белгілі. Осыдан топонимдік фольклордың қолданбалылық сипаты да көрінеді.

Топонимдік фольклор бұрын өз алдына жеке зерттеу объектісі болған жоқ. Ал, енді бұл зерттеуге алынып отырған ертегіден тыс халық прозасының түрлері бұрыннан қарастырылып келе жатырған жанрлар екендігі аян. Алайда, біз олардың жер-суға қатысты түрлерін дербес алып зерттеуді көздейміз. Себебі, халықтың өз танымы тұрғысынан табаны тиген

жерлерге өшпестей белгі қалдырып отыруы, яғни ол жердің, немесе өлкенің кескін келбетіне, сыр сипатына қарай ат қойып, айдар таға білуі ұлттық шығармашылық өнердің қандай мөлшерде өзіндік қасиетке ие екендігін көрсетеді. Сондықтан қазақ фольклорының жанрлық түрлерінде үнемі қолданысқа түсіп отыратын топонимдік атаулар фольклор сюжеттерінің құрамында танымдық, мағлұматтық, образдық сипатқа барынша ие, себебі олар ежелден қалыптасқан халық танымының, қоршаған ортаға берген бағасының, ой зердесінің, поэтикалық тілінің көрінісі.

Фольклордың көп қырлы сипаты, дүниенің, болмыстың, айнала қоршаған ортаның мәнін түсіндіріп, мағынасын ашып көрсетудегі қуаты оның жанрлық жүйеде үздіксіз даму тенденциясын дәлелдеп бере алады. Фольклордың осындай мүмкіндіктерінің қатарына оның топонимикамен байланысы, сол байланыс-бірлік арқылы туындайтын топонимдік фольклордың жанрлық түрлері айқындалады. Және де бұл ғылыми пәндердің байланыстылығы өзінен-өзі көрініп тұр деп те айта аламыз. Өйткені фольклор сюжеттерінде сипатталатын жер-су атауларын алып тастар болсақ, не болмаса оларға мән бермей өте шығар болсақ, онда ол сюжеттер жалпылай абстракцияға ұшырап оқиға тарихи тұрғыда баяндалғанымен әйтеуір нақтылы мазмұндалу жағы жетімсіздеу болар еді. Сонымен бірге фольклор мәтіндерінде көрініс табатын бағзы замандардан келе жатырған халықтың танымы мен эстетикалық мұраты да айқындық таппас еді деп білеміз. Өйткені қазақ фольклорының негізгі ерекшеліктерінің бірі – осы жер-су атаулары арқылы көрінетін халықтық танымға негізделеді. Фольклор ұлттың тарихи жадының куәсі, ұлт тарихының айнасы деп білсек, онда бұл екеуі ажырамас бірлікте екені аян. Сондықтан фольклор мен топонимиканың етене байланысы қазақ халқының мәдениеті, көшпенділік өмір салты, поэтикалық зердесі, эстетикалық арман-мұраты, жалпы барлық ұлттық ерекшелігінен туындайтын құбылыс деп білеміз.

Алайда фольклорлық мұраларында жер-су атаулары соншалықты танымдық сипат алуы барлық халыққа бірдей тән емес. Фольклор сюжеттерінде жер-су атауларының алар орны ерекше болуы, немесе жер-су атауларының қойылу (аталу) себептерін анықтауды, соны хикаялап жеткізуді дәстүрге айналдырған фольклорлық үлгілерінің болуы белгілі бір этностың (халықтың) өмір салтынан, оның даламен, табиғатпен үндестігінен келіп туындайтын фактор. Бұл ретте В. Пропп айтқан: «Первая задача классификатора – установление жанрового состава фольклора своего народа. При этом жанровый состав фольклора, установленный для одного народа, не может быть механически перенесен на состав фольклора другого народа» [2, Б. 37–38.], – деген пікірін қаперге ала отыра топонимика мен фольклордың байланысын дербес жанр түрінде зерттеу көшпелі өмір салтын ұстанған, сайын даланы ен жайлап, еркін көшкен біздің халықтың фольклорлық

жанрларына тән ерекшелік екендігі айқын. Және бұл жөнінде еуропа халықтарынан үлгі-модель іздеудің қажеттілігі жоқ. Себебі, оны таппаймыз. Өйткені бұл белгі халықтың өмір салтына байланысты туындайтын өзіндік ерекшелік. Қазақ фольклоры осындай ерекшелікке ие.

Әрбір ғылым саласының өз алдына томаға-тұйық күйінде дамымайтындығы, көкжиегі кеңу үшін басқа да ғылым, білім салаларымен өзектесе дамып отыратындығы белгілі. Осы айтқандай негізінен географияның объектісі болса да топонимика бірнеше ғылым салаларымен байланысты болып келеді. Топонимиканың басқа ғылымдармен байланысты екендігі жөніндегі еңбектерінде Никонов В. А. [3, с. 9–15], Реформатский А. А. [4, с. 33–34], Агеева Р. А. [5, с. 30–35], Мурзаев Э. М. [6, с. 28–47], Әбдірахманов А. [7, с. 3] т.б. ғалымдар атап көрсетті. Бұл ғалымдардың еңбектерін салыстыра қарастырғанда олардың топонимиканы басқа ғылымдармен еншілестіру жөніндегі пікірлері әртүрлі. Мәселен, өз зерттеуінде Э. М. Мурзаев топонимдер адрестік қызмет атқаратындығымен бірге оның ғасырлар бойғы жасаған халық шығармашылығы екендігін айта келіп, былай дейді: «...Но не следует думать, что значение топонимов ограничивается только этой функцией. Такое одностороннее представление не вскрывает богатства их содержания и большого информационного потенциала. Ведь географические названия, их совокупность суть народное творчество, создаваемое веками. Истоки его уходят в далекое прошлое и нередко теряются в истории человечества» [8, 4 б.]. А. А. Реформатский топонимдерді қолдану жөніндегі географиялық, лингвистикалық және тарихи әдістерді схема түрінде дәлелдей сызып көрсетеді де: «Но так как топонимика законно интересует и географов, и историков, а не только лингвистов, то надо здесь предусмотреть интересы всех заинтересованных и наметить разделение труда в этой области» [6, Б. 31–34] деп қорытады. Бұл айтылған пікірлердің қай-қайсысы да дұрыс. Себебі, әңгіме топонимиканы «қай мағынада тану ғана емес, қай мағынада жұмсауға» байланысты болып отыр. Лингвисттің лингвистикаға, географтың географияға, тарихшының тарихқа тартатыны, өз пәнін жаңаша пайымдау үшін топонимиканы мақсатты «жұмсауға» бейімдейтіні сондықтан.

Осындай мақсатты көздей отыра топонимдік атаулардың таза халық шығармашылық өнерінің жемісі екендігін, яғни оның фольклор құрамында мол көрініс тауып, халықтың өмір салтына байланысты дала мәдениетінің бір белгісі ретінде туып қалыптасқан, танымдық мағынасымен қатар поэтикалық өңі мен эстетикалық мәні жоғары екендігіне көз жеткіземіз. Өйткені, көшпенділер өмірінде дала мәдениетінің қандайлықты орын алатындығы дәлелдеуді қажет етпейді. Көшпелі өмір салтын ұстанып, ұлан байтақ территорияны жайлап, қыстаған халқымыздың өмірінде жер-су атауларының

алар орны зор. Негізгі күнелгіс көзі мал болғандықтан ата бабамыз шүйгінді жер, отты өріс іздеп, табиғатпен етене қатынаста оны асыраушым деп танып үнемі көшіп-қону қарекетінде жүргендіктен әрбір табаны тиген жердің бәріне оның өз бедеріне қарай ат қойып, айдар таққандығы белгілі.

Сондықтан да бабаларымыздың өзі автохтонды халық болып табылатын сайын даламыздың әрбір тауы мен тасының, сайы мен саласының, жырасы мен жықпылының, өзені мен суының дегендей өзіндік атауы бар. Яғни, халық жайлаған, малдың тұяғы тиген жердің бәрінің аты бар. Аты бар да олардың әрбірінің аталу сыры, қойылу ерекшелігі бар.

Сайып келгенде көшпенділер үшін жер-судың мекендік, адрестік қызметі мен қатар танымдық мәні де аса маңызға ие. Сондықтан да жер-судың жаралуы туралы мифтік түсініктер, жер-судың аталуы жөніндегі аңыз, әпсаналар, олардың астарында көмкерілген неше түрлі астарлы сырлар қашаннан бері халықты қызықтырып, ол атаулардың ішкі мән-мағыналарын білуге деген құмарлықты арттырып келді. Топонимдік атауларға деген осындай ықыласты көзқарас, ерекше зейін халықтың жаз жайлауда, күз күздеуде дегендей жайлап, қыстап отырған жерлерінің бәріндегі атауларға байланысты туындап отырған. Сондай-ақ бұл атаулар халықтың жердегі өмірлерін қиял қуатымен аспан әлеміне шығарып, толып жатқан космонимдік атауларға өзіндік сыр бүккізіп, сөйтіп шетсіз, шексіз халық шығармашылық өнерінің тууына негіз болды. Бұл шығармашылық өнер өз кезегінде халықтың бағзы бір кездерде жайлаған жерлеріне қойған топонимдік атауларын мызғымастай етіп жадыда қалдыруға, оңтайлы әдіспен есте сақтауға сеп болды деп айта аламыз. Бұдан байқалатын ерекшелік – жер-су атаулары өзінің тылсым сыры, аталу ерекшелігі арқылы халықтың шығармашылық өнеріне әуелі өзі арқау болуы және халық шығармашылық өнерін орындаушы, жеткізуші өкілдердің сол атауларды жырға қосып, танымдық, эстетикалық мағына бере айтуы негізінде өзі де халық шығармашылығының бір түріне айналып кеткен ерекшелікті байқаймыз. Сондықтан байырғы кезеңдерде көшпенді өмір салтын кешкен халқымыз табиғатпен етене бірлікте болып, үнемі көшіп-қону процесінде жер-су атын координаталық бағыт ретінде ұстанғаны да, туған жер, өскен елге деген перзенттік сезім шалқуы арқылы жер-су атын әнге қосып, жырға, күйге арқау еткендігі, әңгіме, хикая өзегіне айналдырғаны, айтысқа түскен ақындардың өз жерін мақтан етіп айту дәстүрін туғызғандығы да белгілі. осының өзі ұлттық фольклордың жасампаздық ерекшелігін танытады.

Топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың бір саласы ретінде қарастырғанда біз алдымен фольклор мен топонимиканың ара қатынасын анықтап, олардың ортақ негіздерін табуды мақсат еттік. Ол үшін алдымен фольклор сюжеттерінде көрініс беретін жер-су атауларының ілкі мотивтерін іздестіру қажеттілігі туды. Оны таппай салған жерден топонимдердің

аңызда бейнелетіндігін, эпосқа арқау болатындығын айта жөнелу мәселенің мәнін ашпас еді. Сондықтан зерттеу барысында алдымен фольклорға да, топонимикаға да ортақ келетін мифтік ұғымдарды, оның жер-су туралы халықтық шығармашылық түрлерінің туындауына қатысы қандай екендігін анықтау басты талаптың бірі деп білеміз. Сайып келгенде, фольклор секілді жер-су туралы шығармашылықтың да авторы халықтың өзі екендігі белгілі. Осы себепті біз халық танымы негізінде туып қалыптасқан топонимдік фольклордың табиғатын тану үшін алдымен оған әсер еткен мифтік мотивтерді саралап қарастырдық.

Екінші кезекте жер-су туралы фольклор түрлеріне қиялдың қатысы қандай дәрежеде екендігіне тоқталып, оның өзекті буындарын ашып көрсетуді нысанаға алдық. Топонимдік фольклорда қиялдың қатысы жайдан-жай айтыла салатын нәрсе емес, ол өсіп-өнген жеріне, жалпы табиғатқа, оның жер-суына деген халықтың перзенттік сезімін білдіреді. Туған жер төсіндегі топонимдік атауларды танып білуге деген ыстық ықылас шығармашылықтың бұндай түрлерін көптеп тудыруға әсер ететіндігі айқын. Сондықтан жер-су туралы фольклорлық сюжеттер халықтың өзі таныған объектілеріне қатысты толассыз туындай беруі заңды құбылыс. Сондай-ақ, ел қиялы аспан денелеріне, жұлдыздарға байланысты неше түрлі сюжеттер шығарған. Аспан шырақтарын тану көшпелілер үшін рухани құндылық қана емес, сонымен бірге тұрмыстық, өмірлік қажеттілік екендігі аян. Түн мезгілінде жол тауып жүру үшін көшпелі елдің баласына ай, жұлдыздарды білу шарт, әйтпесе сайын далада адасатыны айқын. Бұл топонимдік фольклордың утилитарлық қызметін танытатын фактордың бірі. Дегенмен, топонимдік фольклордың сюжеттерінің бәрі қиялдан тұрмайтыны белгілі. Ілкі мотивтері мифтік негізде, қиял дәрежесінде келгенімен, уақыт өте келе адамның болмысты тануы, табиғатты игеруі, одан бертін келе қоғамдық қатынастардың орнауы сияқты негіздер әлеумет өмірінің шындықты тұстарын бейнелеп көрсететін жер-су атауларының тарихи дамуына да әсер етті. Себебі топонимдік атаулар адам санасымен бірге, қоғамдық дамуға орай, елдің танымына сәйкес жаңаша өң алып отыруы түсінікті нәрсе. Біз оның осындай диалектикалық даму жолымен көрінетін ерекшелігін де атап өткіміз келеді. Өйткені, топонимдік фольклордың танымдық мәні мен қатар қоғамдық маңызы да келелі мәселенің бірі. Оның осы қырлары, яғни топонимдік фольклордың алдымен танымдық мәні, қоғамдық қызметі және эстетикалық функциясы өзіндік ерекшелігі болып табылады. Топонимдік фольклордың табиғатының осындай ерекшеліктері, яғни оның қиялға қатысы, тарихи шындықты бейнелеудегі деректілік сипаты, танымдық, эстетикалық қызметі сайып келгенде топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін саралауға, олардың функциясын айқындауға негіз болады. Біз осыған көз жеткізе келіп, топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін

халық прозасы жанларынасәйкестендіре танып, оларды – топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят, топонимдік әңгіме деп төрт түрге бөліп жіктедік. Бұлай жіктеу олардың өзіндік белгілері мен атқаратын қызметтеріне байланысты жүзеге асырылды.

Бұл жерде ерекше мән беріп айта кететін бір жайт бар. Ол – ертегіден тыс халық прозасының өз алдына жанр ретінде бұрыннан қалыптасқандығы, ғылыми айналымда бар екендігі. Алайда, бұл жанрлардың сюжеттерінен байқалатын басты ерекшелік олардың басым бөлігінің жер-суға қатысты болып келетіндігі. Біз осы ерекшеліктеріне байланысты орныққан жанрлардың ішінен топонимдерге байланысты түрлерін бөлектей алып оларды жанрлық түр ретінде зерттеу қажет деп ойлаймыз. Оған толық негіз бар деп есептейміз, өйткені олардың бойында көрініс табатын топонимдер шоғыры мол. Мәселен аңыз жанрының өзінің тарихи аңыздар және топонимикалық аңыздар деп шартты түрде екіге бөліне қарастырылғанының өзі осыны айғақтайды.

Жер-суға байланысты айтылатын аңыздардыңастарына үңілсек тарихи аңыздардың топонимдік сипатта болып келетін, ал топонимдік аңыздардың тарихи негізде келетін өзгешеліктері бар екені байқалады. Аңыздардың туып, қалыптасуына халықтың кір жуып кіндік кескен туған жерінің тарихын білуге деген құштарлық сезімі себеп болған деп айтуға болады. Өйткені, үлкен танымдық мәнге ие топонимдік аңыздардың жер атауына байланысты белгілі бір тарихи оқиғаны баяндауы арқылы сол өлкенің тарихын, ол кезеңде өмір сүрген адамдар тағдырын қоса білдіріп отыратын ерекшелігі бар. Сондай-ақ топонимдік аңыздар іштей бірнеше түрлерге бөлінеді және олардың туындауына себеп болатын факторлар әр түрлі болып келеді. Яғни, кейде белгілі бір аймақта болған тарихи оқиға топонимдік аңыздың туындауына себеп болса, кейде елге (аймаққа) белгілі тарихи тұлға төңірегінде айтылатын әңгімелер себеп болады. Енді бірде бағзы бір жер атауының этимологиясы, немесе белгілі бір заттық белгісіне байланысты да сюжеттер туындап отырады.

Топонимдік аңыздың осындай ерекшеліктері болса, топонимдік әпсананың құрылымы да өзгеше. Әпсана да фольклордың жанры түрінде қалыптасқан, ғылыми ортаға танылған ұғым. Біз топонимдік әпсана деп атағанда оның жер-суға байланысты түрлерін бөлектей алып, топонимдік фольклордың ішкі жанрлық түрі ретінде қарастырдық. Себебі, әпсана да аңыз секілді жанрлық түрлерге бөліне алатын ерекшелікке ие.

Бұл олардың ұқсас келетін тұсы болса, ал топонимдік сипаты жағынан айырмашылықтары үлкен. Ол айырмашылық алдымен уақыт пен кеңістікке байланысты білінеді. Мәселен аңызда бейнеленетін оқиғалар өткенді баяндаса, әпсанада уақытқа шек қойылмайды. Атқаратын функциясы жағынан да әпсана аңыздан өзгеше, яғни әпсана аңыздағыдай жартылай

шындықты әңгімелеп, танымдық функция атқармайды, баяғыда болған бір кереметке толы оқиғаны баяндап, ғибрат беруді көздейді.

Бұл жерде мынадай байлам жасауға болады деп ойлаймыз: егер жер-су атаулары белгілі бір мекенде, аймақта болып өткен тарихи оқиғаны растайтын дерек ретінде көрінсе – аңыз, ал жер-судың атауының шығу себебі көркемделе, қиял арқылы баяндалса, немесе белгілі бір жәйтті, оқиғаны суреттеп айтқанда тарихи дерегі болмай ғибраттық сипатта келсе – әпсана болады.

Тақырыптық және сюжеттік мазмұнына қарай топонимдік әпсаналарды тарихи-мекендік және утопиялық деп екіге бөлуге болады. Алайда, жер-суға байланысты туындаған тарихи-мекендік әпсаналар утопиялық әпсаналарға қарағанда молырақ.

Сонымен жер-суға байланысты тарихи-мекендік және утопиялық сипатта келетін әпсаналарды топонимдік әпсаналарға жатқызсақ, ал сюжеті діни мағынада келетін, белгілі бір жер-судың, өлкенің атының пайда болу себептерін баяндайтын шығармаларды топонимдік хикаят түрінде қарастырдық.

Топонимдік хикаяттың жер-суға байланысты аңыздық прозаның басқа түрлерінен ерекшелігі – ол елдің бәріне түсінікті болады және таралу ареалы да кең. Егер топонимдік аңыз бен әпсана көбіне аймақтық мәнде келетін болса, яғни белгілі бір аймақ, өңір адамдарына ғана жақсы таныс, түсінікті болса, ал топонимдік хикаят барша жұртқа мәлім деуге болады. Оның себебі топонимдік хикаяттардың кейіпкерлері пайғамбарлар, әулиелер, киелі адамдар болып келеді. Ал, олар ислам дінінің орнауына орай ел ішінде белгілі, кең тараған сюжеттер екендігі рас. Бұларда діннің гуманистік сипаттары да сөз болып отырады. Сонымен бірге көбіне діннің тиымдық жағын танытатын, елге үрей тудыра айтылатын топонимдік хикаяттар да бар. Бұндай хикаяттар белгілі бір жер-судың атын шайтанға байланысты атап, Шайтансай, Шайтанкөл, Шайтанкөпір сияқты топонимдік сюжеттер туындатып отырады. Осындай сипаттары жағынан алып қарағанда топонимдік хикаяттардың мифпен байланысты екендігі байқалады. Сондықтан онда өте ерте заманда болған деп есептелетін оқиғалар жатуы мүмкін. Дегенмен, топонимдік хикаяттардың басым бөлігі исламға байланысты айтылатын сюжеттерді құрайды. Сонымен топонимдік әпсана мен хикаятты екі бөлек алып қарастырғандағы себеп – екеуінің орындалу функциясы, діндеген мақсаты екі бөлек, яғни бірі дінге қатысты, бірі қатыссыз болып келетіндігінде.

Ал, топонимдік әңгіменің мәні тіптен басқаша. Фольклордың жанры ретінде оның да өзіндік орны бар. Өйткені, оның бастаулары көне замандарда жатқандығы белгілі. Әңгіменің де танымдық сипаты мен орындалу ерекшелігіне байланысты өзіндік түрлері болады. Оның халық прозасының басқа жанрларынан айырмашылығы уақытқа байланысты байқалады, яғни оның пайда болу мерзімі олардан әлде қайда кейінгі уақыт.

Топонимдік әңгіменің өзіне тән белгілері болған оқиғаны қоспасыз реалды түрде баяндауынан көрінеді. Әңгімені айтушы адам көбіне баяндалып отырған оқиғаға өзін қатыстыра сөйлейді. Сондықтан көзбен көріп отырғандай кейіпте естіген әңгімесіне ел де сенеді.

Сонымен, ойдан шығарылмай, өмірде болған оқиғаны баян ететін, ол оқиғаның әңгімелеп отырған мекенде, өңірде бар нақты жер-су атына байланыстырыла айтылатын әңгімелерді топонимдік әңгіме санатында қарастырамыз.

Ал, енді топонимдік фольклордың мүмкіндігі осымен шектелді деуге болмайды, оның ұлттық фольклорымыздың басқа да жанрларында көрініс беретін ерекшелігі бар. Ондай іргелі сала – эпостық жанрлар, тарихи жырлар, тарихи өлеңдер. Сондықтан топонимдік фольклордың қаһармандық, романдық эпостардағы көріністерін зерделеп, тарихи жыр, өлеңдердегі жер-су атауларының танымдық мәнімен қатар деректілік сипатта келетін ерекшеліктерін де зерттеу аса маңызды.

Фольклордың осы аталған жанрларында топонимдердің көрініс беруі тек танымдық, ақпараттық мәнде емес, сонымен бірге оқиғаны өрбітуге, байланыстыруға, сюжеттік желі құрауға да септігі бар. Кейіпкерлердің қимыл әрекеттері де осы топонимдік атаулардың жырда қолданыс табуы негізінде анықталып отырады.

Сондай-ақ, эпоста ұшырасатын топонимдік атаулар эпостың тарихилығының, поэтикалық қуатының артуына сеп бола алады. Мәселен қаһарманның әрекеті өтетін ортасын анықтап, жырдың тарихи, танымдық мәнін арттырады. Өз кезегінде эпос кейіпкерлері де бет алған сапарын анықтауда жер-су атауларына иек артып отырады. Мысалы қаһарманның аттаныс сапарын бейнелеуде оның үй-іші, ауыл аймағымен, мекен тұрағымен қоштасуы белгілі бір топоним төңірегінде айтылып, одан кейін жау елінің бағытын білдіретін топонимдер аталып, соғысатын басқа да дұшпандарының жер, мекені түстеліп, жауын мұқатып, жеңіспен еліне (басқы топонимдік ат иеленген жерге) келуі топонимдердің сюжетке қаншалықты қатыстылығын білдіреді. Ал, ғашықтық жырлардағы жер-су атауларының қолданысы батырлық эпостан сәл өзгелеу. Батырлық эпостағы жер-су атаулары қаһарманның жауға шапқандағы бағытын, оның қай жердегі жауды шауып, енді қай тұсқа бет алғандығын анықтап отырса, ғашықтық жырларда кейіпкер асығына барар жолда кедергілерге ұшырайды, ол кедергілер белгілі бір топонимдік объекті маңында болып отырады. Романдық эпоста көрініс беретін «Шоктерек», «Шөгірлі тау», «Балдырғанды, Бақалы» көлдер соның айғағы.

Ғашықтық жырлардың жер-су аттарын қолданудағы тағы бір ерекшелігі – ондағы топонимдердің заттық белгіге айналып, қиял мен аралас сипатта жырлануы. Мәселен Қозы Көрпеш–Баян сұлу жырындағы

Айбастың Баян берген сәлемдемелерді жолшыбай жоғалтып алу себебінен жер-судың атаулары пайда болатындығы халықтың ұлттық мәдениетінен, шығармашылық тудырушылық этномәдени зердесінен хабар береді. Мәселен, Баянның белбеуі түскен жер – Қызылбелбеу, қарқарасы түскен тұс – Қарқаралы, қыздың берген мейізі түсіп қалған маң – Мейізек деп аталып кете баруы осының белгісі. Сонда ғашықтық жырларда қолданылатын топонимдік атаулар, батырлар жыры, тарихи жырлармен салыстырып қарағанда, өзгеше. Оның өзгешелік сипаты – жырда суреттелетін жер-су атаулары нақты аталса да, кей тұста халықтық этимология бойынша аңыздық сарынға түсіп, әсем сюжеттерге айналып отырады. Бұл жерде ескеретін бір нәрсе – топонимдік фольклор жанрларының тарихилық пен эстетикалық категорияларды қоса атқара алатындығы. Сөз болып отырған романдық эпосқа осы қасиет тән болса, тарихи жырлар деректілік мәнге ие.

Тарихи жырларда жер-су атаулары әсіресе мол қолданылады. Бұнда топонимдер тарихи оқиғаның қайда өткендігін, оған кімдер қатысқандығын, кейіпкерлердің қайдан аттанып, қайда тоқтағандарын, жалпы оқиғаның, ұрыс, соғыс қимылдарының өту барысын куәландырып тұрады. Тарихи жырдағы топонимдердің қолданылуындағы тағы бір ерекшелік бұндағы жер-су атаулары көбінесе бас кейіпкермен байланысты алынып отырады.

Ал, тарихи өлеңде топонимдік атау белгілі бір адамға ғана қатысты емес, қалың көпшілікке, жалпы ел басындағы жағдайға байланысты алынады. Қалмақпен арадағы соғыс, отаршылдық қысым, қоныстан тарылған ел жағдайы осы тарихи өлеңдерге өзек болып, сол қысымшылықтың мотивтері топонимдер арқылы айғақталып отырады. Мысалы, «Қаратаудың басынан көш келеді» деген әйгілі тарихи өлеңнің осы айтылатын бір-ақ жолы құлаққа естілгеннен-ақ «ақтабан шұбырынды» оқиғасы көз алдымызға келеді. Сонда бұл жерде ойды үйіріп, назарды аудартып, денотанттық қызмет атқарып тұрған Қаратау топонимі екендігі байқалады. Халық өлеңдеріндегі бұл секілді топонимдік мотивтер кара өлеңде де, ән өлеңде де, авторлығы сақталмаған көне айтыстарда да кездесіп отырады. Алайда, біз негізінен фольклор жанрын қарастырып отырғаннан кейін негізгі көздеген мақсатымыз жер-су атауларының фольклор жанрларындағы көрінісін ашу болғандықтан осы негізгі нысананы бетке алдық. Әйтпесе, топонимиканың әдебиетпен де байланысты екендігі белгілі.

Зерттеу тақырыбызға орай айтатын болсақ, әдебиет те, фольклор да топонимдік атауларды қолдана алады. Алайда, әдебиеттік тәсіл көбіне мақсатты болып келеді. Яғни, әдебиеттегі жер-су атаулары белгілі бір образды бейнелеу үшін, немесе баяндалатын оқиғаның деректілігін білдіру үшін қолданылады. Ал, фольклор туындыларында бұл құбылыс табиғи түрде жүзеге асып отырады. Бұнда жер-су атаулары сол баяндалып

отырған сюжеттен бөлінбей, ажыратылмай айтылады. Бүтін мәтіндік композиция құрайды. Фольклорлық шығарманы айтушы өзі сол оқиғаның, әрекеттің ішінде отырғандай баяндайды. Сайып келгенде бұл, топонимияны қолданудағы фольклорлық принципті айқындайды.

Әрине, фольклордың да, топонимиканың да өзіндік принциптері бар екендігі, өзіндік ішкі жанрлық белгілері қалыптасқандығы аян. Жанр өзгермейтін сіресіп қалған догма емес, ол адамзаттың мәдени қарым-қатынасының артуына, өркениеттік даму барысына, заман сұранысына орай түлеп, өзгеріп отыратындығымен де ерекшеленеді.

Жанрдың туып, қалыптасуы да, өсіп өнуі де, сонымен қатар алғаш атқарған функциясы өзгеріп басқа сипат алуы, немесе тіпті әлеуметтік мәні жойылып кетуі де уақытқа, заман талабына, қоғам өлшеміне тәуелді.

Фольклор жанрларының өзгермелік сыры туралы Р. Бердібайдың пікірі бұл ойымыздың дұрыстығын білдіреді: «Фольклор туындыларының өзгеруіне, немесе белгілі дәрежеде жаңаша сипат алуына, кейбіреулерінің «қатардан шығып» қалуына себепкер болатын күрделі заңдылықтар бар. Ол – заманның, дүниетанымының өзгеруі, бұрынғы ұғымдардың бағасы «қайтадан өлшенетін» кезеңнің тууы, уақыттың күн тәртібіне жаңа міндеттердің қойылуы, тіршілік қажеттерінің тың бағытқа беттеуі секілді нәрселер» [8, 283 б.].

Фольклор жанрларының теориясын сараптаған еңбегінде С. Қасқабасов: «Жанр – өнердің, әдебиет пен фольклордың, бір жағынан көп қырлы универсалды, екінші жағынан нақтылы категориясы. Әр жанрдың өзіндік ерекшелігі болады дей келе «жанр – өмірді, оқиғаны бейнелеу тәсілі [9, 10 б.], жанр–шығармадағы сюжеттің баяндалу, бейнелену, өрілу тәсілдері [9, 13 б.], жанр–оқиғаны, сюжеттік материалды белгілі бір мақсатпен тұтас мазмұнды, айқын идеялы шығармаға айналдырудың әдісі [9, 17 б.] – деп уәжді анықтама береді. Әдебиеттануда бұл ұғымдар поэтикалық жүйенің жиынтығымен анықталатындығын ескерсек, оны фольклор саласына да қолдануға болады деп енді айта аламыз.

Жалпы жанрдың өзіне тән ерекшелігі ақиқатты айта білуінде және оны суреттеп – сипаттауда қолданатын әдіс-тәсілдеріне байланысты болса керек. Әдебиетте ол форма мен мазмұнның сабақтастығы негізінде түсіндіріледі. Фольклорда сәл басқаша. Фольклор шығармаларында өз қоғамы тұрғысынан кезінде ақиқат деп танылған шындықты еншілес басқа ғылымдармен байланыстылық негізінде жүзеге асырушылық байқалады және бұндай байланыс, сәйкестіктер осылай жасайық деген мақсатты көздеп жасалмайды, табиғи түрде орындалып жатады. Бұл фольклордың синкреттілік сипатынан туындап жататын құбылыс екендігі аян. Осы тұрғыдан алғанда фольклордың сапа, қасиетін көрсететін белгісінің бірі, яғни оның тығыз байланысты саласының бірі – этнография. Этнография халықтың салты, дәстүрі, жөн-

жоралғысы сияқты өзіндік ерекшеліктерін сипаттап көрсетуі арқылы фольклорға мейілінше жақын тұрған ғылымның бірі.

«Фольклор жанрларын этнографияға сүйенбей зерттеу мүмкін емес. Этнографиялық материалдарды пайдалану жанрлардың шығу тегін анықтау үшін ғана қажет емес. Этнография фольклорлық жанрлардың ерте замандағы сипатын, алғашқы даму жолдарын зерттеуде өте пайдалы. Себебі жанрлардың да, сюжеттер мен мотивтердің де пайда болуы ғана емес, сондай-ақ олардың өмір сүруі мен өзгеру, даму жолдары да тұрмыспен, болмыспен тікелей байланысты» [9, 12 б.]. Осы айтылғандай этнографиялық белгілер халықтық топонимдер бойынша да ерекшеленіп танылып тұрады. Мәселен «Қостіккен», «Елқонған» топонимдері көшіп-қонуды, «Төретүскен», «Кілемжайған» атаулары төре тұқымдарын ұлықтауды, «Атансойған», «Табакқырған» топонимдері ел басындағы ауыр тұрмыстық жағдайды білдіреді. Тізе берсе халықтық салт-сана, ырым-жорамалдарды бейнелеп беретін бұл секілді жер-су атаулары біздің жерімізде көптеп саналады. Әңгіме олардың көп, не аздығында емес, әңгіме осы жер-су атауларының аталу сырын өзінің шығармашылық өнеріне арқау еткен халқымыздың өзіндік эстетикалық көзқарасында, бұл тақырып бойынша қызғылықты сюжеттер түзіп отырған таным биігінде.

Сайып келгенде осы сюжеттер фольклор мен топонимиканы туыстастыратын негізгі мотив болып табылады. Фольклордың этнографиямен осылайша тығыз байланысты болып келетін өзіндік ерекшелігі оны атқаратын қызметіне, көтеретін жанрлық жүгіне байланысты әдебиеттен өзгеше екендігін көрсететін фактордың бірі. «Бұл жерде біз екі нәрсені анықтап алғанымыз жөн. Бірінші – фольклор мен әдебиеттің бірдей еместігі. Осыдан барып шығатын олардың пайда болу мен өмір сүру кейпінің өзгешелігі. Бұл өзгешелік оларды зерттеу әдістерінің де екі түрлі болуын тілейді. Екінші – ұғымдар мен терминдеріміздің мағынасын дәлме-дәл анықтау. Мысалы, жанрға байланысты «баяндау тәсілі», «бейнелеу тәсілі» сияқты тіркесті ұғымдар қолданылады. Біреу баяндайды, хабарлайды, бейнелейді. Фольклорда ол жыршы, ертекші, не өлеңші. Әдебиетте ол жазушы, ақын [9, 13 б.]. Осы көрсетілгендей жанрды анықтау үшін оны шығарманың өз ішінен, табиғатынан тану дұрыс. Олай болса «Жанр дегеніміз – шығармадағы сюжеттің баяндалуы, бейнеленуі, өрілу тәсілдері», – деп орынды атап көрсеткен С. Қасқабасовтың пікірін басшылыққа ала отырып біз топонимдік фольклор жанрының туып қалыптасуына негіз болатын нәрсе – фольклорлық дәстүр бойынша туындайтын сюжет деп айта аламыз. Ал, бұл сюжет баяндалуы жағынан – фольклорлық, бейнеленуі жағынан – топонимикалық болып келсе онда біз сөз етіп отырған жанр жүгін арқалап алары сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Топонимика мен фольклордың байланысты екендігін әркім-ақ біледі. Алайда оны дербес жанр ретінде қарастыру қолға алына қойған жоқ. Топонимдік фольклор өз алдына жанр болуға қажетті шарттардың бәріне жауап бере алады. Оның халықтық шығармашылық өнердің жемісі екендігі де, әлеуметтік-тұрмыстық функция атқаратындығы да, топонимдерге байланысты сюжеттердің бірнеше варианты болып келіп, ауызша таралуы да осыны айғақтайды. Бұл – фольклорлық жанр жағынан туындайтын ерекшелік болса, бұған қоса оның мекендік, адрестік, ақпараттық қызметтері топонимика тарапынан қосылатын ерекшеліктер болып табылады.

Бұдан фольклор жанрларының қандай өзіндік ерекшеліктері болса, топонимиканың да сондай принциптері бар екендігі белгілі болады. Алайда бұл екеуінің басын біріктіретін негіз – фольклорлық сюжеттер екендігі анық. Осы айтқандарды қорыта келгенде туындайтын тезис біреу, ол – топонимика мен фольклордың тығыз байланыстылығы. Сонда топонимика мен фольклордың бірін-бірі дамытатын, бірін-бірі толықтыратын, тыңдаушыны үйретін, айтушыны желіктіретін, сөйтіп халықтық шығармашылық өнердің туындауына дем беретін бірегей ортақ қасиеттері топонимдік фольклор жанрының туып, қалыптасуының алғышарты болып табылады.

Топонимдік атаулардың басқа да фольклор туындылары секілді таза халық шығармашылық өнерінің жемісі екендігін ескерсек, оның таным тарапындағы мәнін, поэтикалық өңі мен эстетикалық қуатының жоғары екендігіне көз жеткіземіз. Пропп айтқандай, фольклорды жіктеп танушының бірінші міндеті – өз халқының фольклорының жанрлық құрамын белгілеу [2, 13 б.]. Олай болса әр кезең, әр дәуірде халық өмірінің шежіресіне айналған фольклорлық мұрамыздың ұлттық ерекшелігімізді жан-жақты танытар мүмкіншілігін шектемей, оның басқа ғылым салаларымен байланысын таныту, таныта отырып уақыт сұранысына орай туындайтын жанрларын белгілей алу бүгінгі өскелең ғылым міндетіне алар келелі істің бірі екендігіне дау жоқ.

Қазіргі жаһандану кезеңіндегі ғылымда фольклортану мәселелері бойынша жаңаша пайымдаулар үрдіс алып, фольклор синкретті өнер ретінде бұрынғыдан да айқын танылып, зерттеу арнасы кеңейіп, халықтың сан жылғы тарихи есінің жиынтығындай ауыздан-ауызға жетіп сақталған шығармашылық өнерінің жемісі ретінде өзектілігі артып келе жатырғандығы анық байқалады. Халқымыздың телегей-теңіз мәдени мұрасы – оның фольклоры қаншама уақыт өтсе де ұлтымыздың сан ғасырлық өмір тәжірибесі ретінде мәнін жоймай әр дәуірде жаңаша сөйлеп, жаңадан өркен салып, жанрлық жүйеде үздіксіз дами бермек. Соның нәтижелі көрінісінің бірі – осы топонимдік фольклор жанрының қалыптасуы дер едік.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. Т. 1. – Алматы : ҚАЗАқпарат, 2007. – 670 б.
- 2 **Пропп, В. Я.** Фольклор и действительность. – М. : Наука, 1976.
- 3 **Никонов, В. А.** Введение в топонимику. – М. : Наука, 1965. – 180 с.
- 4 **Реформатский, А. А.** Топономастика как лингвистический факт // Топономастика и транскрипция. – М. : Наука, 1964. – 200 с.
- 5 **Агеева, А.** Происхождение имен рек и озер. – М. : Наука, 1969. – 304 с.
- 6 **Мурзаев, Э. М.** Очерки топонимики. – М. : Мысль, 1974. – 382 с.
- 7 **Әбдірахманов, А.** Қазақстан этнотопонимикасы. – Алматы : Ғылым, 1979. – 127 б.
- 8 **Бердібай, Р.** Эпос – ел қазынасы. – Алматы : Рауан, 1995. – 351 б.
- 9 **Қасқабасов, С.** Елзерде. Әр жылғы зерттеулер. – Алматы : Жібек жолы, 2008. – 504 б.
- 10 **Қасқабасов, С.** Жаназық. – Астана : Аударма, 2002. – 584 б.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

A. Sh. Pangereev

Топонимический фольклор и его жанровые разновидности

Факультет заочного обучения,
Актюбинский региональный государственный университет
имени К. Жубанова, г. Актобе, 030000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

A. Sh. Pangereev

Toponymic folklore and types of the genre

Part-time faculty, K. Zhubanov Aktobe Regional State University,
Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

В статье рассматриваются научные категории фольклора и топонимики, а также жанровые особенности топонимического фольклора. Классифицируются такие жанровые разновидности топонимического фольклора как топонимическая легенда, топонимическое предание, топонимические былички, топонимический рассказ, которые рассматриваются в составе национального фольклора и подвергаются анализу функции поэтики эпоса. Автор исследует многостороннее свойство фольклора, а также

роль в разъяснении и раскрытии смысла и сущности вселенной, бытия, окружающей среды, и возможность формирования новой жанровой системы в связи с топонимикой. В фольклорных текстах рассматриваются духовное бытие и национальное познание, эстетические заветные цели народов. Таким образом, историческое сознание нации, выражаемое посредством топонимических названий, является средством, определяющее культуру, кочевой образ жизни, поэтическую память, эстетические цели, в общем все национальные особенности казахского народа.

The article deals with scientific categories of folklore and toponymy, as well as genre features of toponymic folklore. Such genre varieties of toponymic folklore are classified as toponymic legend, toponymic sheifers, toponymic story, which are considered as part of national folklore and are subjected to analysis of the function of poetics of the epic. The author explores the multifaceted property of folklore, as well as the role in clarifying and revealing the meaning and essence of the universe, being, the environment, and the possibility of forming a new genre system in connection with toponymy. In folklore texts spiritual existence and national cognition, aesthetic cherished goals of peoples are considered. Thus, the historical consciousness of a nation, expressed through toponymic names, is a means that determines culture, a nomadic way of life, a poetic memory, aesthetic goals, in general all the national specialties of the Kazakh people.

А. Ш. Пангереев¹, М. Р. Балтымова²

¹ф.ғ.д., профессор, Филология факультеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы;
²ф.ғ.к., АӨМУ қауымд. профессоры, Филология факультеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ., 030000, Қазақстан Республикасы
 e-mail: ¹pan.abat@mail.ru

ТАРИХИ ЖӘНЕ ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАР

Мақалада ертегіден тыс халық прозасының бір түрі болып саналатын аңыздың тарихи және топонимдік аңыз болып екіге бөлінетін ерекшеліктері қарастырылады. Тарихи аңыздардың шығу себебі, оның астарында тарихи шындықтың болуы, аңыз кейіпкерлерінің өмірде болған тарихи тұлға болып келуі және бұндай аңыздардың сюжетінде де жер-су атауларының қолданысқа түсіп отыруы зерттеледі. Осыған сәйкес жер-су атауларының шығу тәркісіне байланысты тарихи сюжеттердің, ел басынан өткен тарихи оқиғалардың топонимдік аңыз жанрын құрайтын ерекшелігі зерттеледі. Аңыздың осы сапалық қасиетін дәлелдеп көрсететін нақты оқиғаларға байланысты сюжеттер мысал ретінде пайдаланылады. Топонимдік аңыздардың түрлері, таралу ареалы және орындалу ерекшелігі пайымдалады. Қорытындысында топонимдік аңыздардың орындалу ерекшелігіне байланысты жанрлық түрлері жіктеліп көрсетіледі.

Кілтті сөздері: фольклорлық жанрлар, аңыз, тарихи аңыз, топонимдік аңыз, мотив.

КІРІСПЕ

Фольклорлық жанрлардың ішінде аңыз жанры көпқырлы сипатымен ерекшеленеді. Бұрынғы уақыттарда ауызша айтылып келген прозалық шығармалар түгелімен аңызға жатқызылып келген болатын. Академик С. Қасқабасов ертегіден тыс халық прозасы жанрларын зерттеген еңбегінде осы мәселені қарастыра келіп, аңыздарды тарихи аңыз және топонимдік аңыздар деп екіге бөледі.

Аңыздар – халықтық таным сипатында ауыздан-ауызға көшіп, ұрпақтан ұрпаққа беріліп келген шығармашылықтың ерекше түрі. Алайда аңыздардың бұрынғы әңгімелердің барлық мән-жайын түгелдей баяндап беруге

мүмкіндігі шектеулі. Олар тек тарихтың бір жарқын, елеулі кезеңдеріне ғана назар аударады.

Бірқатар аңыздардың тақырыбы жаңа аймақтар мен елді-мекендердің атауының қалай, қандай себеппен пайда болғандығына арналады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Еліміздің қай жерінде болмасын халық басынан өткен алмағайып замандардан қалған белгілі бір оқиғаны және сол оқиғаға байланысты жер-су атының қойылу ерекшелігін сипаттайтын аңыздар көп, әрине, ел оны топонимдік аңыз екен деп айтып таратпаса да, өз мекенінің шежірелі тарихы деп білген.

Жалпы топонимдік аңыздардың туып, қалыптасуына жұртшылықтың өз микроотанына, яғни туып-өскен жеріне, атамекеніне деген перзенттік махаббаты, сол өлке атауларының аталу сырларын білуге деген құштарлығы себеп болды десек қате айтпаған болар едік. Себебі, бұл атауларда танымдық мән бар. Онда табиғат құбылысының жергілікті халық тарапынан байқалған ерекшелігі де, болып өткен тарихи оқиғаның себеп-салдары да, жер бедерінің ерекшелік қасиетін, сапасын танытатын ұғым да, әлеумет өмірінен хабар беретін белгі де бар. Міне, сондықтан да бағзы бір кезеңдерде халықтың өзі туғызып, шығармашылық өнеріне арқау еткен жер-судың мәнін баяндайтын аңыздар кейінгі ұрпақтың аузында дәмі айнымай, мағынасы өзгермей сақталып келеді.

Еліміздің қай өңірінде де осы сипатта баяндалатын бір жағынан өткен тарихты тарқатып, танытатын, бір жағынан жер-судың қойылу сырын анықтайтын аңыздар көптеп саналады. Айта кететін бір жәйт, бұл аңыздардың бәрінде дерлік тарихты баяндаудан гөрі жер-судың атын анықтау басымырақ орын алады. Сондықтан біз бұл аңыздарды топонимдік аңыздар деп атауды жөн деп санаймыз. Сөзіміз дәлелді шығуы үшін мұндай аңыздардың кейбірін толық мәтінде болмаса да түсіндірмелі сипатта көрсете кету дұрыс деп білеміз. Сондай аңыздың бірі Ақтөбе облысы Ырғыз өңіріндегі «Мәні» деп аталатын төбеге байланысты.

Ырғыз өңірі халқымыздың сан ғасырлық тарихының ізі боларлық түрлі ескерткіштерге бай. Шетырғыздың ұлы Ырғызға қиылысқан жеріне шөге қалған үлкен егіз төбе – сонау Керегешың, Жаманшың, Темірастау шындарының жүйесімен жалғасқан үлкен төбе. Бұл төбені ел Мәні әулие десе, төбе басында қаз-қатар жақпар тастардан қаланған қорымды «Мәні әулие қорымы» деп атайды.

Мәні әулие қорымы туралы ел ішінде аңыз қанша ұрпақ өзгерсе де толастамай айтылып келеді. Аңыз десек те оның астарында тарихи негізі бары бақалады.

Аңыз бойынша ертеде қазақ елін қалмақтар шауып, мал-мүлікпен бірге сол елдің басшысының сұлу әйелін олжалап, бір батырына қосыпты. Сол әйелден дүниеге қыз бала келіп, он жетіге келгенде анасы дүние салады. Елін, жұртын бір көруді арман еткен анасы көз жұмарда қызына қалайда қазақ еліне қосылуын өтінеді. Жолын өзі айтып береді. Бізбен бірге жеті жасар бір баланы қалмақтар ала келіп қозы бақтырып қойған, сол бала ержетті, түр-тұлғасы батырға ұқсайды, оған жағдайды түсіндіріп, қалғанын өзі келістіріп елге қашындар, ең соңғы да, ең қымбат өтінішім осы, – деп көз жұмады. Қыз ана аманатын орындауға бел байлап жігітке сөз салады. Жігіт: «менің одан асқан арманым жоқ, бірақ қол қысқа», – деп мұңаяды. Сонымен қыз бір күндері қару-жарак, ат жағдайын ұйымдастырып, екеуі ел қайда деп қашады.

Қыз бен жігіттің астарына мінген сәйгүліктеріне ешкім жете алмайды екен. Жетсе тек қыздың әкесінің аты ғана жетеді екен. Соны сезген қыз жігітке арттарынан қуған ат дүбірі естілгенде әкесі екенін біліп: «әкемді өзім тоқтатам, сен артыңа қарамай кете бер», – дейді. Жігіт шыдамай артына қараса қыз әкесіне садағын кезеп тұр екен. Бір қате іс болар деп жігіт қыздың жанына келіп, әкенді атпа деп қолқа салады.

Айтқанын тыңдамай кейін келген жігітке қатты налыған қыз, бекер келдің, атпай-ақ өзім тоқтатар едім, енді не болғанын көрерсің дейді.

Жақындап келген әкесі қолын теріс жайып: «көзің көргенді қолың ұстамасын», – деп теріс бата беріп қайтып кетеді. Қуғыншыдан құтылған екеуі біраз дем алу үшін осы төбенің етегінде жағасы тал мен ну қамысқа толы жойқын суға шомылып салқындау үшін екі бөлек жерге кетеді. Бір уақытта шар еткен қыз дауысы естіледі. Жігіт тез арада келсе жылан оранған қыз талықсып жатыр екен.

Сонда қыз: «қалмақтың қарғысы жаман деген рас еді, әкемнің қарғысы орындалады, енді мен саған жоқпын, осы жерге мені жерле, ешқашан менің атымды атаушы болма, осы өтінішімді орында», – деп көз жұмады.

Жігіт қыздың өтінішін орындап осы жерге жерлеп, сұраған кісіге оқиғаның мәкісін түгел айтпай жай ғана «мәні бар ғой» деп жауап беріпті, содан бері Мәні-төбе деп аталған дейді». Аңыздың соңында сол жігіт батыр Жәнібек екен, көп жыл Тама Есетпен үзеңгілес болыпты, қартайған шағында Есетті іздеп келіп, осы бір мұңын баяндап отырған жайы екен. Сол қыздың аты Ақбілек еді, маған неге атама дегенін түсінбедім де атамай келдім, енді көпке бармаспын, елге жете алмағасын саған аманат деп үш күннен кейін дүние салыпты дейді.

Аңыздан Ақбілектің анасының елге, жерге деген үлкен махаббатын, Ақбілектей жас арудың ана өсиетіне адалдығын, қазақ пен қалмақ арасында теріс әңгіме туғызбас үшін атын мәңгі айтқызбауды өтінуін, бар қызығын

көре алмай өліп бара жатып, артындағы ел қамын, өзі ұнатқан жігіт жағдайын ойлап, үлкен де мәнді сыр қалдырған дара қасиетін көре аламыз.

Аңыз ауызша айтылып, ауызша өмір сүретіндіктен, оның сюжеті негізгі оқиғаны сақтаса да уақыт өте келе, сондай-ақ орындаушылар көзқарасы тарапынан аз да болса өзгеріске ұшырап отырады және түрлі варианттары пайда болады.

Жоғарыда аталған Мәні шыңы, Мәні тауы туралы аңыздардың ел арасында бірнеше нұсқалары айтылып келеді.

Бұл аңыз мәтінін толық беріп отырғанымыз тарихи аңыз бен топонимдік аңыздың ара салмағын ашу деп білген жөн. «Аңыз болған соң ол міндетті түрде бір оқиғамен байланысты болады, яғни тарихи шындыққа негізделеді. Сондықтан топонимикалық аңыз жартылай тарихи болады» [1, 144], – деп С. Қасқабасов айтқандай, бұл беріліп отырған сюжет белгілі бір оқиғамен байланысты айтылып отыр. Бұл біріншіден. Екіншіден, «Егер әңгіме сол жерде, яки қалада болған оқиғаны баяндап, ешқандай ғажайыпты, тылсым ұғыммен байланыстырмаса, ондай әңгімені топонимикалық аңыз деп білу қажет. Мұндай әңгіменің басты нысанасы – мекеннің атының қайдан пайда болғанын түсіндіру емес, сол мекенде болған оқиғаны хабарлау, бірақ сырттай қарағанда әңгімеші мекеннің атын түсіндіріп отырған сияқты болып көрінеді [1, 145]. Баяндалып отырған әңгіме сюжеті осы айтылған тезиске дәл келеді. Яғни, оқиғаны баяндаушы жігіт әңгімеге арқау болып отырған төбенің не себепті Мәні төбе деп аталғандығын сөзсоңында айтқанымен, негізінде өзегін өртеген басынан өткен оқиғаны айтып отыр. Сондықтан бұл аңыз топонимдік аңыз құрамына кіреді.

Топонимдік аңыздардың туып-қалыптасуында тағы бір ескеретін жайт-заттық әлем мәселесі. Жалпы топонимдік атау белгілі бір мақсатпен, арнайы дайындықпен қойылмайды. Жол-жөнекей болған бір оқиғаны, жағдайды баяндай келе, ол жерге белгілі бір ат қою – топонимдік аңыздың туындауына себеп болса керек.

Кейде топонимдік аңыздар белгілі бір заттық белгіге де байланысты қойылып отыратын ерекшелік бар. Әдетте жер бедерінің өзі топонимнің туындауына негіз болса, кей жағдайда өткен бір тарихи оқиға, сол оқиғаның бірер деталы, әйтеуір бір заттық белгісі жер-судың аталуына себепкер бола алады. Осындай себепкерлік заттарды қазіргі зерттеушілер әлемнің тілдік картинасын жасайды деп жүр.

Заттық әлем туралы осындай ұғым-түсініктің топонимдік аңыздарға да тән екендігін білдіру үшін мынадай мысалды келтіруге болады.

Ертеректе бір байдың Айман деген жалғыз қызы болыпты. Сұлуға кім тамсанбаған. Сыртқы сымбатына ақылы сай аруды бүкіл ел болып тамсана ауызға алу қашаннан келе жатқан әдет. «Айманның арбалушы еді жүзін

көрген, Ай ма екен қараңғыда сәуле берген» деп жырға қосады екен оны қатар-құрбылары.

Сұлуға өз теңдестері қызықса, қандай жарасымды! Байлығы мен дәулетіне мастанып, ол заманда бағзы бір адамдар жасы егде тартса да жас бойжеткендердің обалына қалған, өмірлік азапқа салған ғой. Айманға осындай сасық байлар таласып бәсекеге түсіпті. Ақырында әкесі қызын бір бекке көп малға беретін болады. Әлгінің жасы әкесінен де үлкен екен. Қорлыққа тікелей қалай барсын. Сұлу бойжеткен бір түнде ізім-қайым жоғалып тынады. Ағайын-туыстарының сабылып жүріп бармаған жері, іздемеген ізі қалмайды. Бірақ, олар бір бәйтеректің бұтағына іліп кеткен қызыл шәліден өзге ештеңе таба алмайды. Сірә, ғашық жігіттердің бірі шығарса керек, Орда өңірінде содан бері мына бір өлең ұмытылмай айтылып келе жатыр екен:

Аймекен-аса ақылды қыздың аты,
Көркімен таңдандырған адамзатты.
Бай мен бек ермек етпек болса-дағы,
Артына қалдырмаған жаман атты.
Теңіне өзі сүйген қосылуды
Күні-түні іштей ойлап армандапты.
Қазақта ондай қыздар аз болған ба,
Алтыннан артық көрген махаббатты.
Аймекен ұшты-күйлі ғайып болып,
Ел-жұртты... есерлерді таңырқатты.
Әке, аға, жақын-жуық ат сабылтып,
Қаншама іздесе де таба алмапты.
Шәлісін бәйтерекке іліп кеткен
Сұлудың құмда жалғыз ізі жатты.
«Аймекен», «Қызыл шәлі» – жердің аты,
Осындай құм нарында аңыз қапты [2, 165].

Аталған аңызда Нарын топырағында «Аймекен», «Қызыл шәлі» атты жер аттарының шығу тарихы баяндалса, мына өлең шумақтары сол аңыздың ел-жұрттың тамсана айта беруінен келіп шыққан поэзия түріндегі варианты. Халықтық шығармалардың кең айтылып таралуы негізінде алуан-алуан тарихи айғақтардың бүгінгі ұрпаққа жетіп отырғандығы да халықтың осындай поэтикалық зердесінің арқасы. «Аймекен» туралы аңыз нақ осының дәлелі.

Бұл жерде топонимдік аңыздың туу мотиві дұрыс көрсетілген, топонимдік атаулар заттық әлем көрінісі детальдарының біріне айналған. Шындығында да топонимдік атау дерексіз ұғым емес, деректі ұғым. Нақты, әрі затты.

Бұндай атауларды тудыруға, оны есте сақтауға кейінгіге таратып жеткізуге фольклордың қызмет әрекеті шексіз. Халықтың рухани есі болып табылатындықтан да фольклор ата қоныс, туған жер үшін ұлы дала төсінде болған қактығыс, соғыстар, жортуыл-жорықтар болсын, әлеумет өміріндегі басқадай оқиғалар болсын жалпы барлық кәрі тарихты жан бітіре сөйлете алады. Осы жерде фольклор туындыларында баяндалатын оқиғалардың мотивтерін анықтау үшін топонимикаға арқа сүйеуге болады.

Себебі, топонимдік атаулар белгілі бір оқиғаның туу себебін, өткен жерін, болған мерзімін меңзеуі арқылы тарихи дерек көздерінің сырын саралап, танып білуге септігін тигізеді. Топонимдер «жердің жазылмаған кітабы», жер тарихы мен елтарихын танытар, оның өткен өмірінен сыр шертер тарихи шежіресі деуге болады.

Еліміздің басынан өткен жаугершілік замандар, алмағайып кезеңдер дәл сол тарихи уақыт үстінде болмаса да кейіннен еске түсіріліп, әңгімеленіп, көпке таралатындығы белгілі. Уақыт өте келе ол тарихи дәуір мерзім жағынан алыстаған сайын сол бір кезгі жаңа әңгіменің өзі көмескі тартып, аңыздық сипат ала бастайтыны тағы белгілі. Фольклордың халық тарихымен байланысты болып келетін өзіндік ерекшелігі де осында.

Кең байтақ Қазақстан жерінде қалмақпен екі арадағы шайқас соғыстардың ескерткішіндей болып қалған біршама аңыздар бар дедік. Бұл аңыздарды айтылу мәнері мен сюжет ерекшелігі жағынан тарихи аңыздарға да, мекендік (топонимдік) аңыздарға да жатқызуға болады. Бұлардың бәрінің де ортақ мотиві – қалмақпен соғыс, сол соғыс негізінде елден жырақ кету, дұшпанға пенде болу, сүйгенінен айырылу. Сол мотивті тарихқа айналдырып, сөйлетіп тұрған ортақ белгі – топонимдер.

Сөзіміз дәлелді шығуы үшін жоғарыда келтірілген «Мәні» атауына байланысты, немесе осы секілді басқа да аңыздарда аталатын топонимдердің астарын атасақ болады. Міне, бір ғана атау (этимон) бойынан көптеген сырдың ұшығы табылуы, топонимнің жер бетінде, халық жадында сақталуында, елді-мекен ғана емес, дала төсіндегі әрбір бастау-бұлақтың, сай мен саланың, бел мен белестің, қырқа мен қыраттың дегендей аталу себептері тарихи, топонимдік аңыздардың таралуына ерекше ықпал ететіндігі осындай мысалдардан көрінеді. Қазақ фольклорынан бұндай үлгідегі мысалдарды молдап келтіруге болады.

Бұдан топонимдік атаулардың тілін тауып сөйлететін фольклордың сол жер-су атауларын сақтаушы қор болуы себепті туған жеріміздің көші-қон координатасын танытатын, оны бейнелі де пернелі ой орамдарымен сөйлете алатын эстетикалық жүйе ретінде тани аламыз. Оның еліміздің әр өлкесінде болып өткен тарихи оқиғаларды «көнеден» сөйлетуге мүмкіндігі мол. Ондай топонимдік аңыздардың негізінен халқын қорғаған батырларға, алмағайып

кезендерде елге тұтқа, жұртқа пана болған азамат ұлдарға байланысты туындайтыны белгілі. Сондай-ақ халқымызда аты аңызға айналған, ерліктері ел есінде сақталған, есімдері жер-судың аты болып сайын дала төсінің бір белгісіне айналған арулар да баршылық. Ал, енді топонимдік аңыздардың кейбір түрлері осы ару қыздарға байланысты айтылады. Мәселен Ақтөбе өңірінде қалмақпен соғыстың куәсі болып сақталған аңыздық желіге құрылған оқиғалардың бір парасы қазақ қыздарына байланысты. Осы облыстың Ойыл және Байғанин аудандарында екі арудың (Ботакөз және Ақбота) атымен аталатын жерлер бар және ол жердің аталу себептері туралы аңыздар дасақталған. Екеуінің сюжеттері де ұқсас. Ұқсас болуының бірінші себебі ауылда бас көтерер ерлердің жоқтығын пайдаланып, жақын маңда торуылдап жүрген қалмақтардың олжа түсіруді, жылқы барымталап кетуді көздеп шабуылдауы болса, екінші себебі Ойыл мен Байғанин аудандарының көршілес орналасуында деп білген жөн. Қалай болғанда да Ботакөз бен Ақботаға байланысты топонимдер осы тарихи оқиғаның шындыққа қатыстылығын меңзейді.

Сонымен бірге бұл өңірлердегі басқа да жер-су атауларының осы оқиғаға байланысты туындауы бұл мәселеге үстеме мән береді. Мәселен, Ботакөзге қатысты баяндалатын аңызда бұл ерекшелік айқын көрінеді. Оқиға былай сабақталады: 1742 жылы жазда Есет батырдың ауылы қазіргі Ойыл ауданының Саралжын деп аталатын елді мекенінің маңында құнарлы жайлауда отырғанда Әбілқайыр хан Есет батырды қалмаққа қарсы соғыс мәселесін шешу үшін Орда кеңесіне шақырады. Бұл кезде Есеттің ағасы Қарабас, оның баласы Кенжалы және Есеттің баласы Ақжол атақты Әжібай бидің аулында қонақта екен. Олардың жоқ екенін білген қалмақтар ауылдың барлық жылқыларын қуып кетеді. Ауылда қалған Есеттің қызы Ботакөз еркекше киініп, ауыл адамдарын бастап, қалмақты қуады. Бұндай тегеурінді күтпеген қалмақтар қаша ұрыс салып, әйел адам екенін білмей Ботакөзді садақпен атып өлтіреді. Сол Ботакөз өлген жерді, осы жердегі Ойыл өзеніне құятын сағаны ел содан бері «Ботакөз» деп атайды [3, 46].

Қазақ қыздарының осындай ерлік істерін баян қылатын аңыздардың жер-су атауларына байланысты сюжет желілері бір-біріне ұқсас келетіндігін жоғарыда айттық. Өйткені жердің аталуына себеп болатын мотив бір. Ол – қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс. Тарихтың сиясы өшпейтіндей бөлшегі болып дала төсінде сақталынып қалған топонимдік атаулар осы соғыстың куәлері. Ақбота қыз жөніндегі ел аузындағы аңызда Ботакөз сюжетіне ұқсас. Ауылда бас көтерер адамдар жоқ екенің біліп, осындай ұрымтал кезенді көптен күткен қалмақтар Сәңкібай аулына келеді. Бұл Жемнің құйылысын мекен еткен қалмақтар еді. Сәңкібайдың Ақбота атты қызы ауылда қалған малшы-жалшы, тума-туыс, ағайын жігіттерді іріктеп алып, өзі еркекше киініп жауға қарсы шабады.

Әбілқайыр ханға бір жылғы есебін беріп оралған Сәңкібай ауылына тиген жаудың жеңілгенін, бірақ Ақботасының жазым болғанын жолшыбай естиді. Көшіп келе жатқан ауылын осы күнгі Ақбота-Сәңкібай дөнінен қарсы алады. Сонда Сәңкібай: «Денесін адам мен мал аяғынан аулақ сонау тау, құм басына қойындар», – дейді [4, 21].

Өмірден қыршын кеткен батыр қыздың мәңгілік мекені сол күннен бастап «Ақбота» атанған. Мүмкін құлпытасындағы жазуға қарап, ел «Ақбота-Сәңкібайдың қызы» деу орнына ауызша айтуға оңай, орамды етіп, бірден-ақ «Ақбота-Сәңкібай» деген болар. Әйтеуір, Жемнің оң қапталындағы оқшау құм ішінен ерекше әдемі, биік құм алыстан қараған кісіге Ақбота сұлудың бейнесіндей көзге ыстық көрінетіні бар.

Осылайша жаугершілік заман, елдіктің, ерліктің шежіресі, топоним түрінде сақталған халықтың ару қыздарының белгі-тамдары ел есінен ұмыт қалмау үшін аңыз өзегі болып қалғандай.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, қазақ халқының жер-су, тау-тас, мекен аттарына байланысты айтылатын топонимдік аңыздарының үлкен танымдық мәні бар дейміз. Топонимдік аңыздар тек жер атауының себептерін түсіндіріп қана қоймайды, олар жартылай тарихилық мәнге ие, яғни белгілі бір тарихи оқиғаны баяндауы арқылы сол өңірдің тарихын білдіреді. Оның тағлымдық, тәрбиелік мәні де зор. Сондықтан біз бұдан бұрын айтқанымыздай тарихи аңыздардың топонимикалық сипатты, ал топонимдік аңыздардың жартылай тарихи болып келетін ерекшеліктерін қарастыра келе оларды қарасақ былайша жүйелеуге болады деп есептейміз:

- Тарихи оқиғаларға байланысты аңыздар
- Табиғат құбылыстарына байланысты аңыздар
- Наным сенімдерге байланысты аңыздар
- Жер-су атауларының этимологиясына байланысты аңыздар
- Заттық белгілерге байланысты аңыздар
- Тарихи тұлғаларға байланысты аңыздар

Бұлай жүйелеу топонимдік аңыздарға ғана қатысты алынып отыр. Ал, жалпы аңыз жанрына келсек, оның ауқымы кең екендігі белгілі, өйткені ол халықтың ауызша баяндалған тарихы болғандықтан еліміздің барлық өңіріне тараған. Одан топонимдік аңыздың айырмашылығы топонимдік аңыздың аймақтық қана болып келіп, сол аймаққа ғана белгілі болуында деп есептеу керек. Сонда бір аймаққа кеңінен белгілі топонимдік аңыз басқа өңірлерге белгісіз болуы мүмкін. Алайда, олардың сарындары бір, орындалу функциялары ұқсас. Ұқсас болатын себебі, тағдыр-талайы, өмір әрекеті, бастарына түскен үлкен ауыртпалық, қиындықтар, жаугершілік жағдайлар, әлеуметтік себептіліктер бірдей.

Алайда жалпыға бірдей таныс топонимдік аңыздар да бар. Олар Шыңғыс хан, Ақсақ темір, Асанқайғы, Бөгенбай, Қабанбай және басқа елдің бәріне бірдей белгілі көрнекті тұлғаларға байланысты айтылатын аңыз түрлері. Сонда топонимдік аңыздың таралу аймағы біріншіден оқиғасына, оның танымдық мәніне байланысты болса, екіншіден кейіпкерлерінің кең танымалдығына байланысты. Осы айтылған жәйттер топонимдік аңыздардың жанрлық түр ретіндегі қызмет аясын белгілей алады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Қасқабасов, С.** Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 272 б.

2 **Пангереев, А. Ш.** Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. – Ақтөбе, 2014. – 465-б.

3 **Толыбеков, С.** Қазақ шежіресі. – Алматы : Қазақстан, 1992. – 144 б.

4 **Пангереев, А. Ш.** Әдебиет және топонимика: Оқу құралы. – Ақтөбе : Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің Редакциялық-баспа бөлімі, 2003. – 118 б.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

А. Ш. Пангереев¹, М. Р. Балтымова²

Исторические и топонимические легенды

^{1,2}Филологический факультет,
Актюбинский региональный государственный университет
имени К. Жубанова,
г. Актөбе, 030000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

A. Sh. Pangereev¹, M. R. Baltymova²

Historical and toponymic legends

^{1,2}K. Zhubanov Aktobe Regional State University,
Aktobe, 030000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

В данной статье рассматриваются такие жанровые разновидности легенды как историческая легенда и топонимическая легенда. Вместе с тем исследуются присущие им характеристики, виды, ареал распространения легенд, также дана классификация исторической и топонимической легенды. В связи с этим исследуется

особенности исторических сюжетов и исторических событий о происхождении топонимических названий при составлении жанра топонимической легенды. Сюжеты о реальных событиях, доказывающие качественные особенности легенды используются как примеры. Авторы рассматривают виды топонимических легенд, ареал распространения и особенности выполнения. В заключении классифицируются жанровые разновидности топонимических легенд по специфическим особенностям.

This article considers such genre varieties of the legend as a historical legend and a toponymic legend. At the same time, the inherent characteristics, species, distribution of legends are investigated, and the classification of the historical and toponymic legend is also given. In this connection, the features of historical plots and historical events about the origin of toponymic names are studied in the compilation of the genre of toponymic legend. Plots about real events that prove the qualitative features of the legend are used as examples. The authors consider the types of toponymic legends, the distribution area and the features of implementation. In conclusion, genre varieties of toponymic legends are classified according to specific features.

К. Х. Рахимжанов

профессор, кафедра «Казахского и русского языков», Гуманитарный факультет, Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, г. Астана, 010000, Республика Казахстан
e-mail: kanatzhan57@mail.ru

ОБ ИСПОЛЬЗОВАНИИ БИНАРНЫХ СЮЖЕТНЫХ ПРИЕМОВ В ВОЛШЕБНЫХ СКАЗКАХ

В статье рассматривается способ бинарности как сюжетообразующее средство в волшебных сказках русского и казахского народов. Бинарная структура волшебной сказки связана с природой самого жанра. Как известно, сказка направлена не на изображение и объяснение состояния мира в процессе деятельности героев, а на показ состояния героев и изменений этого состояния в результате преодоления различных препятствий. Бинарность наблюдается в признаках пола, возраста, образа, семейного статуса, сословного и имущественного положения. Корреляции имеют место и в содержании оценочных признаков, которые относятся к внутреннему миру героя, а иногда и к его внешности. Контраст выступает стержнем сказки как жанра. Антонимические отношения между языковыми единицами создают целостность текста.

Ключевые слова: народная сказка, антонимические отношения, бинарное строение, антитеза, жанр сказки.

ВВЕДЕНИЕ

Волшебная сказка на абстрактном сюжетном уровне выступает как иерархическое строение бинарных блоков, в которой последний парный член имеет положительный знак. Бинарная структура не навязывается сказке, а исходит из природы жанра волшебной сказки. С контрастом перекликается антитеза, выступающая как художественный прием, с помощью которого центральный образ получает углубленную характеристику.

Антонимическая связь между языковыми единицами – распространенный вид смысловых отношений в пределах текста, он привносит определенный вклад в создание его целостности [1].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Собственно антонимия – это особенный принцип построения художественного произведения, который служит основным стержнем сказки как литературного жанра [2].

Антагонистические отношения героя и его противника составляют сюжетную основу всех волшебных сказок. Но при общем сходстве сюжетной фабулы ни одна сказка не повторяет другую. Это различие мы находим в сюжетном многообразии, которое обусловлено разнообразием образов противников. В волшебных сказках основным типам героев – активному (Иван-царевич) и пассивному (Иван-дурак, падчерица) – соответствуют и типы противников.

В волшебных сказках часто «Противопоставление персонажей, являющееся сюжетообразующим средством, выливается не просто в антитезу, а в композиционную антитезу, соответственно, и стилевые формулы (портреты персонажей, оценка поступков, характеристика чудесных предметов, диалоги) часто построены на контрастах» [3, с. 67]. Антитеза наблюдается во всем, в том числе, в признаках пола: мужской/женский, признаках возраста: старый/молодой, взрослый/невзрослый, т.е. ребенок; в качествах образа: природный/волшебный, щедрый/скупой, добрый/злой; признаках семейного статуса: старший/младший, родной/неродной, родители/дети, отец/сын, мачеха/падчерица, мать/дочь; в признаках сословного и имущественного положения: ханский/царский/крестьянский, богатый/бедный.

Сказка направлена не на изображение и объяснение состояния мира и его изменений в результате деятельности героя, а на показ состояния героя и изменения этого состояния в результате преодоления препятствий. В самом начале сказки мы видим использование антитезы. Действие обычно начинается с ситуации беды и заканчивается избавлением от беды и приобретением каких-то ценностей. Рассмотрим примеры.

В русской сказке «Белая уточка» действие начинается с разлуки: «Один князь женился на прекрасной княжне и не успел еще на нее взглянуть, не успел с нею наговориться, не успел ее послушаться, а уж надобило им расставаться, надо было ему ехать в дальний путь, покинуть жену на чужих руках» [4]. В концовке мы видим, как князь «Взял уточку за крылышко и говорит: «Стань белая береза у меня позади, а красная девица впереди!». Белая береза вытянулась у него позади, а красная девица стала впереди, и в красной девице князь узнал свою молодую княгиню».

В казахской волшебной сказке «Дочь хана и визирь» беда представлена пожаром: «У дочери одного хана были гусь с гусыней и четыре гусенка. Как-то раз случился пожар, и золотой дворец, где жила дочь хана, сгорел.

Во время пожара гусь улетел, а гусыня, защищая детей, сгорела» [5]. Дочь хана решила не выходить замуж. Хан соседнего аула решил жениться на ней. В этом помощником ему служит изображение. Содержание изображения было таким: у хана было два сайгака. Их дети стали тонуть в канале, и самец, спасая своих детей, утонул. Самка убежала. Дочь хана, убедившись, что и самец может спасти своих детей, соглашается выйти замуж за этого хана. Концовка сказки – женитьба на дочери хана – становится типичной.

В центре сказки мы видим преломленную в ценностном плане мифологическую оппозицию свой/чужой. Эта оппозиция моделирует соотношение героя с его врагами [6]. Оппозиция свой/чужой отражается в сказке на разных плоскостях. Это может быть антитеза родной/неродной в плане преследования мачехой падчерицы. Отметим, что в казахских волшебных сказках мы не находим примеров с подобными образами мачехи и падчерицы.

Ученые отмечают, что понятие мачехи в историческом ракурсе могло появиться в связи с нарушением эндогамии и добыванием жен за пределами родов, с которыми существовал освященный традицией брачный обмен. Мачеха – почти всегда чужая и ей приписываются черты ведьмы, злой старухи. Это видно и из ее действий: мачехажестоко обращается с падчерицей, изводит ее, гонит в лес во власть страшных демонов. В этой оппозиции мы видим отношения образов вредителя и образов его жертвы.

Рассмотрим примеры. В русской сказке «Арысь-поле» У старика была дочь красавица, жил он с нею тихо и мирно, пока не женился на другой бабе, а та баба была злая ведьма. Невзлюбила она падчерицу, пристала к старику: «Прогони ее из дому, чтоб я ее и в глаза не видала». Старик взял да и выдал свою дочку замуж за хорошего человека; живет она с мужем да радуется и родила ему мальчика. А ведьма еще пуще злится, зависть ей покоя не дает; улучила она время, обратила свою падчерицу зверем Арысь-поле и выгнала в дремучий лес, а в платье падчерицы нарядила родную дочь и подставила ее вместо настоящей жены» [4].

Здесь мы находим несколько контрастов: основной контраст свой / чужой, внутри основного – малый контраст, разделяющийся на еще более мелкие *падчерица/ родная дочь, мачеха/ родная мать*.

Также добавим, что вечный конфликт *свой-чужой* может быть вызван и изменением роли героя. В нашем примере мачеха – не только чужая, а чужая в своей роли своей, чужая, которая представляется своей, то есть ведьмой в роли родной матери. Подобное можно сказать о снохе-изменнице, пытающейся известить мужа и его сестру, чтобы избавиться от них в казахской волшебной сказке «Находчивость девушки» и др.

Приведенные примеры можно понимать как аналогии различных сказочных превращений и сгруппировать их в одно действие, в один предикат.

Антитезы *щедрый/жадный, добрый/злой, ленивый/работающий* представляются как обычные сопоставления доброго и злого, ленивого и работающего и разрешаются торжеством добра, труда, щедрости в соперничестве со злым, жадным и ленивым противником. *Добрый/щедрый/работающий* получает свою награду, а *злой/скупого/ленивый*, соответственно, теряет все. Награды в результате выполнения положительного действия – это подвига, спасения, освобождения – означают, что получающий эту награду герой вступает в справедливое обладание этой наградой в виде царства, разных богатств.

Контраст *свой-чужой* говорит о настоящей природе героя сказки и вредителя, а приведенные оппозиции просто указывают на типичные проявления героя, на его признаки, свойства. *Добрый-злой и скромный-нескромный* – это нравственная характеристика героя истинного и ложного, но не вредителя. Доброта, простота и скромность героя заметны в предварительном испытании его дарителем: например, герой спасает зверей, помогает бедным и нищим, из всех предложенных богатств отбирает только самый скромный, незначительный дар.

Надо также отметить, что противопоставление *добрый-злой* является очень важным для волшебной сказки, так как именно эти признаки служат основой для деления персонажей на героев-дарителей и героев-помощников, а также его антагонистов, в лице которых выступают, например, злая старуха, но добрая волшебница; жадный старик, но великодушный колдун; отрицательный член оппозиции персонифицирован в таких антропоморфных персонажах, как Лихо, злыдни. Герой борется не на жизнь, а на смерть. Опасность представляется особенно значительной, потому что противники главного героя – это не обычные люди, а представители зла, коварства. Это, например, великан, дракон, злой маг или колдун, злая мачеха и ее дочери и др. Они чудовищны и безобразны как внешне, так и внутренне. Антигерои коварны и жестоки в противоборстве с силами света и добра. Герой одерживает победу над ними, доказывает свое благородное человеческое начало, приближенность к добру. Часто эта оппозиция имеет морально-этическую окраску. Может быть, это связано с той главной ролью, которую она играет в предварительном испытании: добрый герой жалеет врага, помогает слабым, а жадный и злой герой, и это тоже как правило, не поступает так, и в итоге он не получает чудодейственного средства.

Сказочный конфликт начинается тогда, когда чужое вторгается в область своего или свое попадает в мир чужого. Такие действия персонажей, осуществляющиеся с помощью их собственных перемещений, путем их похищения, переноса, а также и обратные им действия отсоединения, прекращения контакта в результате перемещений, представлены в предикате сказочного перемещения.

Научный интерес вызывают контрасты *антропоморфный и неантропоморфный* в соотношении с признаком *сверхъестественный, чудесный*. Этот признак и отличает животных, растения и предметы как персонажей сказки от животных, растений и предметов-атрибутов, признаков фона происходящих действий.

Сверхъестественные существа представлены на материале русских волшебных сказок обширной группой антропоморфных персонажей, таких, как Яга, Морозко, богатырь, колдун, бес, нечистый, ведьма, волшебница, чаровница. На материале казахских волшебных сказок это – Жалмауызкемпир, великан Дяу, батыр, шайтан, Зенги-баба – покровитель рогатого скота, чудовище Жезтырнак, пери и др.

Во многом внешний облик сверхъестественных существ носит неопределенный характер. Их имена, приведенные выше, говорят об их неантропоморфности, но «многоголовый Змей русских сказок чаще изображается в виде всадника, а не дракона, а Шмат-разум или Сура, т.е. слуги-невидимки, как будто даже лишены всякой плоти» [7].

Неопределенность внешнего облика восполняется четкой фиксированностью для подавляющего большинства персонажей волшебной сказки признаков пола (оппозиция мужской/женский) и возраста (оппозиции взрослый/ребенок и старый/молодой).

Как показывают наши наблюдения, многие образы, обладающие сверхъестественными силами, имеют мужской и женский варианты: колдун – колдунья, чародей – волшебница, ведьма – черт, Яга – Морозко, богатырь – богатырка.

В казахских сказках такие варианты встречаются нечасто, иногда указание на пол фиксируется в самом имени – Мыстан-кемпир – великан Дяу, Жалмауыз-кемпир, коричневая женщина Жезтырнак, Батыр Боран, Сұлуқыз (девушка красавица), Ерназар (ер – мужчина), Мерген (охотник) и др.

Редко сверхъестественные персонажи классифицируются по возрасту, отметим только, что ведьмы или колдуньи обычно «старые», а изменницы жены, колдуньи, чаровницы «молодые». Образы других персонажей часто делятся на возрастные группы: старик – старуха, молодец – девица, мальчик – девочка, джигит/батыр – девица.

Возрастная характеристика очень важна для характера функционирования персонажасказки: «старые» более всего выступают в роли советчиков или помощников.

Корреляции могут иметь место и в содержании оценочных признаков, которые относятся к внутреннему миру героя, а иногда и к его внешности. Добрými или злыми, мудрыми или глупыми в русских и волшебных сказках чаще бывают антропоморфные существа, красивым или уродливым,

большим или маленьким, чистым или грязным могут быть и человек, и животное, и предмет/вещь.

Нередко встречается и такая оппозиция, как мудрый/глупый. В русских волшебных сказках это Василиса Премудрая, мудрец, старичок-ведун, учитель, умные братья, им противопоставлены глупый черт или великан, Иванушка-дурачок.

В казахских сказках – мудрый визирь (сказка «Хан и мудрый визирь»), которому антогонистом выступает глупый хан; мудрый цирюльник (сказка «Продавец разума»), которому противопоставлен глупый хан; мудрая девушка (сказка «Мудрая девушка»), которой противопоставлен глупый Жандаулет.

Мудрость может выступать и как «большое знание», например, состязания в мудрости, в знаниях, в смекалке, в отгадывании загадок. Близко к признакам *мудрости/глупости* располагаются признаки *силы/слабости*. Эти признаки находят воплощение в характерах таких героев, как богатырь, силач, но слабый Иванушка, слабый Заморышек; в казахских сказках батыр – слабый человек, чудесные предметы, обладающие силой.

В бинарности сюжета находят отражение оценочные контрасты, такие, как *красивый/уродливый, великий/большой/маленький*. Прослеживается это в именах героев: например, Василиса Краса, Конек-горбунок, Мальчик с пальчик, Мужичок с ноготок, Крошечка-Хаврошечка, Три великана и др. А в казахских сказках Айгуль (лунный цветок), Дяу (великан), огромный волк и молодая кобылица (сказка «Жигит и волчица»), великан Алпамыс в одноименной сказке.

ВЫВОДЫ

Антитеза, контраст выступают как особый принцип построения волшебной сказки, как главный стержень сказки как литературного жанра. Антонимические отношения между языковыми единицами служат для смысловой взаимосвязи в пределах текста, создают его целостность. В процессе использования разных оппозиций и русская, и казахская волшебная сказка на своем абстрактном сюжетном уровне выступает как иерархическая структура бинарных блоков. Бинарность структуры сказки самым естественным образом связана собственно природой жанра волшебной сказки.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Боева, Н. Б.** Антонимичность языковых единиц морфологического и синтаксического уровней в современном английском языке. – Ростов н/Д, 2004. – 240 с.

2 **Цветкова, А. Н.** Контраст как основа словесного портрета персонажа // Филология, искусствоведение и культурология: актуальные проблемы и тенденции развития: матер. межд. научно-практ. конф. – Новосибирск, 2011. – С. 70–79.

3 **Ведерникова, Н. М.** Антитеза в волшебных сказках // Фольклор как искусство слова. Вып. 3. – М.: МГУ, 1975. – С. 66–78.

4 Народные русские сказки А. Н. Афанасьева: в 3-х т. / А. Н. Афанасьев; изд. подгот. Л. Г. Бараг, Н. В. Новиков и др. Т. I. – М.: Наука, 1984. – 511 с.

5 Казахские сказки: в 3-х т. / Под ред. В. М. Сидельникова. – Алма-Ата, 1964. – 450 с.

6 Структура волшебной сказки. Традиция-текст-фольклор: типология и семиотика. / Ред. С. Ю. Неклюдов. – М., 2001. – 229 с.

7 **Неклюдов, С. Ю.** Особенности изобразительной системы в долитературном повествовательном искусстве. // Ранние формы искусства. – М., 1972. – С. 194–204.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

К. Х. Рахимжанов

Бинарлық сюжеттік әдістерді сиқырлы ертегілерде қолдану туралы

Гуманитарлық факультеті,

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,

Астана қ., 010000, Қазақстан Республикасы.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

K. Kh. Rakhimzhanov

On the use of binary plot techniques in fairy tales

Faculty of Humanities, Department of Kazakh and Russian languages,

S. Seifullin Kazakh Agro Technical University,

Astana, 010000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

Мақалада бинарлық әдіс орыс және қазақ халқының сиқырлы ертегілерінде сюжет жасаушы құрал ретінде қарастырылады. Сиқырлы ертегінің бинарлық құрылымы осы жанрдың табиғатымен байланысты. Айтарлықтай, ертегі кейіпкерлердің әрекеттері үрдісінің негізінде әлем қалпын көрсетуге емес, әртүрлі кедергілерді оту нәтижесінде кейіпкерлердің қалпын және сол қалпының өзгеруін көрсетуге бағытталған. Бинарлық жынысы, жасы, бейнесі, отбасылық статусы, меншіктік жағдайының белгілерінен көрінеді.

Корреляциялар бағадау белгілерінің мазмұнынан да көрінеді, олар кейіпкердің ішкі дүниесіне, кейде оның сыртқы келбетінен де орын алады. Контраст жанр ретіндегі ертегінің тірегі болады. Тілдік бірліктер арасындағы антонимикалық қатынастар мәтіннің тұтастығын құрайды.

The article considers the method of binary as a plot-forming tool in fairy tales of Russian and Kazakh peoples. The binary structure of a fairy tale is related to the nature of the genre itself. As is known, the fairy tale is not aimed at an image and explanation of the state of the world in the process of the heroes' activity, but rather on showing the state of the heroes and changes in this state as a result of overcoming various obstacles. Binarity is observed in the signs of sex, age, image, marital status, class and property status. Correlations also take place in the content of evaluation attributes that relate to the inner world of the hero, and sometimes to his appearance. Contrast is the core of a fairy tale as a genre. The antonymic relationship between linguistic units creates the integrity of the text.

Н. М. Рахманова

ф.ғ.к., профессор м.а., Алматы университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы

e-mail: 55rnm@mail.ru

М. ӘУЕЗОВ – ӘДЕБИЕТ ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУШІ

Мақалада М. Әуезовтің ғылыми еңбектері сараланады. Ғалымның қазақ фольклорын жүйелі түрде зерттегені, өзіндік ой-тұжырымдары талданады. М. Әуезовтің ең көп зерттегені Абай мұрасы екені айтылып, ғылыми еңбектер зерделенеді. М. Әуезовтің «Манас» эпосына қатысты ғылыми ұстанымдары парықталады. Мақалада М. Әуезовтің рухани ескерткіштің тағдыры халық тағдырымен тікелей байланысты екенін дәлелдеген ғалым екені сөз болады. Ғалымның әдебиеттің көкейкесті мәселелеріне үнемі үн қосып отырғаны айтылады. Мақалада «Әдебиет тарихы» еңбегіндегі айтылған ойлардың тереңдігі мен дәлдігі, автордың сыншылдық келбеті мен әдебиетшілік көзқарасы жан-жақты ашылып, дәлелденеді. Еңбектің ешқашан да маңызын жоймайтын, нағыз құнды дүние екендігі айтылады. М. Әуезовтің ғылыми мұраларын зерттеген сайын, ешкімге ұқсамайтын дара тұлға екендігін көреміз. Оның артына қалдырған асыл мұралары жылдар өтіп, гасырлар аунаса да өз асылдығын жойған емес. Зерттеушінің әдебиеттің дамуына қосқан үлесі, ой-пікірлері талай ғылыми зерттеу жұмыстарына арқау болары сөзсіз.

Кілтті сөздер: фольклор, ұлы батырлар, кіші батырлар, тарихи олеңдер, зар заман ақындары, арнау олең, рухани ескерткіш.

КІРІСПЕ

М. Әуезовтің қазақ әдебиетінің әр алуан мәселелерін көтерген ғылыми еңбектері сан салалы. Зерттеуші ғалым қазақ әдебиетінің тарихы, жеке ақын- жазушылар шығармашылығы, халық әдебиетінің қатпарлары туралы кішігірім мақаладан көлемді зерттеулерге дейін жазды. М. Әуезовтің ғылыми еңбектерін Р. Нұрғали: «1 Абай жайлы; 2 Театр, драматургия, аударма жайлы; 3 Проза жайлы; 4 Дүние жүзі халықтары әдебиеті жайлы; 5 Фольклор жайлы» – деп бес салаға жүйелейді [1, б. 263].

Осы ғылыми еңбектердің ішінен М. Әуезовтің ең алғашқы қалам тартқан саласы қазақ фольклорына қатысты дүниелер еді. М. Әуезов

1924–1925 жылдары Семейдегі «Таң» журналында редакторлық қызмет атқарып жүргенде, фольклор нұсқаларының жиналуына, жариялануына мұрындық болған. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының Жанақ жырлаған нұсқасын, Абай хатқа түсірткен Бейсенбай нұсқасын, Сыбан Ақтайлақ бидің шешендік сөздерін бастырған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

М. Әуезовтің қазақ фольклорына арнап жазған алғашқы еңбегі – «Қобыланды батыр» мақаласы да «Таң» журналында жарық көрген. Мақалада «Қобыланды батыр» жырына «тарихи ескерткіш» деген баға беріледі. Зерттеуші мақалада жырға сюжет болған оқиғаның тарихи төркініне өзінше пайым жасай келе: «Оқиғаға негіз болған – орыс патшасы Иван Грозныйдың 1552 жылы Қазан қаласын басып алуы», – деген болжамын айтты. Сол тұста «Қобыланды батыр» жыры басқа да зерттеушілердің назарын аударды. Солардың ішінде С. Сейфуллиннің жырдың шығу тегіне қатысты топшылауы дұрыс болды. «Қобыланды батыр» жырын белгілі бір жүйеге келтіріп зерттеуде, ғылыми дұрыс шешім жасауда бұл болжамның өзіндік орны болды. С. Сейфуллин Қобыланды батырдың шығуы Қазан қаласын орыстардан құтқару емес, Ирандағы шағатай ұлысының ханы Қазанның әскерлері (қызыл бастар) мен қыпшақтар арасындағы соғысқа байланысты деген пікірін білдірді.

1927 жылы Ташкентте басылып шыққан М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» кітабы – қазақ фольклорын жүйелі түрде зерттеуге арналған алғашқы көлемді еңбек. Бұл еңбек 1930 жылы автор тұтқындалғанда, кітап ескіліктің барлығын идеал мінсіз тұтқаны, фольклорды қоғамнан тысқары дербес өнер деп шығармаларды заман ыңғайына сәйкес таптық тұрғыдан талдамағаны үшін зиянды деп, қоса тәркіленген. Зерттеуші аталған еңбекте халық шығармашылығының үлгілі нұсқаларын ғылыми жүйеге салып, оның ішкі жанрларын саралайды.

«Жазушыдан» деген алғы сөзде Әуезов: «Әдебиет... қазақ деген елдің өткендегі мен бүгінгі пішінін танытуы керек» дей келе, қазақ елінің жалпы тарихы әлі жазылмағанын, сондықтан фольклор арқылы да елдің өткенін, халықтың тарихын зерделеуге болатынын айтады. Зерттеуші еңбегінде мына сұрақтарға жауап іздеген: «Белгілі заманның тарихи шарттары мен кәсіп дағдысынан туған салт, сана, сезім, тілек қандай еді? Елдің өнер туғызған қиялы мен үлгілі сөз туғызған ақыл шалымы, ішкі дүние байлығы қандай еді? Қазақ тілінде әрбір заманда шыққан сырлы сөздердің үлгі түрі қандай? Мағына, маңызы қандайлық? Бір-бірінің ортасындағы тарихи байлам, тіркестік қайсы, әрбір жұрнақты туғызған себеп не?» [2, б. 10]. М. Әуезов «Өз сүтімен өскен ескі әдебиетті» дінгек еткенде ғана жаңа жазба әдебиеті кемелденеді»

деген ұстанымын алға тартады. Еңбектегі автор ойлары А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқышындағы» (1926) пікірлерімен сабақтасады.

«Әдебиет тарихының» алғы сөзінде автор кітапты шығарудағы себептерді айтса, кіріспеде бүкіл адам баласына ортақ қоғамдық даму тұсындағы сөз өнерінің болмысына тоқталады. Сонымен бірге, тағылық тұсындағы ортақшылдық дәуірдегі, Ана қожалығы жүрген дәуірдегі, Ата қожалығы жүрген дәуірдегі әдебиет жұрнақтарына шолу жасайды.

Әдебиет тарихының міндеті, зерттелу жолы да кіріспенің еншісінде. Қазақ елінің жалпы тарихына жанасатын ескілікті сөздерге де, қазақ әдебиетінің тарихындағы жалпақ елдің көзқарасын білдіретін сөздерге де кіріспеде шолу жасалған. Автор әдебиет тарихын мынандай бөлімдерге жіктеп қарастырған: Сыршылдық салт өлеңдері, Батырлар әңгімесі, Ел поэмалары, Тарихи өлеңдер, Ертегі, Айтыс өлеңдер, Зар заман ақындары. Сыршылдық салт өлеңдерін үш түрге бөліп қарастырады. Оның алғашқысы: Ел салтындағы шер өлеңдерге жоқтау, естірту, қоштасу, көңіл айтуды жатқызады. Екінші дінмен байланысты өлеңдерге: Ескі діннің сарқыты болған өлеңдерді, Ислам дініне байланысты өлеңдерді жатқызады. Наурыз туралы бақсылар сарынын алғашқы жікке жатқызады. «Наурыз күншығыс халқының көбінің мейрамы болған. Солардың ішінде, әсіресе көшпелі түріктер арасында ең қадірлі, ең ұлы мейрам болып саналған.

... Ауа райы – барлық тілек пен тіршіліктің қожасы. Сондықтан жақсы мен жамандық жіберетін қорқынышы да, үміті де бір аспанға байланғандықтан, аспанды «тәңірі» деп, соны ұлы құдай көру, ең ескі діндердің бәріне бірдей қойылған наным болатын» [2, б. 40].

Зерттеуші жарамазан, бата беру өлеңдерін ислам дініне қатысты санайды. Автор жарамазан ораза күндері оразаның садақасын алуға арналған өлең екенін айта келіп, қазақ жарамазандарында өзге мұсылман елдеріндегідей сәждеге жығыл, дұға оқы, күнәкәр болма деген діни сөздер көп айтылмайтынын ескертеді. Қыз ұзату кезіндегі салт өлеңдерін автор жар-жар, қоштасу, танысу, беташар деп жіктейді.

«Батырлар әңгімесі» тарауында Әуезов қазақ батырларына қатысты жырларды: ұлы батырларға, кіші батырларға қатысты әңгімелер деп бөледі. Ұлы батырларға Едіге, Қобыланды, Ер Тарғын, Ер Сайынды, Нәрікұлы Шора батырды, кіші батырларға Қамбар батырды, Алпамыс батырды жатқызады. «Ел поэмалары» деген үшінші бөлімде «Қозы көрпеш – Баян сұлу» мен «Қыз Жібекке» талдау жасалған.

Келесі «Тарихи өлеңдер» тарауында бұл жырлардың тууын Абылай заманымен орайластырады. Әуезов тарихи өлеңдерді екі кезеңге бөледі. «Тарихша бұл екі дәуірдің жапсары Әбілқайыр, Тәуке, Қайып, Абылай хандардың заманына келеді. Бұл дәуірдің басы – 1723 жылы ақтабан шұбырынды.

Екінші сатысы – орыс сияқты шет жұртқа бағынуға айналып, елдің алдында темір нокта мен қайыс ноктаның» таңдауы шыққан заман. Ақыры орысқа бағынып, ноктаға бас иіп, асаудың жуасып, алыптың басылған уақыты болады» [2, б. 142].

М. Әуезов тарихи өлең жанрына да сипаттама береді: «тарих өлеңдері, ең алдымен, ел тіршілігінде анық болып өткен тарихи оқиғадан туады. Пәлен жыл мен пәлен жылдың арасында болған тарихи дәуірдің жыры. Сол дәуірде арнаулы оқиғаның қақ ортасында болған адамдардың басынан кешкен өмір, қолымен істелген істің жыры болады. Тарихи өлеңдердің ішіндегі адамдар – жалпақ елге қадірлі сүйкімді адамдар. Сол адамдардың ісі, беттеген мақсаты, көптің өміріне қозғау салған әсері, көптің аузында неше алуан әңгіме болып қалады [2, б. 140–141]. Бұл тарауда «Исатай-Махамбет», «Кенесары-Наурызбай», «Бекет» жырларына талдау жасалған. «Ертегі» атты тарауда ертегінің шығу себептері, жанрлық ерекшеліктеріне сипаттама беріледі.

Кітаптың VI тарауы айтыс өлеңдеріне арналған. Айтыстың тегі, түріне сараптама жасалған. Тарауда Мұрат пен Жантолы, Кемпірбай мен Шөже, Біржан мен Сара айтыстарынан үзінділер келтіріліп, олардың өнері палуандар күресіне теңеледі. Автор айтыстың бір түріне билікке таласып айтқан талас сөздерді жатқызады да, оны билер айтысы деп атайды. Оған Бұқар жыраудың Керейге айтқанын, Ақтайлақ бидің сөзін, Қараменде мен Кеңгірбай биліктерін, Сабырбайдың Солтабай төреге айтқанын жатқызады.

«Зар заман ақындары» деген тарауда зерттеуші ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің айырмашылығына нақты жеке қоя пікір айтады. «Зар заман ақындары» тарауының аты туралы М. Әуезов былай дейді: «Зар заман деген – XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, соңғы ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір арнаға тұтастыратындай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығы «зар заман» ақындары деген ат қойдық. Бұл – ақындардың дәуірі, жоғырыда айтқан тарихи дәуірді туғызған дәуір. Зар заман ақындарының алғашқы буыны Абылай замандарынан басталса, арты Абайға келіп тіреледі. Сондықтан қазақтың тарихымен салыстырсақ, зар заман дәуірі толық жүз жылға созылады» [2, б. 192].

Тарауда жыраулардың қоғамдағы орны, толғаулардың зарлы болуының себептері айтылады. Жырау мен ақын сөздерінің айырмашылықтары сараланған. Зерттеуші ел тілегін, зар-мұңын, ел қамын сөзбен жоқтаған Асан қайғы, Бұхар жырау, Махамбет, Мұрат, Шортанбайлардың азат рухты аңсаған поэзиясын мансұқтайды.

Азаттықты аңсаған шығармалардың мағынасын аша келе: «Бұлардың сөз қылған жайлары басқа-басқа сияқты болып, атаған емдері де әр түрлі

болғанымен, барлығының басын қосатын ортақ жері бар. Ол ортақ жері: заман халінің қайғысынан туатын өкініш, зар; өткенді ойлап, күрсініп, сағынып, қазіргіден қажып, торығу, алдыңғыдан шошынып қорқу, сондықтан ыңыранып, зарланып зарығу» [2, б. 195]. М. Әуезов Шортанбайдың «Зар заман» өлеңінің атын заман зарын жеткізген әдебиеттің дәуіріне пайдаланған. Автор: «Қазақ әдебиетінің тарихы зар заман дәуірінен соң Абайға келіп тіреледі. Сол себепті енді Абайға көшеміз» деп «Әдебиет тарихы» кітабын аяқтайды.

М. Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» атты мақаласы «өткен дәуірдегі әдеби мұраның күні өткен, жаңа заманның талабына олар жауап бере алмайды, жаңа пролетарлық әдебиет жасаймыз», – деген төңкерістен кейінгі ұранды саясатқа жауап ретінде жазылғаны байқалады. Автор әдебиет тарихындағы ірі дүниелердің бір дәуірдің дүниетанымын қалыптастыруға септігі барын айта келіп, қазақ әдебиетінің тарихына зер салып, ондай дүниелердің болғанын тілге тиек етеді. Қазақ әдебиетінде де әлемдік әдебиеттегі айтулы кейіпкерлерден сомдалуы еш кем түспейтін Қарабай, Қодарлардың тұлғасын мансұқтайды. Абайдың қазақ қоғамының дамуындағы алатын орны байыпталады. Ақынның қазақтың жаңа әдеби тілін тудырудағы еңбегі сипатталады. Қазақ әдебиетінің тарихына күмәнмен қараушыларға «Біз ескі әдебиетімізді сүйеміз» деген пікірін ашық білдіреді.

Автор қазақ әдебиетінің кезеңдерін ауыз әдебиеті, көшпелі дәуір әдебиеті, жазба әдебиет деп дәуірлей келе әдебиеттің соңғы дәуіріне Абайдан кейінгі кезеңді жатқызады. Соңғы дәуір әдебиетін «сезімділік, сыршылдық (романтизм) дәуірі» деп жүйелейді. М. Әуезов қазіргі әдебиеттің бағдары туралы айта келіп: «Қазақ әдебиеті қазіргі өмірдің бетіндегі қаймағын жалап жүр. Бұрынғы әдебиеттің ішіне тазша бала мен жалшы, сақау қатын да кірген болса, бүгінгі әдебиетке қалпақ киген оқығаннан бастап, қой жайып жүрген қойшыға шейін кіруге тиіс» деген көркемдік ізденістен күтер үмітін үкілейді. Автордың бұл еңбегі – баяғы мен жаңаны қиыстыру үрдісі.

Әуезов бұл мақаласында қазақ әдебиетінің көркемдік әдісті ұстанудағы ерекшеліктеріне барлау жасайды. Қазіргі қазақ әдебиеті Абай бастатқан реализмнен алысқа кете қоймағанын да ескертеді. Бірақ ізденіс сүрлеуі де жоқ емес екенін айта келіп, жаңа ізденіс мысалына Мағжан өлеңдерін жатқызады.

Әуезовтің 20–30 жылдар әдебиетіндегі көркемдік әдіс туралы тың пікірі мынадай: «Жазба әдебиеттің Абайдан бергі ұзақ дәуірін алғанда жолын өзгертетін жаңалық соңғы жылдарда туып келеді. Ол жаңалық жаңа басталып келе жатқан сезімшіл (романтизм) дәуірі, бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан реализм сарыны құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение) күйі, осы күнде ішкі терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді» [2, б. 231].

М. Әуезовтің ең көлемді ғылыми зерттеулері – Абай туралы. Абай мұрасын тану, таныту, насихаттау ақын шығармаларының ел арасына таралуымен орайлас. Біржан салдың, Мәшһүр Жүсіптің, Көкбай Жанатайұлының, Әріп Тәңірбергенұлының, Әсет Найманбайұлының, Шәкәрім Құдайбердіұлының өлең жолдарындағы Абайға арналған әр түрлі ілтипаттар жұртшылықтың оны қалай қастерлегенін аңғартады.

1905 жылы Ә. Бөкейханов «Семипалатинский листок» газетінде Абайдың қайтыс болғанын қалың елге жариялап азанама жазды. Онда Абайға дейін сөз өнерін биік дәрежеге көтерген ақын болмағанын, оның суреткерлік талантын айтып өтеді. 1908 жылы М. Дулатов татардың «Уақыт» деген газетінде «Ибраһим бін Құнанбаев» деген шағын хабарлама бастырды. 1909 жылы Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағына Кәкітай Ысқақұлы мазмұнды кіріспе жазды. 1913 жылы А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінде «Қазақтың бас ақыны» атты мақала, 1914 жылы М. Дулатов осы газетте «Абай» атты мақала жариялады. Абайдың ақындық қуатын бейнелеген М. Жұмабаевтың «Алтын хәкім Абайға», Тайыр Жомартбайұлының «Замандастарға жауап», Сәбит Дөнентаевтың «Абайға» өлеңдерінің де Абайды тануға үлесі бар.

Абай туралы тақырып М. Әуезовтің суреткерлік шығармашылығының ғана емес – ғалымдық қызметінің де өрісті өзегі. Ұлы ақынның өмірі мен өнерін М. Әуезов талай жылдар сарыла зерттеді, зерделеді. Абай мұрасын зерттеуді М. Әуезов 1924 жылдан бастап қолға алған.

М. Әуезов Абайдың алғашқы ғылыми өмірбаянын 1933 жылы жазды. Алғашқы өмірбаянда Абайдың өнерпаздық жолының басталуы мен ақын басынан өткен түрлі әлеуметтік оқиғалар туралы мәлімет беріледі. Абайдың 13 өлеңіне талдау жасалып, ақынның өз заманына қайшылықты көзқарасы сөз болған.

Әуезов Абай өмірбаянын толықтырудағы ізденісін тоқтатпаған, жаңа деректермен кемелдендіруді ұлы мақсат санаған. Зерттеуші 1940 жылы Абай өмірбаянының екінші нұсқасын жазды. Бұл нұсқада ақынның 24 өлеңінің тереңдік деңгейіне барлау жасалған. Ақын өлеңдерінің туу себептерін, сол өлеңдердегі тіршілік тынысының шындығын айқындауда зерттеуші көп ізденген. Осы нұсқада Абайдың композиторлық өнері сөз болып, «Құлақтан кіріп бойды алар...» әніне назар аударған.

Абай өмірбаянының үшінші нұсқасын Әуезов 1945 жылы жазған. Бұл нұсқада ақынның ізденіс үлгілеріне кеңірек талдау жасалған. Абайдың шығармаларының көркемдік ерекшеліктерін сөз ете отырып, зерттеуші ақынның 30 өлеңі мен 1 қарасөзінің мәнісін ашуға талпыныс жасайды. Осы нұсқада Абай айналасына қатысты өмірлік деректер мол берілген. Құнанбайдың ел ішіндегі қадір-қасиетіне қатысты пікір айтуда зерттеуші кеңестік қалып ережесін ұмытқандай болады. Саясаттың ықпал-әсерінен бұл нұсқа жарық көрген жоқ.

Әуезов Абай өмірбаянының төртінші соңғы нұсқасын 1950 жылы жазған. Бұл нұсқада Абай өміріне, шығармасына қатысы жоқ жанама деректер алынып тасталып, тікелей Абайға қатысы барлары ғана іріктеліп алынған.

Әуезов Абай өлеңдерінің зерттелу тарихын талдап түсіндірген. Абайдың 35 арнау өлеңінің кімдерге қарата айтылғанын аңғартқан. Абайдың өзінен бұрынғы ақындық дәстүрге, жыр мектебінің өкілдеріне көзқарасын Әуезов өзінше бағалайды. Шортанбай, Дулат, Бұхар сынды үш биіктің Абай шыңынан қарағанда қазақ өлеңінде әлі де дараланып тұрғанын Әуезов баса айтады.

Бұл өмірбаян толассыз ізденудің арқасында әрдайым тереңдеп, жылдар өткен сайын толықтырыла түсті. Ақын жайында ел арасында таралған әр алуан аңыздарды, ел жадында сақталған жайттарды, тірнектей жинай жүріп М. Әуезов Абайдың өмірбаянын кемелдендіре түскен.

М. Әуезов Абай мұрасының жариялануына да көп еңбек сіңірген. Зерттеуші Абай өлеңдерінің толық жинағын құрастыруда Мүрсейіт Бікеұлы мен Сәдуақас Мұсаұлы Шормановтың қолжазбаларын басшылыққа алған. Ұзақ ізденістің нәтижесінде зерттеуші 1933 жылғы толық жинаққа ақынның бұрын жарық көрмеген 45 өлеңін қосқан.

М. Әуезов Абайдың арнау өлеңдерінің жазылу себептері мен жазылу тарихын да зерделейді. Ғалым өлеңдерді жинастырып, көптеген кісі аттарын қалпына келтірген. Меңзеумен жазылған Абайдың арнау өлеңдерінің сыр сипатын ашқан.

М. Әуезов Абай қарасөздерін көркем шығармадағы образ сомдауда, оның табиғатын, болмысын танытуда ұтымды пайдаланған. Абай дүниетанымындағы сыншыл бағыттың мұсылмандық, шығыстық дүниетанымындағы ой-пікірлермен қабыспайтын тұстарын айтуда ақынның 27, 38 қарасөздерінде айтылған пікірлерді дәлел етеді.

М. Әуезов Абайдың әдеби ортасы мен ақындық мектебі төңірегіндегі мақаланы 1934 жылы ақынның қайтыс болуына 30 жыл толу қарсаңында жазған. «Абай ақындығының айналасы» деген зерттеу мақаласында М. Әуезов Абай өмір сүрген дәуірдің рухани тынысын танытатын өнер адамдары мен байланысын, шығармашылық қарым-қатынасын, ақынның оларға берген бағасын зерделеген [3, б. 126–138]. Абай тұсында ақындық өнер жолына түскен бір топ жастардың қаламынан туған әр түрлі жанрда жазылған көркем шығармаларды жинастырып, зерттеу керектігін де Әуезов алғашқы болып ескертті.

Абай бастаған әдебиетпен қоғамдық ойдағы жаңа бағыттың батыс пен орыс әдебиетіне ойысқанын ғалым жіті байқайды. Абай әдеби мектебінен сусындаған жастардың өз талпыныстарымен және Абай ұсынысымен жазылған шығармаларының болмысына зерттеуші баға береді.

М. Әуезов қазақ әдебиеттану ғылымында Абай мұрасын жүйелі зерттеуді алғаш қолға алып, абайтану ғылымының негізін қалады. Ғалым ақынның ғылыми өмірбаянын жазып, Абай өлеңдерінің дереккөздерін анықтап, көптеген текстологиялық түзетулер енгізді. Абай шығармаларының шығыс, батыс әдебиетімен байланысын анықтады. Абайдың әдеби ортасы мен ақындық мектебі туралы, қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрі хақында тұжырымды пікірлер білдірді.

М. Әуезов дүниежүзі халықтары әдебиетінің маржандарымен ыждаһатпен танысып, олар жайлы өз пікірін әр уақытта білдіріп отырған. Дүниежүзілік фольклордағы тұтастық, ұзақтық мөлшерінен теңдесіз туынды қырғыз халқының «Манас» эпосын зерттеуге М. Әуезов 1930 жылдары Ташкенттегі Орта Азия университетінде оқыған кезден бастап ден қойған.

Ілгерідегі Шоқан Уәлихановты, кейінгі Мұхтар Әуезовті «Манас» жырының көнелігі, көлемділігі, тарихилығы қызықтырса керек. «Манас» – көлемі жағынан шумер елінің «Гильгамешінен», гректің «Илиадасы» мен «Одиссеясынан», Индияның «Рамаянасы» мен «Махабхараттасынан», түркі елдеріндегі «Дәдам Қорқыт» пен «Қорқыт атасынан», немістердің «Фаустынан», Осетиннің «Нартасынан» да ұзақ эпос. М. Әуезов зерттеу нысаны етіп манасшылар Сағынбай Оразбақов пен Саяқбай Қаралаевтың жатқа айтқан нұсқаларын алған. Оразбақовтың айтуымен жазып алынған нұсқаның өзі Гомердің «Одиссеясы» мен «Илиадасын» қоса алғандағыдан жиырма есе үлкен болып шыққан. Жырдың бірінші бөлімі «Манастың» өзінің жиырма шақты нұсқасы болса, екінші бөлім «Семетейдің», үшінші бөлім «Сейтектің» нұсқалары да көптеп саналады.

1935 жылы «Манас» жырына арналған бірінші конференцияда М. Әуезов жырды ғылыми тұрғыдан зерттеудің соқпағын салған болатын. 1952 жылы 10 шілдеде «Манас» жырын талқылауға арналған екінші конференция өтті. Осы конференцияда «Манас» жыры халықтың басынан өткерген өмірден гөрі жеке тұлға, үстем тап өкілі Манасты әспеттеуге арналған деген солақай саясатқа дәлелді жауап қайтарған да – М. Әуезов. 1958 жылы М. Әуезов редколлегия мүшесі ретінде «Манастың» бірінші рет қырғызша жиынтық нұсқасы шығуына ат салысты. «Манас» эпосының тағдыры талқыға түскен тұста көптеген зерттеушілер жыр халықтық па, жоқ па?» – деп пікірлерін дәлелдеп жатқанда, Әуезов жырдың жиынтық нұсқасын жасаудың ғылыми жолдарын баяндап, эпостың болашағы туралы ойларын ортаға салды [4, б. 66–164]. «Манас» сияқты халықтың өзі жасаған рухани ескерткішінің тағдыры халық тағдырымен тікелей байланысты екенін Әуезов қадап айтқан. М. Әуезов еңбегінде эпосты жырлаушыларға көбірек тоқталады. Зерттеуші «Манасты» тұтас күйінде бір кісі шығармағанын, ол сан ғасыр бойына ұлғайып, дамып отырғанын бағамдайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

М. Әуезов әр кез өзінің халық шығармашылығына қатысты жазбаларына қайта оралып, тың ойлармен толықтырып отырған. «Ертегілер» атты мақаласында: «Қазақ ертегісі есте жоқ ескі замандардан бастап, беріге шейін болған талай ұзақ дәуірлердің кезеңдерінде туған, өсіп, көбейіп келген мол дүние... Сонау арғы үйсін, қаңлы руларының кезінен санап, қыпшақ елдігі тұсынан келген көне әңгімелер. Қазақ атты ел құрылмастан бұрын, мұсылманшылық кірмесінен бұрын ескі руларға түгел ортақ болған ертекертер бар. Ол рулар өз уақытындағы әртүрлі діндердің әсерін көрген»... деп ертегі әлеміндегі рухани өрістің мәнісі қоғамдық, әлеуметтік жағдайларға байланысты [5, б. 189–266] болғанын айтады. Қазақ ертегілерінің түрленуіне Батыстан Шығысқа, Шығыстан Батысқа қарай беттеген керуен жолының әсері де болғанын зерттеуші ескерте кетеді. Ғалым ескі дәуірлерде дүниеге мәлім болған шабуыл жорықтарының бәрі де осы күнгі қазақ жайлаған жерлердің үстінен өткенін, теңіз жолдары ашылғанша, Батыс пен Қиыр Шығыс арасындағы сауданың керуен жолы да қазіргі Оңтүстік Қазақстанның көп жерлерін кезіп өтетін болғанын зерделілікпен бағамдайды.

М. Әуезов әдебиет тарихы, сыны, теориясы мәселелеріне де терең барып олардың табиғатына байланысты өміршең байламдар жасаған. М. Әуезов қазіргі әдебиеттің көкейкесті сұрақтарына да уақтылы үн қатып отырған.

М. Әуезов әдебиет зерттеушісі ғана емес, түрлі өнер салалары кино, театр, балет өнерлерінің қыр-сырын аңғартатын зерттеулер жазған. М. Әуезовтің әлемдік мәдениеттің үздік үрдістеріне қатысты зерттеулері де біршама. М. Әуезов ұлт, уақыт сұранымына жауап берудегі елгезектігін ғылыми еңбектерінде де дәлелдеп бакты.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Нұрғали, Р.** Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Алматы : Күлтегін, 2002. – 528 б.
- 2 **Әуезов, М.** Әдебиет тарихы. – Алматы : Ана тілі, 2001. – 298 б.
- 3 **Әуезов, М.** Жиырма томдық шығармалар жинағы. – 15 т. – Алматы : Жазушы, 1980. – 328 б.
- 4 **Әуезов, М.** Жиырма томдық шығармалар жинағы. – 19 т. – Алматы : Жазушы, 1985. – 494 б.
- 5 **Әуезов, М.** Жиырма томдық шығармалар жинағы. – 18 т. – Алматы : Жазушы, 1985. – 445 б.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

H. M. Rakhmanova

M. Auezov – исследователь истории литературы

Университет Алматы, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

N. M. Rakhmanova

M. Auezov – researcher of the history of literature

University of Almaty, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

В статье анализируются научные труды М. Ауэзова. Проводится анализ системного исследования автором казахского фольклора, а также собственные мысли, выводы автора. В статье рассказывается, что М. Ауэзов посвятил наибольшую часть исследования на изучение творчества Абая. В статье описывается научная позиция М. Ауэзова, касательно отношении автора к эпосу «Манас». В статье рассказывается об аргументировании ученого о прямой связи судьбы духовного памятника и народа. В статье раскрывается постоянное вмешательство и вклад ученого в актуальные вопросы литературы. В статье доказан и разносторонне раскрыт литературный взгляд и критический облик автора, глубина и точность мыслей труда «Адебиет тарихы». В статье говорится о том, что этот труд никогда не потеряет важность и по настоящему ценен. Чем больше мы исследуем наследие исследователя, тем больше мы видим что он особая личность. Наш век год за годом меняется но его ценное наследство, которые он оставил не теряют свою ценность. Его литературоведческие суждения все еще могут зародить новые научно-исследовательские работы.

The article analyzes the scientific works of M. Auezov. The analysis of the system research of the Kazakh folklore by the author, as well as his own thoughts, conclusions of the author is carried out. The article tells that M. Auezov devoted most of the study to Abay's work. The article describes the scientific position of M. Auezov, regarding the author's attitude to the epic «Manas». The article describes the argumentation of the scientist about the direct connection between the fate of the spiritual monument and the people. The article reveals the constant interference and contribution of the scientist in the current issues of literature. The literary point of view and critical look of author's appearance, depth and accuracy of thoughts of the work «Adebiyet tarihy» are proved in this article. The article says

that this work will never lose importance and is truly valuable. The main categories and terms used in the science of literary criticism, many true comparisons, meanings in the Kazakh language are very precise and accurate, and given in this research.

FTAMP 14.07.03

Н. М. Рахманова

ф.ғ.к., профессор м.а., Алматы университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы
e-mail: 55nm@mail.ru

**Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ РОМАН ҚҰРЫЛЫСЫН
ЖАСАУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада Ж. Аймауытовтың «Қартқожя» романының құрылысы сөз болады. Шығармадағы авторлық баяндау мен кейіпкер ойы, сөзінің қатар жүру себебі айтылады. Кеңістік пен уақыт өлшемін автор романда мақсатты өзгерткені зерделенеді. Хронотоп әрқилылығының себептері пайымдалады. Романдағы символдың астары, детальдардың жүгі, кейіпкер көрген түстің меңзеулері сөз болады. Кейіпкердің сана ағымындағы еркіндік сыры мақалада ашылады. Романдағы монолог пен диалогтың психологиялық-эмоционалдық күйі парықталады. Мақалада XX ғасырдағы қазақ роман жанрының даму тенденциясы туралы сөз болады. Қаламгердің жаңашыл ізденістері, заман тақырыбының көркемдік тұрғыда игерілуі, автордың өзіндік стилі, көркем мәтіндегі формалық ізденістер талданады. Роман құрылымындағы жаңа заман кейіпкерлері, психологизм, философиялық иірімдер қазақ роман жанрының түрлік даму тенденциясының бағдары ретінде сараланады. Романдағы қоғамның тыныс-тіршілігі, дәуір шындығы, «адам-қоғам-әлем» ұғымдарының көркемдік тұрғыдан игерілуі, адами құндылықтар, жаһандық дәуірдегі адамзаттық мәселелердің қазақ елінің мүддесімен тығыз байланыстыра суреттелуі көрсетіледі.

Кілтті сөздер: кеңістік пен уақыт, хронотоп, символдың астары, сана ағымы, монолог, диалог, психологиялық-эмоционалдық күй, әдеби үдеріс, жаңашыл ізденіс.

КІРІСПЕ

Ж. Аймауытов шығарма құрылысын өруде түрлі қырлылыққа еркін бара білетін қаламгер. Кеңістік пен уақыт өлшемі автор шығармаларында мақсатты қолданылады.

Біріншіден, өткенді, бүгінді, келешекті қамту автордың түпкі ойын жеткізуге көмекші. Екіншіден, Ж. Аймауытовтың романындағы оқиға ағымы шындық өмір мен өткендегі рухани әлемді қатар суреттейді. Осыдан келіп

роман құрылысындағы хронотоп әрқилылығы шығады. Автор уақыт пен кеңістік бірлігін өзгерте отырып, бірде сырттай бақылаушы, бірде оқиғаға араласып өз көзқарасын білдіріп отырады.

Ж. Аймауытовтың «Қартқожа» романы – ХХ ғасырдың басындағы замана иірімі тұсындағы қазақ басындағы ахуалды бар шындығымен суреттеп жазған шығарма. «Қартқожада» адам мен адам, адам мен қоғам арасындағы күрделі қайшылық бой көтереді. Қоғамдық жағдайлардың күрт өзгеруі, әлеуметтік ахуалдың жиі ауысуы, адамға әсер ететін күштердің саны мен әлеуеті артуы ұлттық прозада «мәңгілік тақырыптар» мен күнделікті тіршіліктің көркем мәтінде аралас жүруіне әкелді. Саясат желінің әсерімен болып жатқан заман өзгерісін қазақ елі қалай қабылдап, оған қалай араласқаны шығармаға өзек болған. Автор шығармасын «Елі үшін күйген жастарға» арнайтынын ескертіп кетеді. Елдің ертеңін түгендейтін жастарға кейіпкерлерін үлгі еткендей қалып танытады. Романда өз өміріне де, өзі өмір сүріп жатқан қоғамына да өзекжарды ойларын ашық айтатын кейіпкерлер баршылық. Шығармада авторлық баяндау да, кейіпкер ойы, сөзі де қатар, жарыса беріледі. Жазушының романның бас кейіпкері Қартқожа бейнесін суреттеуде өмірден онша алшақ кетпегенін көз көргендер баян етеді [Ақышев З. Жүсіпбек және оның Қартқожасы. // Жұлдыз, 1990, № 8, 183, Әбілев Д. Жүсіпбек аға. Естелік әңгіме. // Қазақ әдебиеті, 1989, 13. 10.].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Автор романда діни-ағартушылық идеясынан гөрі «дүниенің кілті орыста» идеясын ұстанған ағартушылық бағыт жағында екенін байқатады. Роман бас кейіпкерге мінездеме беруден басталады. «Өзге бала алақтап, ойнап, сабақ оқыған болып, өтірік ыңылдап, басқа бірдеңемен алданып, сарылып отырғанда» жалықпай қағазын шұқылайтын Қартқожа «қақ-соқпен ісі жоқ, момақан, аңқау, көзі бажырайып, аузын ашып, мұрны қоңқып отырғаны». Қартқожаның сонша жанын салып оқыған діни білімінің «не әкесін, не өзін қорлық зорлықтан арашалауға бір тиындай да пайдасы болмады». Ел алдында бедел де, болыс, билерді жалпылдатып, қоғадай жапырту да орысша білетіндердің еншісіне көшкен. Қартқожа Әбділда, Мақыштардың орысшасына қызығады. Ендігі арманы орысша оқу, үшкөлге бару. Тілмаштарға өзі ығынан жүре алмайтындардың қоғадай жапырылып жатқаны оны оларға тәнті етті, Қартқожаға тілмаштан артық мәртебе жоқтай болып көрінді. «Япырмай, орысша оқыр ма еді! Әбділда періуатшіктердей болар ма еді... Олардың арманы бар ма екен...» деген ойлар оны қамап алды, күндізгі тірлікте санаға салмақ салған бұл ойлар, оның түсіне де араласты. Әбділданы көргеннен кейінгі орысша киімділерге деген ынтықтық әсерінен Қартқожа Шідербайдың үйіне лау сұрай келген Уфа медресесінің шәкірті қасынан да табылады.

Шәкірт Қартқожа талабын сезіп: «Қайтсең де оқы, оқысаң адам боласың» дейді, бұл сол тұстағы ағартушылық қозғалыстың сана болмысындағы ұғымы. Құлшылық қыларлық шығыстық білімінің қазақ арасында тынысының тарыла бастағаны Қартқожаны орыс оқуына жетелейді. Бұл сол тұстағы ағартушылық қозғалыстың сабақтастығы еді.

Орысша оқуға шақыру үрдісі Абай заманының арғы-бергі тұсы. Сыртқы екі тілдің қазақ өміріндегі ендігі тыныс-тіршіліктегі орны, мән-маңызы туралы Абай ақылға сала келе «құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана» сауат ашқан қазақ балаларын орысша оқуға шақырды, мұндағы ойы үстем елдің «зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға» шақырумен бірге, өзгенің үздігінен үйренуге, жұрт білгенді білуге талпындыру, орыс тілін үйренудегі басты ниет «қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік» деген мақсатты іс болу керек екенін тұжырымдайды [1, 109–110]. Есі дерті оқу болған Қартқожаның арманына әкесі Жұман тірлігінің кері кеткендігі басты қол байлау болды. Сол үйге біткен малдың құты болған көк бие өлгеннен кейін, Жұман үйінің малы бірінен кейін бірі жан тәсілім етті. Оқуға қаражат болар деген малдан айрылу да Қартқожаның «оқудан күдерін үзбеді, өйткені түсінде оқып жүретін еді».

Қартқожа өмірінің ойламаған жерден басқа арнаға түсуіне қазақ даласын әбігерге салған июнь жарлығы себепші болады. Осы бір суыт хабарды Қартқожа түнде естиді, бұл жерде де символ бар. Түнгі сахраның мамыра сәтін, тыныш кештің шырқын «Патшаның жарлығы», «19 бен 31 арасы», «Қазақтың күні қараң болды десейші» деген дауыстар бұзды. «Бөгелектің дауысындай дуылдасқан» дыбыстар түнгі даланы жаңғырықтырып барып, «тым тырыс басылды». Суық хабарды естіген ел дағдылы тірлігінен жаңылғандай болады. Үрейлі ел дағдарып қалды. Қазақ даласын тік тұрғызған июнь жарлығы әр түрлі мақсат-мүддені ұстанған әлеуметтік топтардың ара жігін аша түсті. Сол тұстағы қазақ даласындағы аласапыран шындығын бар болмысымен суреттей отырып, Ж. Аймауытов алаш зиялыларының елдің ертеңгі күніне алаңдаушылықтан туған тілек-патшаға қарсылық білдіріп құрдымға кеткеннен гөрі қазақ жастары ел, жер көріп, соғыс өнерін үйреніп, ертеңгі алаштың қорғанына айналуын ойлаған тілек алдын-ала болжанған көрегендік шешім екенін оқырманға бағамдатады.

Романда көтеріліске бел буған топқа қосылған Қартқожаның көңілге түйген дүниесі көп. Булыққан топтың арасында жүріп ол әр қилы адамдар тағдырын, ел өмірінің әр алуан шындығын салмақтайды. Топқа ұйытқы болып жүрген Дәрменнің әңгімесінен оның ой-арманы мен сезіміндегі психологиялық құбылысты сезінеді. Жасаққа қосылған жігіттердің тыныс-тіршілгін, дала өмірінің шындығын беретін детальдар көп. Жасаққа әр түрлі

соқпақпен келген жігіттер албырттықпен, надандықпен тізім қолға тисе іс біттіге иек артады.

Жасақта жүріп көрген Қартқожаның түсінде үлкен астар бар. Өңінде оқуға деген үміт жібі жіңішкерген Қартқожа түсінде қалада орысша сөйлеп жүр. Түстегі Ертіс сенін суреттеу тұсында да жазушы табиғат суреті мен де аласапыран дәуірдің ерекшелігін астастыра беруге тырысқан. Түсте әр түрлі қимылдың аясындағы кейіпкерлер көлбеңдейді. Халық басындағы сергелден, кейбіреулердің солқылдақтығы, елге жол сілтегендердің қайраткерлігі, қоян бұлғаққа көшкен жандардың әрекеттері бар. Түсте сырттың әсерінен болған түрлі көтерілістердің қазақ даласына әсерлер зауалы да меңзеледі. Түсте әр түрлі қимылдың аясындағы кейіпкерлер көлбеңдейді. Халық басындағы сергелден, кейбіреулердің солқылдақтығы, елге жол сілтегендердің қайраткерлігі, қоян бұлғаққа көшкен жандардың әрекеттері бар. Түсте сырттың әсерінен болған түрлі көтерілістердің қазақ даласына әкелер зауалы да меңзеледі.

Түсінде жеңгесінің түп етегінен ұстауы да кейін өмірде ағасы өліп, әменгерлік салтымен шындыққа айналады. Кейіпкер түсін қоғам мінезімен табиғатпен сабақтастыра суреттей отырып, автор сана ағымына ерік береді. Бұл тұста автор мен кейіпкер біртұтасып кетеді. Алыстан келе жатқан, тасқыны қатты сеңнен қазақтың көң қоралары «қайтер екен деген» ойдың жүгі ауыр. Автор да, кейіпкер де қазақтың қораларына сеңнің жақындамауын тілейді. Қартқожаның бейсаналық күйдегі ішкі ой-толғанысына автор сол тұстағы қоғамдық ойды сыйдырып, оны астарлап жеткізеді. «Көлемдірек бір сең соқса, мыжырайып қалады-ау. Тасқынның шарпуы болмаса, көк сең жете қоймас. Қоғажу тұр ғой, қалқиып, аман қалар» деп ойлайды.

Соны ойлап тұрғанда, нөсерлі қара бұлттай жоғарғы жақтан таудай бір сең шыға келді. Өз салмағы мен жүрісі білінбейді. Беті биік жар жақындап қалды. Жар басындағы топ топырлап, ұйлығып, біріне-бірі жол бермей шулай берді. Зеңгер сең келді де, жарды соқты. Күрс етіп, опырылып жар да құлады. Жармен бірге Ертіске ел де құлады [2, 74]. Елдің жармен бірге суға құлауында шығарманың өн бойына өзек еткен жазушының астарлы ойы бар, оны автор кейіпкердің күйзелісті жан күйін беруде ұтымды көркемдік бейнелеу тәсілі ретінде пайдаланған. Қартқожаның түсі арқылы болашағына байлам, пайымдау жасалған. Түсте кейіпкердің санасындағы мақсаты, арманы ғана бой көтермейді, жазушы да өзінің басты идеялық толғаныстарын сыздықтата енгізеді. Қартқожаның «сана ағыны» түс арқылы өткені мен қазіргісіне, болашағына пайымдау жасайды. Өмірлік мақсатын орысша оқудан табам дегенге сенген Қартқожаның әлеуметтік жағдай қанша қол байлау болса да өз арманынан алыстамайтынын түсі бағамдатады. Жазушы ағартушылық идея болмысына тән өткен күндердің өнегеге толы жарқын бейнесін аңсауды Дәрмен жырына өреді. Автор Дәрмен жырымен

ұлттың кешегі болмыс бітімін, рухани әлемін көрсетеді, оны бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерімен салыстырады.

Жазушы Дәрменнің тағдырын баяндауда өткен күні мен бүгінгі кезеңен хабар беретін эпизоттарды шендестіре бейнелеп қана қоймай, оның жырында ұлттың өткені мен бүгінгі күнінің де тұрмысы астарлы сипатта беріледі. Дәрменді тыңдаушыларға өткен күн елес ретінде көрініс тапқан. Халықтың бұрынғы тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрпы, салтанаты жасақтағылардың жанын тербейді. Дәрменнің өткенін еске түсірген әңгімесінде романтикалық сипат бар, оның жан әлеміндегі толғанысы, армандары, өмірге деген құштарлығы өзгелерден оны биіктетеді. Автор Дәрмен бейнесін дараландыру, асқақтату мақсатында оның қимылдарын айшықты бояумен беретін тұстары бар. Кіндік кескен ауылдан алыстап, жат мекенде солдат болып жүрген Қартқожаға бәрі таң. «Аэроплан», «самолеттердің» оқумен табылғанына тамсанады, қазақ ішіне олармен баруды армандайды. Қартқожаның орысша оқысам деген арманына Андрейдің «Оқыса қазақ тез түзеліп кетеді. Оқу керек» деген сөзі оның үмітіне үкі таққандай болды. Қартқожа бір өзі емес, жалпы қазақтың оқығанын аңсау, «көптің де қамы деген сөздерге құлақ қойғандай болды».

Қазақ даласына сырттан келген нәубеттің алапат толқынынан ел есеңгіреп, ненің не екенін түсініп болмайтын күй кешті. Романда елдің қайда бет бұрарын білмей аңтарылып тұрған сәтті, Қартқожаның беймәлімдік көңіл-күйімен астастыра суреттеледі. Автор сол беймаза тұстағы әлеуметтік типтер мен топтардың мүсіндерін сомдап, мінездемелерін саралайды. Кейіпкер де ел тірлігін теңселтіп кеткен мал жинау науқанын дәуірдің трагедиясы деп қабылдайды. «Малды алуын білсе де, іс қылуын білмеген екен. Мал кім көрінгеннің қолында кетіпті. Не елге, не қазынаға пайда келтіре алмай, есіл малдың бейберекет болғанына Қартқожаның жаны ауырды. Амал не?» [2, 132]. Автор қоғамдағы шындықты реалистік бағытта көрсете отырып, уақыт ағымынан күдер үзбейді, теңдік орнайтын қоғамға іш тартатынын да байкатады. Автор Қартқожаны өз кезіндегі барлық саяси-әлеуметтік істерге қатыстырады. Жаңа қоғамның теңдікті қорғау жолындағы әрекеттеріне Қартқожа шынайы сенеді. Жалпы тұрғыластары ішінде Ж. Аймауытов әлеуметтік қайшылықтарды қаза жазған қаламгер. Оқыған оқуларына сусыны қанбаған Қартқожа кісіге де, өзіне де пайда тигізетін орысша оқу деп інісін қасына алып Омбыға сапар шегеді. Автор Қартқожаға өзінің күйі болмай жүріп жетім қызды жетелетуі арқылы оның тағдырластарына әлі де талай қол ұшын созарын аңғартады. Қала бұларға жылы қабақ танытпады. Өгізін сатқан ақшасын ұрылар қолды етті, қазақтың оқыған азаматы деп барған адам теріс айналды. Қала тірлігінен қажыған Қартқожаның ішкі ойы арқылы автор өмір құбылыстарындағы қарама-қайшылықтарды нақтырақ суреттеуге мүмкіндік алған.

Өз қамынан ел қамын жоғары қойып, елінің игілігі үшін қолдан келгенін жасауға әзір Қартқожа «елге не пайда» келтіруді ойлауда. Кейіпкердің жан айқайы, бойындағы мүмкіндігінің көзін ашуға талпынысы, ішкі әлемнің ширығуы байқалады. Қартқожа орысша білім алып ауылға келгенде дүние өзгергенін, адам өзгергенін, оның өмірге көзқарасы өзгергенін байқайды, яғни автор жағдайдың адам болмысын өзгертуге ықпалын да қозғап өтеді.

Ж. Аймауытов романда Абай дәстүрін жол тұтып, саясаты үстем жұрттың тілін меңгермей қазақ елінің мүддесін қорғау мүмкін емес екенін ұқтырды, қазақ басындағы қара түннің түнегін орысша сауатты қазақ оқығандарының түреріне сенеді.

Жазушының пейзаждық суреттемелерінен де, кейіпкер мүсіндеулерінен де ойды тұспалдау көрініс береді. «Бұлт қоюланды» деген бөлімдегі метафора-символдарда автордың дауысы естіледі. Романда баяндаушы автор суреттеліп отырған оқиғаның басы қасында болғандай қабылданып, шығармада өзіндік болмысымен оқырманға әсер етеді. Шығармадағы оқиғаға автордың араласуы басты кейіпкер характерінің уақыт пен кеңістік бірлігінде дамуына бөгеті жоқ, дегенмен романдағы жүйелі бірізділік сақталмауына салқыны бар. «Қартқожадағы» авторлық баяндаудағы лирикалық-поэтикалық шегіністер, саяси-публицистикалық толғаныстар қазақ романының қалыптасу жолындағы өзіндік еркіндікті аңғартады. Авторлық баяндаудағы экспрессивтік, эмоционалдық, романтикалық көңіл күйді, сезімді білдіретін эмотивті түйдектер де – Ж. Аймауытов сөз әдебінің бір сарасы. Жазушы Қартқожа сынды күрделі тағдырлы кейіпкердің болмысын ашу үшін ішкі монологқа, толғанысқа жүгінеді. Монолог табиғатына тән Қартқожаның ойы, күдігі, өз күдігіне өзі тойтарыс беруі, ішкі ойын түйіндеуі романның әр тұсында көрініс береді. Ж. Аймауытов диалогтарында да психологиялық-эмоционалдық күй басым. Диалогтардан уақыт тынысын да, кейіпкер характерін де байқауға болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Автор қазақ халқының тағдырымен кейіпкер тағдырындағы уақыт тудырған кезең қиындықтарын бүкпесіз жеткізеді. Аймауытовты жазушы ретінде қызықтырған кейіпкерінің рухани кемелденуге ұмтылуы, сол жолдағы қоғам мен адамның арасындағы қарым-қатынас мәселесі. Өмірден таршылық көріп өссе де, болашақ бақытын аңсаудан жаңылмаған Қартқожа жаны табиғи таза, ол болмыс тұтастығын сақтаған кейіпкер. Қартқожа мінсіз, жағымды кейіпкерлер легінен емес, оның бойында енжарлық та, маңайына деген селкостық та, торығу да бар. Дәрмен сияқты күрескерлік мінез Қартқожаға дарымаса да, сол заманның әлеуметтік тынысы шындығына үңіліп, маңайында болып жатқан оқиғаға белсене араласады,

жауапкершіліктен бойын аулақтатпайды. Автор Қартқожаны рухани толысуға жетелейді. Оның өсуін қазақ деген ұлттың бір бөлшегі ретінде тарихи хронологиялық дамуды сақтай отырып жеткізеді. Қазақ халқының басынан өткерген зұлмат-зобалаң күндердің шындығы Қартқожа тағдырымен үндес. Шығармада адам мен тарихтың байланысы алдыңғы лекке шыққан. Заман өзгерген сайын адамның өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасы сан қырланып, жаңаша мазмұн алатыны меңзеледі. Автор әлеуметтік-қоғамдық фактор эстетикалық-этикалық өлшемдерге де өзгеріс әкелетінін сездіреді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Құнанбайұлы, А.** Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 2. – Алматы, 2005.
- 2 **Аймауытов, Ж.** Шығармалары. – Алматы, 1989.
- 3 **Пірәлиева, Г.** Қазақтың көркем прозасындағы психологизм және оның бейнелеу құралдары. – Алматы, 2007.
- 4 **Қирабаев, С.** Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы, 1993.
- 5 **Жұмағали, З.** Бел-белесте. – Қарағанды, 2005.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

Н. М. Рахманова

Особенности создания структуры романа Ж. Аймауытова

Университет Алматы, г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

N. M. Rakhmanova

The features of creation of J. Aymautov's novel structure

Almaty University, Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

В статье раскрывается структура романа Ж. Аймауытова «Картқожа». В произведении раскрываются причины схожести авторского доклада с идеями, словами персонажа из произведения. Изучается вопрос о целенаправленном изменении пространства и времени в романе. Раскрываются разновидности хронотопы. В статье говорится о значении и мотивах символов, глубоком значении деталей, об указательных снах персонажей в романе. В статье раскрывается секрет, особенности свободы сознания персонажа в общепринятом потоке сознания. Описывается психолого-эмоциональное

состояние в монологах и диалогах романа. В статье освещается вопрос о тенденции развития в XX веке жанра романа казахской литературы. На основе романа представлен поиск новых форм в художественном тексте, индивидуального стиля автора. Образы современных героев, психологизм, философский смысл в структуре романа рассматривается в качестве направления тенденции развития жанрового разнообразия романа казахской литературы. В романе описывается жизнь общества, действительность эпохи, художественное восприятие понятий «человек-общество-мир», человеческие ценности, проблемы гуманности в тесной связи с интересами казахского народа в условиях глобализации.

The article reveals the structure of J. Aymaulytov's novel «Kartkozha». The work reveals the reasons for the similarity of the author's report with the ideas, words of the character from the work. The question of a purposeful change in space and time in the novel is being studied. The varieties of the chronotope are revealed. The article deals with the meaning and motives of the characters, the deep meaning of details, and the indexing dreams of the characters in the novel. The article reveals the secret, the peculiarities of the character's freedom of consciousness in the generally accepted flow of consciousness. Describes the psychological and emotional state in the monologues and dialogues of the novel. The article deals with the problems of the trends development of novel genre of the Kazakh literature in the XX century. The search for new forms in a literary text, the individual style of the author. Images of modern heroes, psychologism, philosophical meaning in the structure of the novels is considered as the direction of the trend of the novel genre diversity of Kazakh literature. The life of a modern society, the reality of epoch, the artistic perception of the concepts of «man-society-peace», human values, problems of humaneness in close connection with the interests of the Kazakh people in the conditions of globalization are described in the novels.

FTAMP 17.07

Г. Қ. Рысбаева

ф.ғ.к., профессор м.а., Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., 050000, Қазақстан Республикасы
e-mail: guldarhan@inbox.ru

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Бұл мақалада автор түркі халықтарының мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ескерткіштердің бірі – бүкіл әлемге әйгілі болған VIII ғасырдағы Орхон-енисей ескерткіштеріндегі яғни Күлтегін, Тоныкөкке арналған ескерткіштегі жазулардан «Алла», «Құдай», «Тәңірі» культтік сөздерінің әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан қарастырады. Орхон-енисей ескерткіштері бір емес, бірнеше түркі тілдеріне ортақ, жалпы түркілік мұра. Түркі халықтарының мәдениетінде адам есімдеріне де үлкен көңіл бөлінген. Культтік лексемалардың антропонимиялық қордағы үлесін қазақ тіліндегі есімдер ғана емес, араб, парсы тілдерінен енген антропонимдер де құрайды. Араб-парсы тілдерінен енген «Құдай», «Алла», «Тәңірі» культтік лексемалар негізгі тірек компонент қызметін атқарып, «берді», «берген» деген етістіктермен тіркесіп келіп Аллаберген, Тәңірберген, Құдайберген, Жасаған берген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді сияқты ер адамдардың есімдері жасалады.

Кілтті сөздер: Орхон-енисей ескерткіші, культтік сөздер, Алла, Құдай, Тәңірі.

КІРІСПЕ

Бүгінгі ғаламдастыру, жаһандандыру саясатының аясында әлем бейнесінің көрінісі саналатын тіл – ең алдымен дүниенің көрінісін, бейнесін сипаттайды, таңбалайды. Рухани дүниенің жаңғыруы – халықтың әлеуметтік-психологиялық, ұлттық болмысы, мәдени, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасатын жалпыхалықтық құбылыс. Халықтық дүниетаным көрінісі мен дәстүрлі жолы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ұлт өмірінің желісі үзілмей келеді. Түбі бір түркі дүниесінің ортақ құндылығы саналатын түркі жазуы – тарихы ортақ, тағдыры ұқсас түркі тілдес мемлекеттердің тарихи мұралары, мәдениет және тіл тұрғысынан

алғанда аса құнды қазына екенін бағалай білу, таныту – кезек күттірмейтін негізгі міндеттердің бірі. Түркі халықтарының тарихына қатысты ғылымда қыруар еңбектер жазылған. Атап айтқанда В. Томсен, В. В. Радлов, Н. Х. Оркун, С. Е. Малов, Т. Текин, С. Г. Кляшторный, В. А. Лившиц, А. Н. Кононов, В. Д. Кормушин, Г. Клосон, В. Атлай, А. Фон Гавен, А. М. Щербак, Е. Э. Бертельс, А. Н. Самойлович және қазақ ғалымдары Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Айдаров, С. Аманжолов, Ә. Құрышжанов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, М. Жолдасбеков, С. Қасқабасов, Ғ. Мұсабаев, Қ. Өмірәлиев, Қ. Сартқожаұлы, және т.б. ғалымдар түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасына әр қырынан үлес қоса білді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түркі халықтарының мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ескерткіштердің бірі – бүкіл әлемге әйгілі болған VIII ғасырдағы Орхон ескерткіштері. Орхон ескерткіштері қатарына VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасырдың бас кезіндегі Орхон, Сэлэнгі, Тоғула (Тула) өзендерінің аңғарларынан табылған Құтлық қаған, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Күллі Чор ескерткіштері жатады. Ондағы жазулар көбіне оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай екі түрлі оқылады. Көне түркі халықтары, яғни біздің арғы ата-бабаларымыз өздері жасаған рухани асыл мұраларын, ерліктерін құлыптастарға, тақтатастарға ойып жазып қалдырған. Орхон-Енисей бойындағы құлыптастардағы жазулардың барлығы халық тарихын баяндап тұр. Онда ел, отан қорғау мотивтері кең орын алған. Сондықтан болар, бұл ескерткіштердегі өлеңдердің басым көпшілігі халқын, жерін жаудан қорғауда және шапқыншылармен болған ауыр шайқаста асқан-ерлік көрсеткен батырларға, сонымен бірге соғыста мерт болған жауынгерлерді мадақтауға арналған.

«Тәңірі» сөзінің ежелден түркі тілдеріне меншікті сөз екендігін түркі халықтарының мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын, бүкіл әлемге әйгілі болған Орхон ескерткіштеріне (VIII ғ.) арналған құлыптастағы жазулардан көруге болады. Дания ғалымы Копенгаген университетінің профессоры Вильгельм Томсен Орхон жазуының «кілтін» тауып, сырын ашады. Орхон өзені бойындағы табылған үлкен тастағы жазудың ішінен түрік тәңірі деген сөздерді оқиды. В. Томсен ашқан алфавитті қолданып, академик В. В. Радлов 1894 жылы Орхон ескерткіштерін тұңғыш рет орыс тіліне аударып, мәтіннің нұсқасын латын әліппесімен береді.

Мәселен, «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштеріндегі:

Күлтегіннің үлкен жазуында:
Үзе көк теңрі,
Асра йағыз йір қылынтукда,
Екін ара кісі оғлы қылынмыс.

Аудармасы:
Биікте көк тәңірі,
Төменде кара жер жаралғанда,
Екеуінің арасында адам
баласы жаралған.
Адам баласы үстіне ата-тегім
Бумын қаған, Істемі қаған
отырған.
Отырып, түркі халқының
Ел-жұртын қалыптастырған,
иелік еткен.

Кісі оғлынта үзе ечүм апам
Бумын қаған, Істемі қаған
олурмыш.
Олурыпан, түрк будуның
илін, төрүсін тута бірміс,
іті бірміс.

Күлтегіннің кіші жазуында:
Теңрі тег, теңріде болмыш
Түрк Білге қаған,
Бұ өдке олуртым.

Аудармасы:
Тәңірдей тәңірі жаратқан
Түрік Білге қаған,
Бұл шақта отырдым.

Тоныкөк жазуында:
Теңрі йарулқазу!
Бікүл түрк будунка
йаруғлуғ йағуғ келтүрмедім.
Төгүнлік атуғ йүртмедім.

Аудармасы:
Тәңірі жарылқады!
Бүкіл түркі халқына
қарулы жау келтірмедім,
Атты әскер жолатпадым.

– деген жазулар соған дәлел [1, 44]. Демек, «Тәңір» – байырғы түркілердің табынатын, жаратушы жалғыз құдайы. Көне түркілердің Тәңірге табынған наным-сенімі – ұзақ дәуірдің жемісі. Түркілердің мына мақалы да осының дәлелі: Түн күн тапұн Тәңірге бойнамағыл, Қорқұп аңар еимену ойнамағыл – Бой тартпа, Тәңірге күн-түн табын, Одан қорқып, именгін, ойнамағын. «Күндіз-түні Ұлы Тәңірге табын, түзу жолдан шығып кетпе, бас тартпа; Ұлы Тәңірден именіп, ұял, қорық, ойнама».

Келтірілген деректер бойынша, «Тәңірі» сөзінің бірнеше мағынасы айқындалды. Солардың ең алғашқысы, тұңғыш ұғымы – «аспан, көк». Екінші мағынасы, кейінгі дәуірлерде түркі тайпаларына араб, парсы тілдерінен ауысқан – «Алла», «Құдай» атаулары орнына жұмсалған. Мұның өзі «табиғат пен адам баласын билейтін құдіреттің мекені – аспан, көк» деген сенімнен туғаны күмән туғызбайды.

«Тарихи деректерге қарап «тәңірі» сөзінің көне түркі жазбаларында екі түрлі мағынада қолданылғанын көреміз. Алғаш ол биік тау шыңына қатысты айтылса керек. Кейін ислам дінінің әсерімен семантикалық өзгеріске түскен. Сөйтіп, бізге мәлім «құдай», «алла» деген мағынаға ие болған, – дей келе,

Т. Қоңыратбаев «Көкке табыну культін біз Қытай жазбаларынан да жиі ұшыратамыз. Олардағы атауы – шань. Демек, «Тянь-Шань» – тау шыңы, «шаньжүн» – тауды мекендейтін тайпа (жүн) атауы болмақ. Мұны біз Сыма Цяньнің тарихи жазбаларынан анық көреміз» – деп өз ойын білдіреді [2, 62]. Ежелгі түрік әулеті өздерінің ұғымындағы ең биік шыңды Хан Тәңірі деп атауы кездейсоқ емес. Бұл да – Тәңіріге табыну мен қастерлеудің бір түрі.

«Көк Тәңірі» мен «Аспан» екеуі екі ұғым. Түріктанушы Қ. Сартқожаұлы «Тәңірі» мен «көк аспан» бір ұғымда жұмсалмайтындығын былай түсіндіреді: «*Teñir*» (Тәңір) – бұған дейінгі барлық аудармашылар «көк аспан» деп аударып келді. «Тәңір» – байырғы түркілердің табынатын, жаратушы жалғыз құдайы. Тәңір, адам, табиғат жанды, жансыз дүниенің жаратушысы. «*Teñir teg teñiride jaratmyş Türik bilige qayan*» деген сөйлемді барлық зерттеушілер «Небопадобный, неборожденный Бильге каган» Н. Х. Оркун «*Gode benzer gokte (mevcud)olmus bilge hakan*» деп аударған. Бұлардың аудармасы бойынша «аспан іспеттес, аспаннан жаралған» боп келеді. Тәңір – көк аспан емес. Сондықтан, біз «Тәңір текті, Тәңір жаратқан» деп аудардық. Байырғы түркі, парсы қытай деректеріндегі «Нұрдан жаралған» дегеннің көне аналогы болмақ» [3, 120]. Демек, тәңірі – исламнан бұрынғы түркі халықтарының негізгі діні. Олар ата-бабаның аруағына сыйынып, аспанға, күнге, айға табынды және отты тазартушы күш ретінде таныды.

Біздің ойымызша «**Тәңірі**» – байырғы түркілердің табынатын, жаратушы жалғыз құдайы. Тәңірге табыну дінінде – бүкіл әлемді, ондағы тіршілік атаулыны, яғни жаратылыстың бәрін жасаушы жалғыз құдіретті күш бар екені мәлімденген. Сондықтан болар көне түркілер бағзы заманнан қуанса да, қайғырса да, қиындыққа душар болса да, алдағы мақсатына, арманына жетуді көздесе де, бір нәрсені атқарса да, алысқа жол жүретін болса да, аманшылық, денсаулық тілесе де, көкке қарап тағзым ететін болған. Түркі тектес халықтардың дәстүріне сіңісіп кеткен бетке перде ұстау ғұрпы, қазақ халқында келін түсіргенде, келіннің бетіне ақ перде жауып келіп, қайын атасы, қайын енесі, қайын ағалары мен қайын апаларына сәлем бергізу кезеңіндегі оң тізілерін үш рет бүгетіні Тәңірге сыйынып, күнге құрмет көрсетуден бастау алған.

Тәңірлік діннің негізі халықтың дүниетанымынан туындаған, табиғатқа табыну, табиғатты ардақтау салты, аспан денелеріне сыйыну, ата-бабаны ардақтау, ата-баба аруағына сыйыну салты құрайды. Ата-ананы сыйлап пір тұту халқымыздың асыл қасиеттерінің бірі. Аруаққа сыйыну – тіршілікте тындырған істеріне байланысты айрықша қасиет иесі саналған ардақты аталардың рухымен қанаттану, тең болуға талаптану ұғымын білдіреді. Қазақтарда аруақты қастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде.

Тәңір сөзі түркі халықтарында, мәселен, қырғызша – «теңир», «тенир», ұйғырша – «тәңри», өзбекше – «тангри», татарша – «теңре», қарақалпақша

– «теңир», алтайша – «тенгри», якутша – «тангара», хакасша – «тигир», «тер», қарашай-балқарша – «тейри», құмықша – «тенгри», «тенгири» және монғолша – «тәнгэр» деп аталады.

Қазақ тіліндегі «*Тәңір жаратқан*», «*Тәңір жарылқасын!*», т.б., қырғыз тіліндегі «*Тенир жарылқасын!*» «*Тенир жалғасын!*», – сөзбе-сөз: «тәңірі (құдай) ондасын, жолы болсын», қазақ тіліндегі «*Тәңір қолдасын!*», қырғыз тіліндегі «*Тенирим колдосун!*» – сөзбе-сөз: «тәңірі ондады, жарылқады», т.б. және «*Тәңір алғыр!*», «*Тәңір ұрсын!*», қырғыз тілінде «*Тенир урсун!*» – сөзбе-сөз: «құры, жоғал, өл» деген мағынадағы қарғыс, т.б. сияқты Тәңір теонимінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер қазақ-қырғыз халқының дәстүрлі тәңірлік танымын танытатын, ұқсас бейнелі тіркестер болып саналады. Мифологиялық түсінік бойынша бүкіл ғаламды жаратушы, оны билеп төстеуші, табиғаттан тыс бір ғана құдіретті күш ретінде бейнеленетін жаратушы күш Тәңірінің тілдік көріністерін «**Әлем ↔ Тәңірі ↔ Өмір ↔ Өлім ↔ Адам**» мифологемалары аясында қарастырамыз.

Тәңірі лексемасы тілдік ұжымның когнитивтік санасында тірек сөз концепт ретінде танылып, оның аясына: *тәңір алғыр, тәңір атсын, тәңір жазды, тәңір жарылқасын, тәңір тұтты, тәңір пана болсын, тәңір жар болсын, тәңір бұйрығы, тәңір құдіреті, тәңір береке берсін, тәңір жолы, тәңірінің күні, тәңірінің құлы, тәңір сақтасын, тәңірге сыйыну, тәңірге табыну, тәңірден тілеу, тәңірі тізгін оңдаса, тәңірі ісі, т.с.с.* мағынасымен байланысты мәнділік ақпараттарды топтастырған. *Тәңір алғыр! тәңір алсын! тәңір атқыр! тәңір берсін! тәңірден тап! тәңір жезіңді аулақ қылсын! тәңір кессін!* деген сияқты тіркестер қарғыс мағынада қолданылады. Ал, *Тәңір бағыңды ашсын! Тәңір береке берсін! Тәңір жарылқағыр! Тәңір жарылқасын! Тәңір ием жар болсын! Тәңір қолдасын! Тәңір қуат берсін! Тәңір пана болсын! Тәңір оңдасын! Тәңір тілеуіңді берсін!* деген сикты тіркестер алғыс, тілек мәнде қолданылады.

Концептілік өріс аясына кіретін «**Тәңірі**», «**Құдай**» культтік лексемасын тілдік санада кейде бірін-бірі ауысырып та қолданылады, синонимдес сөздер, сөйлемде атқаратын қызметтері де бірдей. «*Тәңіріге арнап құрбандық шалу*» немесе «*Құдайға арнап құрбандық шалу*» – тәңірді атап мал садақа берді дегенді білдірсе; «*Тәңірден мойнына бұршақ салып сұрап [тілеп] алды*» немесе «*Құдайдан мойнына бұршақ салып сұрап [тілеп] алды*» – құдайға мал, жан атап жүріп тапты деген мағынаны білдіреді. «*Тәңірден сұрап [тілеп] алған жалғызы*» немесе «*Құдайдан сұрап [тілеп] алған жалғызы*» – әлпештеген сүйіктісі дегенді білдіреді.

Түркі халықтарының мәдениетінде адам есімдеріне де үлкен көңіл бөлінген. Культтік лексемалардың антропонимиялық қордағы үлесін қазақ тіліндегі есімдер ғана емес, араб, парсы тілдерінен енген антропонимдер

де құрайды. «Алла» араб тілінен, «Құдай» парсы тілінен енген, «Тәңірі» көне түркі тілінен, «Жаппар», «Жаратушы» қазақ тіліндегі баламасы. *Аллаберген, Құдайберген, Тәңірберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді, Құдайқұл, Тәңірқұл, Жаппар, Жаппарқұл, Жаппарәлі* деген сияқты жаратушы күштерге қатысты туындаған ер адамдардың есімдері қазіргі таңда да өте сирек кездеседі.

Дәл осындай ұқсастықтар басқа да түркі тілдес халықтарда да бар. «Алла», «Құдай», «Тәңірі» культтік сөздері түркі-татарлардың да адам есімдерінде: «Аллабирде, Аллабиргән, Аллагол, Ходайбирде, Қудайбакты, Ходайбакты, Тәңребиргән, Тәңребирде, Тәңрекол, Тәңребирдиев, Тәңребирдин, Тәңрегулов» деп кездесе, қырғыз халқында да жаратушы күштерге байланысты қойылған «Алдаберди, Теңирберди, Қудайберди» деген адам есімдері кездеседі, «алла биргән», «алла биргәнем», «алла бабасының улы/кызы» деген когнитивтік бірліктер балаларын еркелеткенде жиі айтылады. «Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген» сөздеріне мәндес «Тілепберген», Тілеуберген, «Тілеуқабыл» деген кісі есімдерінің де негізгі мәні – баланы алладан тілеп жүріп көргені мен тілегенінің қабыл болғаны деген мағынада жұмсалады. Атаудың екінші сыңарындағы «берген», «қабыл» сөздерінің де туынды сөздің мағынасына қосатын сөзжасамдық мәні бар. Жоғарыда келтірілген түркі тілдеріндегі адам есімдерінің мағыналарында ортақ ұғымдық, дүниетанымдық байланыс бар екені аңғарылды. Бұл үш тілдегі адам есімдерінің айтылуы жағынан фонетикалық өзгеріске түскенімен, семантикалық мағынасы бірдей.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада Орхон-енисей ескерткіштері бір емес, бірнеше түркі тілдеріне ортақ, жалпы түркілік мұра туралы және онда негізінен VI–VIII ғасырдағы тарихи деректерді баяндаумен қатар, түркі тайпаларының салтын, мәдениетін, күн көру жайларын сөз етеді. Ескерткіштердің негізгі идеясы – түркі тайпаларының ғасырлар бойы аңсаған мақсаты, өз елінің тәуелсіздігі мен өз халқын, жерін ішкі-сыртқы жаулардан қорғау. Сондай-ақ, Күлтегін, Тоныкөкке арналған ескерткіштегі жазулардан көне түркі халықтарының Тәңірге, күнге, суға, Ұмай анаға табынып, тағзым еткенін аңғардық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Күлтегін: Көне түркі жазба ескерткіші [Текст] / Көне түркі тілінен аудар. М. Жолдасбеков. – Алматы : Жалын, 1986. – 80 б.

2 Қоңыратбаев, Т. Ә. Ә. Қоңыратбаев зерттеулеріндегі түркология мәселелері [Текст]. Кан. дисс. – Алматы, 1993. – 139 б.

3 Сартқожаұлы, Қ. Орхон мәтіндерінің аудармасы [Текст] // Тіл және қоғам. – 2004. – № 1. – Б. 108–121.

4 Жанұзақов, Т. Қазақ есімдерінің тарихы [Текст]. – Алматы, 1971. – 218 б.

5 Галиуллина, Г. Р. Татарская антропонимия в лингвокультурологическом аспекте [Текст] / Автореферат дисс. ...доктр. филол. наук. – Казань, 2009.

6 Осмонқұлов, Ж. Теңізбай журту жөнүндө [Текст] // [Электрондық ресурс]. – <http://sanjira.ru/sanjira126.html>.

7 Бегметов, Э. Антропонимика узбекского языка [Текст]. – Ташкент, 1965. – С. 18.

8 Rysbayeva, G. Personal names in the anthroponomical picture of the world [Текст] // «II Түркі әлемі зерттеулері» Халықаралық симпозиумы. – Алматы : «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – Р. 87–91.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

Г. К. Рысбаева

Духовные ценности культуры тюркских народов

Факультет казахской филологии и мировых языков,
Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, 050000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

G. K. Rysbayeva

The spiritual values of the Turkic peoples culture

Faculty of Kazakh Philology and World Languages,
Kazakh State Women's Teacher Training University,
Almaty, 050000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

В статье рассматриваются исследования о древне-тюркских верованиях со стороны теории «Языковая картина мира». Орхон-енисейская письменность является общим наследием не только для одного языка, но и для всех тюркских языков. Статья посвящена антропониму арабо-персидского происхождения, который, посвящен культу «Алла», «Қудай», «Тенгри» и связанным с ними когнитивным фразеологизмам в тюркских языках. Центральное место из древних верований всех тюркских народов (казахов и тюрков-татар) до принятия Ислама было занято культом Тенгри, который был верховным божеством. Слова «Қудай», «Алла», «Тенгри»

синонимичные культовые слова среди тюркских народов. На основе корней большинство из них часто встречаются в мужских именах. Они объясняются следующим образом: Аллаберген, Тәңірберген, Құдайберген, Жасағанберген, Аллабери, Құдайберди, Тәңірберди.

The article considers the research of ancient Turkish beliefs from the point of «Linguistic Map of the World» theory. Orkhon-Enysei inscription is the general heritage of not only one language, but for all the Turkic languages. The article considers anthroponomy of the Arab-Persian origin that are devoted to the cults of the «Alla», «Kudai», «Tengri» and related to them cognitive phraseologies in Turkish languages. The central place of the ancient beliefs of all Turkic people (Kazakhs and Turki-Tatar) before the Islam acceptance was occupied by a cult of Tengri, which was the Supreme deity. Words «Kudai», «Alla», «Tengri» among the Turkish people are synonymous cult words. The majority of them has male names based on these roots. They are explained as follows: Allabergen (Аллаберген), Tanirbergen (Тәңірберген), Kudaibergen (Құдайберген), Zhasaganbergen (Жасағанберген), Allaberdi (Аллаберди), Kudaiberdi (Құдайберди), Tanirberdi (Тәңірберди).

FTAMP 16.01.11

Ә. К. Сүлейменова

аға оқытушы, PhD докторы, «Журналистика және филология» кафедрасы, Инновациялық Еуразия университеті, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы
e-mail: Suleimenova1978@bk.ru

БАТЫРЛАР ЖЫРЫ АТАЛЫМДАРЫНЫҢ НОМИНАТИВТІК АСПЕКТІЛЕРІ

Бұл мақалада «Батырлар жырлары» кейіпкерлері аталымдарының номинативтік аспектілері жайында пайымдалады. Қазақ поэтикалық ауыз әдебиеті, өлең, ертегі, мақал-мәтел, лиро-эпостық және батырлық жырлар, айтысқа өте бай. Қазақ фольклорына 40 жанрдан астам маңызды, өзіне ғана тән үлгілері енеді. Өлеңдер тарихи және тұрмыс-салт жырлары болып бөлінеді. Ертегілер әлемінде Алдар көсе мен Жиренше шеешен дүшпандарын сөзбен атқандай жеңетін әзілқой қушыкештер туралы аңыз ертегілер, халық арасында кеңінен таралған. Батырлық жырларда «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алтамыс», «Қамбар батыр» және т.б. көне эпостарда туған халқының тәуелсіздігі жолында күрескен батырлардың ерлігі жырлананады. Негізгі мазмұны – жастардың адал және өшпес махаббаты, олардың қайғылы өмірі жайындағы «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Қыз Жібек» және т.б. лиро-эпостық поэмаларын да халық сүйіп тыңдаған.

Кілтті сөздер: ономастика, антропоним, репрезентатив, денотатив, меморатив, когнитив

КІРІСПЕ

Қазақ халқының эпикалық репертуары бай. Батырлық эпос үлгілерінің мазмұны бір-бірінен айтарлықтай өзгеше болып келеді. Барлығына ортақ мәселе – халықтың өмірін бейнелеу. Біздің дәуірімізге жеткен қазақ эпостарының үлгілері өткен дәуірлердің көне эпизодтарын, мотивтерін, сюжет үзінділерін және басқа да реликтілерін білдіреді. тумысынан дарынды ақындар мен (жыраулардың) айтушылардың ерекше орындаулары эпикалық шығарма формасына, идеялық мазмұндауда, сюжеттерде, үлгілерде айқын көрінеді. Халық эпостан өз тарихы мен шежіресін танып біледі. Сондықтан ақын жыраулар дәстүрді, эпостың көркем-идеялық негізін сақтай отырып, образдар жасайды.

Тамырын сонау көне замандардан алатын қазақ поэтикалық ауыз әдебиеті, өлең, ертегі, мақал-мәтел, лиро-эпостық және батырлық жырлар, айтыс (халық әншілерінің поэтикалық ән жарысы), лирикамен (талғау философиялық ой талғам, арнау, және т.б.) өте бай. Қазақ фольклорына 40 жанрдан астам маңызды, өзіне ғана тән үлгілері (жоктау, сыңсу, жұмбақ өлең және т.б.) енеді. Өлеңдер тарихи және тұрмыс-салт жырлары болып бөлінеді. Ертегілер әлемінде Алдар көсе мен Жиренше шешен, дұшпандарын сөзбен атқандай жеңетін әзілқой қушыкештер туралы аңыз ертегілер, халық арасында кеңінен таралған. Батырлық жырларда «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қамбар батыр» және т.б. көне эпостарда туған халқының тәуелсіздігі жолында күрескен батырлардың ерлігі жырланады. Негізгі мазмұны – жастардың адал және өшпес махаббаты, олардың қайғылы өмірі жайындағы «Қозы Көрпеш–Баян сұлу», «Қыз Жібек» және т.б. лиро-эпостық поэмаларын да халық сүйіп тыңдаған.

Қазіргі ақындардың эпикалық шығармалары заман тақырыбына бой ұру сипатында келеді. Олардың репертуарына («Алпамыс», «Қобланды» және т.б.) және қазіргі заман поэмалары «Ер Төлеген» және т.б. сюжеті, тақырыбы, кейіпкерлері, поэтикасы, өлең құрылысы, орындау әдісі дәстүрлі түрде қалады.

Батырлық эпостар тақырыбы, құрылысы мен композициялық – сюжеттік ұйымдастырылуына қарай сан қырлы болып келеді. «Қобыланды батыр» жыры батырлық эпостың айқын мысалы. Эпостық сюжеттің негізінде нақты тарихи оқиға жатыр. Берілген эпоста оқиғалар бірізділікпен жалғаса, дәл (мүмкін, тарихи хроникамен салыстыруға болмайтын, фольклорлық шығармаға тән нақтылық жеткіліксіз шығар) мазмұндалған.


Ғалым этнограф Ш. Ш. Уәлиханов: «Халық батырлардың ерліктерін сүйсіне жырлайды. Жырдағы кездесетін батырлар есімдерінің уәжінен де қазақ халқының батыл да қайсар, намысы зор, ер мінезді болмысы имплицитті көрініс тартқан. Жыраулардың импровизациясына сүйсіне келе, батырлар жырының мазмұн ұқсастығына көңіл аударуға болады» деп айтқан [1, 7 б.]. Халық батырлары – Алпамыс, Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Ер Қосай бүтіндей типтік тұлға болып келеді. Батырдың бойынан келесідей барлық қасиеттер табылған.



1 сурет – ХАЛЫҚ БАТЫРЫНЫҢ М О Д Е Л І

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Эпостық жырлардағы батыр аттары белгілі бір арман-тілекке негізделіп қойылып отырса, бұл Қобыланды, Алпамыс, Қамбар, Тарғын, Қосай есімдерінің нақты тарихилықпен қоса күні бүгінгі дейін өз биігінде, өз мәресінде қолданылып келеді. Аталымдардың өміршеңдігін ұрпағымыз меморативтермен жалғастыруда. Мысалы, Павлодар облысы бойынша 18 жастан кейінгі адамдарға қойылған батырлар есімдерінің статистикалық аспектісінің көрінісі:



2 сурет

Заттар мен құбылыстарды атау, білдіру, шын мәнінде, тілдің маңызды қызметі болып табылады. Кез келген табиғи тілдің (қазақ, орыс, неміс және т.б.) лексиконын алдымен латынның res/verba оппозициясына сәйкес келетін кең көлемдегі «заттардың» атаулары құрайды. Бұл қызметті білдіру үшін лингвистикада әр түрлі терминдер қолданылады:

- номинативті (А. А. Реформатский);
- репрезентативті (К. Бюлер);
- референтивті (денотативті, немесе когнитивті) (Р. Якобсон).

Тілдің номинативті қызметі (біз бірінші терминді қолданамыз) жалғыз емес және лингвистикада өзінің басқа қызметтерімен, жиі экспрессивті қызметін салыстыра, яғни «сөйлеушінің тыңдаушыға бағытталған эмоционалды, ерік, қалау күйін» білдірумен қарастырылады (Л. Л. Реформатский). Сонымен, (паһ! шіркін!) одағайлар көбінесе, басқа есім сөз таптарына қарағанда, тек экспрессивті қызмет атқарады. Тілдің басқа да қызметін білдіреді. Біздің тақырыбымызға оның меншікті номинативті (аталым) және семасиологиялық, яғни ұғымды білдіру қызметін айыра білу аса маңызды болып табылады. А. А. Реформатский бойынша, «сөздер шынайы түрде заттар мен құбылыстарды атай алады; бұл номинативті, атау қызметі; бұл қызметте таза күйінде жұмсалатын сөздер – жалқы есімдер; ал жалпы есімдерде ұғымды білдіретін болғандықтан атау және семасиологиялық қызмет қатар келеді» [2, 136 б.].



3 сурет – Аталымдық стратегиялар

Стратегия – соғыс термині, айла-тәсіл, басты жоспар деген мағынада айқындалады. Шығармадағы әрбір тілдік таңба, сөздер, аталымдар мәтіннің мазмұнын ұғынықты ашып беріп, жарасымды қолданылады. Осыған байланысты, шығармадағы таңдап алынған әр есім, аталымдар өзіне тән

тактикамен, стратегиямен қарулана отырып, ми өрісінің қабылдауына когнитивті әсер етеді. Лингвистикалық әдебиетте Т. А. ван Дейк, Ю. Н. Караулов, В. В. Петров сөйлеу стратегиялары мен тактикаларын зерттей келе, стратегия ішкі және сыртқы ақпаратты байланыстырушы ұғым дейді. Біздің ойымызша, жалпы стратегияларды тілдік категория деп топшылауда мынадай түрлерін белгілеуге болады:

1 Тілдік стратегия – белгілі бір референтті коннотаттары арқылы денотатын беру.

2 Ис-кимыл стратегиясы кеңістіктегі ұғымды жеткізуге бағытталады. Бұл ым-ишара, дене мүшелері арқылы сілтеу, нұсқау болуы мүмкін. Мысалы, көзінің қиығымен қарады, иегімен нұсқағандай болды, қолын бір-ақ сілтеді, басын изеді.

3 Психологиялық стратегия – қатар тұрған адамдардың ойының бір жерден түйісуі, яғни бір жерден шығуы.

4 Сенсорлық стратегия – адамдардың дене мүшелерінің түйісуі арқылы ұғымды жеткізуі. Мысалы, қатты сағынғандықтан құшақтасты, көңіл айтып арқасынан қақты, екі ғашық қол ұстасып келеді.

Шығарма аталымдары тілдік стратегия, аталым принципіне негізделіп, заттың атауын белгілейді (3-сурет). Номинация теориясының бір нысанасы – атау негізінде жатқан белгілерді таңдауда адамның орны, яғни адам есімін атау, қою [3, 517 б.]. Яғни, адам ойының ассоциация қабілетіне қарай номинация, антропонимдер жасалады.

Номинативті, номинация сөздері – түбірлес сөздер. «Номинация» термині (латынның *nominatio* – атау) кең ұғымды білдіреді. Оның бірі мынадай құрылымды білдіреді. Номинативтік қызметте сипатталатын тіл бірліктерінің жасалуы, яғни тілдік емес шындықтың үзінділерін бөліп алу және атау үшін қызмет ететін және «тіл бірліктері – сөздер, сөз тіркестері, тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемдерді білдіру формаларында оларға сәйкес ұғымдардың қалыптасуы». Бұл терминмен қатар номинация үрдісінің нәтижесі – маңызды тілдік бірлікті де анықтайды» [2, 136 б., 174 б.]. Көз жеткізгеніміздей, заттарды, олардың ұғымдарын да білдіру номинацияға байланысты болады.

Номинация мен оның принциптерін топтастыруға көптеген зерттеулер арналды. Әдебиеттануда номинация теориясының (дәлірек айтсақ, теориялар, өйткені авторлар концептуальды да, терминологиялық та көбінесе бір-біріне сәйкес келеді) аса маңызды теория ережелерін анықтауымыз керек.

1 Номинациялар – бұл дербес (есім, атау сөздер) сөз таптары болып табылады, сондай-ақ сөз тіркестері, фразеологизмдер, сөйлемдер (Г. В. Колшанский бойынша, номинацияға сөйлемдерді ғана емес, «мәтіндерді» де жатқызуы, байқағанымыздай ұғымның ара жігін тарқатады).

Б. Рассел номинативтік қызмет атқаратын терминологиялық екі лексикалық бірлікті атап көрсетеді: сөздер (атаулар) және сөз тіркестері (дескрипциялар). Дескрипциялар мағынасы компоненттердің мағыналарынан қалыптасып, негізгі мағынасы анықтауыш сөзде емес, анықтау кезінде жиі айқындалады. 2 Номинация (лат. *nominatio* – атау) тіл білімінде тіл бірліктерінің өздері білдіретін нысандармен сәйкес келуінің номинация (аталым) үрдісі. Номинацияда (аталымда) 3 жағын бөліп көрсетеді:

- аталынушы нысан;
- атайтын нысан;
- өзара сұрыпталушы тіл құралдары.

Номинация нысаны – жеке ұғымдар, зат, белгі («ат», «сұлулық», «жүру», «ақ»), зат пен оның белгілері («көк ат»), тұтас оқиға («Өрт!», «Пойыз келді»), осыған байланысты лексикалық және препозитивті (сөз тіркесімен немесе сөйлемдер арқылы көрініс тапқан) номинациялар деп бөледі. Атау негізінде жатқан номинациялық белгі атаудың ішкі формасын қалыптастырады, оған сәйкес бір нысан өзінің әр түрлі белгілеріне қарай әр түрлі аталуы мүмкін (сал. үй, үйшік, орыс тілінде белгіленуі бойынша «детский стульчик» және ағылшын тілінде формасына қарай – *high chair*). Атаудың ішкі формасы атау кезіндегі тілдің лексико-грамматикалық құралдары арқылы анықталады, сонда ішкі формасы бірдей атаулар өздерінің сыртқы формасына қатысты ажыратылады («қарт адам - қария», «старый человек – старик»). Номинация заңдылықтары тілдің дайын үлгідегі номинативтік құралдарында (сөздер, сөз тіркестері, грамматикалық формалар) ғана емес, нысанның атауы оның белгілі бір сұрыпталған белгісі негізінде жасалған әр сөйлеу актісінде білінеді.

«Ер Қосай» жырында кездесетін антропонимдер тізбегі: Ер Бөкше, Ер Қосай, Қосай, Мұхамбет, Ер Дәуіт, Қалмақ, Ақсарыбай, Алаукеш – Ақсарыбайдың қызы, Қосайдың қалыңдығы, Сарыбай, Қодар, Қодеке, Ер Қодар, Қараман, Қаламбай – Қараманның шешесі.

Ер Бөкше – алтауы жаудан өлген жеті ағайынды батырдың ең кішісі, ер Қосайдың әкесі. Алпыс жасқа дейін баласы болмай, қосайды көреді. «ат шаптырып той қылып, баласының атын Қосай қояды». Бір күні елін жинап алты ағасының кегін алмақ болып қалмаққа аттанарда:

Қимылдаған тіл мен жақ,
Жетеуім тірі жүргенде
Қаптап еді аруақ.
Баладан кемдік көргенде
Жаңа туды шамшырақ.

Сонда ноғайлылар айтқан екен: «А, батыр, бұл Қанды жол деген бір жаман жол еді, мына қартайғанда көрген бала ер жетсін, сабыр ет» деп. Алты

жыл өткен соң қосай алты жасқа келгенде шал бес мың қолмен аттанады. Қосай алты жасында бірге барамын дегенде:

Жүр деп еді, жүрмеді
Кемпірге теңдік бермеді,
Алпамсадай кемпірді
Арқалап ала жөнелді,
Тұмақ құрлы көрмеді.

Сонда Қосайдың анасының алпамсадай денелі ана болғаны. Жырда анасының аты аталмайды, аналық: «Өзі әулие аналық, көзіне нысан білінді...» [4, 163 б.], әже: «әжем, әжем деп келсем, әжелігің осы ма?» [4, 135 б.], «Сүйінші, әже, сүйінші!...» [4, 134 б.] деп келеді.

Жырдың «Алпамыс», «Қобыланды», «Ер Тарғын», «Қамбар» батырлық эпостардан бірден-бір ерекшелігі – батыр аталымы бүкіл ру, тайпа, яғни ноғайлылардың бір адам бойына жинақталған болмысы десек, «Ер Қосай» жырында ноғайлылардың әкесі Бөкше батырды да, Ер Қосайды да бес мың қол ноғайлының тастап, қашып кеткені – жат құбылыс.

Жалпы жырдың ономастикалық кеңістігіне тоқталсақ, антропонимдер деминутивтерімен – Қосайжан, Қодеке, топонимдер, туыстық атаулар, құс атаулары: қарабай, көкқұтан, күйкелек, қаршыға, қарға бар: «Ителгінің баласын

Ит алады деменіз,
Қаршығаның баласын
Қарға алады деменіз [4, 136 б.].
Сонда Қосай жылады,
Төбедегі қос айдар
Бірін қоймай жұлады [4, 133 б.].

– деген шумақтарға зер салсақ, Қосайдың басында қос айдардың болуы – сыртқы пішініне қарай аталымы «қос+ай» дескриптивті, екі компоненттің бірігуінен және айдар сөзінің алғашқы буына қысқартыла қолданылған ат па екен деген ой келеді.

Сонда Ақсарыбай кейіді:
– Қарашы құлдың ниетіне,
Байлар қызын бере ме
Бір қарасыз жетімге?
Тоғыз ұлым, таяқ ұр
Құлдың дүре көтіне [4, 135 б.].
Бақанды көзі көрген соң,
Құл тайрақтап қашады.

– деген шумақтардан Қодардың құл екені, оның

Бір төбеден өткесін,
Қамшы есіне түседі,
Талтайып тұра қалады... [4, 136 б.].

Іс-қимылынан есерсоқ тәрбиесіз, бірақ ержүректілігін танымыз жалпы Қодар есімі деминутивті Кодеке деп те қолданылған. «Ер Қосай» жырында – төрт басты кейіпкер, ал жалпы он бір адам есімі кездеседі.

Батырлық эпостар кейіпкерлері – басқа адамдардан деңгейі жоғары, ерекше істер атқаратын, бірақ адам бейнесіндегі жерде өмір сүретін жоғары миметикалық модустың (түрдің) қаһарманы. Батырлық эпостардың кейіпкерлері ерлік істерімен мәңгі есте қалады және халық оларды елдің өмірі мен тарихындағы аса маңызды оқиғалар ретінде жырға қосады. Мысалы, ел тарихында белгілі бір рол атқарған қазақ батырлары мен билері (Қобыланды, Қамбар, Ер Тарғын, Ер Қосай, Абылайхан, Төле би, Әйтеке би, және т.б.). Бұл кейіпкерлер аталымдары кеңістік пен уақыт аралығында суреттелген оқиғаларды жинақтайтын хронотоп ролін атқарады. Мысалы, Төле би – Оңтүстік Қазақстан кеңістігін жинақтайтын есім.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыда келтірілген кейіпкер аталымдарының әдістері мен құралдары біз қарастырған барлық батырлық жырларға толығымен тән. Негізгі айырмашылық: типтес эпостарда өте жиі кездесетін басты кейіпкердің интродуктивті аталымының болуы немесе болмауынан байқалады. Тіл білімінде қазіргі кезде көркем сөйлеудің ономастикалық құралдарын зерттеуге байланысты лингвистиканың жеке бағыты қалыптасты. Әдеби ономастика көркем сөйлеудің факторы болып табылса, ал жалпы халықтық ономастика тілдің факторы б.т.; қайталанатын, себебі субъективтілікті объективтілікте бейнелейді, көркем мәтіннің стилі және жанрымен айқындалған автордың еркін шығармашылық ізденісінің нәтижесі болып табылады.

Көркем мәтін – эстетикалық ұйымдасқан сөйлеу құралдарының функционалды тұйықталған жүйесі болғандықтан, жалқы есім көптеген мағыналық байланыста, оның индивидуалды – көркем семантикасын қалыптастыратын күрделі ассоциациялар мен коннотациялар арқылы дамиды. Тіл мен сөйлеу (узус)тары жүйесінен тараған бағалаушы коннотациялар.

Кейіпкер – белгілі бір сюжет пен жүйені қалыптастыра, пән әлемінің негізін құрайтын эпикалық шығармаларға талдау жасаудағы маңызды ұғым. (Сөз) хабарлау өнерінің ерте кезеңдерінде кейіпкер саны мен олардың арасындағы байланыстар сюжеттің даму логикасы арқылы анықталады.

Әрбір әдеби жанр үшін қатысушылардың белгілі бір аталымдар стратегиясы, берілген жанр түрінің шеңберінде кейіпкерлер бейнесін толық

ашатын вариативтік әдіс батырлық эпостардың кейіпкерлерінің аталымдар уәжін бейнелейтін кореферентті және контактілі ауыстырулар тізбегін қалыптастырады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жанұзақов, Т.** Есімдер сыры. – Алматы : «Қазақстан», 1974. – 132 б.
- 2 **Реформатский, Л. А.** Введение в языковедение. – М., 2000. – 136 б.
- 3 **Хаймс, Д. Х.** Два типа лингвистической относительности // Новое в лингвистике. – VII. – М., 1975. – 517 б.
- 4 Батырлар жыры. I том. – Алматы : «Жазушы», 2000. – 256 б.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

А. К. Сулейменова

Номинативный аспект наименований в героических эпосах

Инновационный Еуразийский университет,
Павлодар қ., 140000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

A. K. Suleimenova

Nominal aspect of the heroes names

Innovative University of Eurasia,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

В данной статье поясняются аспекты номинации персонажей в героических эпосах. Устно-поэтическое творчество казахов, корнями своими уходящее в глубокую древность, представлено песнями, сказками, пословицами и поговорками, героическими и лиро-эпическими поэмами. Казахский фольклор включает свыше 40 жанровых разновидностей, значительная часть которых специфична лишь для него. В героических эпосах, особенно в наиболее древних поэмах («Кобланды», «Ер-Тарғын», «Алпамыс», «Камбар-батыр» и др.), воспеты подвиги богатырей (батыров), отстаивающих в постоянных сражениях независимость родного народа. Имя соотносится с объектом действительности через какой-то его признак. Для правильного установления связи между объектом и обозначающим его косвенным наименованием, основанным на номинации его существенного признака, необходима опора на его

прямое наименование, при котором смысл имени непосредственно соотносится с действительностью.

This article explains the aspects of characters nomination in heroic epics. The oral-poetic creativity of the Kazakhs, rooted in its deep antiquity, is represented by fights, fairy tales, proverbs and sayings, heroic and lyric-epic poems. Kazakh folklore includes over 40 genre varieties, a significant part of which is specific only for it. In heroic epics, especially in the most ancient poems («Koblandy», «Er-Targyn», «Alpamys», «Kambar batyr» etc.), the heroes (batyrs) are praised, defending the independence of native people in constant battles. The name correlates with the object and the indirect name that designates it, based on the nomination of its essential feature, it is necessary to rely on its direct name, in which the meaning of the name is directly correlated with reality.

FTAMP 17.07.31

**С. Н. Сүтжанов¹, Б. Ш. Құралқанова²,
Э. С. Құрманғожаева³, Т. Б. Қабышев⁴**

¹ф.ғ.д., профессор, Филология және тарих факультеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.к., доцент, Филология және тарих факультеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ., 140000, Қазақстан Республикасы;

³ф.ғ.к., доцент, Тілдерді дамыту орталығы, Алматы менеджерлік университеті, Алматы қ., 050010, Қазақстан Республикасы;

⁴ф.ғ.к., доцент, Гуманитарлық факультет, Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қ., 070401, Қазақстан Республикасы

e-mail: ¹s_sutzhanov@mail.ru; ²bota0975@mail.ru; ⁴talgat_kabyshev@mail.ru

ҚАЗАҚ ПЕН ТҮРКІ АҚЫНДАРЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ

Мақалада қазақ пен басқа халықтар ақындарының әдеби байланысы, оның төл сөз өнерімізге тигізген игі әсер-ықпалы дәйекті түрде зерделеніп, көрсетілген. Нақтылай айтқанда, XX ғасыр басында түркі халықтарының рухани алмасулары барыныша жандана түсті десек болады. Бұрын бұл әдеби байланыстар негізін терең тамырластық тарапынан туындаған өткенді аңсау, зарлау, әрі кетсе сынап-мінеу мазмұндас шығармалар құраса, ғасыр басында шығармашылық қатынастардың жаңа формалары қылаңдай бастады. Ақын-жазушылардың жекелеген әдеби қарым-қатынастары, кезінде басқа ұлт қаламгерлерінің шеберлік тәжірибелерін игеруі, сойтіп ұлттық сипат-болмысты қайта жаңғырта отырып, әлемдік үрдіске ілесуі айқын аңғарылды.

Сонымен қатар, белгілі көркемдік қағидалар шығармашылық түрде игерілді. Бұған, дәлел болар деректерді сол кезеңде өзара тығыз қарым-қатынастар жасаған қазақ, татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, т.б. түркі халықтары әдебиеттерінен табарымыз анық.

Кілтті сөздер: әдеби байланыс, шығармашылық, қаламгер, символизм, түрікішілдік, идея, рухани алмасу, ұлттық сипат, үрдіс.

КІРІСПЕ

Тағдыры мен тарихы ұқсас, түбі бір түркі халықтарының тұтасу процесінде тіл мен дін ерекше рөл атқарады десек, бұл тұрғыда зиялы қауым өкілдерінің еңбектері өлшеусіз. Басқаға қарағанда, ұлттық санасы ертерек оянған татар халқы қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, т.б. ұлттарға үлгі-өнеге

көрсетті. Қазан, Қырым жерлерінің түлектері бүкіл түркі халықтарының саяси-әлеуметтік, азаттық үшін күрестерінің алдыңғы қатарынан көрінді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бұл ретте, біз, алдымен түркі жұртының тұлғалы азаматы Исмаил Гаспринскийді ауызға аламыз. Оның бүкіл түркіге түсінікті ортақ тілде «Тәржіман» газетін шығаруы, сөйтіп, осы негізде, түп, тіл, дін бірлігіне жол ашуы – рухани тұрғыдағы алғашқы батыл қадам еді. Бұл жөнінде ғалым Р. Бердібай былай дейді: «Отаршылдықтың зұлматына душар болған түрік халықтарының ортақ мұңын сөйлеген Исмаил Гаспринский (1851–1914) шығармалары ұлттық сананың оянуына күшті ықпал жасады... Түрік халықтарының өзара айырмашылықтарынан гөрі олардың жақындықтарын насихаттауды, рухани бірлестікті күшейтуді ұдайы мақсат етіп ұстану «Тәржіманның» негізгі бағыты болған» [1, 142]. «Тәржіман» газеті Ресей мұсылмандарының арасында ғана емес, бүкіл шығыс елдеріне танымал беделді басылым болды. Сөйтіп «Тәржіман» сол тұстағы бүкіл түркі халықтарының басын құраған орталықтың рөлін атқарды.

Демек бұл басылымның құрылтайшысы әрі редакторы – Исмаил бей түркі жұртының тұтастығына жол бастап, оның тіл, дін бірлігіндегі айқындамасын жасады. Ал, тұтасу, бірігу арқылы азаттыққа апаратын бұл даңғыл жолды түркілік түлектер жаппай қуаттады. Олар ұлт мүддесі тұрғысынан ой өрбітіп, Ресей құзырындағы мұсылман халықтарына қатысты ортақ мәселелердің шешімін күн тәртібіне қойды. Сөйтіп, әлеуметтік-экономикалық, тұрмыстық және мәдени-идеологиялық қатынастарды қозғады. Ұлттық зиялылар мәдени-ағарту орындарын көбейту, баспасөз ісін дамыту, халықтың экономикалық жағдайын жақсарту сияқты өзекті мәселелерді көтеріп, тіл, дін бостандығын талап етті.

Алайда, өкімет орындары, патша әкімдері ұлт өкілдерінің талап-тілектерін аяқ-асты қылып, олардың іс-әрекеттеріне барынша кедергі келтіруге тырысты. Ұлт мүддесін үлпектеген ұландар саясат майданынан ауытқымай, халық үшін қатерлі жолдан таймады.

Қазақ зиялылары да отаршылдыққа қарсы тұрып, сол тұстағы саяси әл-ахуалды ұлттық мүддеге сай міндеттермен ұштастыруды ұсынды. Жаңа қалыптаса бастаған қазақ зиялылары ұлт мүддесін қорғау мақсатында елдің прогреске жету жолдарын іздестірумен ғана шектелді.

Шынында, түркі мұсылман халықтары орыс империясының зорлық-зомбылығының ащы дәмін бірдей татты. Халықтың мұңын ойлап, мүддесін қорғаған зиялы қауым өкілдері отарлық, нәсілшілдік саясат пен шектен тыс езгіге қарсы күш біріктіру үшін түрікшілдік туын көтерді.

Тегінде, Алаш ұранды азаматтардың бәрі дерлік И. Гаспринский бастап, Г. Баруди, Р. Ибрагимов, З. Кадыри, Ф. Кәrimi, Ш. Күлтәси, Г. Буби, Ж. Валиди және т.б. татар зиялылары жалғастырған түрікшілдік идеясынан нәр алып, қанаттанды десек артық айтқандық емес.

Біздіңше, түрікшілдік екі бағытта дамыды. Бірі – Түркиядағы османшылдық идеясын тірек еткен болса, екіншісі – Ресей өңіріндегі түркі халықтарының тұтасуын көздеді. Нақтырақ айтқанда, біріншілері бүкіл түркі халықтарының бір орталыққа бағынған түрік сұлтандығы іспетті ірі мемлекет болуын аңсады. Ал, екіншілері Ресей империясын мекендеген түркі жұртының рухани тұрғыда бірігуін қалады.

Егер біз жоғарыда, XX ғасыр басында түркі халықтарының рухани алмасулары барынша жандана түсті десек, бұрын бұл әдеби байланыстар негізін терең тамырластық тарапынан туындаған өткенді аңсау, зарлау, әрі кетсе сынап-мінеу мазмұндас шығармалар құраса, ғасыр басында шығармашылық қатынастардың жаңа формалары қылаңдай бастады. Ақын-жазушылардың жекелеген әдеби қарым-қатынастары, кезінде басқа ұлт қаламгерлерінің шеберлік тәжірибелерін игеруі, сөйтіп ұлттық сипат-болмысты қайта жаңғырта отырып, әлемдік үрдіске ілесуі айқын аңғарылды. Сонымен қатар, белгілі көркемдік қағидалар шығармашылық түрде игерілді. Бұған, дәлел болар деректерді сол кезеңде өзара, тығыз қарым-қатынастар жасаған қазақ, татар, башқұрт, өзбек, қырғыз, т.б. түркі халықтары әдебиеттерінен табарымыз анық.

Түркі халықтарының отаршылдық езгі жағдайындағы әдеби-мәдени қарым-қатынастары оңай қалыптаспады. Алдыңғы қатарлы қоғам қайраткерлері патша жандармының қатаң бақылауында болды. Еділ-Жайық бойында орналасқан мәдени орталық – шаһарлардағы жаңа оқу үлгісінде дәріс түзген мектеп-медреселерде оқитын татар, башқұрт, қазақ, өзбек, қырғыз шәкірттері қара тізімге ілікті. Сондай-ақ, тиым салынған прогресшіл негіздегі баспа, басылымдардың таралуы қатты қараланып, жазаланды. Бұған нақты дәлел ретінде қазақ қаламгерлері – М. Ж. Көпейұлы, М. Дулатов секілді ақын-жазушылардың шығармаларының (алдыңғынікі – «Хал-ахуал», «Сарыарқаның кімдікі екендігі», соңғынікі – «Оян, қазақ») тәркіленіп, өздерінің қудалануын айтсақ та жеткілікті.

Алайда, салыстырмалы түрде ойымызды нақтылау түсу үшін мұндай мысалдарды татар, башқұрт, әзірбайжан әдебиеттерінен де келтірген жөн. Мәселен, XX ғасырдың басында-ақ сол үшін қайратын да, қаражатын да жұмсағаны жөнінде татар ғалымы Р. Амирханов былай деп жазады: «Этими газетами и журналами, постоянно преследуемыми полицией и цензурными властями за их антисамодержавную и национально-освободительную направленность, руководили Риза Фахретдинов, Фатих Амирхан, Закир

Рамиев (Дэрдменд), Шакур Апаков, Гаяз Исхаки, снискавшие большую популярность в народе, как крупные писатели и общественные деятели» [2, 50].

Шынында, әкімшілік орындары азаттық-ағартушылық бағыттағы түрлі ұйымдардың қызметтерін қырағы қадағалады, жіті бақылады. Шығыс-түркі халықтарының мәдени жақындасуы, жанасуы патша шенеуліктеріне «пантюркизм», «панисламизм» белгілерін елестетті. Империялық өкімет басшылары бұл халықтардың түркілік түп бірлігіне бастайтын сана-сезімінен өлердей қорықты. Мысалы, ғасыр басында Түрік мемлекеті Еуропаның алпауыт елдерімен алысып, тәуелсіздік үшін ұлт-азаттық күрес жүргізген тұста басқа түркі ұлыстарының ұлдары да олардың қарулы қимылдарын қолдап, баспасөз беттерінде көсемсөздер жазды. Бірінші дүниежүзілік соғыста Түркияның жеңілістерге ұшырап, өзіне қарасты елді мекендерден айрылуы туралы мәліметтер «Шура», «Айқап», журналдары мен «Вақыт», «Йолдыз», «Қазақ» газеттерінің беттерінде көптеп кездеседі. Осыған байланысты көзі ашық, көкірегі ояу, қалам иелері эссе-мақалалар арнап, өлең-жырлар шығарды.

Ал, түрікшіл ақындар шығармашылығында бұл тақырып өзекті болды. Дерек көзі ретінде қазақ ақыны Мағжанның қандас бауырларына жолдаған «Алыстағы бауырыма» өлеңін келтірейік:

Шарқ ұрып ерлікке ұмтылған түрік жаны,
Шынымен ауырды ма, бітіп халі?!
От сөніп жүректегі, құрыды ма,
Қайнаған тамырдағы ата қаны [3, 44]?!
Кешегі күндері аузын айға білеп, Еуропа жұртын өзіне қаратқан «ер түріктің» ұландарын рухтандыратын бұл секілді өлең-жырлар Мағжан шығармашылығында арнайы бір цикл құрайды. Мысалы, «Орал тауы» атты туындысында ақын ойын былайша өрнектейді:

Ер түрік ен далаңа көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса – ерік еді,
Тұрғанда бақыт құсы бастарында,
Иргесі жел-күн тимей берік еді [4, 28].

Бұл өлеңдер циклінің негізгі желісі – түркі бірлігі, бостандығы. Ал осы жырлар шоғырының символы іспетті өлең – «Түркістан» болса, «Пайғамбар», «Күншығыс», «Тез барам», «От» секілді шығармалары ақынның басты концепциясын айқындап, нықтай түсері анық.

Түрікшілдікті түрлендіріп, оны Алашқа ұластырған сөз зергерлері Мағжан, Сұлтанмахмұт, Жүсіпбектердің ұлттық рухпен нәрленген ұранды сөздері халықты күреске жігерлендірді. Міне, осындай ой-пікір, идея өзегінде өскен өркендер жас құрақтай жайқалып, тез жетілді. Түркі жұртының

сүйінішінен күйініші көп тағдыр -талайы, қилы тарихы, т.б. – бәрі үркердей топқа үлкен жүк артты.

Жаңағы пайымдау тұрғысынан алғанда, түп, тіл, дін төңірегіндегі топшылау, тұжырымдарын қайта бір ой елегінен өткізу қажет. Өйткені оның ақындық қабілеті де, шығармашылық шеберлігі де осы негізде көрінгенін айту лазым.

Әлбетте, сол тұстағы қаламгерлер шығармашылығында түгел дерлік бар, айқындалған бұл тенденция уақыт талабына орай туындады. Сондықтан өткен ғасырлар айрығында өмір сүрген ақын жазушылар творчествосында ұлтшылдық, түрікшілдік, діншілдік сипаттардың белең алуы заңды да еді.

Жалпы, түрікшілдіктің түпкі мақсаты – Ресей аймағындағы қанауға түсіп езілген халықтардың ұлттық санасына қозғау салынып, олардың ынтымақ, бірлігіне басшылық жасау болатын. Зиялы қауым өкілдері, әсіресе, ақын-жазушылар бұл идеяны іле көтеріп әкетті. Өз дәуірінің төл перзенті Сұлтанмахмұт та бұл істен қалыс қалмай, жаңалық жаршысы, ұлт ұланы, түркінің түлегі ретінде үн қосты. Ол дала ақынының атынан сөйлеп, түріктігін, қазақтығын мақтаныш етеді:

Ер түрік ұрпағымын даңқы кеткен
Бір кезде Европанды тітіреткен,

– дей келіп:

Мен–қазақ, қазақпын деп мақтанамын
Ұранға алаш деген атты аламын
Сүйгенім – қазақ өмірін, өзім – қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын [5, 16]?

– десе, онысы – уақыт талабына орай, әдеби-тарихи процесс үрдісінен шыға білуі.

Ал, түрікшілдікті түрлендірген, ұлттың идеяны көтерген алдымен татар зиялылары болды десек, біздің ұлт ұландарының азамат болып өсуіне ол ортаның ықпалы мол болғаны – тарихи шындық. Бұл тұрғысында және аталмыш қаламгер турасында әдебиетші – ғалым С. Әсіп былай дейді: «Түрікшілдік идеяны асқақтата, дауылдата, тасқиндата жырлаған ақындардың сапында Мағжан Жұмабаев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов ерекше орын алады» [6, 17].

Бұл ретте, С. Торайғыровтың түрікшілдік идеясын қостап, түркі халықтарының рухани алмасуына біршама үлес қосқандығын айтқан жөн. Ғалым Б. Ысқаков: «Сұлтанмахмұт татар тілі, мәдениеті, әдебиетімен ерте танысты. Біріншіден, ол алдынан өткен молдалардың көпшілігі татар еді, әрі ол кездегі оқу көбінесе татар тілінде жүретін. Оның үстіне ол кезде қазақ тілінде кітап, газет-журналдар жоқтың қасы еді. Сондықтан оның оқитыны, көбінесе татардың кітаптары, журналдары, газеттері болатын» – деп ақынның

көршілес туысқан халықтың рухани байлығынан нәр алғандығын, тіпті татар әдебиетінің классигі Ғ. Тоқайға көп еліктегенін, тілге тиек еткен, сондай-ақ, автор «ақын көбінесе бірлік, ерлік мәселесін көбірек қозғайды, жалпы ұлттық, тіпті жалпы мұсылмандық жайды баса айтады» [7, 19] – деумен ғана шектеліп, әрі қарай таратып айтпайды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кеңестік кезеңде бұл идеяны насихаттаушы қаламгерлер қараланып, жазықсыз жапа шекті. Олардың шығармаларын оқу былай тұрсын, аттарын айтуға, ақтап сөйлеуге тиым салынды. Сөйтіп, олар «түрікшіл», «діншіл», «ұлтшыл» атанды. Бұл секілді «іші толған у мен өрт» жандар түгел түркі жұртынан табылатын еді.

Жалпы, шығыс халықтарының ұлттық тәуелсіздік пен бостандыққа ұмтылысы қатал жазалаумен қайтарылса, күрес басшыларының қудалауға ұшырап, қаторға айдалғаны көпке аян. Ғасыр басындағы түркі тұлғалары де осындай күй кешті.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Бердібай, Р.** Байқалдан Балқанға дейін. – Алматы : Қазақстан, 1996. – 256 б.
- 2 **Амирханов, Р. У.** Татарская дореволюционная пресса в контексте «Восток-Запад». – Казань : Татаркнижизд., 2002. – 240 с.
- 3 **Жұмабаев, М.** Сүй, жан сәулем. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы : Атамұра, 2002. – 256 б.
- 4 Сонда.
- 5 **Торайғыров, С.** Алаш ұраны. – Алматы : Жазушы, 2002. – 121 б.
- 6 **Әсіп, С.** Қазақ қасіреті. – Алматы : Қазақстан, 1994. – 148 б.
- 7 **Ысқақов, Б.** Қазақ-татар әдеби байланысы. – Алматы : Ғылым, 1976. – 175 б.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

С. Н. Сутжанов¹, Б. Ш. Куралканова², Э. С. Қурмангожаева³, Т. Б. Кабышев⁴

Созвучие казахских и тюркских поэтов

^{1,2}Факультет филологии и истории,
Павлодарский государственный педагогический институт,
г. Павлодар, 140000, Республика Казахстан,

³Центр развития языков, Алматинский университет менеджмента,
г. Алматы, 050010, Республика Казахстан;

⁴Гуманитарный факультет, Казахский гуманитарно-юридический
инновационный университет,
г. Семей, 070401, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

S. N. Sutzhanov¹, B. Sh. Kuralkanova², I. S. Kurmahgozhaeva³, T. B. Kabyshev⁴

The harmony of Kazakh and Turkic poets

^{1,2}Faculty of Philology and History, Pavlodar State Pedagogical Institute,
Pavlodar, 140000, Republic of Kazakhstan;

³Centre of Development of Languages, Almaty Management University,
Almaty, 050010, Republic of Kazakhstan;

⁴Humanitarian Faculty, Kazakh Humanitarian Law Innovative University,
Semey, 070401, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

В настоящей статье рассматриваются проблемы направлений духовного обмена между тюркскими народами, определению их основополагающих факторов. Авторы подчеркивают, что в период между двумя веками, особенно в начале XX века тюркские народы изменялись в сторону цивилизаций вследствие различных общественно-политических, историко-культурных процессов между казахским и другими тюркскими народами установились новые творческие взаимоотношения. В статье особо выделено, что раньше, так как не были едины язык, религия, судьба и история тюрков, интеллигенция понимала, что избавиться от пережитков прошлого можно только лишь духовно объединив язык, религию, взаимообмениваясь идеями, мыслями.

А также в статье особое внимание уделяется тому, что литературные связи тюркских народов формировались на основе единства религии и языка, и в этом большую роль играют глубокие единые корни.

The article examines the issues of directions in spiritual interchange among Turkic nations and identifies the main factors for it. The authors accentuate that during the period between the two centuries, specifically at the beginning of the XX century, Turkic nations were changing toward the civilization due to various social, political, historical and cultural processes among Kazakh and other Turkic nations, thereby establishment of new creative relationships occurred. The article emphasizes that the literate class understood that due to previous lack of integration in the fields of language, religion and history it was essential for Turkic nations to spiritually integrate in terms of language, religion, exchanging ideas and thoughts so that there were no relics of the past.

The article focuses as well on the fact that the literary relations of Turkic nations based on unity of religion and language, and profound shared origins played an essential part in it.

FTAMP 17.01.00

К. А. Төлеубаева

ф.ғ.к., профессор, Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ., 100000, Қазақстан Республикасы
e-mail: k.toleubaeva@mail.ru

**МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ «ҚАРАГӨЗ»
ТРАГЕДИЯСЫНДАҒЫ ДРАМАТИЗМ**

Мақала Мұхтар Әуезовтың «Қарагөз» драмасын негізге ала отырып жазылған. Осы ғылыми мақалада Мұхтар Әуезовтың шеберлігін әр қырынан көрсетіп, оның еңбегі арқылы ғылыми дәлелдеулерге көз жеткіздік. «Қарагөз» трагедиясының жазылу тарихы мен оған айтылған сын пікірлер ескеріліп, қарастырылды. Мұхтар Әуезовтың шығармаларының ішінде қарама-қайшы сезімдердің шарпуына, күрделі құбылыстың қақтығысына құрылғаны емес, шығармашылық тарихы ең ауыр, бұралаң мен қатпары мол, шығармашылық психология тұрғысынан алғанда да қилы-қилы сезім-күйді қамтитын, жазушы мен кейіпкер ойының араласып кеткені сондай, қайсысы кімнің сөзін жеткізіп отырғанын ажыратуы қиын туынды да осы «Қарагөз». Шығармада кейіпкердің ішкі жан күйзелісін терең психологизммен берген. Екі ұдай шешімнің түйінін шеше алмаған Қарагөздің ішкі психологиялық ахуалы терең драматизммен өрілген. Дәстүрді берік сақтаған қазақ даласындағы елдің ұлттық мінезі көрінеді.

Кілтті сөздер: Мұхтар Әуезов, Қарагөз, Сырым, Нарша, трагедия, драматизм, ұлттық әдибиет.

КІРІСПЕ

Қазақ ұлттық драматургиясының қайнаркөзі – Мұхтар Әуезов есімімен тығыз байланысты. Қазақ театр өнерінің болмыс-бітімінің кәсіби тұрғыда дамуына, тіпті көркемдік бейнесін былай қойғанда, ғылыми-әдістемелік тұрғыда келбетінің қалыптасуына аталмыш жазушы-драматургтердің сіңірген еңбегі өлшеусіз. Ұлттық әдебиеттің тарихи дамуынан көрініс беретін адамның рухани өмірдегі әртүрлі драмалық дағдарысқа ұшырап отырған өзгерістері әдеби үрдістегі өзгермелі жағдай ұғымының аясында талданғаны жөн. «Эстетикаға кіріспе» еңбегінде Ю. Борев: «Суреткердің шеберлігіне бағынбайтын, одан тәуелсіз адам характері мен жағдайдың болатындығы дау туғызбайтын жайт. Характермен жағдайдың өнердегі байланысы өмірдегі шындықты танытудың нәтижесі», – дейді [1, 28].

Сонымен қатар, өмірдегі жағдай мен өнердегі тартыстың арасындағы алшақтық жөніндегі айтылған мына бір пікірлер назар аударарлық: «Өнердегі тартысты жағдай, біріншіден, адамтану мәселесіне негізделген. Сондықтан оның өмірлік-танымдық жағы көркем шығарма идеясына негізделген. Екіншіден, өмірлік тартыс белгілі бір адам дар тобы арасында ғана болса, ал өнердегі тартыс адамзаттың қаламгердің мықтылығы көркем туынды жазу кезінде өмірдегі тартыспен байланысы бар жағдайларды дәл тауып, көркемдік шешім ұсына білуінде» [2, 83].

Өмірдегі жағдай мен өнердегі тартыстың арасындағы алшақтық жөніндегі айтылған мына бір пікірлер назар аударарлық: «Өнердегі тартысты жағдай, біріншіден, адамтану мәселесіне негізделген. Сондықтан оның өмірліктанымдық жағы көркем шығарма идеясына негізделген. Екіншіден, өмірлік тартыс белгілі бір адамдар тобы арасында ғана болса, ал өнердегі тартыс адамзаттың қаламгердің мықтылығы көркем туынды жазу кезінде өмірдегі тартыспен байланысы бар жағдайларды дәл тауып, көркемдік шешім ұсына білуінде» [2, 83].

Автордың алға қойған мақсаты кейде тәжірибе жасау алаңы сияқты. Ол өмірдегі жағдайды дәл сол күйінде қайталамай, жаңа көркемдік жағдай ұсынады. Сонымен қатар өмірдегі шындық әр кезде жазушының ұстанымымен сәйкес келе бермейтіні де бар ғой. Тартыс табиғатын оның басталуы, аяқталуы, айырылуына қатысты айқындауда бірізділік бар, болмыстың өнердегі тартыс дәрежесіне жетілуі үшін әр түрлі авторлық өңдеуден өтетіндігі жөнінде айтылған мына пікірге де назар аудару орынды сияқты: «Көркем шығарманың драмалық сипаты бастау алу үшін өз кезегінде белгілі бір сатылардан өтеді. Қарапайым «айырмашылық» қарамақайшылыққа ауып, ол жағдай дәрежесіне көтеріледі. Жағдай белгілі бір сәт (ситуация) әсер еткенде айқындала түседі. Ал, коллизия (ала-ауыздық, талас) белгілі бір нақты сәтте дамиды қарама-қайшылықтың ашылу формасы. Ал, драматизм болса осы ұғымдардың барлығын біріктіріп көркемдік дәреже бере алатын негізгі күш» [3, 41].

Өз кезегінде бұл ұғымдар драматизм табиғатын ашатын оның ең бір негізгі көріну түрлері ретінде айқындалады. Соңғы кездегі ғылыми-теориялық еңбектерден драматизмнің мағынасын «тәртіп параметрі» тұрғысынан бағалау көрініс беретінін байқауға болады. Әр ұлттың ұлы тұлғалары болады. Олар қаншама ғасырлар өтсе де сол ұлттың мөрі секілді санаға соғылып, адамзаттың ортақ құндылығына айналады. Ағылшындар үшін – Шекспир, француздар үшін – Бальзак, орыстар үшін – Пушкин, үнділер үшін – Тагор, өзбектер үшін – Науаи, түркімендер үшін – Мақтымқұлы, әзербайжандар үшін – Низами, қазақтар үшін әрине – Абай. Сол Абайдың ұлылығы мен данағөйлiгiн ашқан Мұхтар Әуезов те өткен ғасырдағы қазақ

әдебиетінің алыбы. Мұхтар Омарханұлы Әуезов ұлт әдебиетінің алтын ғасырының бастауында тұр. Ол қазақ өркениетінің жаңа болмысын ашқан жазушы, ғалым, ұстаз, драматург, сыншы. Бір сөзбен түйіндеп айтсақ, энциклопедиялық ұшан-теңіз білім дариясының кемеңгері әрі ұлы қайраткері. Ұлы суреткер феодалдық қоғам ыдырап, қазақ қоғамы капитализмді айналып өтіп, социалистік қоғамның орныға бастаған тұсында әдеби өмірге келді. Сондықтан да білімділердің бел ортасынан өз орнын ерте ойып алды, ерте жарқ етіп көрінді. Бірақ замана сұранысына дендеп кіріп, кеңестік әдебиеттің күрескері де, жаршысы да болып кете алмады. Қытай ойшылы Конфуцийдің: «Өтпелі кезеңде өмір сүрме», – деген даналығы дөп келді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Мұхтар Әуезов революцияның қызыл қыраны да, дауылпазы да бола алмады. Ол өзінің жан дүниесін баурап алған ұлы мақсаттарды бірте-бірте жүзеге асырды. Бұл жазушылық һәм ғалымдық жол еді. Осы жол Мұхтар Омарханұлын азапты жолға апарды, осы жол Мұхтар Омарханұлын әлем мойындаған қаламгерлердің сапына қосты, осы жол Мұхтар Омарханұлын академиктік дәрежеге алып келді. Осы жол Мұхтар Омарханұлын шын мәніндегі халықтық жазушы деңгейіне көтерді. Ал халық жадына енген адамды уақыт та, заман да, қоғам да тарихтан сызып тастай алмайды. Бірақ осындай халық махаббатына жету үшін Мұхтар «тар жол, тайғақ кешулерден», жабыла қапқан аш бөрі сыншылардан, екіжүзді саясаттың, ауыр идеологияның қанды қақпанынан өтті. Мұхтар Әуезовтің бұл хаты биліктегілердің шамбайына тигені анық еді. Ашық ойдан жау іздеу қара шегіркедей қаптап, қоюланып келе жатты. Семейде «Еңлік-Кебектен» кейін іле-шала жазылған және гамлеттік оқиғаны бұлдыр елестететін М. Әуезовтің «Қарагөз» пьесасы көрермендердің ерекше ықыласына бөленді, пьеса 1926 жылы жарияланып, сол жылы Семейде қойылды. Репертуардан тез алынып тасталған осы туынды отыз жыл өткеннен соң, КПСС-тің XX съезінен кейін ғана сахнаға қайта оралды. «Қарагөз» трагедиясының көркемдік ерекшеліктері, шығармашылық тарихы, қойылымдары, тарихи негіздері жайында Әбділда Тәжібаев, Рымғали Нұрғалиев, Бағыбек Құндақбаев, Тұрсын Жұртбай, т.б. көптеген зерттеушінің еңбектері бар. Жан-жақты зерттелген. Шығарма күрделі психологиялық драма, беті айқын трагедия. Көркемдік компоненттерін барлық жағынан алғанда әлемдік драматургияның үздік үлгілерімен еркін салыстыруға болады. Бас бостандығына жете алмай, ескі ғұрыптардың құрбандығы болған жастардың тағдыры көрсетіледі. Әрине, осындай шығарманың жаңа нұсқасы дегенде көрерменнің елең ете қалатыны заңды. М. Әуезов «Қарагөзінің» басында сахнаға Нарша мен достары шығады. Қарагөздің өз ауылында ұнататыны бар ма деген күдіктері

бар. Қарагөз бен Сырымның махаббатында тас бөгеттей үлкен кедергі бар. Ол – екеуінің туыстық түбірі жеті атаға жетпегендігі, сондықтан ру дәстүрі бойынша бір-бірімен қосылуға болмайтындығы. Оның үстіне Қарагөз басқа рудың белгілі, беделді жігіті Наршаға айттырылған. Нарша Қарагөздің бетін өзіне бұрып алмағанына қатты налыды. Нарша мен Қарагөз отау тіксе де, Қарагөздің бар ойы Сырымда. Сүйгеніне қосыла алмаған әйелін көрген Нарша ауылдың маңдайы жарқыраған азаматы еді. Жарын түсініп, жанын күйік жеген Наршаны автор көркем әдебиетте кездесе қоймайтын тұлғалардың қатарына қосады. Бір-бірін ұнатқаннан басқа қылмыстары жоқ Сырым мен Қарагөз ел алдында, ата дәстүр алдында үлкен ұятқа қалады. Бірі жынданып өліп, бірі сергелдең өмірдің күйін кешеді. «Жыл құсы» жинағында басылған мақаласында Жұмабай Орманбаев «Қаракөз» трагедиясы туралы орынды-орынсыз көптеген пікірлер айтты. Автор өкінішке орай, байсалды түрде ой толғап баға беру есесіне пышақ кесті үкім айтуды ұстанатын әдебиеттегі тұрпайы социологизм арнасына түсіп кетті. Сол сияқты Ғ. Тоғжановтың «Сын және әдебиет мәселелері» кітабында да «Қаракөз» трагедиясы объективті бағаланған жоқ. Мұхтар Әуезов «Қаракөз» трагедиясының бірінші нұсқасын қаламгерлік сапарда бірқыдыру тәжірибе жиған, қазақ әдебиетінің тұрақты қорына қосылған әлденеше әңгіме, «Еңлік – Кебек» (бірінші нұсқасы), «Бәйбіше – тоқал» пьесаларының авторы болған шағында, Ленинград университетінде оқып, дүниежүзілік әдебиеттің мөлдір қайнар, жалпақ айдындарында сусындап жүрген кезінде жазды. Сол тұстағы білікті сыншы Ғаббас Тоғжанов: «Мұхтардың «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесіндегі», «Қарагөзіндегі» әйелдерін алыңыз – бәрі де тұрмыста болмаған, ойдан, қолмен жасалған адамдар», – деп жазды [4, 159].

Әуезов «Қарагөзді» драматургияның қатаң талаптарының өзіне жауап берерлік сахналық шығарма етіп шығаруға көп күш жұмсаған.

Өмірлік шындыққа табан тіреп тұрған кезде өнер табиғаты сюжет даралығын, ситуация айрықшалығын ізденуді мансұқ етпейді.

Бірақ, типтендіру дегеніміз санға емес, сапаға қатысты нәрсе... Ағасының немере қарындасына ғашықтық хикаясы көкейге қонымды болмаса да, драматург осындай ерекше конфликтіні құптап, сол орайда туатын тартыс шытырманшына қызығып кеткен. Көне грек әдебиетінде аңдаусызда әкесін өлтіріп, өз анасына үйленіп қалған Эдип патша басындағы қайғылы хал, Ги де Мопассанның «Портта» әңгімесінде білместіктен туған қарындасына қосылған жігіттің жан күйзелісі суреттеледі. Бұлардан кейде кездейсоқтық қандай зұлаMAT қызмет атқаратынын көреміз. Ал, Әуезов трагедиясында Сырым мен Қарагөз туыстықтарын біле тұра қосылуға, бірге тірлік кешуге ұмтылады.

Халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық дәстүрі, жалпы адамшылық дәстүрі тұрғысынан алғанда да туыс адамдар арасындағы махаббат жыр ететін, мадақтайтын факті емес. Сырым мен Қарагөзді немерелес етіп алумен драматург трагедиядағы қалыңмалды сынау, әйел теңсіздігін айыптау тенденциясын біршама солғын датты. Өйткені, айтылмыш ситуациядан туатын объективті идея немерелес адамдар арасындағы интимдік қарымқаты-насқа қарсы тұрмау керек боп шықты. Автор бір қаһарманның аузымен құранды да бұған куәға тартады. «Қарагөздің» бірінші нұсқасы пьеса тілі жөніндегі биік талапқа жауап береді. Автор диалогтің салмағы, әрекеттілігінен гөрі, кей ретте фразаның сырт сұлулығы, жалтырап тұруы, шешен естілуіне көбірек ден қойды. Бірінші нұсқаның өзінде Сырым, Қарагөз, Нарша, Мөржан, Асан образдары кесек қалыптарымен шыққан болатын. «Қарагөз» трагедиясының алғашқы нұсқасы Мұхтар Әуезовтің қуатты талантының шарқ ұрған ізденістерінің бір белгісі, реализмнің ашық аспанды, кең алқапты, берекелі өлкесіне келу сапарындағы ескерткіші. «Қарагөз» пьесасын екінші рет қолға алғанда, оқушы қауымға арнап, алғы сөз жазып, бұрынғы нұсқадағы олқылықты түзету, шығарма идеясын тереңдету, сөйтіп, көркемдігін жетілдіру мақсаттарын көздегенін ескертті. «Пьесаның ендігі айқындалған идеясы бойынша, азаптан туған ақындық, қан қайғыдан туған қаза, жекебастың ғана күй шерінен басталып барып көп мұңдар, көп жыла-улар күйіндегі азапты ұғынуға, халықтық қайғы-қамды ұғынуға беттеген шабытты көрсетпек», – деп жазды Әуезов [1]. Мұхтар Әуезов пролетарлық әдебиеттен шошынған, ескі дәуірді аңсайтын, оның құндылықтарын жаңа заманның парасат биігінен жоғары қоятын қаламгерге айналып шыға келді. «Қарагөз» трагедиясы сол садақ қадалатын жамбыға айналды. «Қайран елім қазағым, қайран жұртым...». Ақыры «Қарагөз» сахнадан алынып тасталды. «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Ескілік көлеңкесінде», «Қарагөз», «Бәйбіше-тоқал» сынды классикалық шығармалар арқылы Мұхтар Әуезов қоғам мен адам арасындағы тағдыр таласы туралы трагедиялық шешім арқылы, тұспалды ой айтты. Бұл ұлтты түзеу үшін қажетті дүниелер еді. Бірақ «тырнақ астынан кір іздеу» оңайдың оңайы. Бұл ретте Иманғали Тасмағамбетов пен Тұрсын Жұртбай жазған мына бір пікірге толық қосыласың [1]. «Әуезовтің бұл кездегі жан дүниесінің толғағын аңғартқан да, кейін сан өкіндіріп-опындырған да, ашындырып-аялаған да – осы «Қарагөз». Әлеуметшіл сыншылар әр сөз бен әр нокаттың арасынан жасырын сыр, емеурін іздеді. Олар үшін «Қарагөз» өткенді аңсаған зар, көшпелі әлемнің жоқтауы ғана еді. Сырымның Қарагөздің қабірі басындағы монологынан құранның уағызын естігендей болады» [2, 23]. Бұл дәл айтылған сөз, ащы да болса шындық.

М. Әуезовтің баршаға таныс трагедиясы жаңаша, тың сипатта қойылды. Былай қарағанда, ол пьесаны өзгерткен жоқ. Жай ғана, қажетті акценттерді

суырып алып, алдыңғы планға шығарды. Мүлдем бөлек спектакль шықты. Шығарма «Қайдасың?!» деген Сырымның жанайқайынан басталады. «Үш түн болды, еш жерде жоқ. Адасып кетеміз, қайтайық!» деген жігіттер, «Сендер жүре беріндер, мен кейін барам» дейтін Сырым. Ақтүтек. Табылған қыз. «Сырым, мен сенің келеріңді білгем» – «Мен сені енді ешкімге де бермеймін». Бұл мизансценаның пьесада болмағанын айтып жату артық болар. Көзі-қаракты көрермен түпнұсқада, Әуезовте Сырымның: «Мен Қарагөзді үш күн, үш түн іздегенде өзім үшін таптым», – деген бір-ақ ауыз сөзі барын біледі.

Аққу-қаз әуелейді қалықтаған,
Қайтейін қанатым жоқ қалып барам.
Жүрегім құс боп ұшып кетті-ау бірге,
Жылатып жалғыз қалай алып қалам?

Наршаның Сырымға келуінің бір мәні де осы жолдарда жатыр. Осы уақытқа дейін Нарша көп жағдайда қатардағы байдың баласы болып келді. Әуезов пьесасында: «Сырым, сені Нарша шақырып жатыр», – деп кісі келетін. Теменов трактовокасында Сырым Наршаға өзі келеді. «Мына далада екеуміздей тірі өлік, екеуміздей шерменде жоқ шығар» дейді ол өзін масқаралаған, азаматтық абыройын таптап кеткен Сырымға. Неге айтып отыр? Өйткені, ол – өзінің махаббаты мен өзінің қасіретінде жападан-жалғыз. Оны Қарагөздің туған әжесі болса да, Мөржан түсінбейді. Оны өзінің туған шешесі мен әкесі түсінбейді. Асан да, Ақбала да түсінбейді. Қарагөзден айрылудың қандай болатынын Сырым ғана түсінеді. Байқасақ, бұл бір кездегі «ескілікке», қазақтың дәстүріне, бай-феодалдардың (социализм дәуірінде сондай бір сүйікті сөз бар еді ғой) әділетсіздігі мен озбырлығына қарсы жазылған шығарма емес. Әңгіме Наршаның бай, Сырымның жарлы болуында да емес. Әңгіме Қарагөз бен Сырымды қалайда арашалап алуда да емес. Қай дәуірдің көзімен қарасаң да қазақ жеті атаға жетпей қосылмайды. Әңгіме – махаббат атаулының күштілігінде. Егер Сырым соққыға жығылып елден безсе, Қарагөз жынданып кетсе, Нарша Сырымға келсе, ол сезім қаншалықты күшті болу керек?

Қаз көшіп омырауын алқымдаған
Айдын көл мұңаяды салқындаған
Басынан Төлегендей ғашықтардың
Айналып алты қаздай қаңқылдаған...

Бұл әндегі табиғат пен махаббаттың гармониясы, бұл әндегі қоштасу сарыны спектакльдің градусына дөп келеді. Осыған дейін дәстүрлі қойылымға бармаған Теменов үшін «Дариға дәурен» қазақылықтың кілті сияқты болды.

Қарагөз – әлсіздік. Оның өз туысы Сырымды сүйе де, Сырымды сүйе тұра Наршамен кетуі де, некелі төсегінен қашып шығып Сырыммен

табысуы да, сол масқараның бәріне шыдай алмай, ақыры жынданып кетуі де – әлсіздік болатын. «Қарагөз – психологиясы бағынышты, өте нәзік қыз. Біреу «Вы играли бег от любви» деді. Расында солай. «Қызыл шапан қайда?» дейтін сөз бар. Демек, қыздың абыройы төгілді. Қарагөз неден жынданды? Ғашықтықтан жынданды дегенге ешкім сенбейді. Сырымға сені жақсы көруге тиісті емеспін дейді. Наршаны сүйгісі келеді, сүйе алмайды. Енді шешіліп, Сырыммен кетейін дегенде таяққа жығады. Адамның адамдығы тапталған кезде ол шыдамады». Қазақ театр өнерінің падишасы, марқұм Фарид Шәріпова берген сұхбатында бір кезде өзі ойнаған Қарагөз туралы осылайша сыр ақтарып еді. Тағдыр мен тауқымет, махаббат пен ғадауат. Серілік пен сергелден. «Ақындық құмарлығына елтіген уыз жастар» мен зар еңіреген көшпелі Заман, Ойы екіге жарылған адамның Ақыл азабы, Есіле көсіліп шаттаныш, егіле жылау Мұхтар шығармаларының ішінде тек «Қаракөздің» маңдайына жазылған сыбаға. Жазушының бірде-бір шығармасы дәл осындай қарама-қайшы сезімдердің шарпуына, күрделі құбылыстың қақтығысына құрылған емес, шығармашылық тарихы ең ауыр, бұралаң мен қатпары мол, шығармашылық психология тұрғысынан алғанда да қилы-қилы сезім-күйді қамтыған, жазушы мен кейіпкер ойының араласып кеткені сондай, қайсысы кімнің сөзін жеткізіп отырғанын ажыратуы қиын туынды да осы «Қаракөз». Көкірегінде жиылған запырланды, жан тебіренісін Сырым боп сыртқа шығарған Мұхтардың «ашы даусын» естіретін де «Қаракөз». Біресе, «Арқаның қоңыр желі садақ оғына жыртылған жүрегін жалғады ма» – деп сонау елесі өшкен дәуірді; біресе, «Қарауылдың аңқыта ұшқан алғыр құсы Сырымдай бүгінгі жігіт қияннан тоят тілей ме екен?» – деп сайранды-сауықты, біресе, «домбыра күй тартпайды, жылайды» деп, біресе: «бұлаң жігіт, кермарал ерке тотыны» елестетіп, көңілі алып-ұшқан Әуезовтің бұл кездегі жан дүниесінің толғағын аңғартқан да «Қаракөз». Кейін сан өкіндіріп-опындырған да, ашындырып-аялаған да – «Қаракөз».

Көрнекті театртанушы Б. Құндақбайұлы өзінің зерттеу еңбектерінде, аталмыш пьесаның ұзақ уақыт сахналанбағанының себеп-салдарын терең талдап жазды. «Кеңестік идеологияның қаһарына ұшыраған «Қарагөз» трагедиясы 1970-ші жылдарға дейін сахнаға қойылмай келді. Сол жылдардың басында ептеп өзгеріс пен өңдеуге түскен нұсқасының жаңа тарихы басталды. Соның ішінде социалистік реализм талабына жауап беретін екі кейіпкер балықшы шал мен егінші қартты енгізіп, Сырымның соларды пана тұтуы – пьесаның көркемдік сипатына нұсқан келтірумен бірге, ақылға сыймайтын қисынсыз өңдеу болатын», – деп жазады [5, 248]. Тағдырдың талқысына салып, тәлкегіге ұшыратқан да, болашақтағы зауалдың алғашқы қара құйыны боп соққан да, осы «Қаракөз». Соның ішінде, пьесаның алдындағы «ескі пішінді шал, үлкен ақсақалдың» толғауы Мұхтарға «жүрегін жыртқан садақ

оғындай» қадалды. Абыз бейнесіндегі ақсақал «хан мен қара, би мен бек, ана мен баланың қиялын тербеткен» жыршысындай көрінді. Әлеуметшіл сыншылдар әр сөз бен әр нокаттың арасынан жасырын сыр, емеурін іздеді. Олар үшін «Қаракөз» соны аңсаған зар, көшпелі әлемнің жоқтауы ғана еді. Ал бір ысып, бір суыған творчество адамының көңіл-күйіне пысықырып та қарамады. Сырымның Қаракөздің қабірі басындағы монологынан құранның уағызын естігендей болады. Кедейшіл сыншы Жұмабай Орманбайұлының пікіріне сүйенсек, «Қаракөздің» халыққа беретін тағылым мынау: «Қазақтың қойылмай келе жатқан жаман әдеттері: молаға (әруаққа) түнеу, оны жебеді деп соған сену, өлі аруақтың құрметі мен құдайдың рақымын түсіру, оған жаратылыстың күнін күркірету, найзағай жарқылдау, өлген ашықтар ақыретте қосылады деу, ас беру, езілген таптар езіле беруі керек, үндемеу керек, ақыретте езушіден кегін құдай әпереді деу сияқты сүйекке сіңген жаман ғұрып, мәрдем салт бар... Енді пролетариат үстемдігі езілген ұлт, бүтін еңбекшілерді теңгеремін, оларды социалшыл тұрмысқа жетектеймін деп отыр. Ол үшін түрлі әдістер, жолдар іздеп отыр. Бір жағынан шаруасын, екінші жағынан жауыз байлардың қолындағы саяси билікті алып, үшінші жағынан салт, сананы байлардың қолынан алып, осы күштің бәрін сол еңбекшілердің пайдасына жұмсайды. Байлардың пайдасына жұмсалып жүргендегі түрін өзгертеді, олардың күшін байларға қарсы қояды. Олай болса «Қаракөз» нені көрсетіп отыр? Байлардың сол молаға түнеуін, аруақ, құдайға жалбарынуын, оған құдайдың, аруақтың анық жебейтінін, ашықтардың ақыретте бір-біріне қосылады дейтіндерін анықтап, еңбекшілерге Сырым мен Қаракөзді дәлел қылып көрсетіп отыр... «Қаракөздің» бұл жағынан біздің қарсы тапқа тиетін пайдасы көп, бізге зияннан басқа келтіретін пайдасы жоқ. Ендеше, біздің пролетариат бағытына «Қаракөз» түгелімен қарсы жазылған, біздің пролетариат әдебиетінен орын алмауы керек» [1].

ҚОРЫТЫНДЫ

Көркем ойлау жүйесін қозғалысқа келтіріп, таным санасында екшеп, көркем туындыны дүниеге әкелетін заңдылықтың шешуші ұйытқысы – өнердегі драматизм. Әдебиеттану ғылымында драматизм категориясының жан-жақты зерттелуінің бастауында көрнекті ғалым Р. Нұрғалидың тұрғаны мәлім. Ғалым Р. Нұрғали әдеби – эстетикалық категория – драматизм туралы 1980-жылғы «Вопросы литературы» журналының № 7 санында жарияланған «Движение жанров» атты мақаласында: «...Однако хочется особо подчеркнуть, что в нынешней казахской прозе все большую роль играет драматизм в широком смысле этого слова – я имею в виду не жанровую форму, а пристальное, заинтересованное видение казахскими прозаиками наиболее острых, драматичных явлений жизни», – деп аталмыш категория

туралы өзіндік пікірін танытқан [3, 104]. 1971 жылғы «Жұлдыз» журналында «Сөз – жанр жайлы» атты мақаласы жарияланды [6]. Ғалымның мақаладағы жанр категориясындағы өзара тоғысу, жанр табиғаты туралы көтерілген өзекті мәселелері прозадағы драматизм категориясының табиғатына арналып айтылған ой-пікірлерінің бастамасы еді. Ұшқындаған ой желісі ғалымның: «Драматизм эстетикалық категория ретінде өнердің барлық саласына, әдебиеттің күллі жанрларына қатысты жалпылық, жинақтаушылық сипаты бар ұғымдардың қатарына жатады. Қазақ прозасының қалыптасуын, жеке қаламгердің шығармалары жөнінде жазылған белгілі еңбектерде тиянақталған тұжырымдарды бағалай отырып, зерттеудің жаңа объектілеріне ерекше көңіл бөлу шарт. Осы тұрғыдан қарағанда прозадағы драматизм проблемасын зерттеу – жанрлардың өзара тоғысу, бірін-бірі байыту құбылыстарын, өнердің қазіргі тенденциясын ашып беруге мүмкіндік тудырады. Бүгінгі таңдағы әдебиетке қойылатын биік талаптардың бірі – драматизм» деген пікірінде өз арнасын тауып жатты [7, 142]. Суреткер қандай да болмасын жанрдың талабын өз туындысында эстетикалық таным және драматизм табиғатына сай ұтымды пайдаланатыны заңды. Мәселе шеберлікте және дүниетанымның күрделі күрмеуін өнердің күретамыры саналатын драматизм элементтерімен өрнектей білуде.

Драматизм қоғамдағы келеңсіз оқиғалардың қолжаулығына айналған адамдар тағдырына құрылған трагедияның шындықпен өрілген көркемдік шешіміне куә етеді. «Қаракөз» трагедиясы сан ырғақты ғаламат мол үн жамырай табысып, дауыл дап барып, аяқталатын қаһармандық симфонияның финалындағыдай әсер мен бітеді. Бұл шығарма – қазақ драматургиясының інжу-маржанының бірі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жұртбай, Т.** Бесігінді түзе. – Алматы. 1997., – 337 б.
- 2 **Әуезов, М.** Шығармаларының 50 томдық жинағы. А., Ғылым, 1997., – 424 б.
- 3 **Нұрғали, Р.** Движение жанров // Вопросы литературы, 1980, № 7.
- 4 **Тоғжанов, Ғ.** Әдебиет және сын мәселелері. – 1929. – 159 б.
- 5 **Құндақбайұлы, Б.** Заман және театр өнері. – А. : Өнер, 2001. – 520 б.
- 6 **Нұрғали, Р.** Сөз – жанр жайлы // Жұлдыз. – 1971. – № 1.
- 7 **Нұрғали, Р.** Сырлы сөз. Әдеби сын зерттеуі. – Алматы, 2000. – 434 б.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

К. А. Төлеубаева

Драматизм трагедии Мухтара Ауэзова «Карагөз»

Карагандинский государственный университет
имени академика Е. А. Букетова,
г. Караганда, 100000, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

К. А. Tuleubaeva

Drama of Mukhtar Auevov's tragedy «Karagoz»

Academician E. A. Buketov Karaganda State University,
Karaganda, 100000, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

Статья основана на трагической драме Мухара Ауэзова «Карагөз». В этой научной статье мы смогли показать мастерство Мухтара Ауэзова во всех аспектах его работы и увидеть его научные результаты. История трагедии «Карагөз» была рассмотрена и прокомментирована учеными. Произведений Мухтара Ауэзова – противоречивые чувства, а не сложность явления, но творческая история писателя и героя, в том числе сложнейшая с точки зрения творческой психологии трагедии «Карагөз». В статье передается внутренние переживания персонажа через глубину психологизма. Не имея возможность сделать выбор между двух противоположных решений, внутреннее психологическое состояние Карагөз переплетается с глубоким драматизмом. Показан национальный характер народа, стойко следовавший свои традиции.

The article is based on the tragic drama of Muhar Auevov «Karagoz». In this scientific article we were able to show Mukhtar Auevov's skill in all aspects of his work and see his scientific results. The story of the tragedy «Karagoz» was considered and commented on by the scientists. Mukhtar Auevov's works are contradictory feelings, not the complexity of the phenomenon, but the creative history of the writer and hero, including the most difficult from the point of view of the creative psychology of the tragedy «Karagoz». Internal experiences of the character through psychologism depth are transmitted in the article. Without having an opportunity to make a choice between two opposite decisions, internal psychological state of Karagoz intertwines with the deep dramatic nature. The national character of the people who were firmly following the traditions is shown.

FTAMP 811.1/2

А. Қ. Тұрышев¹, Р. О. Жұманбаева²

¹ф.ғ.к., профессор, Мәшһүртану ғылыми-практикалық орталығының директоры, Ш. Уәлиханов атындағы гуманитарлы ғылымдар саласындағы сыйлықтың иегері, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;
²ф.ғ.м., аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹trushev56@mail.ru; ²riza16041981@mail.ru

С. М. ИСАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘСЕЛЕСІ

Бұл мақалада С. Исаевтың ғылыми еңбектері жайлы айтылады. Ең басты назардағы еңбегі «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» оқулығы болып табылады. Жалпы осы оқулықтың құрамы мен оның ішкі құрылымы жайлы толық ақпарат беріледі. Сонымен қатар, осы еңбегінде С. Исаев грамматика саласына байланысты біршама терминдер мен ұғымдарды атап көрсеткен болады. Яғни, бұл мақалада жоғарыда аталған еңбектің мазмұнына толық ашып, оның әр бөліміне жеке-жеке тоқталып түсіндіреді.

Кілтті сөздер: топтастыру, грамматикалық мағына, грамматикалық категория, морфемалық құрам.

КІРІСПЕ

Ұстазым, ҚР ҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогика институтының ректоры болған Сейілбек Мұхаметжарұлы Исаев «Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты» (Алматы: Рауан, 1998) жылы басылып шыққан оқулығын маған – «Ойлы да өрелі Айтмұхаметке Ұстаздық батамды беремін» – деп қолтаңбасын беріп тұрып, көзіме ойлана ұзақ қарағаны бар. Ол кісінің қарағаны маған «Сиясы кеппеген, су жаңа оқулыққа пікір айта алатын шамаң бар ма?» – деген сияқты көрінді. Ұстазым дейтіндей мен ол кісіден ұзақ жыл дәріс те алғаным жоқ, бас-аяғы үш-төрт рет қана әңгімелесуге уақыты жетті. Бірақ, неге екені белгісіз риясыз дос, көптен бері көріспеген аға мен інілік қарым-қатынаста болдық. Біреу кіре алмаған кабинетіне емін еркін тоқтаусыз кіріп, шыға беретінмін. Шыны керек, Сейілбек ағаны білмеймін, ал өзім ол кісіні шексіз жақсы көрдім, әлі де жадымнан шыққан жоқ. Сондықтан да бірер – кездесудің өзі «ұстазым» дейтіндей ұлы сөзге барғызып отыр. Мақала Сейілбек ағаның көзі тірісінде

жазылған еді, түрлі себептермен баспаға берілмеді. Атағы таудай, аты алты алашқа мәшһүр болған адамның кітабына құр жаяу бізге пікір жазу оңайға соқпаса керек. Ол кезде менің ғылыми атағым жоқ, шыны керек жүрексінген едім. Ендігі жерде бұл мақала оқырман көңілінен шығып жатса, аға алдындағы борышым азда болса орындалып, арқамнан бір жүк түскендей болар еді.

Оқулық бес бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім: «Грамматикалық категория». Үшінші бөлім «Сөздің морфологиялық құрамы». Төртінші бөлім «Сөзжасым және сөз тудыру тәсілдері». Бесінші бөлім: «Сөздерді топтастыру» – деп аталады.

Бірінші бөлімде: Тілдің қоғамдағы алатын орны, коммуникативті қызметі жан-жақты сараланған. Сөз және оның мағыналарының ерекшеліктері, тілдің ойды жарыққа шығару құралы екендігі, ойдың ең кіші единицасы сөйлем, сөйлемнің кіші тілдік единицалары сөз, сөз тіркесі т.б. екендігі нақты мысалдармен талданған.

Сөздің фонетикаға, лексикаға, грамматикаға, морфологияға, синтаксиске де тікелей я жанама түрде тәуелділігі барлығы анықталады. Сөздің ішкі мағыналық және сыртқы дыбыстық жағы: түбір морфема, қосымша морфема арқылы лексикалық мағына және грамматикалық қасиеті ескеріле отырып зерттеледі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түбірдің әдеттегі беріліп жүрген анықтамасының мәнін одан әрі тереңдете түсіп, түбірдің жеке тұрғандағы сөйлемдегі қасиеті, түбірдің өз ішінен туындайтын қасиеті емес, түбір жеке тұрғанда да белгілі бір мағына білдіре алады, ол түбірдің лексикалық мағынасы болып табылатындығын / күміс/ нақты зат атауынан басқа, неден жасалғанын, заттан гөрі нақты затқа қатыстығын, /тас/ нақты зат атауынан басқа, үйдің неден салынғандығын, затқа қатыстығын білдіріп, түбір білдіретін мағынадан басқа қосымша мағына, қатыстық мағына білдіретіндігін нақты көрсете білген. Бұндай ерекшеліктер етістік түбірден де байқалатынын, сөйлемдегі қолданысқа байланысты дыбыстық өзгерістерге түсіп, дамып отыратынын ашып жазған. Орыс тіліндегі түбірдің әр уақытта мағынасы бола бермейтіндігі де салыстырыла кеткен.

Тіліміздегі сөз бен дыбыстың сәйкес келетін /у/у/, /и/и/ қарастырып, белгілі мәнді білдіретін айта келіп, сөздің басты тұрақты белгісі лексика семантикалық, грамматикалық қасиеті болатынына назар аударады. Сөздің лексикалық мағынасы мен контекстік келтірінді мағынаның өресін «жаман» сөзі арқылы жеткізеді. Айталық, «жаман», «нашар» сөздері контексте басқадай айналымға түсетіндігін, сөздің полисемиялық мағынасы көп болғанмен, сөйлемде қолданылғанда бір ғана мағынасы және бір ғана мәнде қолданылатындығын,

керісінше бірнеше грамматикалық мағына болатындығын нақтылай түседі. Басқа оқулықтағыдай емес, сөздің грамматикалық мағынасына да кеңінен шолу жасайды. «Жалпы тіл білімінде» грамматикалық мағынаны жасалу тәсіліне, сөздің грамматикалық сипатын айқындаудағы мәніне қарай профессор С. М. Исаев үш түрге бөліп қарастырады:

I Жалпы грамматикалық мағына;

II Категориялық грамматикалық мағына;

III Қатыстық грамматикалық мағына.

Расында, грамматикалық мағына лексикалық мағынаны айқындайды, грамматикалық тұлғалар арқылы басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсу арқылы пайда болатын туынды /жалпы/ мағына деп көрсетіліп келді. Сол сияқты грамматикалық мағынаның да лексикалық мағына сияқты сөйлеу процесінде, грамматикалық категория сипатындағы ауқымы активті екендігін бұлжытпас дәлелдермен бекітеді. Бұл ғылым саласындағы тың жаңалықтардың бірі екендігін айта кеткен жөн.

Филология ғылымының докторы С. М. Исаев грамматикалық мағынаны білдірудің үш тәсілін /семантикалық, синтетикалық, аналитикалық/ басын ашып, орынды мысалдармен анықтай түскен. Грамматикалық категорияның; Грамматикалық форма /нысан/; Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың сәйкестігі және нөлдік форма деп тақырыптарға бөліп, грамматикалық форманы сөз табының түрлі әрекетке түсуі арқылы көрінетінін ал, грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың сәйкестігі сөз болғанда /грамматикалық мағынаның үш түрінің бірі/ категориялық грамматиканың мағына негізге алынатындығы басты критерий болатындығы дәлелденген. Сөз формасы да оқулықта қалыс қалмаған. Оның грамматикалық формасы мен тығыз байланысты екендігі, А. Ысқақовтың пікіріне орай сөз түрлендіру және форма тудыру ұғымдарының араласып кеткендігін тіліне тиек қылған.

Екінші бөлім. «Грамматикалық категория» – деп аталады. Грамматикалық категорияның өрісі бірнешеу ғана болып қоймай олардың іштей жіктелуін тағы да саралай түскендігі байқалады. Грамматикалық категория болудың алғы шарттарын біріншіден, бірнеше кемінде екі грамматикалық мағына болуы керектігі. Екіншіден, мағыналары тектес, ыңғайлас, мәндес, болуы керектігі. Үшіншіден, грамматикалық мағыналар қанша тектес, ыңғайлас, мәндес болса да бір-біріне қарама қайшы болуы. Төртіншіден, бөліне отырып бір тұтас болуы. Бесіншіден, сөздердің өзі белгілі грамматикалық мағына арқылы берілуі. Алтыншыдан, прагматикалық жүйе құру арқылы, мағыналық тұлғалық сәйкестіктің бір жиынтығы болатындығы бірнеше топқа бөлініп берілген.

Грамматикалық категориялардың тілдік деңгейге қатысты шартты тілде морфологиялық категория; синтаксистік категория деп бөліп, олардан ара

қатынасын, морфологиялық сипатын, ішкі құрылымын мәнін тың үлгіде жаңаша тұрғыда көрсете білген. Мысалы: /сан - мөлшер/ көптік категория, тәуелдік категория, септік категория, мұның өзі септік жалғаудың мағынасы мен қызметі, септік жалғаулар оның грамматикалық және көлемдік септіктерге бөліудің мәні деп қарастырып барып, жақ /жіктік/ категориясы /жіктелу/ сапалық сын есімнің шырай категориясы, етістік түбірінің грамматикалық ерекшеліктері, етістік категориясының ерекшеліктері, етістіктің сабақтылық салттық категориясы, етіс категориясы, етістіктің болымды /болымды болымсыздық/ категориясы, күрделі етістіктер, рай категориясы, шақ категориясы егжей – тегжейлі талданып оның іштейгі бөлінісі грамматикалық категория деген ұғымға тереңдей барып, теориялық тұрғыдан ашып беруі дәлелді шыққан.

Үшінші бөлім. Сөздің морфологиялық құрамы. Сөздің морфологиялық құрамы әдеттегідей лексикалық мағына қатысына байланысты емес, сөздің грамматикалық мағынасына байланысты 3 түріне қарай бейімділігін айта отырып, басқа сөздерге осы сипаттағы мағына үстеуге негіз болатын бөлшекті морфема деуге болатынын негізге алды. Сол сияқты лексикалық мағына білдірге алатын түбірдің морфологиялық құбылысын сараптап, лексикалық үлестік мәні барын көрсетеді. Сөйтіп, лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаның сыр сипатын екеуіне де ортақ белгілерін тән қасиеттерін зерттейді. Сөздің құрамындағы морфемалар білдіретін мағынасы мен атқаратын қызметі жағынан олардың ерекшелігін ескеріп /түбір морфема, қосымша морфема/ – деп бөліп алып, сөздің морфемалық құрамын мағыналық қызметін басқа қарынан көрсетушілігі бар/ омонимдік, синонимдік, антонимдік, моносемиялық, полисемиялық/ және олардың тағы даралық сипатының барлығын айқындайды.

Осы жағынан келгенде сөздің морфемалық құрамы морфологиялық талдаудың жаңашылдық үлгісінде бой береді. Қосымшалардың жіктелуінде: қазақ тілінің қазіргі қолданысындағы айрым белгілері, мағыналық қызметі, семантикалық мән мағынасы т.т. «аффикс» деген термин дәл осы тұрғысында, дәл осындай сипаттағы түрімен таныта алмайтынын, яғни бірге бір келмейтіндігін жазады. Тілші ғалымдардың қосымшалардың мағыналық, қызметтік ерекшеліктеріне қарай түрлерге бөліп, қолданылуының да өзіндік заңдылықтары бары талданудан қағыс қалмаған. Сөйтіп, қосымшалардың жіктелуінің теориялық үлгісін схемаға салып көрсеткен (қараңыз: 230 б).

Қосымшалардың мағыналық, құрылымдық ерекшеліктері, мағыналық жағынан екшеледі. Мысалы, сөзжасам қосымшалары лексикалық мағынаны білдіруін, ал сөзтүрлендіргіш қосымшалар «грамматикалық мағыналарды білдіруін анықтайды да сөзжасам және сөзтүрленім қосымшаларының бір тобы ғана мағына беріп: моносемиялық болып, екінші тобы бірнеше мағына

беріп полисемиялық қосымша болып бөлінетіндігін қосымшалардың сөз ішіндегі қызметі арқылы дәлелдейді. Сөзжасам және сөз тудыру тәсілдері. Оның анықтамасы мен тіл білімінде алатын орны зерттеу объектісінің үш белгісі нақты беріледі. Біріншіден, сөзжасамның мәні мен сипаты, ерекшелігі анықтамасы. Екіншіден, сөзжасамға тән лексика семантикалық, семантика грамматикалық қолданысы, үшіншіден, жеке өзі лингвистиканың бір саласы бола ала ма? деген сауалдар тәңірегінде өрбиді. Сол маңайдағы сөзжасамның грамматикалық сипатын, морфологиялық принциптерін, лексикалық қабатын, тілдік процесс үстінде, тілдік факті ыңғайында қаралады. Сөзжасамның синтетикалық /морфологиялық/ тәсіл: біл+ім, тый+ым, түс+ім, келіс+ім, бұрал+қы, бүгін+гі, тоңазыт+қыш, желдет+кіш, бас+қыш т.б. Синтаксистік /аналитикалық/ тәсіл: айбалта, белбеу, көр+тыш+қан, үшбұрыш, бесжылдық, бүгін, биыл т.б. Лексикалық-конверсиялық тәсіл арқылы жасалған сөздер тобы да көрініс тапқан. Лексикалық тәсіл басқа тілдерден енген сөздер жиынтығы жатса, конверсиялық тәсілге есім етістік тәрізді түрлі синкретизімдік тілдік құбылыстардың қалдық көрсеткішін жатқызады: тат /өсімдіктің, заттың сыртқы жұғатын түрі немесе көне түркі тілінде астың дәмі /және тат /ауыз тию, дәмін алу: астан тату/ т.б. Немесе конверсиялық тәсілдің субстантивтену /заттану/, адъективтену /сындық сипатқа айналу/, адвербиалдану /үстеуге айналу/, прономиндану /есімдікке айналу/, вербиалдану /етістікке айналу/ процестеріне де мысал келтіре отырып көз жеткізген. Сөзжасам үлгілерінің өнімділік, құнарлық сипатын бүгінгі өмірмен байланыстары қарастырғаны өте сәтті шешім болып табылады.

Төртінші бөлім. Сөздерді топтастыру. Бұл салада грамматикалық топтар жөнінде сөз болады. Байырғы атаушы сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер дегендердің морфологиялық белгілері айқындалмағанын формальдықтың түрлену, түрленбеу сипаты әлі айқын еместігін, қысқасы морфологиялық белгілер сөздерді атаушы, көмекші, одағай – деп бөлуге негіз бола алмайтының зерттеп, тұжырым берген.

Дәл анықтауда сөздерді топтастыру принциптері және сөз топтары деген таралым беріп, бүге шігесіне дейін талдаған. Сөз таптары бұрынғыдай 9 емес, 10 деп көрсетіліп барып, олардың тіліміздегі алатын орны, қызметі сараланған. Модаль сөздер – сөз табы ретіндегі ролі айқындалған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, филология ғылымының докторы, профессор Исаев Сәйілбек Мұхаметжарұлының аталмыш оқулығы тіл білімі саласындағы орны ерекше. К. Аханов, А. Ысқақов т.б. тілші ғалымдардың еңбектерінен кейін, бірнеше жылдар өтіп тіл мәселесінде қордаланып қалған проблемаларды шешуде табылмайтын

құрал. Тілдің өте күделі саласы грамматиканың сан салалы, ішкі құрылымдық жүйесін бақайшағына дейін шағып, талдап берген, бұл зерттеу еңбек студенттер үшін ғана емес, жоғарғы оқу орнында қызмет жасап жүрген әріптестердің қолына түсе бермейтін көмекші әдістемелік оқулық деп білеміз. Бүгінгіге дейін морфология бөлімінде анықталмай келе жатқан, күманды, дұдамал грамматикалық мағына, грамматикалық форма тәрізді негізгі ұғымдарға басы ашылып, нақты бағасы берілген. Әсіресе, қазіргі заман ағымына байланысты дамып, жетіле түскен сөзжасам процесін тілдік құбылыс ретінде қарастырып, тың өріске, жаңа деңгейге көтере ғылымның жаңа объектісі деп танудағы оған сүрлеу салғаны, осы саладағы мамандарға немесе жас буындарға үлгі болмақшы. Бір сөзбен айтқанда бұл оқулық тәңірегіндегі келелі ойлар әлі де толастамақ емес.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Маманов, Ы. Е.** Қазіргі қазақ тілі. Лекциялардың текстері. – Алматы, 1973. – 89 б.
- 2 **Маманов, Ы. Е.** Сөз, морфема, қосымша туралы түсінік // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1991. – № 7. – Б. 17–19.
- 3 **Гвоздев, А. Н.** Современный русский язык. – Ч. 1. – 1961. – 118 с.
- 4 **Виноградов, В. В.** Русский язык. – 1944. – 25 с.
- 5 **Исаев, С.** Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы : Рауан, 1998. – 303 б.
- 6 **Жаңабекова, А. Ә.** Сөз формаларын жасаудағы қосымшалардың функциялық ерекшеліктері. Канд. дисс. – Алматы, 2001. – 160 б.
- 7 **Маманов, Ы.** Қазақ тіліндегі көптік форма // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2-шығыуы. – Алматы, 1973. – Б. 31–36.
- 8 **Омарова, А.** Қазақ тіліндегі нөлдік морфеманың функционалдық және семантикалық аспектісі. ф.ғ. док.дисс. – Алматы, 2006. – 281 б.
- 9 Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы, 1967. – 264 б.
- 10 **Мырзабеков, С.** Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің құрылымына статистико-лингвистикалық талдау. – ҚД, 1973. – 242 б.
- 11 **Жұбанов, Қ.** Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы : Ғылым, 1966. – 362 б.
- 12 **Байтұрсынов, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 446 б.
- 13 **Маманов, Ы.** Қазіргі қазақ тілі. Етістік. – Алматы : Мектеп, 1966. – 156 б.
- 14 **Бондарко, А. В.** Принципы функциональной грамматики и вопросы аспектологии. – Ленинград, 1983. – 208 с.

15 **Түймебаев, Ж.** Өткен шақ формаларының транспозициясы // Қазіргі қазақ әдеби тілінің грамматикалық құрылымы. – Алматы, 1983. – Б. 94–101.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

A. K. Turyshev¹, P. O. Zhumanbaeva²

C. M. Исаев и проблема казахского языка

^{1,2}Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова,
г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

A. K. Trushev¹, R. O. Zhumanbaeva²

S. M. Isaev and the issue of the Kazakh language

^{1,2}S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

В этой статье рассматриваются научные труды С. Исаева. Наиболее важной работой является учебник «Грамматическая природа слов на современном казахском языке». В общем, представлена подробная информация о структуре этого учебника. В то же время С. Исаев указывает некоторые термины и понятия, связанные с грамматикой. То есть в этой статье можно полностью раскрыть содержание описанной выше работы и объяснить ее каждый раздел по отдельности.

This article examines the scientific works of S. Isayev. The most important work is the textbook «The grammatical nature of words in modern Kazakh». In general, detailed information on the structure of this textbook is provided. At the same time, S. Isayev points out some terms and concepts related to grammar. That is, in this article you can fully disclose the content of the above work and explain each of its section separately.

А. Қ. Тұрышев¹, Р. О. Жұманбаева²

¹ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы;

²ф.ғ.м., аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ., 140008, Қазақстан Республикасы
e-mail: ¹trushev56@mail.ru; ²riza16041981@mail.ru

**ЗЕЙІН ШАШКИННИҢ «ДОКТОР ДАРХАНОВ»
РОМАНЫНЫҢ ТІЛІ**

Бұл мақалада автор Зейін Шашкиннің шығармашылық әдебиетіндегі арнаулы сөздеріне баса назар аударған. Сонымен қатар, бұл мақалада галым біршама түбір сөздерге мән беріп, жеке-кей анықтама берген. Мұнда көмекші етістіктердің бірталай мысалдары келтірілген және олардың қайда әрі қалай қолданылатынын нақты мысалдармен көрсете білген. Тек қана бұлар емес, сонымен қоса түрлі шылаулар, кірме сөздер жайын сөз еткен. Ономастика саласына байланысты кейбір терминдер ажыратылып, жалты пікірлер берілген.

Кілтті сөздер: шылау, етістіктер, көмекші етістіктер.

«Зейн Шашкин принадлежит к тому типу писателей, которые рождаются в литературе нелегко и нечасто.

Он обладал настойчивостью искателя, занятиями ученого, тактом и интуицией художника-реалиста.

3. Шашкин внес значительный вклад в развитие современной казахской прозы в повышение ее художественного уровня».

Николай Анов

КІРІСПЕ

Екеш. Қомсыну демеулігіне **екеш** шылауы ғана жатады. Ол тіркесетін сөзге қомсыну, кемсіту, тіпті кейде мұқату сияқты мағыналық реңктер үстейді. Бұл шылау көбінесе есім сөздерге тіркеседі де, олардан үнемі кейін, поспозициялық қалыпта тұрады [1, б. 402]. *Құс екеш құс та балапанын ұядан қияға ұшырып үйретеді; Мысалы, сізді кәсіподақ бастығы жиналыс екеш жиналысқа да қатыспайды дейді* (З. Шашкин) [2, б.15, 29]. *Кеше ғана дене мұздатып, бет қаритын ызғарлы жел екеш жел де бүгін жұмсарып,*

торғындай мойынға оралып, Нұрланның толқыған қара шашын дударлай келемед етеді [5, б. 327].

Еміс-еміс. Толымсыз көмекші етістіктер. Бұл топқа енетін көмекші етістіктердің саны көп емес. Оларға сөздіктен жеке сөз ретінде лұғаттық орын алғанымен, практикада (ауызша, жазуша тілде) я әуелгі (**ер**), я қазіргі (**е**) түбір күйінде қолданылмайтын жалғыз сөз – е етістігі ғана, ол негізден өрбіген формалардан сақталып жүрген шалағай **еді** (ер+ді), **екен** (ер+кен), **емес** (ер+ме+ес) сөздері және **еміс-еміс** деген қос сөз ғана жатады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бұл көмекші етістіктің е түбірінде қазір толық лексикалық мағына жоқ. Оның тек жоғарыда аталған **еді, екен, емес, еміс-еміс** формалары ғана болмаса, өзге парадигмалық формалары қазіргі тілден шығып қалған. Сөйтіп, бұл көмекшілер – мазмұны жағынан да, форма жағынан да шалағай, яғни, толымсыз сөздер. Бірақ лексикалық мағыналары да, грамматикалық формалары да толымсыз (шалағай) болғанымен, олар тілімізде айрықша мол функция атқарады.

Емес көмекшісі әуелдегі **ер+ме+с** формасынан пайда болған. Бірақ бұл форма өзі тіркесетін сөзге ешқандай да шақтық мән үстемейді, тек болымсыздық мағына үстейді, бірақ, қажетіне қарай, жақ формаларын қабылдайды. Мысалы: *мен бала емеспін; сіздер көрген емессіздер* т.б. Сөйтіп, бұл форма шақты білдіру қабілетінен айрылып, тек болымсыздық мағына білдіретін дәнекер сөз болып қалыптасқан.

Ескерту: Қазіргі **еміс-еміс** (*білемін, естимін*) деген қос сөз әуелгі *ер+міс* (*ер+міш*) формасының қайталануынан туған сөз тәрізді [1, б. 262–264]. *Жүректің арғы түбінен еміс-еміс ренішті дауыс та естіліп қалады: «Ей, доктор, сенің іздеген гүлің осы ма еді?»* [2, б. 29]. «Қозы көрпеш – Баян сұлу» – жырында:

Қыл көпірден адамды айдар **еміш**,

Қылмыстыны тамыққа айдар **еміш** (Фролов нұсқасы).

Еміш-еміс варианты ұшырасады. **Емес** көмекшісі әуелдегі **ер+м+с** формасынан пайда болғанын Ысқақов жоғарыда айтты. –**Міш** жұрнағы мен е көмекші етістігіне жалғану арқылы дейді (А. Есенқұлов), **ерміш (с) еміс-еміс** үстеуі қалыптасқанға дейін сандаған ғасырларды басынан өткергенін жазады (Ғ. Нұрсүлейменов).

Тиеді құлағыма **еміс-еміс**,

Октябрь он жетінші манифесі (Мәшһүр Жүсіп).

Емес болымсыздығы **емес, емей, емегенде** деген тәрізді тұлғалық өзгерістерге ұшырағаны байқалады. Есімшенің келер шағының –**р** жұрнағының орнына жүретін –**с** жұрнағы болымсыз –**ма** түрінен кейін

жалғанады: **е-ме-с.** Осы түріне көсемшенің үнемсіз түрін жасайтын -й жалғасақ емей көмекшісі болып шығады [3, б. 33–34, 140–141].

Кірме сөздер: 3. Шашкиннің «Доктор Дарханов» деген романында кірме сөздердің түр-түрі ұшырасады. Заттық мәдени, рухани мәдени лексика деп екіге бөлуге болады. Мағыналық жағынан мына топқа бөлінеді: қоғамдық, үй-тұрмыстық, медициналық, әскери, ғылыми, техникалық, шаруашылық т.б. Кірме сөздер өз ішінде тағы да басқа шет тілінен еніп тұлғасы жағынан өзгеріп, сіңіп кеткен болып бөлінеді. Кірме сөздердің басқа екі түбірден жасалған үлгісі, сөз тіркесі арқылы, мақал-мәтелдер, өлең шумағы, қазақтың төл қосымшасын жалғау арқылы, тұлғасы өзгерген т.б. кездеседі.

Мысалы: доминанто, магнит, лиха беда начало (мақал), институт, солдаттардың, анкета, пароходства, революция, коммунист, партия, округ, комитет, командировка, профессор, родился в сорочках (мәтел), офицер, сухар, книжник, трамвай, телеграф, палуба, матрос, гармон, автобус, рефлктор, салфетка, пижам, камертон, клуб, концерт, кино-театр, коллега, шифонер, музыкалық, техникум, камертон, совхоз, облыстық ансамбль, тумбочка, рамка, люк, этаж, электр, стол, тост, бокал, автор, тумбочка, календар, кресло, коллега, командировка, колхозым, трактор, норма, бригада, газет, акт, телефон, комитетет, теория, аспирантура, диссертация, актерге, папа, черт с ним, комот, драп польто, прием, семья, архитектурасы, завод, паром, вахтер, пожалуйста, примус, минут, поезд, скучный, преферанс, гамбит, купе, станция, тамбур, экскалатор, фойе, партер, увертюра, музыка, мешандық, атомат, телеграмма, гастроль, анонимка, рюмка, репетиция, плен, факті, дурак, полковник, бабуся, диплом, автобус, тарелка, пенсия, папка, сволчь, паротокол, медовый месяц, документ, буфет, касса, мелиционер, стакан, билет, станция, костюм, душ, капитан, коттеж, стиль, секция, графин, плита-пеш, шефповар, мода, вестибюль, я сделал, что мог, пусть те, что могут делают лутчше! Платон мне друг, но истина мне дороже (мақал), черт возьми, миндаль, анекдот, кроваттың, инженер, атом, суттегі, бомба, грамм, тактика, конференция, купит котов в кошке (мақал), художник, революция, эгоист, гитара, романтика, геройлары, кино, роялі, конфет, случай, бюрократ, комбайнер, эстрада, трагедия, металлургия, цех, мартен цехы, бригадир, советінің, конверт, аллея, экс оффицио, офицер, пластмасса, почта, вальс, сфинкс, миллиард, граф, форточка, буфет, философ, не везет, секретарь, кино, легион, пионер, депутат, председатель, чемодан, честное слово т.б.

Кірме сөздердің формасының өзгеруі: бай-құлақ, шананың, магазин, радиоқабылдағыш (тұлғасы бөлек сөздер) крауат, самауырын, керуует, машина, кровать, нәштеп (дилекті) т.б.

Медициналық терминдер: зат, киім, аспаптар, құжаттар, біріккен түбірлі, қос сөз, басқа шет тілінен енген түрлері ұшырасады.

Мысалы: аптека, рецепт, медсестра, санатори, фельдшер, барометр, спирт, организм, медицина, путевка, құлақ-мұрын, көмекей, дәрігер, доза, диагноз, студент, диспансер, микроб, микробиология, ларингология, терапия, терапевт, нерв, көмей көрінетін айна, карточка, доктор, статоскоп, диагноз, облыстық денсаулық бөлімі, қотыр, емдеу, таз қотыр, өкпе ауруы, палата, клиника, рак, кеңірдек, фиброма, рецепт, антибиотика, стрептомицин, креазот, құлақ-шеке, операция, баранхоскопия, туберкулез, веропол, люминал, зонд, гипноз, папиллома, биопсия, лаборатория, ақ халат, отделение, корпус, рентген, очагтың, рентгенограмма, ларинголог, психоз, рентген саулесі, психология, туберкулез емдейтін клиника; ассистенттер, люминал, донор, глюкоза, камфора, витамин «К», группа, пневмония, анатомдай мүше, микроп, ятрогенная болезнь, микроп, лейкоциттер, нетрофиль, лимфоцит, стетоскоп, плеврит, аппарат, пенициллин, сеанс, диагноз, флегманозный ларингит, трахотомия, новокаин, шприцы, иод, блокада, трубка, рентгенография т.б.

3. Шашкин кітабында кірме сөздерге түсініктеме беріп отырған: лиха беда начало – басталуы-ақ мұң; сухар, книжник – қатыгез, кітапшыл; карточка – аурудың тарихын, емін жазған қағаз, бронхоскопия – кеңірдекті дүрбімен қарау; анонимка – ат қоймай жазатын жасырын сөз; көмекей ауруын емдейтін – ларинголог; мына бір сақинадай дөп-дөңгелек тесік – каверна – жарылған жара; сол жақ өкпенің тең жартысы қап-қара ісік, – мұны лобит дейді; екі өкпенің екеуі де бұршақ екендей шұп-шұбар, мұның атын балалаған очактар дейді; Есіңде ме, вени, види, вици – келді, көрді, жеңді – латын мәтелі; Вот те на Юрьев день – Мә, саған Юрьевтің күні; Я. Так проходит слава мира – даңқ, атак дүниеден осылайша өткен; Земский врач – Россияның ең түкпір жерлеріне барып, халық арасында қызмет істеген дәрігерлер; Кох құртының ұясы – Кох туберкулез құртын ашқан ғалым. Туберкулез құртын соның атымен атайды; Профузный – лақылдатып қан құсу; Циниктер – арыз адам; Ланцетті – дәрігерлердің пышағы; Конюльді – дем алатын қуыс темір; Озон – оттегінен де таза ауа; Закон сохранения энергии – қуатты сақтау заңы; Полноте – жетеді; Перкуссия – саусақпен тырсылдатып, соның дыбысынан өкпенің ауруын айыру; О святая, простота – о, бейшаралық – деген мағынада; Тонометр – қан толқынын өлшейтін аспап; Реляскоп – Көмекей қарайтын аспап; Экс ювантивус – болжаумен емдеу т.б.

Орыс тіліндегі өлең шумағы:

Глухие тайны мне поручены,
Мне чье-то солнце вручено
И все души моей излучины
Пронзило крепкое вино, –
Немесе;

Твое лицо мне так знакомо

Как будто ты жила со мной...

Медициналық диалог: Көршінің қызы Сагиламен танысу үлгісі:

– Иә, құлақ па, мұрын ба?

– Даусымның қарлығып жүргені...

Дауысына құлақ түріп байқасам, қарлыққаны шамалы. Мандайындағы рефлоторды түзеп, қызды қарам-қарсы отырғызып қолына салфетка ұстаттым.

– Мына салфеткамен тіліңді ұста да, тарт, – дедім мен оған, жасы кіші болған соң «сен» деп еркін сөйлеп.

– Тілімді жұлып ап жүрсем... – сылқ-сылқы күледі. Күлкісі жайлы да тартымды.

– Онда орнына өз тілімді салам.

– Ағатай, мен үшін сақау боп қайтесіз...

– Бетіне үңіле қарадым, не қылған өткір де, ашық жан: Енді ол мені иірім судай дөңгелетіп, әкетіп барады.

– Сен сияқты ақ жарқын қарындас үшін сақау болсам арманым жоқ.

– Сізді сақау ғып мұратыма жете алмаспын. Осындай жақсы сөз айтатын тіл өзіңізде-ақ тұрсын.

– Қыз тағы жымиды [2, б. 21].

Бұндай диалог үлгісі қазақ тілінде сирек ұшырасады. Медициналық термині аралас, ойнақы әзіл-қалжыңы жастық шаққа бек жарасып тұр. Бұдан біз З. Шашкиннің өзіндік қолтаңбасын көреміз. Ешкімге ұқсамайтын стилін байқаймыз.

Онамастика: антропонимдер, топонимдер болып бөлінеді: Мағынасына қарай топтастырсақ: кірме онамастикалық атаулар, олар шет тілінен енген атаулар, қысқарған атаулар, жер, су, өзен, көл, тау, бұғаз, адамның әкесінің аты-жөні, жынысына қарай әйел, еркек т.б. болып бөлінеді.

Мысалы: Павлодар, Бурабай, Қиыр Шығыс, Ертіс, Дархан, Ленин, Баянауыл, Ерейментау, Кереку, Ертіс, Коряков, Затон, Римде, Морзе, Бестужев, Москва, Приображенский, Сусанна Михайловна, Рим, Катулл, Князь Игорь, Сверлов, Смольный, Сталин, Генриетта Марковна, Львов, Ақмола, Кравцов, Жұмбақтас, Оқжетпес, Көкбұғаз, Ақбура, Павлов, Ялта, Симферополь, Победа (машина), Қырым, Дмирджи, Алушта, Ай-Тодор, Ай-Петри, Штокин, Мифодий Сергеевич, Ленинград, Солтүстік Кавказ, Жетісу, Дмитрий Фурманов, Алексей Иванович, ЦК партия (қысқарған сөз), Вирхов, Франция, Шортанды, Үлкен Шабақты, Кіші Шабақты, Майбалақ, Қотыркөл, Дәмеш, Нияз, Жұмбақ тас, Иван Петрович, Варвара Платоновна, Алексей Иванович, Түркістан, Дарханов, Гиппократ, Авиценна, Фракасторо, Лаэннеку, Кох, Степняк, Еңбекшілер, Қызылту, Макинка т.б.

Сөздің еркін мағынасы: Түлкі жаға дарап пальто... Ақ боты... Панбархыт көйлек... Алтын жүзік... Алқа... Алтын сағат...; Жаз болса: үстінде гүлді жібек көйлек, қолда ақ биялай, аяқта сүт түстес туфли; қыс болса кигені: түлкі салған қаракөл пальто, аяқта ақ боты т.б.

Эвфемизм: *Ниязқа, мен екіқабат боп қалыптын... – деп еңкілдеп жылап жіберді.* Адамның балалы болғанын екіқабат сөзі алмастырып тұр. **Дисфемизм** кеміту, қорлау, жаратпау ұғымын тудырады: – **Боқмұрын, шикі өкпе!** – деді ол ызаланып орнынан тұрып. Сен де бір – ана қабырғада жорғалап бара жатқан шыбын да бір: басып қалсам жоқ боласың, бейшара! Баланытастай беріп, салым суға кетіп, **сүмірейіп** үйден шықтым. **Сүмірейіп**, кір-кір күйде жетіп барғаным өрескел көрініп жүрмесе? – **Хайуан!** Осындай «жер құрты» қайдан пайда болады? Бұл сөздер әдеби тілдің үлгісіне жатпайды. **Боқмұрын, шикі өкпе, сүмірейіп, хайуан** деген дисфемизмдер көркем шығарманың әрін арттыру үшін, ауыз екі сөйлеу үлгісін беру үшін кейіпкер тілінде қолданылады. З. Шашкин осы тәсіл арқылы кейіпкерлерінің мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін көрсетіп, нақты бейнесін жасаған.

Көне атаулар: дирмен, жиһанкез, әзәзіл, азанда (дилекті), дәліз (дилекті), басымнан мәути алдырып, диван, шөлмек (диалекті), шарап, нәшіне (диалекті) т.б.

Ауыз екі сөйлеу стилі: көйлекшен, турсишен, турсишаң т.б.

Мақал-мәтелдер: қазақ байыса қатын алады, тар жол тайғақ кешу т.б.

Тілдік (сөздік) метафора: өмір шоктығы, қуыс-қалтарысы, қара бұлт төнген, жаның рахат тауып, көк тұқылдың әлі күні үйленбегені, қайғы қасіреттің көлеңкесі, желдің қайдан соққаны, қара мысықтың барын сездім, тіліңе сақ бол, екі өкпемді қолыма алып т.б.

Сөздің фонетикалық варианттары: мұрадыма-мұратыма, ғып-қып, шүберек-шүперек, гөр-көр, қазір-кәзір т.б.

Тенеулі суреттеу: *Аздан соң ныс-ныс еткен, иесінің өзі сияқты домалақ сары самауырынды көтеріп Сагиланың шешесі келді де: «мылжыңдап баланың басын ауырттып, қайдағыны айтасың, одан да сырқырап жатқызбайтын буыныңның ауруын сұрасайшы?»* деп күйеуін зекіп тастады [2, б. 26]. Иесі өзі көтеріп әкелген самауырын сияқты. *Поезд зырлап, арқа жазығының ашысың қуырып келеді. Поезд доңғалағына оралған жел – матадай жырттылып, дырылдап рельс бойына десте-десте боп төселіп жатты.* Зырлап келе жатқан поездың жылдамдығы жыртылған желмен салыстырылады.

Синегдоха: *Ауданда денсаулық бөлімінің бастығы бір бұқа бар, таңертеңнен кешке дейін аңдатыны қызыл желек. Мұрының ұшы қып-қызыл, дәуде болса арақтың құдығы шығарсың. Әнеугі қызыл мұрын сияқты біреу кездесе, дұрыс дұрыс қызмет істер саған!...* З. Шашкин ауыспалы

мағынада қолданылған **бұқа** сөзіне астарлы мән беріп, тартымды бейне жасайды. Синегдоха тәсілі арқылы сөздің мағыналық жағынан түрлендіріп, үлкен ықпал етеді. **Бұқа** сөзі тура мағынасынан басқаша айтылып, бүтіннің бөлшегі ретінде **адам** деген ұғымды бейнелеп тұрса, **қызыл желек** – қыз-қырқын деп түсінеміз. **Арақтың құдығы** – ішкіш, **қызыл мұрын** – жаман адамның бейнесі екендігі айтпаса да белгілі болып тұр.

Қатар екі құбылысты бенелеу тәсілі: *Мен де арқамды беріп, теріс айналдым: терезенің суық шынысына бетімді тақап, поезбен қатарласа жарысқан орманнан көзімді алмай тұра бердім.* Зулап келе жатқан поезбен қатарласып келе жатқан орманның суреті көз алдына келеді. Адамның ішкі құбылысын бір құбылыс арқылы бейнелеу: *Үйге келдім де, қрауатқа етпетімнен құладым. Сол жатқаннан ертең сағат жетіде бір-ақ тұрдым; осыдан кейін аңғарғаным: шар айнаның алдына барғанда, самайымнан бір тал шаш таптым. Бүгін таңда ағарды ма, жоқ жолшыбай ағарды ма, әйтеуір іштегі қасіреттің таңба, білгісі-ау деп ұқтым.* Адамның күйзелісін бір түнде ағарып кеткен бір тал ақ шаш арқылы көрсетеді. Бұл арада **оқказионалды** мағыналы кездейсоқ пайда болған құбылыс деп ұғуға болады. Бір жағы синегдохалық құбылысқа жуықтайды. Құбылысты (күйзелісін) іргелес, шектес атаулы сөз арқылы беру тәсілін айтамыз. *Тун. Жаңбыр сабалап құйып тұр. Шатырдан аққан су біреу қраннан ағызғандай сарқырайды.* Жаңбырдың қатты жауғанын, қраннан аққан судан білеміз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің пікірі: «Ойында түйіткіл жоқ еркекті әйелі екінші біреуге таңып жазықсыз жазғырса, соған итермелеп, қыздыра түсті де. Егер еркек те әйелін жазықсыз қызғанса, о да сол адамға солай құмарта түседі», – деп Мәшһүр Жүсіп айтты деген аңыз бар еді, сол рас секілді [2, б. 116; 4].

Мінезді айтсаң жібектей,

Жаныңа рахат таптырған! –

– деп осы елдің ақылды қазағының бірі Мәшһүр Жүсіп айтқандай... [5, б. 328].

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Ысқақов, А.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы : «Мектеп» баспасы, 1974. – Б. 402, 262–264.

2 **Шашкин, З.** Доктор Дарханов. – Алматы : «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы, 2001. – Б. 15, 29, 21, 26, 116.

3 **Тұрышев. А. Қ.** Мәшһүр Жүсіп шығармаларының этнолингвистикалық сипаты. – Павлодар : С. Торайғыров ат. ПМУ-дің Ғылыми-баспа орталығы, 2003. – Б. 33–34, 140–141.

4 **Шашкин, З.** Доктор Дарханов. – Алматы : «ҚАЗАқпарат» баспа корпорациясының баспаханасы, 2001. – 329 б.

5 **Шашкин, З.** Теміртау. Роман. Сенім. Роман. – Алматы : «Strvice Press» баспасы, 2012. – Б. 327–328.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

А. К. Турышев, Р. О. Жуманбаева

Язык романа Зейна Шашкина «Доктор Дарханов»

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайғырова,

г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан.

Материал поступил в редакцию 05.12.17.

A. K. Trushev, R. O. Zhumanbaeva

The language of Zein Shashkin's novel «Doctor Darhanov»

S. Toraighyrov Pavlodar State University,
Pavlodar, 140008, Republic of Kazakhstan.

Material received on 05.12.17.

В этой статье автор уделяет особое внимание своим замечаниям в творческой литературе Зейна Шашкина. Кроме того, в этой статье ученый указал на ряд отрицательных слов и дал определение. Показал несколько примеров вспомогательных глаголов и примеров того, как и где они используются. Не только эти, но и различные частицы лексики. Некоторые термины были рассмотрены в области ономастики, и были сделаны общие замечания.

In this article the author pays special attention to his remarks in the creative literature of Zeyin Shashkin. In addition, in this article the scientist pointed to a number of negative words and gave a definition. He showed several examples of auxiliary verbs and examples of how and where they are used. Not only these, but also different parts of the vocabulary. Some terms were considered in the field of onomastics, and general comments were made.

Ы. Б. Шақаман

ф.ғ.к., профессор, Филология факультеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ., 140007, Қазақстан Республикасы
e-mail: rayu-s7@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СӨЗАУЫСЫМ СИПАТЫ

Мақалада қазақ тілі білімінде басым орын алатын лексикалық-грамматикалық құбылысы – сөзауысым сипаты туралы ғылыми саралау жасалады. Қазақ тіліндегі сөзауысым мәселесі (конверсия) жалпы грамматикада, оның ішінде сөзжасамда, сөздердің туындауын лексикалық-семантикалық тәсілмен анықтауда ғана қаралады, басқа жағдайда конверсия жеке зерттеу нысаны болған емес. Қазақ тілшілерінің зерттеулерінде конверсия сөзжасам, сөйлем мүшесі қызметі, түркі синкретизмінде назарға алынады. Ғалым С. Исаев конверсияны түркі синкретизмімен, лексикалық-семантикалық тәсілмен, семантикалық амалмен байланыстырып жазған. С. Аманжолов, Н. Оралбай, А. Ысқақов конверсияға сөздердің заттануы, сындануы, т.б. үдерісін талдауда түсіндіріп өтеді, бірақ олишем-белгілері айтылмайды. Осыған орай қазақ тіліндегі сөздердің конверсиялануын арнайы қарастырған ғалым Ж. Сарбалаевтың еңбегіне саралау беріледі. Ғалым орыс тілді шетел зерттеушілерінің еңбектеріне талдау беріп, қазақ тіліндегі конверсия теориясын негіздейді.

Кілтті сөздер: ұғым, мағына, ұғымдық өзгеріс, грамматика, түркі синкретизмі, сөзжасам, конверсия, оның түрлері, адъективтену, тілдік факторлар.

КІРІСПЕ

Кез келген тілде сөз мағынасы қолданыс барысында дамып жетіліп отырады. Сөздердің мағыналық өзгеріске түсуі адамзат дамуымен теңдесіп жүреді. Себебі, тіл өзгерісі адам ойлауының «шарықтау шегімен» байланысты. Тіл мен ойлаудың тең жүруі олардың негізінің әрекеттен туындайтындығымен көрінеді. Әрекет ету, өмір сүру амалындағы әрбір қимыл ойлауды жетілдіріп отырады, әрекет болмаса ойлау да жоқ. Сондықтан әрбір әрекетке қатысты мазмұн, ұғым туындайды. Мазмұн мен ұғым тілді дамытып, сөз қалыптастыруға итермелейді. Сөздің (атаудың) қалыптасуы ұғым мен мағынаның белгілі бір аяда тұрақталғанын білдіреді. Бірақ,

тұрақталу ұғым мен мағынаның сырт қабығын (сырт тұлғасын) «тауып алған» жағдайда ғана жүзеге асады. Ұғым мен мағынаның жамылғышы болмаса, олар сыртқа шыққанға дейін санада «қалқып» жүреді. Жамылғышы мүлде қалыптаспаса, сыртқа бейнеленіп шығу үшін басқа, өзіне жақын белгілі бір сөздердің көмегімен жарыққа шығады. Оған дейін ұғым, оған қатысты сөйлеуде туындап жататын мағына тілде мазмұндық көрініс түрінде (лакуна қызметінде) қала береді.

Ұғым мен мағына, олардың өзгерісі лексика мен семасиологияда ғана емес, грамматикада да қаралады. Негізінен алғанда, мағына мен ұғымның қалыптасуы алдымен грамматикаға қатысты. Өйткені, сөз қызметі (ұғымы, мағынасы, жалпы қалыптасу дәрежесі) оның қолданыстық ерекшелігімен іске асады. Ал, сөз қолданысы, аясы дегеніміз – грамматика. Сөйлем арқылы сөз мәнін ашамыз, сөз арқылы дыбыс қызметін, ерекшелігін танымыз. Сөз мағынасы сөйлемде (қолданыста) танылатындықтан, оның мағыналық өзгерісі де соған орай қабылданады. Сөз мағынасының дамуы (тарылуы мен кеңеюі (көпмағыналылық)) сөз қабығы, жамылғышы, тұлғасы әбден қалыптасып, аталымдық қалыпты толық иеленгеннен кейін іске асады. Мағынаның дамуы сөздің ұғымдық өзгерісіне қатысты. Ұғымдық өзгеріс дәуірлік дамуға, тілдік кезеңге, сөйлеудегі белгілі қолданысқа негізделеді.

Мағынаның тарылуы мен кеңеюі негіз ұғымның әрекеттіктен заттыққа, сындыққа, т.б. көшуіне орай болады. Әрекеттік негіз ұғым заттыққа ауысса, мағына тарылып, заттық сөз табына көшеді. Қазақ тіліндегі сөздің бәрі әрекеттік пен заттық негізден қалыптасқан. Тілде қимылдан заттыққа ауысу басым болады. Тек содан соң басқа сөз табындағы сөздер қалыптасады. Қазақ тілінде түркі синкретизмі болып табылатын сөздер – сондай ұғымдық ауысыммен қалыптасқан сөздер. Олар бір негізден шыққан, бір тұлғалы болса да, ұғымдары өзгеріске түскен: (*көш(у) – көш, – той(у)(тою) – той, тоң(у) – тоң (жердің қатуы), ық(ғ)у – ық, ой(у) – ой*; т.б. Бұлар оқулықтарда омоним сөздер деп көрсетіледі. Мұнда бәрінің де қимылдық ұғымы заттық ұғымға ауысқан. Бұларға қатысты пікір бізге дейін де айтылып келгені түсінікті. Ғалым С. Исаев: «алдымен саралана бастаған – есімдер тобы мен етістіктер. Бұл топтардың өзі сөйлеуде қызметтері, орын тәртібі арқылы ажырап отырған. Есімдер субъект (субстант), объект есебінде, сөйлемнің соңындағы сөздер предикат қызметінде жұмсалып, көпшілік жағдайда бір сөздің өзі әрі есім ұғымында, әрі қимылдық ұғымды орын тәртібіне қарай білдіріп жұмсала берген» – деп түсіндіреді [1, 85 б.]. Түркі синкретизмінен етістіктен зат есім қалыптасады. Бұл арада сөздер тікелей емес, ұғымдық өзгеріске түсіп, ауысады. Бұл тілдік (лексикалық) ауысым болып табылады. Бұны ғылыми тілмен **конверсия** деп береді. *Конверсия (conversion – ағылшынша)* сөзінің бастапқы түсінігі **мәліметтің бір жүйеден екінші жүйеге өңделіп**

откізілуіне қатысты айтылған [2]. Нақтыласақ, мәліметтің бір жүйеден екінші жүйеге ауысуы болып табылады. Тіл теориясында да бұл сөздің негізгі түсінігі сақталады. Сондықтан түркі синкретизмі құбылысы – конверсия белгісі.

Сонымен **сөздердің жаңа ұғымдық, мағыналық өзгеріске түсіп, қайта қалыптасуынан олардың бір сөз табынан екінші сөз табына грамматикалық белгілерін қабылдап енуі ауысым (конверсия) деп аталады.** Тілдік теориядағы ауысымда бір сөз табынан екіншісіне ауысқан сөз міндетті түрде сол сөз табының түрлену жүйесіне түседі, сөз тұтас өзінің қызметтік міндетін, жүйесін өзгертеді.

Түбір күйінде, ешбір жұрнақсыз, ұғымдық өзгеріске түсіп мағыналық тарылу арқылы екінші сөз табына ауысу лексикалық-семантикалық тәсілге ғана қатысты. Алғашқы кезде бұл етістік пен зат есім аралығында жүріп отырса, кейіннен осы екі сөз табының маңайында қызмет етіп, оларды айқындап, сипаттап отыратын *сын есім, сан есім, үстеу, есімдік* сөз табының да бір-біріне түбірлік тұлғаларымен ауысуы айқындала бастады. Осыған байланысты тіл білімінде ауысымның (конверсияның) әр сөз табына қатысты аталымдық түрлері белгіленді:



Сөздердің түбір күйінде ұғымдық-мағыналық өзгеріске түсіп, бір-біріне ауысуы лексикалық-семантикалық тәсіл нәтижесі болғандықтан, жаңа сөздің жасалуы, сөзжасам көрінісі болып табылады. Сондықтан ғалым С. Исаев: «сөзжасамның басты белгісі – жаңа мағыналы сөз тудыру» – деп орынды түсінік берген [1, 250].

Жалпы конверсия теориясы қазақ тіл білімінде бір жүйеде ғылыми зерттеуге түсіп, тұжырымдалмаған. Бұл құбылыс қазақ тілшілерінің зерттеулерінде сөзжасам, сөйлем мүшесі қызметі, түркі синкретизміне қатысты мәселеде ғана қосымша сипат ретінде жалпылама айтылады. Конверсия туралы түркі синкретизміне, лексикалық-семантикалық тәсілге, оның ішінде семантикалық амалға байланыстырып ғалым С. Исаев жазған. С. Аманжолов, Н. Оралбай, А. Ысқақовта конверсия сөздердің заттануы, сындануы, т.б. тұрғысынан түсініктеме беру кезінде аталады, бірақ конверсия болу белгілері нақтыланбайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ тіліндегі конверсия туралы бірнеше мақала жазып, орыс тілді еңбектерді қарастырып, өз тұжырым берген зерттеуші ретінде Ж. Сарбалаевты атауға болады. Ол бұл мәселеде тұжырымдары мен ұсыныстарын ғылыми мақалалық жинақ түрінде берген. Конверсия туралы мақалалық зерттеуі жинақтың [7] екінші бөлімінде, екі дәріс жинағында [8; 9] берілген.

Бірінші мақаласы «**Адъективациялану ауқымы**» деп аталады. Ғалым адъективтенудің бірнеше жолын атап, біріншісіне басқа сөз табы сөздерінің сын есімге түбір күйінде өтуін, «олардың бастапқы мағынадан алшақтап, таза сындық қалыпқа енетінін», қазіргі кей сын есімдердің бұрын зат есім болып қолданылғанын жазады, «*жас, байтақ*» сөздерін келтіреді. «Жас» сөзінің VI–VII ғасырда көне түркі жазба ескерткіштерінде заттық мағынада; «*байтақ*» сөзінің қазақ тілінде этникалық-территориялық бірліктің (хандық, ұлыс) атауы болғанын түсіндіреді. Бұдан соң зат есімнің сын есімге қазіргі тіл нормасында әрі зат есім, әрі сын есім болып қолданылатынын (*қара, жарық*) қалыпты жағдай дей келіп, А. Потебняның «Тілдің тарихында зат есім және белгінің атын ажырататын сын есім зат есімнен кейінірек және сол зат есімнің өзінен жасалды», – деген пікірін негізге алған [7, 87 б.]. Сынданудың (адъективтену) 2-жолына есімше сөздердің ауысуын (*қашаған, сүзеген, тебеген, қабаған, жатаған*), олардың кейіндеу болған үдеріс екенін айтады, бірақ ауысу жолын түсіндірмеген. Тек «сырт тұлғасы жағынан сын есімге жататынын; о баста есімше саналғанмен, мағына дамуы нәтижесінде сын есімге бүтіндей ауысқан» деп сипаттайды. Бұл арада пікір орынды айтылған, өйткені сөз түбір күйінде, лексикалық-семантикалық тәсіл арқылы (мағыналық даму) адъективтену жасалған. Яғни, нөлдік тұлғалану арқылы лексикалық (ұғымдық ауысым) өзгеріс болып отыр.

Сынданудың 3-жолына морфологиялық тұтастықтан пайда болған (*бұралқы, өлі, жағымпаз, айтқыш*) тілдік бірліктер аталады. Зерттеуші «сөздердің түбірі мен сындық жұрнағы тұтасып, көнеленіп, морфологиялық жақтан тұтасып, сынданған; морфологиялық сіңісу нәтижесі» деп талдайды.

Бұл мақалада *ғалым конверсияға тек лексикалық-семантикалық тәсіл тән деген қалыптасқан пікірді ескермеген. Негізінен қарағанда, бұралқы, өлі, жағымпаз, айтқыш сөздері синтетикалық-семантикалық тәсіл арқылы жасалған, бұларда көнелену үдерісі толық емес, негіз сөздердің мағыналары көнеленген жоқ, қазіргіге дейін ұғымдары сақталған. Бұралқы, өлі, жағымпаз, айтқыш сөздері қашаған, сүзеген, тебеген, қабаған, жатаған сөздері сияқты түбір тұлғалық, нөлдік өзгеріспен сын есімге ауысып тұрған жоқ, олар, сөзжасамдық жұрнақ арқылы жасалған туынды сын есім болып табылады, сындық жұрнақтары бар: -қы, -і, -ымпаз, -қыш. Ал аталған есімше сөздер түбір күйінде мағыналық өзгеріске түсіп, сын есімге ауысқан.*

Өйткені -ған/-ген – етістіктің түрлену жүйесіндегі жұрнақ, сөзжасамдық емес, есімшелі сөздер нәлдік тұлғаланумен адъективтеніп тұр, сындық жұрнақ жоқ. Конверсия заңдылығы да осында жатыр. Бірақ зерттеуші сөзжасамдық үш тәсілмен жасалған сөздер конверсия болып таныла алады деген астар береді. Бұл «Конверсия туралы» мақаласында анық байқалады.

Зерттеуші сындануға өзге сөз табының анықтауыш болуын да атап, «сын есімде жұмсалыуы», «адъективация құбылысының аясында қарастырылуы» деп тұжырымдап, сындану үдерісін түсіндіре келіп, соңында: «Сөз таптарының ішінде адъективацияға бейім тұратыны – етістіктер, соның ішінде есімшелер» екенін айтып, сындануға күрделі сындық тіркестерді, олардың құрамдық түрлерін атап, «сындану сын есімнің басты жасалу жолы» деген ой түйгізеді [7, 86–89 б.].

«**Конверсия туралы**» мақаласында зерттеуші сөзжасамдық үдеріс сипаты, оның лексикаға әсері жайлы талдау жүргізіп, сөзжасамдық үш тәсілді конверсияға қатыстырады. Морфологиялық-синтаксистік тәсілге ерекше талдау берілген, орыс тілі, түркология бойынша зерттелу сипаты сөз болады. Автордың келтіргені – синтетикалық пен аналитикалық тәсіл қосындысы, бізше, аралас тәсіл. Бұл тәсілдің сөз таптарының ауысу негізінде болатынын айтады. Түркі (қазақ), орыс тілі біліміндегі зерттеулерді қарап, А. Ысқақов, В. В. Виноградов, В. М. Жирмунский, Г. Д. Санджеевтің пікірлеріне сүйеніп, өз мысалдарының конверсиялануын қарастырған (**бүгін, биыл** – кірігуден, **бекерге, бүгінде, жоққа, босқа, талайдан, тосыннан, кенеттен** – жалғаумен тұтасып үстеу болуы; **бала, жас, аура, жақсы** сөздерінің сын есімнен зат есімге ауысуы).

Зерттеуші конверсияның жалпы тіл білімінде бұрыннан қарастырылғанын, романистика, германистикадағы конверсия сипаты, оның сөзжасамдағы орны, кей зерттеуде конверсияның бір қыры шешімін табуы туралы жазып, ғалымдардың пікірлерінде бірізділік жоғын айтады. Ш. Балли, Л. Соколова конверсияны транспозициялық құбылыс деп, Л. Треньер трансляциялық құбылыс ретінде, Е. А. Курилович синтаксистік, морфологиялық деривация нәтижесі деп, Е. А. Раевская мен Н. Б. Гвичани – көп функциялық құбылыс, кеңес ғалымдарынан А. И. Смирницкий, Н. А. Тихонов, Н. К. Дмитриев, А. Н. Кононов, Н. А. Каламова, Б. Б. Орузбаева, Ф. Н. Ганиев, А. А. Юлдашев, С. А. Беглярова, т.б. конверсия деп атайтынын шолып өтеді. Түркологиядағы конверсиялық екі көзқарасты талқылайды: 1) Э. В. Севортян түркі тілдерінде конверсияның ағылшын тіліндегідей сөз жасау қызметі жоғын айтып, оны синкретизмнің лексикалық-морфологиялық көрінісі деп негіздеген; 2) конверсия түркі тілдеріне тән деп дәлелдейтін Н. К. Дмитриев, А. Н. Кононов, А. А. Юлдашев, Ф. Г. Ганиев, т.б. ғылыми пікірлері. Ж. Сарбалаев 2-көзқарасты қолдайды: «...осы соңғы пікірлер орынды сияқты.

...біріншіден, тілдегі сөз туғызу жүйесінің аясын кеңейтсе, екіншіден, сөз таптарының дамуын, оның морфологиялық және синтаксистік табиғатын, қасиеттерін танып білудің басқа да әдістерін, жаңа жолдарын іздеуге бағыт-бағдар сілтейді» [7, 92 б.]. Зерттеушінің ойынша, қазақ тілінде конверсияның екі түрі бар: **1) толық немесе түпкілікті ауысу**: жаңа тұлғалы сөз жасалып, кейін тілдің даму барысында басқа сөз табының категориялы мағынасы мен грамматикалық ерекшелігін қабылдап, тұрақталады. *Адъективтену, субстантивтену, адвербиалдану, вербалдану*, т.б. үдеріс сын есім, зат есім, үстеу, етістік, т.б. сөз табының кеңеюі екені түсіндіріледі. Сөз таптарының дамуында конверсияның тарихи маңызы бар дегенге басымдық беріледі. **2) жарым-жартылай немесе толымсыз ауысу** атауын ғалым өзі енгізіп отыр. Мұнда сөз ауысуда сөздердің синтаксистік қызметінің маңыздылығы, сөздердің біржола ауыспайтыны («уақытша» ауысым – *Ш.Ы.Б.*) білінеді. Ауысқан сөздер «аралық» категория болып, екі-үш сөз табының мағынасымен сөйлемде түрлі синтаксистік қызмет атқарады. Қай сөз табынан екені сөздің синтаксистік қызметінен анықталады. «Мұндай сөздерді орыс тіл біліміндегідей субституция құбылысы немесе субститут сөздер, болмаса қазақша «орынбасар» сөздер деп атауды жөн көреміз. Ондай сөздерге мысал ретінде баяндауыш қызметінде жұмсалатын етістіктен басқа сөз таптарындағы сөздерді, анықтауыш қызметінде қолданылатын сын есімдерден басқа сөз таптарындағы сөздерді жатқызуға болады» – дей келе, автор *«Көкшенің көркі өте әдемі»* («Л. Жүрісі желдей ескен **жүйірік** деген мысалдарды талдап көрсетеді [7, 94 б.]. Мұндағы субститут сөздер (уақытша конверсия) – *әдемі, жүйірік* сөздері. Субституция инверсияға, басқа синтаксистік қолданысқа байланысты туындайтыны айтылған.

Ғалым қазақ тіл білімінде лексика-грамматикалық омонимдерді «аралық» категория аясында қарастыруды ұсынып, оларды сөз табы құрамында жігі ажыратылмаған «аралық» категория деп танытады, Негіздемесі – олардың түрлі сөз табына қатысы тек контексте ғана көрінуі (**қара, көк, ақ, жас, кәрі, көш, той**, т.б. сөз аясында зат, сын, етістік болуы). Мұнымен ғалым конверсияның лексика-семантикалық тәсілге ғана қатысты еместігін астарлайды. Бұл ой сөздердің бір сөз табынан екінші сөз табына ауысуында әсер ететін үш факторды атап беруінен де байқалады: *лексика-семантикалық фактор; морфологиялық фактор; синтаксистік фактор.*

Лексикалық-семантикалық факторда сөздің мағыналық дамуы мағыналық құрылымының жіктеліп, категориялы мағынасына әсер беріп, өзгеріс жасайтындықтан, категориялы мағына да өзгеріске енеді; өзге сөз табының категориялы мағынасына ауысады. Бұл фактор тіл ғылымында бірінші орынға қойылады. **Морфологиялық факторда** сөздердің бір-біріне ауысуында тілдегі сөз өзгеру, сөз түрлендіру жүйесі, грамматикалық септелу

мен жіктелу жүйесі конверсиялану барысында маңызды қызмет атқарады. **Синтаксистік факторда** екі түрлі өзгеріс болатыны айтылып, бірі сөз тіркесіне, екіншісі сөздердің синтаксистік қолданысымен байланыстылығы талданады. Зерттеуші тіркесті сөздердің конверсиялануында бірінші сыңарға мән бергізеді: **құс тұмсық, құмырсқа бел, күміс күлкі, жібек бұлт**. Бұларды синтаксистік фактордың сөз тіркесі түрі деп береді. Ғалымның келтіргені изафеттік тіркестің 3-түрі болып табылады. Бұлар – біздің ойымызша, уақытша болатын ауысым, өйткені, автор өзі айтқандай, бірінші сыңар – метафоралық қолданыс.

Ж. Сарбалаев мұндай тіркестер татар ғалымы Ф. Г. Ганиевтің де зерттеуінде қаралатынын ескеріп, **«алтын сағат, күміс ақша, ну орман»** тәрізді қабыса тіркескен есім тіркестерін ағылшын тіліндегі **«каменная стена, каменный мост»** тіркестерінен өзгеше еместігін, бұларды конверсия деп қарауды ұсынғанын келтіреді.

Синтаксистік фактордың екінші түрі – синтаксистік қолданыс. Синтаксистік қолданыстың іштей түрге бөлінетіні келтіріледі: **метафоралық қолданыс, метонимиялық қолданыс, синекдохалық қолданыс, т.б.** Автор бұларды субстантивтену, адъективтену, вербалдану қызметін атқаратындар деп береді [7, 96–99 б.].

*Аталмыш мақала соңында автор конверсияны қазақ тіл білімінде сөз жасаудың бір жолы ретінде морфологиялық-синтаксистік тәсіл деп қарау керек дегенді ұсынады. Тіл білімінде қалыптасқан «конверсия – лексикалық-семантикалық тәсіл сипаты» деген түсінікті автор негізге алмайды. Сондай-ақ мақалада синтаксистік факторға басымдық беріледі. Бірақ автор қатыстық тіркестегі (изафеттік тіркестің 3-түрі) **құс тұмсық, алтын сағат, күміс ақша** тәрізді сөздердің алдыңғы сыңарларының конверсиялану ретін (адъективтенуін) нақты ашаған. Негізінен алғанда, мұндағы алдыңғы сыңарлар – **ықшамдалудан болған** қатыстық сын есімдер: **құстікіне ұқсас тұмсық, алтыннан жасалған сағат, күмістен жасалған ақша**. Сондықтан мысалдардағы алдыңғы сыңарлардың синтаксистік факторға алынуы – екінші алынатын белгі.*

«Адъективация және оның табиғаты» зерттеуінде адъективтену үдерісі нақты теориялық белгілермен қарастырылған. Адъективтенуге екі белгіні тану керектігі айтылады: *1) адъективтену тілдің морфологиялық құрылымында ғана болатын құбылыс екенін не тұрақты үдеріс екенін анықтау белгісі; 2) адъективтенудың сын есімдік сөзжасам жүйесіне қатысын анықтау белгісі.*

Ғалым бұған жауап ретінде адъективтенуді лингвистикалық құбылыс ретінде де, сын есім тудырудың өнімді жолы ретінде де көрсету керек деп шешеді. Лингвистикалық үдеріс болу себебін: «Тілдік даму барысында олар

(сын есімдер – *Ы.Б. Ш.*) тілдегі өзге лексика-грамматикалық категориялармен сан қилы байланысқа түсіп, бірде өзі сөз беріп, бірде олардан өз кезегінде өзі де сөз қабылдап, үнемі үздіксіз қозғалыста болады. Соңғы жағдай, әдетте, адъективация арқылы жүзеге асады. Демек, бұл тұрғыдан қарағанда, адъективация лингвистикалық процесс. Адъективация үдерісін мойындамау, екінші сөзбен айтқанда, тілдің дамуын танымау деген сөз. Екіншіден, адъективация сын есімдер тудырудың ең өнімді тәсілі болып саналады. Керек десеңіз, сын есімдердің о баста өз алдына бөлек, жеке сөз табы болып қалыптасуы осы адъективация тәсілімен тығыз байланысты» – деп түсіндіреді [7, 99–100-б.]. **Көк, ақ, жаз, бай, өзге, басқа, байтақ, т.б.** мысалдарын келтіріп, алдымен заттық ұғымда айтылып, кейін сын есімге ауысқанын айтады. Сол сияқты **«қызыл, сары, жасыл, ауру, жүдеу, бедеу, сасық, жасық, қайнар (бұлақ), жанар (тау), қашазан, сүзеген, тебеген, өңкиген, дүңкиген, ұиқалақ, жаңғалақ»** қатыстық сындарының етістіктен адъективтенуге кейінірек ұшырап, атрибутив болған деп нақтылайды. Бұлардың қатарына **шалажансар, әпербақан, жел өкпе, жел аяқ, көрсе қызар, ұр да жық, тіс қаққан, тас бауыр, без бүйрек** тұрақты тіркестерін де атайды.

Сондай-ақ зерттеуші өзіне дейінгі зерттеулер негізінде сөз таптарының сын есімге айналуын сөздердің грамматикалық жікке түсу кезеңінен басталып, сын есімдердің адъективтенуге ұшыраған зат есім мен етістік негізінде дербес грамматикалық категория болып орныққанын жазады. Ойын Потебняның пікірімен бекітеді [7, 100 б.]. Осы ой С. Исаев айтқан (осында, 2-бетте) пікірмен сәйкес келеді.

Ойды толықтыра отырып, зерттеуші **«ақ, қара, көк, бай, кедей, жас, жарық, тең»** сын есімдерінің атрибутивтік қызметке көшуін, бірде сын есім, бірде зат есім болуын синтаксистік қолданыс нәтижесі деп айғақтайды. Бұлардың осы өзгерісі түркологияда түрліше талқыланатындықтан, бірнеше зерттеуші пікірі салыстырылған: «Э. В. Севортян – «синкретизм қалдығы»; В. М. Жирмунский – «есім сөздердің грамматикалық жіктеліс көрінісі»; Ф. А. Ганиев «адъективация үдерісінің нәтижесі»» – деген [7, 102 б.]. Ж. Сарбалаев өзі: «...аталған сөздерді түркі тілдерінің көне дәуірінде болған дифференцилануының көрінісі деп санау жеткіліксіз. ...бұл сөздер адъективацияланған зат есімдер ретінде танылуы тиіс. ...бұлардың зат есім мәнінде қолданылуы, біздіңше, субстантивтену үдерісі арқылы жүзеге асады» [4, 102 б.] – деп, екі ұшты көзқарас айтады.

Зерттеуші зат есімдердің сын есімге ауысудың бір себебін түркі тілдері морфологиялық жүйесі ерекшелігінен шығарады. Оның ойынша, түркі тілдеріндегі ерекшелік – сын-сапа категориясын білдіретін арнайы морфологиялық тұлғаның болмауы. Осыдан түркі тілдерінде сындық

категория басқа амалмен қалыптасқан. Соңында адъективтенудің нақты қаралмай жүргені сөзжасамда синтетикалық тәсілге баса көңіл аударылатынымен байланыстырылған.

Зерттеуден Ж. Сарбалаев сөздердің адъективтенуін алдыңғы мақаласындағыдай олардың синтаксистік орнымен ғана байланыстырып қарағанын түсінеміз. Зерттеуші үш факторлық негіздемені келтірсе де, синтаксистік факторды басты етіп, лексика-семантикалық пен морфоологиялық факторды жанама ретінде алады. Бірақ, синтаксистік факторға басымдық беруінің өзі сөзжасам бойынша лексикалық-семантикалық тәсіл болып табылады.

Ғалымның «Адъективация тәсілі арқылы сөз тудырудың ерекшеліктері» шағын зерттеуі алдыңғы мақаламен жалғасын тапқан. Мақалада сөзжасамдық үш тәсіл сипатталып, олардың басымдылық, бәсеңділік белгілері талданады. Зерттеуде конверсияның сөзжасамдық амал ретіндегі қызметін көрсету міндет етілген, конверсияға анықтама беру мақсаты қойылған. Ғалым синтетикалық тілде морфологиялық, синтаксистік тәсіл басым болса, аналитикалық тілде сөзжасамдық басқа тәсілдің өнімділігін жеткізгісі келген. Ағылшын тіліндегі конверсияның маңыздылығы ерекше аталып, оның қазақ тіліне де тән екенін, түркі тілдерінде, қазақ тілінде де сөзжасамдық мәнін қайталайды. Сөйтіп қазақ тіліндегі барлық сөз табы конверсия нәтижесі деген ой түйеді.

Конверсия – сөз алмасуды білдіретін үдеріс. Соның ішінде адъективтенуді автор сөз жасаудың тәсілі деп, оған лексикология, морфология, синтаксистегі теориялық белгілердің қатысын көрсетеді. Конверсияда жұрнақтық қызметтің болмайтыны жайында: «Адъективация тәсілі бойынша сөз тудыруда аффикстердің ешқандай мәні жоқ, қайта адъективация өзінің сөз жасау сипаты жағынан морфологиялық тәсілге қарсы қойылады. Морфологиялық құрылымның адъективациялық тәсілге қатысы мынадан көрінеді: кейде басқа сөз таптарындағы сөздер өздерінің тән парадигмасынан қол үзіп, екінші бір сөз табының сөз түрлендіру жүйесін қабылдайды да, сол сөз табына ауысады» [7, 107 б.] – дейді. Автор енді конверсияға лексикалық-семантикалық тәсіл тән дегенді аңғартады. Ж. Сарбалаев сөздердің адъективтену құбылысын морфологиялық өзгеріске түсу нәтижесімен байланыстырып, морфологиядағы «сіңісу құбылысының» [7, 108 б.] нәтижесі деп, етістіктен жасалған көне сын есімдерді келтіреді: 1) **түбір мен қосымшаның кірігуінен:** 1) *қызыл/қыз+ыл/, жасыл/жас+ыл/, ұзын/ұз+ын/, ұзақ/ұз+ақ/, сары/сар+ы/, кіші/кіш+і/, үлкен/ұл+кен/;* 2) **екі түбірдің көнеленуінен:** *жаңсақ/жаң+сақ/, таңсық/таң+сық/, қырсық/қыр+сық/, бықсық/бық+сық/.*

Бұл дерек конверсияға қатысты әлі де қарастыруды керек етеді. 1-мысалда жұрнақтық жымдасудың конверсияға қатысы жоқ, олар синтетикалық тәсілмен туынды сын есім болып отыр. Конверсиялануға лексикалық-семантикалық тәсіл тән болса, онда ғалым өзіне өзі қарсы шығып отыр. Жұрнақтық жымдасу конверсияда есепке алынбайды, тұтас түбірі ұғымдық (мағыналық) өзгеріске түсіп, нөлдік тұлғасымен басқа сөз табына ауысуы (конверсиялануы – адъективтенуі) керек. Мұнда алдыңғы («Адъективациялану ауқымы») пікір қайталанған.

Мақалада адъективтенуге синтаксистік фактор қатысы тағы қайталанып, екі түрі аталады: а) *сөз таптарының сөйлемде өз функциясын өзгертіп, анықтауыштық позицияда қолданылуы;* ә) *сөз таптарының сөз тіркестерінде адъективтенуі.* Бұл А. А. Юлдашев, В. М. Мигирин пікірімен байланыстырылған: 1-мәселе адъективтенудің басты шарты болып қойылады; 2-мәселеде адъективтену екі сөз табының өзара тіркесуінен болатын құбылыс екені айтылып, Ю. В. Жлуктенко, С. Г. Бережков пікірі негізге алынады: 1) «При конверсий (адъективация деп түсінген жөн. – Ж. С.) новые слова образуются не в изолированном виде, а в его сочетаний с другими словами» [7, 109 б.]. Метафоралық тіркесті мысал келтіріледі: *берік сенім, жұмсақ төсек, жүдеу кісі, қабаған ит, сүзеген сиыр, уылжыған жеміс.* 2) «Метафорическое словоупотребление позволяет причастию оторваться от значения предметной основы, что влечет за собою потерью основных глагольных категорий виде, времена, залога и т.д.» Мысалы: *алтын алма, жібек мінез, қамыс құлақ, бөкен қабақ, қой мойын, күміс күлкі т.б.* [7, 109 б.]. Зерттеуші адъективтенуді өзге сөз табының атрибутивтік қолданысы; сын есімнің барлық грамматикалық ерекшелігін қабылдайтын конверсиялық үдеріс деп тұжырымдайды.

Сөз тіркестері тарихын жазған ғалым Е. Ағмановтың мысалдарымен ғалым адъективтенуге үнемділік заң қатысын атап өтеді. Оның **жорға** деген мысалының сындануына үнем заңы әсерін түсіндіреді: «Барыс септігіндегі сөзді (жорға сөзі туралы) зат есім меңгере алмайтыны белгілі. Олай болса бір кезде **жорға** (бізше: жорыққа) сөзі мен **ат** сөзінің арасын байланыстыратын аралық звено болуы мүмкін, ол сөз барыс септікті меңгере алатындай қабілетке ие болуы керек. Осының негізінде оны шамамен былай конструкциялауға болатын секілді: **жорыққа мінетін ат/йорға біндук ат/...** Сонымен, тілдік үнем (экономия) заңының әсерімен анықтауыштық қызметтегі есімше түсіп қалып, сөз тіркесі ықшамдалған да оның қызметін жорға /йорға/ сөзі атқара бастаған» [7, 112 б.]. Осы өзгеріске *басқа, өзге* сөздерінің түсуін де жатқызады.

Зерттеуші адъективтенген сөзді «**уақытша адъективтенген**», «**толық не түпкілікті адъективтенген**» деп бөлуді ұсынады. Уақытша адъективтенуге сөздердің сөйлемде шартты сын есім болып, өздерінің

грамматикалық белгісін сақтап тұруы аталса, толық не түпкілікті адъективтенуге сын есімнің жалпы грамматикалық белгісін толық қабылданғаны енгізіледі: «*өркөкірек, алаңғасар, шала жансар, бір тоға, жалаңаш, жарымжан, кішіпейіл, көнетоз, көнтерді, төртпақ, қашаған, ауру, тасбауыр, ұр да жық*», т.б. Өйткені, бұлар шырайға түрленеді: «*көнетоздау, шалажансарлау, көрсе қазырлау, төртбақтау*», т.б. Адъективтенген сөздерді *жалаң, күрделі адъективтер* деп көрсету бар: *қашаған, сүзеген, ақсақ, қызу, бітеу* (жара), т.б. (жалаң); *ұр да жық, әпербақан, безбүйрек, шалажансар, желаяқ, жатып ішер, кішіпейіл*, т.б. (күрделі). Зерттеуде адъективацияланған сөздерді шығу тегіне, өзге сөз табынан ауысып келгенуіне байланысты *есім негізді, етістік негізді, есімдік негізді адъектив*, т.б. деген жіктеу беріледі

Ж. Сарбалаев адъективтенуді сын есім категориясының қалыптасу, даму көздерінің бірі деп танытуды, қазақ тілінде бұл құбылыстың ағылшын, неміс, француз, орыс, т.б. тілдеріндегідей сын есім сөзжасамының бір жолы болуы тиістігін жеткізген.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілінде сөзауысым (конверсия) мәселесі ғылыми теориялық белгілері жағынан негізделген жоқ. Бұл мәселе шағын мақала шеңберінде, жекелеген түрі бойынша қарастырылып жатқанмен, кең ауқымда талданбаған. Бірақ теорияда конверсияның лексикалық-семантикалық тәсілге қатысы туралы анықтамасы нақтыланған. Оны энциклопедиядан да көреміз: «Конверсия – транспозицияның бір түрі. Ешқандай аффикстің көмегінсіз-ақ түбірдің не негіздің басқа сөз табына алмасуы арқылы жасалатын сөзжасам тәсілі» [10, 175].

Ж. Сарбалаевтың конверсия туралы мақалалық зерттеуі оның бір түріне ғана арналған. Зерттеуші адъективтенудің теориялық белгілерін, қалыптасу жолдарын жинақтап, теориясын тануға ұмтылған. Ғалымның зерттеуінде адъективтену теориясын беретін белгілер тұжырымдалғанмен, адъективтену жолдарын көрсетуде семантикалық амалды негізге алмайтыны байқалады. Бұл амал – конверсияның басты белгісі. Өйткені, сөзауысым ұғымның, мағынаның өзгерісімен ғана жүзеге асады. Олай болмаса, сөздер тұлғалық күйінен басқа сөз табына ауыспайды. Түбірлік күйде мағынаның тарылуы арқылы сөздер омонимге ажырайды, мағынаның кеңеюі арқылы көпмағыналылық (полисемиялық) күйге түседі. Бұл нақты конверсия болып табылады. Ал түбір құрамындағы қосымшалар мағыналық өзгеріске дейін болатын үдеріспен жымдасатындықтан, олар түбірмен тұтас қаралады. Сөзауысымның қызметі де осыдан танылады. Себебі, тұлғалық күйінде ауысқан сөзді қабылдаған сөз табы ол сөзге барлық грамматикалық сипатын телиді. Қабылдаған сөз табына оның грамматикалық болмысы қажет емес.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Исаев, С.** Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: «Рауан», 2007. – 304 б.
- 2 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Информатика және компьютерлік техника / Жалпы редак. басқарған А. Қ. Құсайынов. – Алматы: «Мектеп», 2002. – 456 б.
- 3 **Аманжолов, С.** Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: «Ғылым». 2002. – 368 б.
- 4 **Ысқақов, А.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
- 5 **Оралбай, Н.** Қазақ тілі сөзжасамы. – Алматы, – 2001. – 2013 б.
- 6 **Сарбалаев, Ж.** Толғауы тоқсан қызыл тіл. – Алматы: «Арыс», 2001. – 168 б.
- 7 Сөзжасам мәселелері (дәріс жинағы). – Алматы: «Арыс», 2002. – 107 б.
- 8 Конверсия мәселелері (дәріс жинағы). – Павлодар: ПМУ, 2010.
- 9 Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998.

Материал 05.12.17 баспаға түсті.

Ы. Б. Шакаман

Конверсия в казахском языкознании

Филологический факультет,
Павлодарский государственный педагогический институт,
г. Павлодар, 140007, Республика Казахстан.
Материал поступил в редакцию 05.12.17.

Y. B. Sakaman

Conversion in Kazakh linguistics

Faculty of Philology, Pavlodar State Pedagogical Institute,
Pavlodar, 140007, Republic of Kazakhstan.
Material received on 05.12.17.

В статье дается научный анализ по лексико-грамматическому явлению – конверсии, которая занимает значительное место в казахском языкознании. Проблема переходности частей речи (конверсия) в казахском языке рассматривается в общей описательной грамматике, в том числе в словообразовании, как один из лексико-семантических способов определения образования слов, в остальных случаях конверсия не рассматривалась, как отдельный объект исследования. У казахских лингвистов конверсия принимается

во внимание в словообразовании, в частей речи, в тюркском синкретизме. Казахский ученый С. Исаев связывал конверсию с тюркским синкретизмом, с лексико-семантическим способом, семантикой. С. Аманжолов, Н. Оралбай, А. Исаков объясняют конверсию при процессах субстантивации слов, но не определяют их критерий. В связи с чем, в статье делается анализ труда ученого Ж. Сарбалаева, который исследовал конверсию в казахском языке. Ученый, анализируя труды российских и зарубежных лингвистов, дает обоснование конверсии в казахском языке.

In the article, a scientific analysis of the lexico-grammatical phenomenon of conversion is given, which occupies a significant place in Kazakh linguistics. The problem of conversion in the Kazakh language is studied in grammar' including in word formation, as one of the lexical and semantic methods for determining the formation of words. In studies of Kazakh linguists, conversion is taken into account in word formation, in parts of speech, in Turkic syncretism. Kazakh researcher S. Issayev links the conversion with Turkic syncretism, with a lexico-semantic method, and with semantics. The researchers S. Amanzholov, N. Oralbai, A. Isakov have explained the conversion during word substantiation processes, but its criterion was not determined. Therefore, the research work of the researcher Zh. Sarbalayev, who had investigated the conversion in the Kazakh language, is analyzed in this article. The researcher analyzes the research works of Russian and foreign linguists, and a rationale for conversion in the Kazakh language is given.

ГРНТИ 16.31.41

Г. Х. Демесинова

к.фил.н., Гуманитарно-педагогический факультет, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар, 140008, Республика Казахстан
e-mail: demessinova@mail.ru

СЕГМЕНТАЦИЯ ТЕКСТА ОРИГИНАЛА ПРИ ПЕРЕВОДЕ С АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА КАЗАХСКИЙ

Одно из основных умений переводчика заключается в свободном владении различными способами членения исходного текста – переводческой сегментацией.

Членение исходного текста на единицы, подлежащие переводу, зависит от: общей установки переводчика; типологических различий в способе выражения знакового отношения в исходном и переводящем языках. Наиболее распространенной ошибкой начинающих переводчиков является стремление переводить пословно – однообразно членить исходный текст или высказывание на отдельные слова, находить их соответствие на языке перевода. Суть этой ошибки состоит в подмене представлений о характере переводимых знаков: вместо речевых единиц перевода переводчик механически подставляет языковые единицы, в то время как в разных языках языковой состав той или иной речевой единицы может не совпадать.

Ключевые слова: членение, переводческая сегментация, исходный текст, соответствие, язык перевода, речевые единицы, языковые единицы, единица перевода, адекватность перевода.

ВВЕДЕНИЕ

Одно из основных умений переводчика заключается в свободном владении различными способами членения исходного текста – переводческой сегментацией.

Членение исходного текста на единицы, подлежащие переводу, зависит от: общей установки переводчика; типологических различий в способе выражения знакового отношения в исходном и переводящем языках. Наиболее распространенной ошибкой начинающих переводчиков является стремление переводить пословно – однообразно членить исходный текст или высказывание на отдельные слова, находить их соответствие на языке

перевода. Суть этой ошибки состоит в подмене представлений о характере переводимых знаков: вместо речевых единиц перевода переводчик механически подставляет языковые единицы, в то время как в разных языках языковой состав той или иной речевой единицы может не совпадать.

Единица перевода – такая единица в исходном тексте, которой может быть подыскано соответствие в тексте перевода, но составные части которой по отдельности не имеют соответствий в тексте перевода. Основной единицей перевода может служить не только слово, но и любая языковая единица: от фонемы до сверхфразового единства.

Само понятие «единицы перевода» в известной мере условно. Главное условие правильности определения исходной единицы перевода – выявление текстовой функции той или иной текстовой единицы. Неадекватность пословного перевода обусловлена именно неверной оценкой текстовых функций языковых единиц: попадая в ту или иную ситуацию, слово как единица языка попадает в ситуативную зависимость или ряд зависимостей от условий текста.

Например: сообщение «Она живет в Санкт-Петербурге» практически совпадает по языковому составу с английской фразой «She lives in St. Petersburg», в то время как аналогичное, на первый взгляд, сообщение «Она живет в «Астории» соответствует совершенно другому лексико-грамматическому комплексу «She is staying at the Astoria». Попытка следовать пословному переводу с русского языка на английский во втором примере приводит к искажению сообщения, так как в данном случае необходимо устанавливать единицу перевода не на уровне отдельных слов, а на уровне словосочетаний.

Если в русском языке «жить» может входить как в сочетание «жить в населенном пункте», так и в сочетание «жить в гостинице», то в английском языке эти сообщения требуют разных языковых единиц, в первом случае текст задает словосочетанию параметры «постоянного проживания в определенном населенном пункте», что в английском языке соответствует «to live». Во втором случае текст задает более жесткую пространственную зависимость «проживания в специальном помещении», что в английском языке требует совсем другого слова «to stay» [1].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Наиболее сложные случаи в определении единицы перевода связаны с группой максимальных контекстуальных зависимостей, когда знаковая функция отдельной языковой единицы определяется за пределами предложения. Предложение вовсе не обязательно составляет самостоятельную единицу текста, оно может входить в более сложные сверхфразовые единства.

Полноценный перевод возможен только на основе правильного и глубокого понимания подлинника как единства содержания и формы, на основе передачи его как целого, с соблюдением характерного для него соотношения между содержанием и формой и с учетом отдельных элементов для целого, образуемого этим соотношением.

Поскольку единицей какого-либо конкретного или абстрактного объекта принято называть его элементарную частицу, сохраняющую все характеристики целого, то выделяемая единица перевода должна совпадать с единицей речи исходного (переводимого) текста, смысл/информацию которой переводчик должен понять, эквивалент, соответствие которой он должен подобрать. То есть единицу перевода следует искать в исходном тексте. Она представляет собой единицу речи, требующую отдельного решения на перевод [2]. Иначе говоря, единица перевода – это такая единица в исходном тексте, которая должна быть выделена и которой может быть подыскано соответствие в тексте перевода, но составные части которой по отдельности не имеют соответствия в тексте перевода как текстовые единицы [3].

Само понятие «единица перевода» в известной мере условно, так как не является величиной постоянной. Учитывая асимметрию пар языков, включаемых в процесс перевода, в качестве основных единиц перевода в процессе сегментации исходного текста могут выступать слово, словосочетание, предложение, сверхфразовое единство.

Слово – наименьшая единица языка, способная получать статус единицы речи и выполнять коммуникативную функцию. Хотя слово и не является постоянной единицей при переводе, так как для принятия решения на перевод переводчик, как правило, воспринимает слово в рамках контекста (словосочетания, предложения и т.д.), однако есть и такие слова, о которых заранее можно сказать, что они потребуют своего решения на перевод. Это слова, которые во всех контекстах сохраняют одно и то же значение. К ним относятся прецизионные слова: названия календарных понятий (дней недели, месяцев), имена собственные, личные местоимения, некоторые имена родства, термины.

Термин (от латинского слова *terminus* – граница, предел) – слово или словосочетание, обозначающее понятие специальной области знания и деятельности. В рамках конкретной терминологической системы (терминологии) термин характеризуется следующими параметрами:

- наличием дефиниции (для большинства терминов);
- тенденцией к моносемичности (имеет одно значение) в рамках терминологического поля (терминологии данной науки, дисциплины или научной школы);

– отсутствием экспрессии; стилистической нейтральностью;
– системностью (является термином только в границах данной терминологической системы).

Эти свойства термина реализуются внутри определенного терминологического поля, за пределами которого термин теряет свои дефинитивные и системные характеристики – детерминируется (ср. «цепная реакция» – термин в ядерной физике и образное выражение в общелитературном языке).

Новые термины появляются в языке благодаря определенным явлениям, называемым:

– терминологизация (переход общеупотребительного слова в термин, например, «окончание»);
– ретерминологизация (перенос готового термина из одной дисциплины в другую с полным или частичным переосмыслением);
– заимствования.

Так, например, *officinal formula – ресми дәрілік препарат*. Для современной терминологии в связи с интернализацией языка науки большой удельный вес имеют термины, построенные на базе греко-латинских элементов, например, *in vitro*. Сравните англо-казахские соответствия:

- able – жарамды, operable – операцияға жарамды.
- acid – қышқыл, acidproof – қышқылға тұрақты.
- actino – сәулелік, actionometry радиацияның кәлемін әлшеу.
- adip – майлы, май, adipectomy – май тінін алып тастау.
- aera – aeration – әуелік, ауа енгізу, газдау.
- amyl – крахмал, amylogenesis – крахмал жиналуы.
- angio – тамыр, angiopathy – тамыр ауруы.
- ante – алды, antenatal – босануға дейін.
- bathy – терең, bathycardia – жүректің төмен орналасуы.
- cephal – бас, cephalalgia, бас ауруы.
- chol (e) – әт, cholecystitis – әт қабының қозуы.
